030
K 11

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚЫСҚАША ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi Kütüphanesi
Kona No: 030 K 11
Kayıt No: 12045

KIRGIZ-TÜRK MANAS
ÜNİVERSİTETİNİN
KİTEPKANASI

Қазақ ССР-ның «ҒЫЛЫМ» баспасы
АЛМАТЫ — 1966

494.342
Қ 17

Бұл кітап қазіргі қазақ тіліндегі бірсыпыра сөздердің түп-төркіні жайынан мағлұмат береді. Мұнда қазіргі тілімізде жеке алғанда мағынасы түсініксіз немесе тұлғасы о бастағы (не шыққан тілдегі) түрінен өзгеріп кеткен көптеген сөздердің сыры ашылады.

Бұл талдаулар студенттер, аспиранттар, жоғарғы мектеп оқытушылары үшін қазақтың тарихи лексикасы бойынша көмекші құрал бола алады. Сондай-ақ, кітап ана тіліндегі әр алуан сөздердің тарихын, яғни олар байырғы түркі сөзі ме немесе басқа тілдерден енген бе, жоқ болмаса ғасырлар бойы қолдану нәтижесінде кейбіреулерінің мағынасы мен тұлғасы қалай өзгерген деген сияқты жайларды білгісі келген қалың оқушы жұртшылыққа да қызғылықты болмақшы. Сондықтан талдаулар тіл мамандарына ғана арналып таза ғылми стильде жазылмай, көпшілікке түсінікті, қарапайым түрде жазылды.

Редколлегия:

А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев

Baalu kitep

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда қазақ тілінің фонетика-грамматикалық құрылысы едәуір зерттеліп, танылып қалды, лексикалық қат-қабаттары да жинақталып, әр алуан сөздіктер (түсіндірме, екі тілді, терминологиялық орфографиялық, диалектологиялық, синонимдік) жасалды. Тіліміздегі сөздердің дыбыстық құрылысы мен грамматикалық тұлғалану сипаты бір қыдыру суреттеліп, танылып болғаннан кейін, сол сөздердің шыққан төркінін, тұлғасы мен мағынасының өзгерген тарихын, өмір сүру эволюциясын білудің қажеттігі туып отыр. Оның үстіне тіліміздегі көптеген сөздердің төркінін табу арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірлерде басқа халықтармен жасаған қарым-қатынасын немесе өзінің ертеректегі жай-күйін танимыз. Өйткені, лексикасының тарихынан сол халықтың өткендегі тұрмыс-салтының, мәдени-рухани өмірінің, өзге ел-жұртпен аралас-құралас болғандығының ізі, сәулесі көрініп тұруы қажет[1]. Сондықтан этимологиялық зерттеулер тіл білімін тарих, этнография, археология, әдебиет ғылымдарымен ұштастырады. Бүгінгі білім-ғылым сатысы бұл талапты да қойып отыр. Оның үстіне жалғыз жоғарғы аталған ғылымдармен айналысқандарға ғана емес, қарапайым қалың көпшілікке де өздерінің күнделікті өмірде жиі қолданып жүрген кейбір сөздерінің түп-төркінін, өзгеру тағдырын біліп алу қызғылықсыз болмас. Осы жайларды ескеріп, бір топ зерттеушілер лексикамыздың шағын бір бөлігіне этимологиялық талдаулар жасап ұсынып отыр.

[1] В. И. Абаев. О принципах построения этимологического словаря. «Вопросы языкознания», 1952, № 5, 68-бет.

Сөз этимологиясы жайында қазақ тіл білімінде бұрынды-сонды айтылған пікірлер жоқ емес. Қ. Жұбанов, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Н. Қарашева т. б. тәрізді тіл мамандары қазақ сөздерінің төркінін іздеудің принциптерін, әдістерін сөз етумен қатар, кейбір жеке сөздердің этимологиясын да берді[2]. Ал Г. Жәркешева, Ә. Қайдаров, Қ. Өміралиев, Ә. Құрышжанов, Ш. Сарыбаев, Б. Сүлейменова, А. Махмұтов, С. Исаев, Б. Кенжебаев сияқты зерттеушілердің жеке сөздердің төркінін талдаған мақалалары жарық көрді[3]. Ғ. Қоңқашбаев, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов тәрізді бір топ мамандардың Қазақстан территориясындағы кейбір жер-су аттарының сырын ашқан мақалалары да қазақ тілінің тарихи лексикасына үлес қосқанын атаймыз[4]. Тіл мамандарының, кейбір әдебиетшілер мен жазушылардың және өзге де мамандардың (әсіресе географ, тарихшы, этнографтардың) қазақ тіліндегі көнелі-жаңалы бір қыдыру сөздердің тарихына көз жүгірткен талдаулары жоғарғы аталған мақала-еңбектерден басқа да жерлерде кездесіп қалатынын ескертеміз. Міне, осы айтылған пікірлер мен талдаулар ұсынылып отырған кітаптың қолға алынып жазылуына бірден-бір себепші болып әрі үлкен септігін тигізді. Жоғарыда аталған мақала-еңбектерде талданған сөздердің бір қатары (авторлары бір болғандықтан) осы кітапқа өңделіп, ықшамдалып енгізіліп те отыр.

Осы саладан басқа түркі тілдері бойынша жүргізілген зерттеулер, сондай-ақ көне түркі жазу ескерткіштерінің сырын ашқан жұмыстар көп көмегін тигізді. Бұл ретте осы күнгі қазақ тіл мамандарының еңбектерімен қатар, А. Вамбери, В. Шотт, В. Котвич, М. Рясянен сияқты шетел ориенталистерінің де, В. В. Радлов, Л. З. Будагов, Ф. Е. Корш, В. А. Гордлевский, Н. И. Ильминский Б. Я. Владимирцов, П. М. Мелиоранский, Н. Ф. Катанов, С. Е. Малов, Е. Д. Поливанов, Э. К. Пекарский т. б. тәрізді орыс ғалымдарының да

[2] Қ. Жұбанов. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы. Қызылорда, 1936; «Жұлдыз», 1959, № 9; Г. Мусабаев. Современный казахский язык. Лексика, Алма-Ата, 1959; Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы жайында — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 2; Бір сөздің тарихы — «Жұлдыз», 1963, № 11; А. Ысқақов. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау мәселелері. — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 5, № 12; Н. Карашева. Опыт зарубежной лингвистики в создании этимологических словарей.— «Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері» (Жинақ), 4-шығуы, Алматы, 1962; К вопросу о составлении этимологического словаря казахского языка. — Қазақ тілі тарихы туралы зерттеулер (жинақ), Алматы, 1965.

[3] Г. Жаркешева. Кейбір кіріккен сөздердің этимологиясы — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 4, Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздер туралы.— Сонда, 1959, № 11; Ә. Қайдаров. Кейбір қос сөздердің этимологиясы.— «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 10; Ә. Құрышжанов. «Ақын» деген сөз қайдан шыққан? — «Қазақ әдебиеті», 1958, 10 январь. «Сөз саптау» дегеніміз не? — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 2; Қазақ тіліндегі «тон» сөзінің мағыналары — «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары», Филология және өнер тану сериясы, 1960, № 1. Некоторые предположения об этимологии слова «мір» в казахском языке — Лексикографический сборник. М., 1959, Қ. Өміралиев. Сөздеріміздің тарихынан — «Қазақстан мектебі», 1963, № 3; Ш. Сарыбаев. Кейбір сөздердің этимологиясы. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 6; Ш. Сарыбаев, Ә. Құрышжанов. Этимология деген не? «Білім және еңбек», 1961, № 7; Б. Сүлейменова. «Шана» сөзі орыс тілінен енген бе? — «Қазақстан мектебі», 1963, № 11; А. Махмұтов. Қазақ тіліндегі кейбір көнерген сөздердің этимологиясы.— «Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары» Филология мен өнер тану сериясы, 1962, № 2; С. Исаев. Атаулар айтар сыр — «Қазақстан пионері», 1963, 12 январь; «Шарбақ» сөзінің шығу тарихы.— «Білім және еңбек», 1963, № 6; Б. Кенжебаев. Сөз туралы сөз. — «Қазақстан мұғалімі», 1962, 11 октябрь; Жеке сөздердің мәні, «Қазақстан мұғалімі», 1955, № 3.

[4] Ғ. Қоңқашбаев. «Алматы» және «-ты» қосымшасы жайлы — «Қазақстан мектебі», 1963, № 8; Кейбір аңдарға байланысты Қазақстан жеріндегі географиялық атаулар. — «Вопросы географии Қазахстана», 1960, вып. 7; Г. Конкашбаев. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана — «Известия АН КазССР», серия филол. и искусств, 1959, вып. I и др; Е. Қойшыбаев. «Боралдай» сөзі қайдан шыққан? — «Қазақстан мұғалімі», 1962, 27 сентябрь; Алып таулар тарихы — «Мәдениет және тұрмыс», 1963, № 8; «Піспек» атауына тарихи-этимологиялық талдау.— «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы», 1963, № 12; А. Әбдірахманов. Гурьев қаласы жайында.— «Қазақстан пионері», 1955, 11 октябрь; Ақмола қаласы жайында.— «Қазақстан пионері», 1956, 7 январь.

еңбектері молынан пайдаланылды. Бұлардың ішінде әсіресе көбірек жүгінгеніміз В. В. Радловтың әйгілі «Опыт словаря тюркских наречий» деген 4 томдық еңбегі (1888—1911), Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деген екі томы (1869—1871), С. Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» (1951) т. б. атты еңбектері болды. Сондай-ақ бұл сөздікті жасау үстінде көне және орта ғасырлық түркі жазу ескерткіштерінің материалдары да, Орхон-енисей ескерткіштері мен Махмуд Қашғари сөздігі — «Девону лұғатит турк», «Кодекс Куманикус», Абу Хайянның «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» атты еңбектері пайдаланылды.

Сөздердің төркін-тағдырын айқындауда олардың өзге тілдердегі эквиваленттерімен салыстырып отыру бірден-бір қажет тәсіл, сондықтан бұл кітапта екі тілді сөздіктер (әсіресе әр түрлі түркі тілдері мен орыс тілі сөздіктері) кеңінен пайдаланылды. Басқа тілдерден келтірілген мысалдар тек қана осындай сөздіктерге сүйеніп алынды.

Бұл кітаптың құрылымы мен жазу тәртібін айқындауда орыс және басқа тілдердің этимологиялық сөздіктерін жасау[5] тәжірибелері ескерілді.

Бірақ осыларға қарамастан, қазақ тілінің тұңғыш этимологиялық сөздігіне арналған талдаулар жасауға талаптанған авторлар коллективі бірсыпыра қиыншылықтарға кездесті. Ол қиыншылықтар ең алдымен осы сөздіктің сипаты мен мақсатын белгілеу принциптеріне байланысты туды. Сөз төркіні дегенге әр қилы тұрғыдан қарауға болады: сөздің о бастағы тілдік (қай тілдікі екендігі) төркіні бар, бұл басқа тілдерден (орыс, араб, парсы, монғол, қытай) алынған сөздерді анықтауға қатысты немесе шыққан түбі түркі сөзі бола тұрып, қазіргі қазақша қолданысында өзгеріске ұшыраған тұлғаларды табуға болады. Бұндай өзгеріс-

[5] Н. М. Шанский. Краткий этимологический словарь русского языка. М., 1961; А. Г. Преображенский. Этимологический словарь русского языка, М., 1959; Н. В Горяев. Сравнительный этимологический словарь русского языка. Тифлис, 1896; Э. К. Пекарский. Словарь якутского языка. М., 1958—1959, т. б.

тің өзі фонетикалық, морфологиялық және семантикалық (мағынасы) жағынан болғанын да айқындау керек; сондай-ақ бұ күнде қазақ тілінде жеке-дара қолданылмайтын бір топ сөздің көне түркі тілдері мен осы күнгі бірсыпыра тірі түркі тілдерінде дербес мағыналы жеке сөз екенін анықтау да этимологиялық еңбектің міндеті. Міне, осы міндеттердің қайсысын көздеу керек немесе осылардың бәрін тегіс қамту керек пе? Бұл еңбекте осы мақсаттар түгел көзделді, бірақ, сөз жоқ, бұл талаптар этимологияға объект болған сөздердің бәріне бірдей дәрежеде қойылмады. Ол, бір жағынан, сол талданып отырған сөздің сырсипатына байланысты болса, екінші жағынан, әр этимологтың (зерттеушінің) қолы жеткен материалдарына қатысты болды, соған орай кейбір сөздердің тілдік төркіні де, мағыналық даму жолы да, дыбыстық өзгеру түрі де талданса, кейбіреулерінің тек тілдік төркіні ғана (қай тілден енген сөз екені) анықталды.

Екінші бір қиыншылық сөздіктің лұғатын (реестрге, яғни талдануға белгіленген сөздің тізімін) айқындау жайында болды. Әрине, тілімізде жоғарыда айтылған мақсаттарды көздей отырып талдануға тиісті сөздер өте көп. Бірақ біздің әзіргі күш-шамамыз оларды түгел қамтуға мүмкіндік бермей отыр, яғни этимолог мамандарымыздың қатары аса үлкен емес, оның үстіне этимологиялық зерттеу дегеніміз көп уақытты қажет ететін жұмыс (көптеген материалдарды қарау, іздеу, салыстыруға байланысты кейде бір сөздің этимологиясын айқындау үшін айлап отыруға тура келетіні мәлім). Сондықтан этимологиямен шұғылданғанда зерттеуші реестр сөздерді М. Н. Петерсонның ұсынысы бойынша белгілі бір топтарға (мысалы, жан-жануар атаулары, түс атаулары т. б.) қарай[6] таңдамай немесе басқа ұсыныстар бойынша[7] этимологиялық ұяларға да (мысалы, бір түбірден өрбіген сөздерді топтап талдау) қарамай, қазіргі әдеби тілімізде (некен-

[6] М. Н. Петерсон. О составлении этимологического словаря русского языка. «Вопросы языкознания», 1952, № 5.

[7] П. Скок. Об этимологическом словаре хорватского или сербского языка. «Вопросы языкознания», 1959, № 5.

саяқ сөйлеу тілімізде — говорларда) кездесетін сөздердің ішінен өзіне төркінін табу қызғылықты, материалы жеткілікті дегендерін сұрыптап таңдап алды. Соның нәтижесінде бір сөзге кейде екі автордың көзі бірдей түскен жайлары болды және әр зерттеушінің талдаған сөздерінің саны әр түрлі болып шықты. Сондай-ақ ғылымның басқа салаларынан пайдаланылған мәлімет-материалдар да барлық талдауда бірдей емес: кейбіреулерінде (мысалы, *алтын, базар, шарбақ, нан, тұл, албасты, бекет, бодан, шана* т. б.) белгілі бір халықтардың ертедегі тарихына, тұрмыс-салтына байланысты деректер сөз сырын ашуға кеңінен пайдаланылса, қайсы біреулерінде ондай мәліметтер мүлде жоқ. Осылардың барлығына орай, әр реестр сөзге арналған талдау мақаланың көлемі де әр қилы: біреулері бірнеше жолдан ғана құралса, енді біреулері бірнеше бетке созылды.

Қысқасы, біздің ұсынып отырған бұл еңбегіміз белгілі бір қатаң тәртіппен, күнілгері алынған лұғат (реестр сөздер тізімі) бойынша жасалған азды-көпті толық сөздіктен гөрі, әзірге сол сөздікті жасауға дайындалған материалдар. Бірақ оқушы жұртшылықтың пайдалануына жеңіл болу (керек сөзін тез тауып алу тәрізді) мақсатын көздеп, белгілі бір инструкциялық тәртіппен жазып, сөздерді алфавит тәртібіне салып, қысқаша этимологиялық сөздік тәрізді етіп ұсынып отырмыз.

Бұл талдаулар — қазақ тіл білімінде этимология саласындағы жеке кітап ретінде шығарылып отырған тұңғыш еңбек. Сондықтан мұндағы кейбір ғылми топшылауларда, материалдарды ұсыну мен көрсетуде, сондай-ақ стилі мен жазылу тәртібінде де ағаттық-кемістіктер кездесуі ықтимал. Кейбір жорамалдар бір қарағанда қисынсыз көрінуі де мүмкін. Бірақ бұларды сөздікке кіргізіп отыру мақсатымыз — өзге зерттеушілерге ой салу, пікір таластыру, бірлесе отырып іздестіру. Әрине, көптеген талдауларымыз ғылми жорамал түрінде болғандықтан, үзілді-кесілді тұжырымдау стилінен аулақ болуды көздедік, өйткені, сол талдаған сөздердің түп-төркініне әлі де үңіле түсу, әзірге бізге бейтаныс материалдарды тауып пайдалану, солардың нәтижесінде басқаша этимологиялау мүмкіншіліктері әбден бар екенін қатты ескердік. Ал шыққан топырағы талассыз, дау тудырмайтын этимологияларды күдіктенбей, тура көрсеттік. Күдігіміз бен күмәніміз, жорамалымыз бен жасқанғанымыз көбінесе байырғы түркі элементтері болды, өйткені өте көне замандардан бері жасап келе жатқан сөздер мен тұлғалардың даму эволюциясын, әрбір түркі тілінде (әсіресе қазақ тілінде) қалыптасу жолдары мен заңдарын табу оңай іс емес.

Еңбектің мақсаты мен сипаты

Бұл шағын зерттеудің нақтылы міндеттері мыналар: 1) сөздің тілдік төркінін (о баста қай тілде, қай мағынада қолданылғандығын) анықтау; 2) сөздің ең бастапқы морфемдік құрамы мен о бастағы семантикасын айқындау (егер ол таза қазақ сөзі немесе жалпы түркі төркінді сөз болса); 3) қазақ тілінің өзіне тән туынды түбірлердің (бір тілдің өз ішіндегі дериваттардың) құрамдық элементтерін анықтау.

Басқа түркі тілдерінің материалдарымен салыстырып отыру әдісі қолданылғанмен (бұл әдіс сөздің фонетика-морфологиялық немесе семантикалық жағынан талдау мақсатымен пайдаланылды), бұл талдаулар типологиясы жағынан салыстырмалы-этимологиялық *сөздік емес, тарихи-лексикалық зерттеу*, яғни белгілі бір сөздің түркі тілінің қайсысында қандай тұлғада, қандай мағынада қолданылатындығын жарыстыра отырып *көрсету емес, сол сөздің о бастағы түрі мен* мәнін (мағынасын) ашып, қазіргі қалпына қалайша жеткенін көрсету.

Кітаптың құрылысы

Реестрге алынған сөздер. Мұнда талдау объектісі ретінде мынадай сөз топтары енді:

1. Әдеби тілімізде жиі қолданылатын, бірақ неліктен бұл түрінде қалыптасып кеткені түсініксіз сөздер мен тіркестер. Мысалы: *айналайын, аламан, арық, арбау, таңба, жалау, масақ* т. б.

2. Қос сөз құрамында ғана кездесетін, бірақ жекедара қолданылмайтын, бұ күнде мағынасы түсініксіз компоненттер (сөздер). Мысалы: *шашын* (жауын-шашын), *ұшан* (ұшан-теңіз), *қырқын* (қыз-қырқын), *жасқау* (жамап-жасқау), *анда* (құда-анда), *тұрық* (арық-тұрық), *тым* (тым-тырыс), *анжы* (ағайын-анжы және айып-анжы) т. т.

3. Біріккен түбір құрамындағы жеке қолданылмайтын немесе мағынасы қазіргі әдеби тіліміздегі омоним (тұлғалас) сөзден өзгеше түбірлер. Мысалы: *тараз* (шаштараз), *ал* (етістік *ал* омонимінен басқа, *ал қызыл, ал күрең* сөздеріндегі *ал* түбірі), *жар* (жарғанат), *аб* (абжылан), *шар* (шартарап), т. б.

4. Қосымшасыз түбір күйінде осы мағынада жекедара қолданылмайтын сөздер. Мысалы: *етпет-інен, тәптіш-теу, шиет-тей, нарт-тай, шар-лау, қалық-тау, бауыз-дау, сай-ыс, қом-сыну, ергежей-лі, бастан-ғы, дың-дай, уп-теу, добал-дай, мұнтаз-дай* т. т.

5. Идиомалық, фразалық немесе жай тіркестер құрамындағы жеке мағынасы түсініксіз сөздер. Мысалы: *сеспей* (сеспей қату), *бәз* (бәз баяғы), *мүрдем* (мүрдем кету), *қалп* (қалп айту), *ау* (ау қылу), *аңсар* (аңсары ауу), *қолаң* (қолаң шаш), *делебе* (делебесі қозу), *дән* (дән риза), *сап* (сөз саптауы), *қыпша* (қыпша бел), *айдын* (айдын көл), *телегей* (телегей теңіз) т. т.

6. Мақал-мәтелдерде ғана кездесетін, мағынасы түсініксіз, әдеби тілімізде жеке-дара қолданылмайтын сөздер. Мысалы: *түмен* (бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге), *кәлла* (әр кәллада бір қиял), *азар* (ағайынның азары болса да, безері болмайды), *қары* (қарына тартпағанның қары сынсын) т. б.

7. Екі түбір бірігіп, бастапқы тұлғалары танымастай болып өзгеріп кеткен біріккен сөздер. Мысалы: *ышқыр* (ыш+құр), *көкпар* (көк+бөрі), *апырай* (а+пірім+ай), *жайбарақат* (жай+фәрәғәт), *әлпет* (ал++бет), *білезік* (білек+жүзік), *жәрдем* (жар+дем — дем беруші), *әттегенай* (айт//әйт+деген+ай), *түнеу* (ту+әнеу), *ағайын* (аға+іні), *қашан* (қай+шағын), *моншақ* (мойын+шақ немесе мойын+шақа//жаға), қадағаш (қада+ағаш).

8. Өзге тілдерден еніп, қазақ тілінің заңына байланысты фонетикалық өзгеріске ұшыраған сөздер. Мысалы: *сап* (сап алтын, сап ауа), *пұшайман* (пұшайман жеу), *ұр//хор* (ұр қызы), *бәрекелді, көбеген, шен, жамбы, тайшы, шыны, жәрмеңке, әбдәсте, саясат, қисап, бәтес, нәресте, мәшін, бекет, абақты, санат, пәуеске, шөген, бақал, мүттәйім, ділмар, жәрдем, порым, тәптіштеу, лыпа.*

9. Байырғы (яғни жалпы түркі түбірлес) сөз бола тұрып, немесе көрші тілдерден еніп, о бастағы мағынасынан айрылып жаңа мағынаға ие болған (кейде мағынасы сақталса да, сол мағынада жеке қолданылмай, тұрақты тіркес құрамында қалыптасқан), немесе бұрынғы көп мағынасы азайып, бір ғана мағынасымен қалған сөздер. Мысалы: *қарақат* сөзіндегі *қат* шығыс түркі тілдерінде «жидек» мағынасында жеке қолданылады, «қарына тартпағанның қары сынсын» дегендегі *қары* — «туысқан, ру», *тұла бойы* дегендегі *тұла* (тұл) өзге түркі тілдерінде «бой» деген сөз.

10. Қазіргі әдеби тілімізде мағынасы айқын, жеке-дара қолданылатын, бірақ морфемдік құрамы күңгірт сөздер. Мысалы: *құдық* сөзінің құрамы *құд+ық*, ал *құд — құй* сөзінің фонетикалық варианты, *алдау — ал+да+у, ал* түбірі көне түркі және қазіргі кейбір түркі тілдерінде «өтірік, айла, қулық» деген мағынада жеке қолданылатын сөз, *жүзік* сөзінің морфемдік құрылымы — жүз+ік (жүз//жүс//ұус — бармақ деген сөз), *жылау — жы+ла+у* (жы//йы//ығ — көне түркі және шығыс түркі тілдерінде «жылау, сыңсу» мағынасында), *ауыл (ағ* — «қоршау»+*ыл — ағыл* — мал тұратын қора) т. т.

Бұл шағын кітапта осы көрсетілген топтарға жататын сөздердің күллісі емес, жоғарыда айтқанымыздай, әр автордың өздері таңдап-талғап, іріктеп алған бір бөлегі ғана енгізілді. Ал мұнда реестр сөз ретінде әдейі алынбаған сөздер тобы да бар. Олар:

1. Мағынасы көпшілікке (қарапайым сөйлеушіге) әбден түсінікті, қазіргі әдеби тілімізде [illegible] семантикалық мағынасы бар, жеке-дара (белгілі бір сөзден тіркесіп қана емес) қолданыла беретін *ақ, бақ* [illegible].

QYRGYZ-TÜRK MANAS UNİVERSİTETİNİN KİTEPKANASI

еңбеккүн, көзәйнек тәрізді көптеген сөздер талдауға алынбады.

2. Жер-су, адам аттары енбеді (*жамбыл* деген сөзден басқасы. Бұл сөз де жалқы есім ретінде емес, «қорған» деген мағынаны білдіретін жалпы есім ретінде талданады);

3. Мағынасы көпшілікке түсініксіз, шыққан тегі беймағлұм сөздердің қатарында көптеген диалектизмдер (белгілі бір жерде ғана қолданылатын сөздер) жататыны мәлім, дегенмен бұл сөздік мұндай ерекшеліктердің түп-түркінін ашуды мақсат етпеді, диалектизмдерден мұнда енгізілгендері тек мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерде кездесетіндері ғана. Сондай-ақ мұнда белгілі бір жердің негізгі шаруашылық түріне байланысты сол жерде ғана қолданылатын кәсіби сөздер де талданбады.

4. Ғылми терминдер мен интернационалдық сөздер де бұл еңбекте талданбады.

Мақалалардың мазмұны мен жазылу тәртібі

Реестрге алынған сөзден кейін көбінесе көркем әдебиеттен немесе ауыз әдебиеті шығармаларынан мысал беріліп отырылды. Мысал алынған шығарманың аты аталмай, жақшаның ішіне тек авторы (фамилиясы) көрсетілді, ал фольклорлық шығарма болса, оның аты тырнақшаға алынып, толық көрсетілді («Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алпамыс» т. б.). Реестрдегі жеке сөздің мағынасы көпшілікке түсініксіздеу болған күнде ғана, немесе оның тарихын ашуға қажет болған жағдайда ғана сол сөздің түсіндірмесі берілді, қалған көпшілік жағдайда түсіндірмелік мақсат көзделмеді. Осылардан кейін реестрдегі сөз талданды. Талдауда мақала авторының өз пікірінен басқа, сол сөздің этимологиясы туралы өзге авторлардың бұрынғы-соңғы әдебиеттерде кездесетін пікірлері мейлі дұрыс болсын, мейлі теріс болсын толық көрсетіліп отырылды. Бірақ сөздің халықтық этимологиясы (мысалы, автомобиль сөзі «аттама бел» дегеннен шыққан деген тәрізді) енгізілген жоқ.

Талдау үстінде басқа авторлардың пікірлері мүмкіндігінше осы сөздіктегі мақала иесінің өз сөзімен қазақша берілді де, жақша ішіне авторы мен шығарманың атына сілтеме жасалып отырылды. Шығарманың аты қысқартылып көрсетілді де, шыққан жері, жылы қойылмады. Бұл қысқартулардың толық түрі (тізімі) жеке берілді. Өте сирек (бірен-саран жерде ғана) пайдаланылған шығарманың аты мен авторы толық жазылды да, ол қысқартулар тізіміне енгізілмеді. Ал басқа тілдерден көрсетілген мысалдар (жеке сөздер) тек қана сол тілдердің сөздіктерінен алынды да, аудармасы көбінесе қазақша берілді, бірақ мақала ішінде ол сөздіктерге сілтеме жасалмады, бұл сөздіктердің толық тізімі де жеке берілді.

Етістік сөздер реестрге де, талдау үстінде де *-у* жұрнақты тұлғада алынды *(жалау, сеспей қату).*

Сөздіктің емлесі мен таңбалары

Реестрге алынып отырған сөз дербес қолданылмайтын болса, одан кейін қос нүкте қойылып, сол сөз құрамына енген тіркес немесе қос сөз түгел берілді, мысалы: *сіле: сілесі қатты, түйек: ұсақ-түйек, сап: сөз саптау* т. т.

Реестр сөздің басқаша дыбысталатын, басқаша жазылатын вариантты болса, реестрге жалғастырыла қос параллель сызықтан кейін олар да берілді. Мысалы: *дос-жар//дос-жаран; ыстан//ыштан//штан//стан; сәйгүлік//сайгүлік; лабақты//абақты; кәтелешке//каталашка* т. т.

Талданып отырған объектінің фонетикалық төркіні мен өзгерісін айқындауға қажет болған жағдайларда, сол сөздің қазіргі емлемізге бағындырылмай жазылған сәттері болды. Мысалы: *қый (қитар* сөзінің түбірі), *сыйыру* (оның *сыдыну* вариантымен салыстырып, *й-д* дыбыстарының алмасуын көрсету үшін), қалған жағдайдың бәрінде де қазақ тілінің қазіргі орфографиялық нормасы қатаң сақталынды.

Басқа тілдерден алынған мысалдар сол тілдердің сөздіктерінде қалай жазылса, солай алынды (кейбір

ұлт тілдерінің алфавитінде ғана кездесетін бірен-саран ерекше таңбалар соған ұқсас таңбамен ауыстырылды). Араб, парсы сөздіктерінен келтірілген мысалдар да араб шрифтісімен берілді. Бірақ араб жазуындағы кейбір асты-үсті таңбалар қойылмады. Көпшілік оқушы араб жазуын тани бермейтіндігі ескеріліп, арабша жазылған сөздің оқылуы өз жазуымызбен көрсетіліп отырылды, ал латын әрпімен келтірілген мысалдардың оқылуы осы күнгі жазуымызбен көрсетілген жоқ.

Әрбір сөздің талдауы мақала ішінде жаңа жолсыз тұтас жазылды. Реестрлік сөздер қара әріппен, мақала ішіндегі мысалдар (сөйлемдер де, жеке сөздер де, жеке әріптер де) курсивпен, олардың аудармалары, мағыналары, автордың баяндаулары, сілтемелер жай әріппен терілді. Сөздікте ғылми әдебиетте жиі қолданылатын кейбір шартты таңбалар пайдаланылды. Мысалы >< таңбалары сөздің тарихи өзгеру желісін (бағытын) көрсетеді: аузы ашық жағы — ілгергі сатысы. Мысалы: тап//таб > табаған > табаан > табан; қай+чағын>қай+чаын>қай+чаан>қай+чан> қачан//қашан, ал ~ таңбасы бір сөздің бірнеше түрлі тұлғалану варианттарын және дыбыстардың алмасуын көрсетеді: ал ~ алын ~ алыны ~ алны ~ алды, // таңбасы бір сөздің екі түрлі фонетикалық вариантын көрсетеді: *әбдесте//абдесте,* + таңбасы морфемдік элементтердің бір-біріне қосылуы.

Кітаптың авторы бірнешеу болғандықтан және қай сөзді қай зерттеушінің талдағаны белгілі болуы үшін әр мақала соңында, жақша ішіне қара әріппен әрбір автордың инициалы қойылды. Инициалдардың толық тізімі жеке берілді. Кейбір сөзді екі адам қатар талдағандықтан екеуінің де авторлығы қоса көрсетілді.

Бұл кітап Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты қызметкерлерінің коллективтік еңбегі. Сөздікті жасағандар: академик І. Кеңесбаев, филология ғылымының кандидаттары: Ә. Құрышжанов, Ш. Сарыбаев, Ж. Болатов, Н. Қарашева, Ә. Қайдаров, А. Махмұтов, С. Исаев, ғылми қызметкерлер: Б. Сүлейменова, Б. Бафин.

Кітапқа енген реестр сөздердің саны — 337.

Сөйтіп, кемістік-жетістіктерінің бар-жоқтығына қарамастан, бұл тұңғыш этимологиялық этюдтер қазақ лексикасының тарихын, қала берді, қазақ халқының рухани-мәдени өмірінің тарихын зерттеуге азды-көпті септігін тигізер деген сеніммен жариялап отырмыз.

Осы іспеттес зерттеу жұмысын жүргізу идеясын ұсынып, жалпы басшылық еткен Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Кеңесбаевқа, сөздікті жазу үстінде құнды-құнды ескертпелер жасап, бағыт сілтеген филология ғылымдарының докторлары Э. В. Севортянға, Ғ. Мұсабаевқа, филология ғылымдарының кандидаттары Э. Р. Тенишевке, М. Томановқа, А. Ибатовқа, А. Әбдірахмановқа редколлегия алғыс айтады.

Жалпы оқырман жұртшылықтан ұсынылып отырған зерттеулеріміздің ұнамды-ұнамсыз жайларын, ғылми жетістік-кемістіктерін т. б. көрсетіп пікір айтуларын сұраймыз. Пікірлерді баспасөз бетінде жариялауға да, Институтқа жолдауға да болады. Институттың адресі: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28, Тіл білімі институты.

Р. Сыздықова.

А

Абдәсте//әбдәсте//әбдесте. *Қарындасың Қарлығаш Әбдестесі қарында, Бес кесесі қолында, Белдемшесі белінде, Қызылбастың елінде, Шай қайнатып жүр екен* («Қобыланды батыр»). *Бұлақтың суы тәтті бал, Әбдестеңе толтыра, Жуынып ал, татып ал, Ойыңнан кетпес ол сірә!* (Н. Лушникова). Өзбек, тәжік тілдерінде *обдаста* құман деген сөз. Түркі-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігінде ابدست дәрет алу, дәрет алатын құман (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар.) В. В. Радлов та осы мағынада көрсетеді (Радлов. Опыт сл. I—IV). *Абдәсте* парсының *аб* (су) және *даст* (қол) деген сөздерінен қосылған. Бұл сөздер әуелгі кезде қатар айтылып қол су (қол жуатын су), дәрет су (дәрет алатын су) деген мағыналарды білдірген. Кейін қол су, дәрет су мағыналарынан парсы тіліндегі اَن (-ан) жұрнағы жалғанып су тұратын ыдыстың атына ие болған (Г. Жәркешева. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі, А., 1960, 19). Қазақ тіліндегі *абдәсте* сөзінің екінші мағынасы — орамал. Бұл сөз парсы тіліндегі آب *аб* (вода) және, دستار дастар (чалма, тюрбан, платок) сөздерінің бірігуінен жасалуы мүмкін, *дастар* сөзіндегі соңғы *р* дыбысының түсіп қалуы ықтимал. *Абдәсте* сөзінің орамал мағынасы абдаст havлысы (полотенце) сөзінен ауысуы да мүмкін. Мұндай жағдайда араб, түркі тілдеріндегі havlu (полотенце) қазақ тіліне кіре алмай, тек *абдаст* сөзінің бір өзі орамал мағынасына ие болып қалған тәрізді. Қазақтардың сөз қолдануында *дәс орамал* (бет орамал); *дес бермедім* (тендік бермедім) түрінде кездесетін тұрақты тіркестер бар. Мұндағы *дәс, дес* сөзі де парсының *даст* — қол ұғымымен түбірлес болу керек. Қазақ тіліндегі *абдәсте* сөзінің сулық орамал мағынасы осылай қалыптасқан сияқты. **(А. Мах.)**

Абжылан//апжылан//әпжылан. *Бір қыз кетіп барады Алтынды қамшы қолға алып Абжыландай толғанып, Бұралып кетіп барады жын соққандай теңселіп* («Қыз Жібек»). *Омбыны алдық деген хабар келген соң, төңкеріс дұшпандары апжыланша ысқырып шықты* (С. Сейфуллин). Кейбір зерттеушілер *абжылан* — «су жылан», *аб* парсының «су» дегені деп түсіндіреді (Г. Жәркешева. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі, А., 1960). Біздіңше, бұл «су жылан» емес, «улы жылан» деген түркі сөздерінің тіркесінен жасалған сөз. Якут тілінде *аба, ап-у* — ащы дәм, суда өсетін улы шөптің тамыры; сиқыр, тылсым, арбау, жадылау, бас айналдыру (Пекарский. Сл. якут. яз.); алтайша *ап* — екі жүзділік (Радлов. Опыт сл. I—IV); көне түркі тілдерінде *аб* — аң аулау (Малов. Пам. др. письм. Монг. и Кирг.); ал *ұу, ув* сөздері қырғыз, қарақалпақ, ноғай тілдерінде қазақ тіліндегідей *у* деген ұғымды білдіреді. Бұл талдаулар *аб — ав — ап — ов — ув —ұу* сөздерінің түбірлестігін, әрі олардың у, сиқыр, құлық, айла тәрізді көп мағыналарының барлығын байқатады. *Абжылан* — екі түбірден құралған біріккен сөз. Бірінші компоненті *аб//ап//әп* (у, сиқыр, тылсым), екінші сыңары жағымсыз кейіпті бейнелеуде қолданылатын *жылан* болу керек. Сонда *абжылан* сөзінің мағынасы — арбайтын, сиқырлы жылан болғаны. **(А. Мах.)**

Абыз. Абыз шаман діниндегі халықтардың молда, сопы, бақсы сияқты адамдарының лауазымы. *Ол «абыз» демек әуелде шаман діниндегілердің өз молдасына қоятын аты екен* (Абай). *Ей, абыз,*

Кыргыз-Түрк Манас
Университети Китепканасы

қобызыңды тарт, балыңды аш, не келсе де балыңа жасырмай айт (М. Әуезов). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *абыз* сөзі *хафез, абид* сөздеріне қатысты дей келіп, оның мағынасын «ескі оқымысты, білгіш, көреген; сәуегей, бәлгер» деп түсіндіреді (ҚТТС, I т.). Түрік тілінде *hafiz* (хафиз) — құранды түгел жатқа білетін адам; *abit* құдайға құлшылық ететін, құдайға сенетін кісі. Түрік тіліне бұл сөздер араб тілінен ауысқан. Ал бірақ қазақтағы *абыз* сөзі, біздіңше, араб тілінен кірмеген, түркінің төл сөзі. *Абыз (~ абыс ~ абуз)* сөзі шығыс түркі тілдерінде де бар (Радлов. Опыт сл. I—IV). Якут тілінде *аба, абла, абыс, ап* мағына жағынан бір-біріне өте жақын. Бір ортақ *ап* түбірінен өрбіген сөздер. Бұлардың мағынасы: *у, сиқырлық, магия* (Пекарский· Сл. якут. яз.). Қазақ тіліндегі *абызсынып отырғанын көрдің бе* деген сияқты сөйлемде *абыз* сөзінен «әулиелік, сиқырлық» мағына байқалады. Көне жазу ескерткіштерінде *аб* (охота) — аңды алдап торға түсіру, сиқырлы-айлалы тәсіл қолдану (С. Е. Малов. Пам. др. письм. монг. и кирг. 89); В. В. Радловтың айтуынша: алт., леб., койб. тілдерінде *ап* — екіжүзділік, алдау (Радлов. Опыт сл. I—IV); сонда *абыз* сөзінің негізгі түбірі сиқыр, тылсым мәнін білдіретін *аб/ап, -ыз* аффикс болуы мүмкін (салыстыр: *жау-ыз)* **(А. Мах.)**

Аға. *Орыс халқы — ұлы халық, аға халық сізге де, бізге* (Д. Әбілев). *Аға* сөзі көне заманнан түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. Бұл сөздің үш түрлі фонетикалық варианты бар: *ага* (қырғ., тат., түркп., аз., гаг. тілдерінде), *аға* (қаз., түр., башқ., хак., якут тілдерінде), *ака* (өзб., ұйғ., алт. тілдерінде). Бұл сөз Орхон-енисей жазуларында, М. Қашғари сөздігінде *ақа* болып жазылған. Қазіргі Батыс Қазақстан аймақтарында қазақтардың *ақа* деуі сол ескіліктің қалдығы болу керек. *Аға//ақа* сөзінің бастапқы мағынасы — туысқан адамдардың еркек жағынан жасы

үлкені (Покровская. Термины родства..., 36). Кейін бұл сөз жеке түркі тілдерінде қосымша мағынаға ие болған. Мысалы, ұйғыр, қазақ, қырғыз, татар, өзбек тілдерінде *ага//аға* — «жасы үлкен ағайын», қарақалпақ, хакас, шор тілдерінде *ага//аға//акка* — «ата», чуваш пен якут тілдерінде *агай//акка//агас* — «апа», түрік пен азербайжан тілдерінде *ага//аға* — «мырза» деген сөз. *Аға* сөзі қай тілден енгені белгісіз. Кейбіреулердің айтуынша, ол араб тілінен алынған (Золотницкий. Корнев, чув-рус. сл., 133). Бірақ бұл сөздің монғол, алтай тілдерінде де кең таралуына қарағанда, оның о баста монғол тілінен шығып, кейін түркі және басқа тілдерге де тарауы мүмкін (Монг.- рус. сл., 1957, 47; Номинханов. Термины родства..., 43—44). *Аға* сөзінің шығу тарихы жөнінде басқа да пікірлер бар. Біреулер *аға* сөзі *ай* сөзінен, оның «айқын, жарық, ақшыл, жарқын» деген мағынасынан шыққан, алғашқы кезде *аға* деп ақ көңіл, ақ жүрек, мінезі ашық, жарқын кісіні атаған дейді. Бұны дәлелдеу үшін шағатай тілінде қолданылған *аја, еје* — «көрі әйел», ajim — «құрметті әйел» деген сөздерін келтіреді. (Vambery. Etym. Wört, 6); Енді біреулер *аға* сөзі *ақ* сөзінен шықты деп есептейді. Мұны дәлелдеу үшін салыстырма ретінде финн тілдеріндегі *уко* — шал, *ука* — кемпір деген сөздерді келтіреді де, бастапқы кезде *аға* деп жасы үлкен, шашы ағара бастаған кісіні атаған дейді (Lokotsch, Etym, Wört, 3). **(Н. Қ.)**

Ағайын. *Ағайынмен бар, сырлас, Тегін тамақ татырмас* (Жамбыл). Бұл сөз *аға* және *іні* деген жеке сөздерден құралған. Қазір де *аға-іні* деген қос сөз қазақ тілінде жеке қолданылады. Кейбір түркі тілдерінде (ұйғыр, татар, башқұрт, өзбек) бұл сөз осы толық түрінде қолданылып жүрсе, қазақ, қырғыз және қарақалпақ тілдерінде фонетикалық заңға бағынып, *аға* мен *іні* сөздері кірігіп, *ағайын* болып өзгеріп кеткен. О баста *аға-іні* «жасы үлкен мен кіші ағайындар» деген мағынаны

білдірсе, кейін жалпы туған-туысқан мағынасында жұмсалатын болған. **(Н. Қ.)**

Ағыл-тегіл. *Қайта-қайта басын Жылбектің көкірегіне басып, буындары босап, жас балаша ағыл-тегіл болды* (Ә. Шәріпов). Мұндағы *ағыл* да, *тегіл* де *ақ (ағу), төк (төгу)* етістік түбірлеріне сабақты етістіктен салт етістік тудыратын *-ыл//-іл* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған. Былайша айтқанда, бұл қос сөз о баста *Ағыл жыр, тегіл өлең көмекейден* (Жамбыл) дегендегі жеке-дара айтыла беретін *ағыл* және *төгіл* сөздерінен жасалған. Бірақ бертін келе бірінші компоненттің *(ағыл)* ауанымен екінші компонент *(төгіл)* өзгеріп, жеке айтылмайтын *тегіл* формасына ауысқан. Сонда *төгіл* > *тегіл* болып, яғни *төгіл* сөзінің түбіріндегі *ө* дыбысының *е*-ге ауысуында мынадай фонетикалық заңдылық байқалады: 1) алдыңғы компоненттің *(ағыл)* екінші буынындағы қысаң езулік *ы* дыбысы ілгерінді ықпал заңы бойынша өзімен іргелес *төгіл* сөзінің бірінші буынындағы ашық дауысты еріндік *ө* дыбысын *е* езулік дыбысына өзгерткен; 2) *ө*-нің *е*-ге айналуына байланысты *төгіл* (айтылу *төгүл*) сөзінің екінші буынындағы дыбыс та қысаң езулік *і* болып естіледі. Сөйтіп, екі қысаң езулік дыбыстың ортасында келген *ө* дыбысының *е* дыбысына өтуі қазақ тілі үшін заңды нәрсе. **(Ә. Қайд.)**

Адақтау. *Күресте қалың қолды адақтаған, Майданда бетіне жау қаратпаған, Сондықтан «Адақ» деген есім алып, Ер еді атына кір жолатпаған* (С. Сейфуллин). Қазіргі қазақ әдеби тілінде бұл сөз тек етістік тұлғасында ғана қолданылады. *Адақ* сөзі есім күйінде жеке-дара айтылмайды. *Адақтау* етістігінің беретін мағынасы — «аяқтап, таусып шығу». Монғол тілінде *адаг* бір нәрсенің соңы, ақыр аяғы, өзеннің құйылысы. *Адақ* сөзі алтай тілінде де соңғы, аз, кіші мағынасында қолданылады. Тува тілінде *адақ* — төменгі бөлік, *адақы* — төменгі, *адақталар* — соңына таяу, аяқталуға жақын; тайыздай бастау (өзен туралы); азербайжан тілінде *адахшаг* — баланың бірінші қадамы, *адах дурма* — баланың қаз тұруы. *Адақ* сөзі Орхон-енисей ескерткіштерінде де бар. Сонымен, қорыта келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі *адақтау* сөзінің өрбіген түбірі көне түркі тілдері мен өзге түркі тілдеріндегі және монғол тілдеріндегі *адақ* формасы. **(Ж. Б.)**

Адамзат. *Адамзат — бүгін адам, ертең — топырақ* (Абай). Парсыша زاد امی ادا [адäми зад] — адам (адам баласы). Тәжікше *одамизод* — 1) адам; 2) адамзат, адам баласы. Бұл сөз адам және *зад//зада//зода* сөздерінің қосылуынан пайда болған. (Қара: асылзада). Парсыша زاد [зад] 1) туып-өну; 2) бала туған; 3) балапан. Тәжікше *зот* — тұқым, табиғат, ру. Демек, *адамзат — адам баласы* тіркесінің синонимы ретінде қолданылатын сөз. **(Ш. С.)**

Адырна. Садақтың оқ салып тартатын кермесі, атылатын оқты ұшыру үшін садақтың екі басын керіп байлаған баулық. *Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп, Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен, Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен* (Махамбет). Ұйғыр тілінде *адыр* — ажырасу, айрылу (Малов. Уйг. яз.), В. В. Радлов: *адыр (азыр, айыр, айр)* — бөлу, ажырату; *адыры (адыр-ы, айр-ы)* — екіге бөлу деп көрсетеді (Радлов. Опыт сл. I—IV). Көне түркі жазу ескерткіштерінде adryl — бөліну, ажырау; adryš — айрылысу (Малов. Пам. др. письм., 345). *Адар* — түркі-моңғол тілдерінде «жан-жаққа шашырау, бөліну, ыдырау» мағынасын білдіреді (Пекарский. Сл. якут. яз.). Бұл деректер *адырна* сөзінің түбірі *адыр* екендігін байқатады. Сөз соңындағы *-на* — етістіктен есім тудыратын жұрнақ болу керек. *Адырна* — оқты садақтан ажырату деген мәнді білдіреді (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар.). Өрмек жіптерінің асты-үстін бөліп тұратын ағаш аспап *адарғы* деп аталады. Бұл сөздің түбірі — *адар*. Оны жоғарғы *адыр* сөзімен төркіндес емес пе екен деп жорамалдаймыз. **(А. Мах.)**

Азар. *Алаштан азар көп көрдім, Өлген соң батыр қапыда. Әлді болған адам жоқ, Өзім түгіл жұрағат Жеті атадан затымда* (О. Шипин). *Ағайынның азары болса да, безері болмайды* (мақал). Бұл сөз «өкпе, қайғы, реніш» мағынасында қазақ, қырғыз, қарақалпақ т. б. көптеген түркі тілдерінде кездеседі. Иран тілдерінде آزار *азар* — өкпе, қайғы, мұң, шер. Н. А. Баскаков (Каракалпакский язык, мұң, шер. Н. А. Баскаков (Каракалпакский язык, 1951, т. I) пен К. К. Юдахин (Кир.-рус. сл., М., 1940, 59) зерттеулерінде де *азар*-дың парсы сөзі екендігі айтылған. В. И. Абаев: Осетин тілінде *азар* — қорқыныш, үрей туғызу, бәле дей келіп, иран сөзі, негізгі — *зар* (ренжіту, жәбірлеу), *а-* — сөздің алдынан қосылатын қосымша деп көрсетеді: *а+зар>азар* (В. И. Абаев. Историко-этимологический словарь осетинского языка, т. I, М., 1958). Қазақ тілінде қолданылатын *зар* сөзі «қайғы, шер, мұң, реніш» дегенді білдіріп, *азар* сөзімен синонимдік қатар құрайды. Бұл деректерге сүйене отырып, *азар* сөзінің *зар* сөзімен түбірлестігін байқаймыз. Осы *азар* сөзінен *азарлады* (қарғады, лағынет айтты) деген етістік те жасалады. *Қарғады мұны халық азарлады, Әркім-ақ тұс-тұсынан бажаңдады.* (І. Жансүгіров). **(А. Мах).**

Азын-аулақ. *Азын-аулақ* қос сөзінің бірінші сыңары *аз* деген үстеу мағынасындағы сөзге *-ын* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған туынды түбір. *-ын* (варианттары: *-ін, -ұн//-ұн, -ан//-ән)* қазіргі уақытта өнімсіз жұрнақ болғанымен ертедегі түркі тілдерінде көптеген жаңа сөздер жасағаны байқалады. Мысалы, қазақ тілінде *жалын* (*<жал-ын*), *ұзын* (*<ұз-ын*), *шақ* (*<шағ-ын*), *сайын* (*<сай-ын*), қырғыз тілінде *чакан* (*<чақ-ан*) — өз уақытында, *кенен* (*<кен-ен*) — кең, мол, *жакан* (*<жапа//ява//жаба-ан*) — жабайы; ұйғыр тілінде *тосун* (*<тос-ун*) — асау, үйретілмеген (ат), *толун* (*<тол-ун*) — толық (ай) т. б. Бұл қос сөздің екінші сыңары *аулақ* тіліміздегі *аулақ* (*«алыс»*) сөзімен ешбір қатысы жоқ, ол бұ күнде жеке-дара айтылмайтын және мағынасы ұмыт болған сөздердің

бірі. Бірақ тіл фактілерін салыстыра тексергенде оның *аз, азын* сөзінің синонимі екені байқалады. Мысалы, *аулақ* сөзі *аглак* формасында («аз» деген мағынада) алтай тілінде қолданылатын дербес сөз (В. И. Вербицкий. Словарь алтайского и аладагского наречия тюркского языка. Казань, 1884, 3). Қырғыз тіліндегі *азын-оолак, азоолак* сөздеріндегі *оолак*-тың да сол алтай тіліндегі *аглак* сөзімен төркіндес екенін Б. О. Орузбаева да (Б. О. Орузбаева. Словообразование в киргизском языке, Фрунзе, 1964, 234-235) көрсетеді. Алтай тіліндегі *аглак* сөзі көне өзбек тілінде *аз аглак* түрінде, ал якут тілінде *ағыја* (азаю, кему, солу), *ағыјат* (азайт, кеміт), *ағыјах* (аз, кем) сияқты формаларда (Э. К. Пекарский. Сл. якут. яз. I, 79) қолданылатынын көреміз. Сонда қазақ тіліндегі *аулақ*, қырғыз тіліндегі *оолак*, көне өзбек және алтай тілдеріндегі *аглак*, якут тіліндегі *ағыјах* — бәрі мағыналас, төркіні бір сөздер деп білеміз. Мұндағы *ау ~ оо ~ ағ* дыбыстарының алмасуы да (салыстыр: *тау ~ тоо ~ тақ*), жұрнақтық морфемалардың *-лақ* және *-јах* вариантында айтылуы да заңды құбылыстар. Қазақ тіліндегі *аулақ* сөзінің омонимі «оңаша» мағынасындағы *аулақ*-тың төркіні тіптен басқа. Ол монғол тіліндегі *оглаг* — оңаша жер; алыс, шет, Махмуд Қашғаридің сөздігінде кездесетін *ағлақ* (оңашақ жер) (Малов. Пам. др. письм.) сөздерімен төркіндес. **(Ә. Қайд.)**

Айдын. *Қаланың оңтүстігінде түбінен теңге көрінерліктей айдын көлі бар* (Қ. Исабаев). *Қараған айдын көктің жүзіне көп, мұнда да сұлулық бар өзіне ерек* (С. Мәуленов). *Айдыны кең шалқыған, Көз жеткісіз егін бар* (К. Әзірбаев). XVIII ғасырда өмір сүрген филолог Мехди-хан бірсыпыра түркі тілдерінде қолданылып жүрген *айдын* сөзі туралы мынадай этимологиялық талдаулар жасайтын көрінеді. Оны біз А. Щербактың жазғандарынан білеміз: *айдын (айлы түн)>ай+түн* (Щербак. Грам. староузб. яз.). Шынында да, *айдын* сөзі осы күнгі көптеген түркі тілдерінде айтылады:

азербайжан *(айдын)*, ұйғыр *(айдың, айдын, айдун)* т. б. Осы тілдердің сөздіктері бойынша, *айдын* сөзінің орыс тіліндегі аудармасы былай беріледі: айлы түн, ай сәулесі, ай сәулесі түсіп, жарқырап жатқан нәрсе (Малов. Уйг. яз.; Малов. Лобн. яз., т. б.). Сонда бұл сөз *ай+түн>айтүн>айдын* болып қалыптасқанға ұқсайды (ұйғыр тіліндегі *айдун* формасын салыстырыңыз). Түбір сөздегі *т (түн)* дыбысының *д*-ға айналуы оны қоршап тұрған дыбыстардың *(й* мен *ын)* әсерінен болса керек, ал *у* дыбысының *ы*-ға ауысуы, бірінші ден алғашқы компоненттегі *а* дыбысының жуандығына қарай үндесу болса, екіншіден, ерін үндестігінің соңғы буында әлсізденуінен болар деп топшылаймыз. Басқа түркі тілдеріндегі *айдын* сөзінің өзара мағынасын салыстырғанда мынадай сияқты: 1) түнгі ай мен оның сәулесі, 2) ай сәулесінің су бетіне түсіп, шағылысқан жарығымен жарқырап (шағылысып) жатқан нәрсе, 3) беті ашық, мөлдір не айқын нәрсе; 4) белгілі бір ұғымдағы көлем. Қазіргі қазақ тілінде *айдын* сөзінің тек 2,3 және 4-мағыналары ғана қолданылатын тәрізді (жоғарғы мысалдарды қара). **(Ә. Қ.)**

Айқара//айқыра: айқыра жамылу, айқыра құшақтау. *Танып мені алыстан, алды айқыра құшақтап* (А. Шамкенов). Бірінші тіркесте *айқыра* сөзі өзінің негізгі мағынасында қолданылып тұр да, екіншісінде ауыспалы мағынасында айтылған. Үйткені *айқыра//айқара* сөзі кездесетін кейбір түркі, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде ол тек киімді жамылуға байланысты ғана айтылады. *Айқыра//айқара* сөзі қазақ тілінде жоғарыдағы тіркестерде ғана кездесіп, киімді (шапанды, тонды т. б.) жамылудың тәсілін білдіреді. *Айқыра жамылу* дегенде шапанның екі етегін енінен тұла бойына соза жамылуды аңғарамыз. Олай болса, бұл сөздің этимологиясы жөнінде екі түрлі жорамал айтуға болады: 1) *айқара//айқыра* сөзі о баста *аяқ қарай* түрінде айтылған болуы керек: мұндағы *аяқ (айақ)* сөзінің ақырғы буыны *(-ақ)*, барыс септік жалғауы *(-қа)* және *қарай* сөзінің бастапқы буыны *(-қа)* бір-біріне ұқсас дыбыстық қайталаулар *(-ақ-қа-қа-)* болғандықтан өз ара жымдасып, қысқарып кеткен болу керек; сонда ол былайша ықшамдалуы мүмкін: *ай-ақ-қа-қа-рай > айақ (-қа)-қа-рай>ай-қа-ра-й>ай-қа-ра;* 2) *аяқ* сөзіне бірден екі *(-қа-ра)* барыс септік жалғауының қабаттаса жалғануы арқылы да жасалуы мүмкін: *аяқ-қа-ра>ай-қа (<аяқ-қа)+ра;* мұндағы *-қа* қазіргі уақытта қолданылып жүрген тірі жалғау да, *-ра* (варианттары *-р//-ру//-рі//-ры//-ри)* — бүгінде қолданылмайтын өлі жалғау; ол мысалы, *іш-ке-рі, тыс-қа-ры, іл(г)-ге-рі* сияқты бірқатар үстеу сөздердің құрамында ғана кездеседі. **(Ә. Қайд).**

Айналайын. *Айт, айналайын! — деп тағы да өтінді* (М. Әуезов). Қазақ халқының өмірін, әдет-ғұрпын көп зерттеген, атақты ғалым А. Диваев бұл сөзге, оның қолданылу тарихына мынадай түсініктеме береді: баяғы кезде ескі әдет бойынша ауру адамды емдеу үшін оны айналдыра жүріп, өзін құрбандыққа шалатынын білдіреді екен, кейін құрбандыққа мал сойып, оны жарлыларға я айналадағы кісілерге үлестіріп беретін болған (Диваев. Неск. слов о свадеб. ритуале киргизов, 20—21). Бара-бара бұл сөз өзінің негізгі мағынасынан айрылған: алдымен *айналайын* сөзі емдеуші кісінің өзінің құрбан болу ниетін көрсеткен болса, кейін біреуді еркелету, жұбату мағынасында жұмсалатын болған. *Айналайын* сөзінің түбірі *айналу* етістігі екендігін тіліміздегі *айналып кетейін, айналайын сенен* деген тіркестер де дәлелдей түсетін сияқты. **(Н. Қ.)**

Айуанат. *Мұндай айуанат кейіпіндегі адамсымақтарды конвертке салып, жан-жағын сүргіштеп, архивке тастаудан басқа ешбір шара жоқ* (С. Төлешев). Бұл араб-иран тілдерінен ауысқан сөздің түбірі — *айуан. Парсыша* حیوان [hейван] айуан. Бұл сөздің парсы тіліндегі көпше түрі حیوانات [hейванат] айуанат. Бұл сөздің соңындағы — *ат*

қосымшасы араб тілінің көптік мағынаны білдіретін жұрнағы. (А. А. Ковалев, Г. Ш. Шарбатов. Учебник арабского языка. М., 1960, 117). Қазақ тіліне бұл сөз әрі жекеше *(айуан)*, әрі көпше *(айуанат)* тұлғаларында ауысқан. **(Ш. С.)**

Аққала. *Әр үйдің-ақ жел жағынан аққала соғылып қалыпты* (Ғ. Мұстафин). Бұл сөз *ақ* және *қала* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Қала* сөзі әдеби тілімізде «шаһар//шәр (город)» мағынасында қолданылса, бұл тіркесте «қорған» мағынасында қолданылған. Араб-иран және кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «қорған» мағынасында жұмсалады. Мысалы, парсыша قلعه [гәл'ә] қорған, бекініс; өзбекше *кал'а*, қорған, балқарша *«кьала* — қорған, қала (Мат. иссл. по балк. диал. лекс. и фольклору, 177). Бұл сөз «қорған» мағынасында «Ер-Тарғын» жырында кездеседі. *Қырым деген шәһәрдің, Жел жағына қаласың, Ық жағына панасың. Қала* сөзі қазақ тілінің батыс говорларында «қорған, тосқауыл» мағынасында да қолданылады. Демек, *аққала соғу* деген сөз «ақ қардан тосқауыл, қоршау жасау» деген мағынада жұмсалады. *Аққала* деп кейде балалардың қардан әр түрлі мүсін, фигура жасап ойнайтын ойынын да айтады. **(Ш. С.)**

Ақта: ақта ат. *Айналайын тарланым... Бес жасыңа келгенде Белдің қызығын көрсін деп Бес бедеуге салдырдым. Алты жаста ақтаттым, Аттай мұрның танаттым. Алшақтаттым ойнаттым, Арпа бидай асаттым!* («Ер Тарғын»). Қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр тілдерінде *ақта//ахта* сөзі «пішілген» мағынасында жұмсалады. В. В. Радловта: *ахта, ақта, ахта ат* — мерин; *ахта кіші* — евнух; *ахта зоғал* — кизил без косточек (Радлов. Опыт сл. I—IV). Көне және қазіргі түркі тілдерінде *ақ* — ағуды білдіреді. Ірі қараны кесу, пішу процесінде де аталық ұрықты ағызу сияқты мән жатыр. Олай болса, *ақта* сөзінің түбірі *ақ* (ағу) сөз соңындағы *-та* — жұрнақ. **(А. Мах.)**

Ақшам. *Ақтамақ намаздыгер кезінде, кейде ақшам жамырай келеді* (Ғ. Мұстафин). *Ақсақал*

дөңестегі бөркін киді, Аллаға ақшам оқып басын иді (І. Жансүгіров). Түркі тілдерінің біразында (қырғыз, қарақалпақ, түрік, азербайжан, түркіпен т. б.) *ақшам* сөзі «кеш, кешкі мезгіл» деген мағынаны береді. М. Қашғари да *ахшам* — күн батар мезгіл деп көрсетеді (МК, I, 131). В. В. Радловтың сөздігінде *шам* — кеш, күн батқан соң оқылатын намаз (Радлов. Опыт сл. I—IV); парсыша شام *шам* — кешкі ас, кешкі уақыт. Бұған қарағанда, бес уақыт намаздың бірін білдіретін *ақшам* сөзі осы мезгілге байланысты (күн батқаннан кейінгі уақыт) қалыптасқан болу керек. Күн батысымен жер беті бірден қараңғыланып кетпейді. Белгілі бір уақытқа дейін ондағы-мұндағы көрініп тұратын «жарық кеш» немесе «ақ кеш» тәрізді кеш болады. Талдап отырған *ақшам* сөзі екі түбірден құралған біріккен сөз болар. Бірінші компоненті түркі тілдерінде кездесетін *ақ* сөзі болса, екінші компоненті — иран тілдерінде кездесетін *шам* («кеш») деген сөз. Қазіргі қазақ тілінде *ақшам жамырады* немесе *сам жамырады* деген тіркестер бар. Кейінгі фразадағы *сам* сөзі де *шам* деген тұлғаға ұқсайды. Түркі тілдерінде *с* мен *ш* (салыстыр: *шаш — саш; тас — таш)* дыбыстары алмаса береді. **(А. Мах. және Ж. Б.)**

Алагеуім. *Алагеуім* қазақ тілінде *алагөбе* (қара), *таң қараңғысы, таңсәрі, елең-алаң уақыт* дегендермен мағыналас. Ол қарақалпақ тілінде *алагеўгим* түрінде айтылады. *Алагеуім* екі сөзден біріккен: *ала+геуім*. Мұндағы *ала* сөзін жеке айтуға болса да, *геуім* сөзі дара қолданылмайды. *Ала* сөзі отыздан астам түркі тілдерінің бәрінде жеке де, туынды түбірде де, қос сөз, біріккен сөз құрамында да өте жиі кездесіп, өзінен кейінгі тұрған сөздің түрін, түсін, белгісін, реңін білдіретін анықтауышы, не қос сөздің алдыңғы компоненті ретінде қолданылады. *Ала* сөзінің сыңары *геуім* қазіргі түркі тілдерінің біразында жеке-дара қолданылып жүрген *гугум* (ұйғ.).) *геугим* (қарақал.) сөзімен төркіндес. Ол бұл тілдерде «ымырт жабыл-

ғанда, қас қарайғанда, іңірде» деген мағынада айтылады. Мысалы, қарақалпақша: *күн батып, геўгим жабылды, геўгим түсти* (кеш батып, қараңғы түсті), *геўгимле* — қараңғы түсу, түн басу; ұйғыр тілінде: *гугум* — кеш қараңғысы, *гугум чүшкәнде* — қараңғы түскенде, апақ-сапақта, ымырт жабылғанда, іңірде т. б. Сонда *алагеуім* деген сөз таң атудың алдындағы елең-алаң уақытты білдіру үшін өзара мағынасы жағынан байланысып, бір-бірімен жымдасып кеткен сөздердің қосындысы. Ұйғыр тіліндегі *гугум,* қарақалпақ тіліндегі *геўгим* сөзінің қазақ тілінде *геуім* түріне ауысуын дәлелдеу қиын емес. Мұнда да еріндік *у* дыбысының артикуляция жағынан бір-біріне өте жақын *г — ғ — қ* дыбыстарын ауыстыру қабілетіне байланысты *угу//уға* дыбыс тіркестері қысқара келе, *-уі (ге-уі-м)* қалпына келген. **(Ә. Қайд.)**

Аламан. Қазақ тілінде аламан «әскер, жасақ, жауынгер; бұқара, қауым» тәрізділерді білдіретін көп мағыналы сөз. *Аламанға дем берген, Азды көпке теңгерген. Алдынан шықты ер Қазан* («Қобыланды батыр»). *Ханның кірген ақ орда, Бұзуын ойлап кеңестік, Аламанға жел бердік, Аса жүртты меңгердік* (Махамбет). Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, азербайжан, лобнор, ұйғыр т. б. түркі монғол халықтарының сөздіктерінен *аламан* сөзі кездеседі. Ж. Досқараев: «Түркі тілдерінде *аламан* сөзінің бір мағынасы салт атты, тобыр, екінші мағынасы шайка, жау»,— дегенді айтады (Досқараев. Қаз. тіл. жер. ерек.). Қырғыз тілінде бұл сөздің «дүркірей шабу, шапқылау, қауым» мағыналары бар. В. В. Радлов *аламан* сөзінің («тобыр, салт аттылар құрамы, қарақшы») мағыналарын көрсете отырып, оның «тонаушы кезбе, кезеген» мәнін де беретіндігін айтады (Радлов. Опыт сл., т. I—IV). Карл Броккельман осы сөз жайында: «қаптап келе жатқан әскер» деп көрсетеді (Carl Brockelmann, Ostturkische Grammatik der islamischen Litteratur Sprachen Mittelasiens», Leiden, 1951, 127). *Аламан* сөзінің шығу төркіні жөнінде С. Аманжолов *бан* немесе *ман* да Арис-

товтың «жер», «ел» деген сөз деп жобалайтынын көрсете отырып мұның түбірі *ал* етістігі болуға керек деген пікірді жақтайды. Сонымен қатар *ман* аффиксі М. Қашғаридың пікірінше «тектес, тәрізді, сияқты» (парсыша *манд*) деген мағынаны білдіретіндігін де атайды. С. Аманжолов *-ман* аффиксі арабтан әуелде «адам» мағынасында еніп, кейін жұрнаққа айналған болу керек дейді. Бұған мысал ретінде *атарман, шабарман, аламан (алармаи)* сөздерін келтіреді (Аманжолов. Вопр. диал. 51). І. Кеңесбаев *«Аларманға алтау аз, берменге бесеу көп»; «Алты аласы, бес бересім жоқ»* деген фразаларды талдай келіп, *-ман, -мен, -асы, -есі* жұрнақтарының көне екендігін, *аларман, берермен, аласы, бересі* сөздерінің түбірі ертеден келе жатқан *ал, бер* етістіктері екендігін ескертеді (Қазақ ССР ҒА Хабарлары, лингв. с. 1950, 7), чуваш тілінде *ал* немесе *ала* — «қол» дегенді білдіреді. Ал *қол* сөзінің «әскер» ұғымын қоса беретіндігі мәлім. Бұған қарап *аламан* сөзі *ал//ала* — кол (әскер) және *ман* (адам) деген екі түбірден құралған күрделі сөз деп топшылауға болады. **(А. Мах.)**

Алаш. *Матай, Тобықты болып тұрған күніңде айтыстық, шабыстық, бұл ісің алты алашқа әйгілі болған* (М. Әуезов). *Алашқа іші жау боп сырты күлмек, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек* (Абай). Бартольд *алаш* сөзі жайында былай дейді: «Ахмед в двух битвах развил калмыкского предводителя Тайчжи-Эсэня; его подвиги навели на калмыков такой страх, что *они дали ему прозвание Алача* или *Алачи* т. е. «убийца» (В. В. Бартольд. Очерк истории Семиречья, Фрунзе, 1943, 76). *Алаш* сөзінің төркіні туралы Абай да жазады: «Әмір Темірдің нәсілінен шыққан қазақ ханы Ахмет қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір *алашы* болды ғой»,— депті, *«жан алушы»* болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі *Алаша* хан атаныпты... Сонан соң сол хан бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта *«алашы-*

алашы» деп «ұран-сүрен» салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда, көп жанның айғайымен *«алаш-алаш»* деп кетіпті» (Абай. II, 224). *Алаш* сөзінің этимологиясы жайында С. Сейфуллин де пікір айтқан: «Қалай болғанда, *«алаш», «алашы», «алаша»* деген сөздер бір сөз, қалмақ, монғол тілінде «кісі өлтіргіш», «қан құмар», «жау» деген сөз екендігі дұрыс және «алаш» деген сөз қазақ атанған рулар қазақ болмай жүргенде қолданылған... «Алаш» деген сөзді ұран қылып алған ел, біраздан соң, ел атының өзін «алаш» деп атайтын болған» (С. Сейфуллин. Шығ. IV, 22—23). Қырғыз тілінде *алаш* сөзін қазақтың әскери ұраны деп түсіндірген; өзбекше *алаш* — сабау, монғолша *алач* — жендет, қанішер; қалмақша *алач* — қанішер. В. В. Радлов *алаш* бүкіл қазақ халқының ұраны, түбірі — *ал* деген етістік деп көрсетеді (Радлов. Опыт сл. I—IV). Біз В. В. Радловтың пікірін толық қуаттаймыз. *Алаш* қазақша ел, халық деген мағынада да қолданылады. Түркі-монғол тілдерінде *ал* етістігінен өрбіген *алаш* (алуға тиісті), *албан* (алымсалық), *алға* (алақан) деген де сөздер бар. Адамның дене мүшелерінің бірі *қол* деген сөздің «әскер» деген де ауыспалы мағынасы бар. Кейбір түркі тілдерінде (мысалы, чуваш) осы *қол* сөзі *ал//ала* тұлғасында кездеседі. Бұл *ал (ала)* сөзінен де белгілі жұрнақтардың көмегі арқылы «әскер», «жасақ», «ел шапқыш» тәрізді мағыналарда жұмсалатын *алаш, аламан* сөздері жасалған болу керек. Сонда *алаш* сөзінің түбірі *-ал (ала); -ш(ы)* аффиксі етістіктен есім тудыратын жұрнақ болар. **(А. Мах.)**

Алба-жұлба. *Үстіне киген киімдері алба-жұлба, бетаузы кір-кір, қабағы іскен* (С. Шәріпов). Бұл қос сөздің бірінші сыңары монғол тілінен енген де, екіншісі — сөзді қосарлап айту заңдылығынан жасалған. Бұлайша бір сөзді қайталау арқылы я оның бір буынын қабаттастыру арқылы жасалған қос сөздер барлық түркі тілдерінде қалыптасқан

тәсіл. Монғол тілінде *улбо* деп бұрынғы кездерде әскери киімнің бір түрін атаған. Сыртқы түріне қарағанда ол түрлі түсті жібектен тігілетін, арасына жылқының қылымен аралас мақта салатын, өзі жеп-жеңіл, жылы қамзол сияқты сыртқы киім болған (П. С. Савельев. «Алтан-тобчи» — «Тр. ВОИАО», 1858, ч. 6, 217). Қазіргі монғол тілінде *улбо* тарихи сөз болып кеткен. Бұл сөзбен түбірлес монғол тілінде *олбог-алба* (н) сөздері бар, оның біріншісі «ішіне қыл я салам толтырылған төсек, отырғышқа жайылатын жұмсақ төсеніш» деген мағынаны білдірген, екіншісі *алба (н)* — «әскери қызмет» деген ұғымдағы сөз. Сонымен *алба-жұлба* сөзі монғол тіліндегі *улбо* деген сөзден шығып, әуелде жалпы ала-құла, түрлі түсті киімді білдірсе, кейіннен бұл сөз жыртық, құрақ киім деген ұғымға ие болып кеткен тәрізді. **(Н. Қ.)**

Албасты. *Келсем, тағы да сол әлгі сары шашты албасты екен от жағып отырған* (С. Сейфуллин). *Албасты* — халық ертектері мен аңыздарындағы жынперінің бір түрі. Бұл сөз кейін жексұрын, оңбаған адам деген ауыспалы мағынаға ие болған. *Албасты — алб* (палуан) деген сөз бен *басты* етістігінің бірігуінен жасалған сөз болу керек. *Алыб/алып* сөзінің төркіні түркі мен монғол тілдеріне ортақ *алу* етістігінен шығады. Монғолша *алба(н)* — «қызмет, әскери қызмет» деген сөз. Бұл сөзбен түбірлес *алабату* — «әскери қызметке шақыру, алу», *алп* — «әскери қызметке міндетті адам» деген сөздер де болған. Алғашқы кезде *алп* деп әскери қызметін атқарып жүрген жауынгерді атаса, кейін сол жауынгердің батыл бейнесін білдірген, *ол халық аңыздарында балуан, батыр* түрінде суреттелген (Кононов. Родосл. туркмен., 97—98). Көне түркі тілінде *алып* — денелі, ұзын бойлы жігіт, батыр (МК, I, 44); шағатайша *алп* — батыр, балуан (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., I, 80) деген сөз. Ал чуваш пен татар аңыздарында алыптай ірі, жуан денелі, орыстардың «домовойы» (үй әруағы) сияқты, ұйықтап жатқан кісі-

ні басып тұншықтырып кететін періні албасты дейді екен (Ашмарин. Мат-лы для иссл. чув. яз. 70; Остроумов. Опыт сл. нар. тат. яз., 47—48). Қазақ тіліне бұл сөз татар әдебиетінен ауысқан болу керек. Оған қазақ тілінде қолданылып жүрген, албастының басуымен салыстырылған теңеулер дәлел бола алады. Мысалы: *Қара түн албастыдай жерді басты* (И. Байзақов); *Күркіреп қапқара бұлт теңіз бетін, басады албастыдай емін-еркін* (Ғ. Малдыбаев). Қазіргі татар тілінде *албасты* сөзі жын, пері мағынасын білдірумен қатар, тұншығып, жаман түс көру деген мағынада да жұмсалады; ұйғырша *албасты* — «мыстан, жалмауыз кемпір», өзбекше *алвасты* — «жын, пері». *Албасты* сөзі туралы мынандай пікірлер де бар: 1) кейбіреулер бұл сөздің жын, пері мағынасында қолданылуы монғол тіліндегі *албин* — «жын, шайтан» деген сөзінен шыққан дейді (Menges. Glossar, 688); 2) енді біреулер бұл сөздің төркінін алтай тіліндегі *албас* — «құлық, зұлымдық» деген сөзден іздейді (Пекарский. Сл. якут. яз. 70). **(Н. Қ.)**

Алдау. *Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, Алдамаған кім қалды тірі жанда* (Абай). Бұл сөздің түбір форманты *ал* — өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын өлі түбір. Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, *ал* сөзі о баста «алдау» деген мағынада қолданылған. *Ал тілім емес, шын тілім, Ал тілге алданба* дегендерді салыстырыңыз. Сөйтіп, *ал* сөзі «айла, алдау» деген мағынада қолданылғандығын М. Қашғаридың сөздігіндегі мына мақал да дәлелдейді. *Аушы неше ал білсе, адыг (аю) сонша жол біледі.* Бұл, әрине, аю аулап, оны кәсіп еткен кезде туған мақал. *Ал* сөзі бертін келе «әдіс, күш» мағынасында қолданылады. *Ал* деген түбір бертін келе *әл* болып өзгерген сияқты (Ғ. Мұсабаев. Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы жайында.— «Қаз. тілі мен әдеб.», 1959, № 2, 93). Кейбір көне түркі жазуларында және осы күнгі кейбір түркі тілдерінде *ал* сөзі жеке, дербес қолданылып «алдау, құлық, өтірік айту» деген мағыналарда жұмсалады. Мысалы, көне түркі жазуларында *al* — құлық. (Малов. Пам. др. письм., 356). Түрікше *ал* — құлық, алдау, айла. *Ал* сөзі XII—XIII ғасырда жазылған тефсирдің тілінде де «алдау, құлық» мағынасында жұмсалады. (А. К. Боровков. Лексика среднеазиатского тефсира XII—XIII вв. М., 1963, 48). Түбірге қосылып тұрған *-да* есімнен етістік тудыратын жұрнақ. Салыстырыңыз: *ат-та, ун-де, із-де.* **(Ш. С.)**

Алдияр: Алдияр тақсыр. *Алдияр тақсыр, ағат айтсам айып етпеңіз, ызалы сөз қашан да қаттырақ шығады* (Ә. Әбішев). Бұл сөздің түп-төркіні араб-парсы тілдеріндегі الله يار (алла яр) ол «алда жар болсын» деген мағынадағы тілек. Қырғыз тілінде *алдайар* — хан-сұлтандардың құрметті титулы. Бұл фраза бұрынғы ескі дәуірде қолданылған. **(І. К.)**

Алжапқыш. *Алжапқышын байлаған сауыншылар шелектерінің бетіне де ақ марлы жауыпты* (Ғ. Мұстафин). Бұл сөз *ал* және *жапқыш* сөздерінің бірігуінен жасалған сөз. Алғашқы *ал* компоненті *ал* (-ды), *ал* (-дында) дегендегі *ал*-мен түбірлес. *Алды, алдында* сөздерінің түбірі *ал* екендігі Ф. Г. Исхаковтың еңбегінде сөз етіледі (Ф. Г. Исхаков. Некоторые предположения о происхождении конечных «т» и «д» в словах *аст, уст, алд, арт* и т. п.— «Акад. В. А. Гордлевскому к его 75-летию», 1953, 131). Кейбір түркі тілдерінде *ал* тіліміздегі *алды* (бір нәрсенің алды) сөзінің мағынасында қолданылады. В. Радловта: *ал* — алдыңғы бөлік (Радлов. Опыт сл., I—IV). Ескі түркі жазуларында al — бір нәрсенің алды. (Малов. Пам. др.-тюрк. письм., 356). Қазақ тілінде *ал* түбірі (есім ретінде) кейбір түркі тілдеріндегідей жеке-дара қолданылмайды, тек бірен-саран бірікken сөздердің құрамында сақталған **(Ш. С.)**

Алқа. *Алтын жүзік, күміс балдақ, Мойнына іліп алқасын* (А. Тоқмағамбетов). *Қала қыз кеудесіндегі әшекейлі алқа сияқты* (С. Бақбергенов). Қырғызша *алқа* — дервиштердің діни ритуал кезінде алқа-қотан тұруы, башқұртша *алқа* — сырға, та-

тарша *алқа* — сырға. В. В. Радлов бұл сөзді сырға, моншақ деп түсіндіреді (Радлов. Опыт сл., I—IV), қазақша *алқа* — әйелдер мойнына, омырауына сәнге тағатын алтын-күмістен істелген әшекейлі зат. *Алқа* ылғи ғана алдыңғы жаққа, омырауға тағылады. Егер оны мойынға салса да арқаны емес, алдыңғы кеудені безеу мақсаты көзделеді. Көптеген түркі тілдерінде *ал* сөзі қолданылады, ол бір нәрсенің алдыңғы жағы. Бұл түбір көне түркі жазу нұсқаларында да бар (Малов. Пам. др. письм., 356). Демек, *алқа* сөзінің түбірі — *ал-*, сөз соңындағы *-қа* — жұрнақ (салыстыр: *там-ға, ар-қа)* болу керек. Қазіргі қазақ тіліндегі *алға, алды, алғы* тәрізді сөздердің де өрбіген түбірі осы *ал* сөзі. **(А. Мах.)**

Алқызыл. *Ол жол бойындағы сырғып, кейін қалып жатқан қызғалдақтардың көзді әлдилейтін шешек атқан алқызыл тостағандарына қарады* (Х. Есенжанов). Бұл сөз *ал* және *қызыл* деген сөздерден құралған. *Ал* сөзі қазіргі кейбір түркі, және кейбір көне түркі жазуларында *ашық қызыл* деген мағынада жұмсалады (Малов. Пам. др. письм., 356). Парсыша *ал* сөзі «солғын қызыл» мағынасында жұмсалады. Тіліміздегі *алмұрт, алқор, алма, алша, алкүрең, алқара* деген сөздердің құрамындағы *ал* компоненті сөз болып отырған *ал*-мен байланысты болу керек. Н. К. Дмитриев орыс тіліндегі *алый* сөзінің түркі тілдерінен ауысқан сөз екендігін айта келіп, М. Қашғариден және қыпшақ ескерткіші «Codex cumanicus»-тен (XIV ғ. басы) бастап бұл сөздің көптеген түркі (ұйғыр, шағатай, түрік, қырым татары, татар т. б.) тілдерінде бар екендігін көрсетеді. Орыс тіліне қай жерде, қай кезде енгенін тап басып айту қиын, дегенмен бұл сөз Алтын Орда жерінде болған болу керек, өйткені мұндағы *ал-тамға — «ашық қызыл таңба»* хан жарлығының бір белгісі болған дейді. Якут тіліндегі *алай* сөзі орыс тілінен қайталап кірген түркі сөзі (Н. К. Дмитриев. О тюркских элементах русского словаря.— Лексикографический сборник, 1958, вып. III, 15—16). Демек, орыс

тілінің *алый* сөзінің жоғарыдағы *ал* сөзімен байланысты болып шығуы ғажап емес. **(Ш. С.)**

Алмұрт. Бұл сөз *ал* және *мұрт* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. *Ал* сөзі араб-иран және кейбір түркі тілдерінде *ашық қызыл* деген мағынада жұмсалады (қара: *алқызыл).* Парсыша алмұртты *моруд* дейді. Бұл сөздің алдына *ал* қосылып *алмұрт* деген сөз жасалған, мағынасы — «қызғылт морут». Кейбір түркі тілдерінде (азербайжан, татар) бұл сөз *армуд* күйінде айтылады. **(Ш. С.)**

Алтын. *Сандық толы сары алтын, Сыпырып судай шашқан күн* (М. Өтемісов). Бұл сөздің шығу тарихы жайында бірнеше пікірлер бар: 1) Кейбір зерттеушілердің айтуынша, бұл сөз монғол тіліндегі *алтан//алтин* — «қызғылт мыс» деген сөзден шыққан («Қаз. қаз. тілі» 57; Пекарский. Сл. якут. яз. 82); 2) Басқа біреулер алтынның түсіне қарай түркі тілдерінің көбінде қолданылатын *ал* — «ашық қызыл, от тәрізді түс» деген сөзді негіз етіп алады (Lokotsch, Etym. Wört. 5); 3) Тағы кейбір ғалымдар *алтын* сөзі түркі тілдеріндегі *алты* (6) сөзінен шыққан дегенді айтады. Ертеректе Орта Азия халықтарында ақша ретінде әр түрлі нәрсе қолданылғаны мәлім. Мысалы, монғолдарда ақша ретінде жібек мата, алтайларда мал терісі жұмсалса, кейбір түркі халықтарында (болғарларда) нәрсенің құнын белгілеуші *алты* тиіннің терісі болған. Бара-бара *алты* мен *тиін* сөздері бірігіп, *алтын* болып өзгерген де, ақша пайда болған кезде үш тиіндік алтын (кейін бақыр) ақша есебінде қолданылған (әсіресе Россияда және оған бағынған елдерде). Мысалы, орысша *алтынник* — 3 тиіндік ақша, пятиалтынник — 15 тиіндік ақша (А. К. Казембек. Объяснение русских слов, сходных со словами восточных языков.— Изв. Имп. АН по отд. русск. яз. и словесн. 1852, т. I, 23; Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. I, 81; В. В. Григорьев. Областные великорусские слова восточного происхождения.— Изв. Имп. АН по отд. русск. яз. и словесн. т. I. 1852, 15; Горяев.

Ср. этим. сл. рус. яз., 3; Шанский. Кр. этим. сл. рус. яз. 22). Кейін алтын ақша орнына қағаз ақша келген кезде, *алтын* сөзі орыс тілінен осы өзгерген түрінде қайта оралып келіп, түркі тілдерінде қымбат металдың (бұрын ақша болған) атын ғана білдіретін болған тәрізді **(Н. Қ.)**

Алуа: алуа-шекер. *Ай астында бір көл бар. Ат шаптырса, жеткісіз, Ортасында алуа-шекер бар, тапқан құлар кеткісіз.* (Махамбет). Мұндағы жеке қолданылмайтын *алуа* сыңары қара өрік (слива) мағынасында жұмсалатын иран тілдеріндегі آلو алу (парсыша), *олу* (тәжікше) сөзі болу керек. **(Ш. С.)**

Анжы I. ағайын-анжы. *Сенің кешегі күнгі еңбегіңе ағайын-анжы ырзалық айтыпты* (М. Әуезов). *Анжы* сөзі осы тұлғасында жеке жұмсалмайды, қос сөздің құрамында ғана қолданылады. Біздің ойымызша, *анжы* сөзінің мағынасы «енші» сөзіне жақын. Ерте кезде қызға енші бергенде, дүние, малмен қоса, малшы, жалшыларды, тағы сол сияқты адамдарды қоса берген. Кейбір тілдерде, мысалы, якут тілінде, монғолдың XII ғасырдағы ескерткіштерінің тілінде *інжі* деп еншіге берілген адамдарды да айтады (Пекарский. Сл. якут. яз. I, 266, Б. Я. Владимирцов. Общественный строй монголов, Л., 1934, 68, 163, 164). Кейін еншіге берілген адамдардың біразы иелерімен жақындасып, ағайындасып кеткен. Б. Я. Владимирцов кереит Ванханның інісі өз қызын ұзатқанда, қызына мал-мүліктің үстіне 200 адамды қосып атақты Аши-тимур аспазды бірге бергендігін айтады. Сонымен бірге Б. Я. Владимирцов Шыңғыстың айналасындағы нөкер, жасақтарының көбі бір кезде оның әкесіне *інжі* болып еріп келгендігін көрсетеді (Б. Я. Владимирцов. Общественный строй монголов, 66—68). *Енші* сөзі қазіргі түркі тілдерінің біразында ғана қолданылады. Алтайша *индье* — қызға бөлініп берілген дүние, мал, қырғызша *енші* — бөліп берілген үлес; жасау мүлкі; башқұртша *инсе* — біреуге беретін үлес;

монғолша *инж* — жасау, бөліп берген үлес; *инж мал* — жасау малы; В. В. Радловта: äнчі [Tel.] жасау, мұра (I, 745), *енші* (кіг) — жеке үй болып бөлінгенде, балаларға берілетін үлес (Радлов. Опыт сл. I. 649—750); інjі — конjо [Alt.] жасау, үлес (1,1445); *інұу* اینجو — (інjі) — äнчі 1) патшаның меншігіндегі жер; 2) қызметші, бектердің қолында тұрып оған өз еркімен қызмет етуші (Радлов. Опыт сл. I, 1455). Якут тілінде мынадай мағыналарда кездеседі: Э. К. Пекарскийде: *äнjä* — 1) жүлде немесе жеңген адамдарға берілетін күң мен құлдар, *äнjä кулут* өзін жеңгеннен кейін өмірін сақтап қалғаны үшін батырға сыйға тартқан еркек қызметшілер; 2) үй жасау мүліктері (äнjä ісim), киім-кешек, төсек-орын (äнjä таңас) белгілі мөлшерде берілетін мал (äнjä су өсу), қалыңдықты алу үшін берілетін мал; анjä кулут немесе äнjä кулут кісі — жасаумен бірге берілетін құл мен күңдер; олардың міндеті ханымның маңайында жүріп, соған қызмет ету: есік ашу, жуындыру, киіндіру т. б. (Пекарский. Словарь якут. яз., I, 265—266). *Якуттың сөйлеу* тілінде де бұл сөз («äнjä») қызға берген енші мағынасында кездеседі (Виташевский Н. Якутские материалы, собранные в 1883—1897 гг.— «Живая старина», 1915, вып. I—II, приложение 2, 015). Б. Я. Владимирцов бұл сөз мынадай түркі тілдерінде қолданылады деді: «ұйғыр. incü мұра, жасау, Джаг. injü патшаның меншігіндегі жер, өз еркімен бекке қызмет етуші, алт. inji жасау мал» (Владимирцов. Ср. грам., монг. письм., 320). Inje(inji ~ inzä) сөзі бай қалыңдықтың еншісіне берілген мал-мүлік және қоңсы-қолаң, жалшы, малшы мағыналарында монғолдың жазба тілінде де кездеседі. Ол адамдар (inje) қалыңдықтың барған еліне бірге кетеді. Енді бұл қоңсы-қолаң, жалшылар қалыңдықтың күйеуінің меншігінде қалады. Жоғарыда көрсетілгендей мұндай фактілер ертеде өте көп болғанға ұқсайды. Inje — құл емес, тіпті қойшы-қолаңнан да жағдайы жағынан

жоғары тұрады. Басы бос болмағанмен, бай, бек, жайсаңдармен еркін араласа алатын адамдар. Тіпті олардың кейбіреулері кейін иелерімен туыстасып, қыз беріп, қыз алысып жақындасып кеткен. Оған, мысалы, Шыңғыс айналасындағы көп нөкерлердің біразы бір кезде әжесімен бірге анжы (inje) болып келгені де дәлел бола алады. Рашид-ад-динде бұл сөз екі мағынада кездеседі: *йнджу* — әке қалдырған үлес, мұра және *инджу* — көңілдес, жақын адам деген ұғымды береді; (Рашид-ад-дин. Сборник летописей, т. III, 71, 100). Сөйтіп, *іпје* басқа адамдармен ағайындасып, туыстасып кететін болған, сондықтан *інжі* (~ *енжі)* сөзі *ағайын* сөзінің синонимі ретінде қос сөз жасап кеткенге ұқсайды. *Ағайын* сөзінің ықпалынан inji (inje) — *інжі* сөзінің дауысты дыбыстары жуандап, бірінші буында *і ~ ä ~ а* болып, екінші буында *і ~ ы* болып ауысқан. Сонымен, *анжы* сөзі тілімізге монғол тілінен ауысқан болу керек. **(С. И.)**

Анжы II: айып-анжы. *Айып-анжысымен дәл жуандардан әперемін деп кетті.* (М. Әуезов). X—XII ғасырда монғолдар кісі өлтірген, ұрлық және басқа сол сияқты айып істегендерге құн, штраф төлететін болған. Ондай құн *апји* (анжу) деп аталған. Сол *анжыны* төлегеннен кейін айыпкер ешбір жаза шекпейтін болған. Ал *анжыға* көбінесе мал, кейде дүние-мүлік те төлеп отырған. Көне түркі тілінде айыптау, жазалау мағыналарында ~ *аныт* сөзі кездеседі (Малов. Пам. др. письм. Монг. и Кирг., 18). Бұл сөзді әркім әр түрлі оқып келді. Малов оны якут тіліндегі *аја* (ажа) одағайымен салыстырады (Малов. Пам. др. письм. Монг. и Кирг. 90). Якут тілінде *айып* сөзімен синонимдес *ајы* (ажы), *ајыт* (ажым), *ајын* (ажын) сөздері кездеседі. Э. К. Пекарский бұл сөздің якут тілінде «айып, күнә» деген мағынасынан басқа, «айып төлеу» деген де мағынасы барлығын айтады (Пекарский. Сл. якут яз.). Көне ұйғыр жазба тілінде «айып, кінә» мағыналарында ајуу (ажуғ) сөзі кездеседі, ал Күл-Тегін, Тоньюкук ескерткіштерінде ~ *анығ* сөзі ұшырасады. (Малов. Пам. др. письм. 27). Көне түркі, көне ұйғыр, көне монғол және якут тілдерінде қолданылатын *ажы, аны, анжы, ажа* т. б. сөздердің тегі бір сияқты. Тілдің даму барысында әр тіл бұл сөзді өз қалыбына салып, өзгерткен тәрізді. Қазақ тіліндегі *анжы* және монғол жазба тілінде кездесетін *анжы* сөзімен мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да үйлесімді. **(С. И.)**

Аңдау//аңлау. *Мұраттың сырын білмейді екенсің, аңдап қой* (Т. Нұртазин). *Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма? Сенің байың Шолақбай Дулаттай ма?* (Жамбыл). Бұл сөздің түбірі *аң. -Да* — есімнен етістік тудыратын жұрнақ. Кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «түсіну, аңдау, жад» мағынасында жұмсалады. Чуваш тілінде *ан* — ақыл, зейін жады, ес; *антан кай* — аң-таң болу. Қарақалпақ тілінде *аң* — 1) сана, *сияси аң* — саяси сана; 2) ақыл; 3) пікір, ниет. Башқұртша *аң* — сана, ес. Башқұрттың *аң булыу* тіркесінің мағынасы сөз болып отырған *аңдау* (аңдап бас, аңдап сөйле) деген сөздің мағынасымен барабар. Тіліміздегі *ан-таң* дегендегі *аң* компоненті де сөз болып отырған *аң*-мен байланысты болу керек **(Ш. С.)**

Аңқа: аңқасы кепті. *Өте аңқам кеуіп сусап кеттім* (С. Мұқанов). Якут тілінде *аң* кіретін есік, қақпа, саңлау, тесік (Пекарский. Сл. якут. яз. I—III); қырғызша *аң* — шұңқыр, шұқанақ; қарақалпақша да *аң* — осы мағынада; чувашша *ан* — төмен түсу, құлап кету, түсу. Бұл деректер «шөлдеді, сусады, таңдайы құрғады» деген мағынаны білдіретін *аңқа* сөзінің түбірі — *аң* — (ауыз қуысы, өңеш, жұтатын тесік мағынасында) екендігін байқатады. Сөз соңындағы *-қа* жайында В. Котвич кішірейту, еркелету мәнін білдіретін *-ка (-қа)* және *-ке* жұрнағы кейбір түркі тілдерінің диалектілерінде кездесетін — *қан (-кен)* жұрнақтарымен тығыз байланысты болу керек дегенді айтады (В. Котвич. Исследов. по алтайским яз., 103). Қазақ

тілінде кездесетін *аңқаю, аңқылдақ* сияқты сөздер де *аң* түбірінен өрбіген тәрізді. **(А. Мах.)**

Аңсар: аңсары ауды. *Балуан Шолақтың өзіне аңсары ауғанын Ғалия көзқарасынан аңғарған* (С. Мұқанов). Қырғыз, өзбек, башқұрт тілдерінде *аң* — ой, сана, ақыл, В. В. Радлов азербайжан, түрік, қырым татарлары, ұйғыр тілдерінде *ан, аң* — «есте тұту, еске алу» деп көрсетеді (Радлов. Опыт сл. I—IV). Көне түркі жазу нұсқаларында да *аң* — ақыл (Малов. Пам. др. письм., 359). Бұл деректерге қарап, *аңсар* сөзінің бастапқы түбірі — *аң-* (ой, көңіл, ес, сана) екенін байқаймыз. Сөз соңындағы *-сар* жұрнақ (салыстыр: *сусар*). Түркі тілдерінде кездесетін *аңла//аңда* (аңдап сөйле) тәрізді сөздердің де алғашқы өрбіген түбірі *аң* — болғанға ұқсайды. **(А. Мах.)**

Апырай. *Апырай, сенің осы бір бойыңа адам жуытпағансып сөйлейтінің қалмайды?!* (С. Сейфуллин). Л. Будаговта: « اپرمای или آپرموی апырмой. вм. ای پیرم—ای [ай+пірім+ай] о старец мой, о покровитель, о Боже мой (выражение изумления)». (Будагов. Ср. сл., тур.-тат. нар., I). Бұл сөзді *а+пыр (пір)+ым (ім)+ай* деп төртке бөлшектеуге болады. Осындағы *а* — одағай сөз, *пыр//пір — пір тұту* дегендегі *пір* — иран тілдерінен енген «діни общинаның бастығы, магтардың әулиесі» деген мағынада қолданылатын сөз. Тәжік тілінде де осы мағынада қолданылады. *Апырмай* сөзіне жалғанып тұрған *-ым/-ім* аффиксі *(апырай* болып тәуелдік жалғаусыз айтылатын түрі де бар) — тәуелдік жалғау, *ай* — одағай төркінді шылау. Сөз басындағы жуан айтылып тұрған одағай мен сөз соңындағы жуан айтылып тұрған шылаудың ықпалымен *пір* сөзі мен *-ім* жұрнағы *пыр, -ым* болып жуан айтылып кеткен (бұл сөз кейде *апірімай* болып жіңішке түрінде де айтылады.). *Ойпырмай, япырмай, опырмай* одағайларының шығу төркіні жөнінде де осыны айтуға болады. Бұны төмендегі кестеден байқауға болады:

Я ←			→ай
А ←	+ (пі (ы) р + і (ы) м +		
О ←			→ау
Ой←			

(Ш. С.)

Арбау. Бұл сөз қазіргі кезде көнеріп бара жатқан сөздердің қатарына жатады. Сондықтан да көптеген қазіргі түркі тілдерінің сөздіктерінде берілмеген. Біраз түркі тілдерінде (қырғыз, башқұрт, қарақалпақ, хакас) бұл сөз қазақ тіліндегідей «алдау, басын айналдыру, сиқырлау» мағынасында жұмсалады. Якутше де *арба* — адам ауруын құрбандыққа шалған малға көшіретін (сиқырлайтын) шаман жайлы да айтылатын сөз. Көне түркі ескерткіштерінде *ар* — алдау, қызықтыру. (Малов. Пам. др. письм. 359). С. Е. Малов *арбау (арбақ)* сөзі араб тілінен енген *аруақ* (жекешесі *рух*) сөзі мен шағатай тілінде қолданылған *арбағ* сөздерінен контаминация арқылы жасалған дейді (Малов. уйг. яз., 138). Біздіңше, бұлай емес тәрізді, үйткені бұл екі сөздің айтылу ұқсастығы кездейсоқ, бұлардың арасында мағыналық, тұлғалық байланыс жоқ. *Аруақ* сөзі араб тілінен енген де, *арбағ* (арбау) түркі тілінің төл сөзі. Ғ. Мұсабаевтың айтуынша, *арбау* сөзінің түбірі — *ар-*, ол көне түркі тілінде, Қашғари сөздігінде «алдау, арбау, сыйқырлау, қаратып алу, айналдырып алу» мағынасында қолданылған (Ғ. Мұсабаев. Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы жайында.— «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 2, 1959, 93), ал-*ба* етістіктің көне жұрнағы (салыстыр: қарма). *Ар* түбірі — қазіргі қазақ тілі үшін өлі түбір. **(С. И. және А. Мах.)**

Арқа. *Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады* (мақал). *Арқамыз тау, алдымыз теңіз, су жағасында біз отырмыз* (С. Ерубаев). Түркі-монғол тілдерінде: қырғызша, татарша, хакасша, бурят-монғолша бұл сөз қазақшадағыдай мағынада қолданылады. Көне түркі жазу ескерткіштерінде де осы мағынада (Малов. Пам. др. письм., 359); В. В. Радлов-

тың сөздігінде *ар* — қарсы жақ (Радлов. Опыт сл., I—IV); А. Н. Кононов *арқа* сөзінің түбірі — *ар-* (монғол тілінде сақталған, мағынасы: «арт жақ, арқа, солтүстік» деп көрсетеді (Кононов. Радосл, туркмен. 88). Бұл деректерге сүйене отырып, *арқа* сөзінің алғашқы төркінінің *ар-* болғанын, *-қа* етістіктер мен үстеулерге қосылып (Қара: *тамға, алқа;* салыстыр: *тұтқа)* жаңа атау жасайтын жұрнақ екенін байқаймыз. Қазіргі қазақ тіліндегі *арт, ары, арғы* төрізді сөздердің де өрбіген алғашқы түбірі *ар-*. **(А. Мах.)**

Артель. *Содан кейін артель ұйымдасты да, мен мүшесінің біреуі болып кірдім* (С. Мұқанов). Бұл сөз тілімізге орыс тілінен енгенмен, оның төркіні түркі тілдерімен байланысты. А. Г. Преображенский, Н. В. Горяевтардың талдауы бойынша *артель* сөзі татар тіліндегі *ортақ* және *ел* деген дербес сөздерден құралып, «бірлестік, ортақтық» деген мағынаны білдіретін болған (Преображенский. Этим. сл. рус. яз., 8; Горяев. Ср. этим. сл. рус. яз., 6). Басқалардың айтуына қарағанда, *артель* сөзінің түбірі түркі тілдеріндегі *орта, орталай* деген сөздермен байланысты (Будагов. Ср. сл. тур-тат. нар., 123). Сөйтіп, кезінде түркі тілдерінен орыс тіліне кірме сөз ретінде енген *артель* сөзі қазір өзгерілген түрінде, жаңа мағынада түркі тілдеріне кері ауысып, қолданылып жүр. **(Н. Қ.)**

Арулау: ақ жуып арулау. *Шариғат бойынша өлікті арулап жуып, жаназасын оқып көмгеннен кейін оның көйлек-көншектері және де басқа киім-кешектері кедейлерге беріледі* (Ы. Алтынсарин). Тілімізде сирек айтылатын бұл сөз кейбір түркі тілдерінде (алтай, сары ұйғыр, хакас, татар т. б.) *арула//арығла* тұлғаларында кездеседі де «тазалау, жуу, жуыну» мағынасында қолданылады. В. Радловта: «арула — тазалау (Радлов. Опыт сл., I—IV). *Арулау* сөзінің түбірі — *ару//арығ*. *Ару* сөзі тілімізде әдетте «әдемі, сұлу» деген мағынада жұмсалады. Бірақ, *ару ана* деген тіркесте бұл сөз

ардақты, қасиетті деген мағынада жұмсалып тұр. Бұл сөз ол баста *таза, кіршіксіз әулие* деген мағынада жұмсалып, кейін *таза, кіршіксіз* деген мағынасынан айрылып *әдемі, сұлу, ардақты* мағыналарында жұмсалатын болған. Демек, *ақ жуып, арулау* деген тіркесте соңғы сөз *тазалау, кіршіксіз ету* деген мағынада қолданылады. *Ару* түбірі кейбір түркі тілдерінде *таза, кіршіксіз, әулие* деген мағыналарда жұмсалады. Алтайша *ару* — таза, В. Радловтың сөздігінде: *ару* (арыг, арік, ерік, ары) 1) таза, жақсы; 2) әулие (Радлов. Опыт сл., I—IV). Л. Будаговта: آرۋ — *арыу*, тур. آرو дж. آريخ، آريق таза, жақсы, құдіретті. (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., т. I,) Ескі түркі жазуларында: ару — таза болу (Малов. Пам. др. письм., 360). Кейбір түркі тілдерінде бұл сөз *арығ//ариғ* тұлғасында жақсы, таза мағынасында жұмсалады (Малов. Яз. желт. уйг., 17; Пам. др. письм. Монг. и Кирг., 90). Осындағы *арығ* сөзінің қазақ тілінде *ару* болуы *ғ* дыбысының түсіп қалуымен байланысты (салыстыр: *сары — сарығ, кіші — кішік, тірі — тіріг, шеру — шерік*) **(Ш. С.)**

Арық. *Арық атқа қамшы ауыр* (мақал). Проф. Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі *арыма, арық* сөздерінің төркіні *ары* етістігі дейді (Жубанов. Примечания редактора..., 156). *Арымақ, семірмек көңілден, Атты арығанда көр, жігітті қарығанда көр* деген мақалдардағы *арымақ, арығанда* сөздерінің қолданылуы проф. Қ. Жұбановтың жоғарыдағы пікірін растайды. *Арып-ашып* дегендегі *арып*-тың да түбірі — *ары*. Кейбір түркі тілдерінде бұл түбір өз алдына жеке қолданылады. Ойротша *ары* — шаршау, жүдеу, әлсіздену. Балқарша — *ары* — шаршау (Мат. иссл. по балк. диал. лекс. и фольклору., 165). Туваша *арар* — жүдеу, *арган* — (қазақша *арыған — Ш. С.*) жүдеген. Көне түркі ескерткіштерінде *ар* — шаршау (Малов. Пам. др. письм., 359) **(Ш. С.)**

Асылзада. *Қарсы ұш деп көппен бірге тілек етсем, мұнымды асылзада жақтай ма екен?* (М. Әуезов).

Бұл сөз *асыл* және *зада* сөздерінің қосылуынан жасалған біріккен сөз. *Заде//зада* парсы сөзі болу керек. Парсыша ﺯﺍﺩ [зад] — «туылу» «шығу тегі», «бала», «балапан» мағынасында жұмсалады. Кейбір тілдерде *зада*, әдетте, адам аттарына қосылады да «ұлы», «тұқымы» деген мағына береді. Мысалы, азербайжан тіліндегі *Демирчизаде, Чобанзаде, Агазаде* сияқты адам аттарын өз тілімізбен айтсақ *Демирчиұлы, Чобанұлы, Ағаұлы* болып шығады. Тәжік тіліндегі *зода* және түрік тіліндегі zade сөзі — адам аттарына шығу тегін білдіру үшін қосылатын сөз. Демек, *асылзада* деген сөзіміз «асыл тұқымды, асыл адамның баласы» деген мағынадағы сөз. Тіліміздегі *Ханзада, Бекзада* дегендегі *зада* да осы сөзбен төркіндес. **(Ш. С.)**

Аттау. *Бала бөлмеге бір аттап кіріп, тізерлеп отырды* (Ғ. Сланов). В. В. Радлов *ад, адақ (азак, ajak) адым, адымла* тұлғаларын сөз ете отырып, *ада, ады* түбірі *ат* (werfen — бросать) формасынан шыққан болу керек дейді (Радлов. Опыт сл. I—IV). Бұл пікір қазақ және басқа түркі тілдеріндегі *атах, атла, атлам, атламақ, атта, аттам, аттау* сөздерінің алғашқы өрбіген түбірі *ат* — екендігін байқатады. *Ат* сөзі көптеген түркі тілдерінде «тастау, лақтыру, ату» мағынасымен байланысты қимыл-қозғалысты білдіреді. Бірақ солай бола тұрса да В. В. Радловтың *ад, ада, адақ* сияқты сөздерді *ат* түбірінен дамыған деуі күдік туғызады. Өйткені *ад, ада, адақ* сөздерінің негізгі мағынасы — «ақыры, соңы, аяғы» ал *ат*-тың мағынасы «тастау, лақтыру, ату». Ендеше, біздіңше, *ад* пен *ат д/т* дыбыстарының алмасуынан пайда болған түп-төркіні бір түбір емес, әркайсысының өзіне тән мәні мен мазмұны бар жеке сөздер. **(А. Мах.)**

Ау. *Күмістен тағып қарғысын, Соңына ертіп тазысын Ау қылып Қамбар шығады... Ит жүгіртіп, құс салып, Жердің ауын тауысты* («Кисса-и Қамбар», 1888). Бұл сөз көне түркі-монғол тілдерінің жазу нұсқаларында *аб* түрінде кездеседі, ол «аң аулау» деген мағынада да жұмсалады (Малов. Пам. др. письм. Монг. и Кирг. 89). Қазақ тілінің оңтүстік говорларында (Алматы, Кеген аудандарында) *ау аулау* — аң аулау, аңға шығу. Ертең *ау аулауға* барамыз. *Ау қылу — аң аулау* тіркестері бірбіріне синонимдес. Қазіргі қазақ тіліндегі балық аулайтын тор мағынасындағы *ау* да осы *аб/ав* сөздерімен байланысты болу керек (қ. *абыз).* **(А. Мах.)**

Ауыл. *Біздің туған аулымыз, Гүл бақшадай жайнады. Біздің туған баурымыз, Өндірісте ойнады* (М. Хакімжанова). Бұл сөздің төркіні көне түркіше *ar* — «қоршау, ішіне алу» деген етістікпен байланысты болу керек. (Батманов. Яз. енис. пам., 57; Sköld. Ling. gleanings, 73). Кейін бұл етістіктен зат есім тудыратын *-ыл/іл* жұрнағы қосылып *ағыл* — «мал тұратын қора, қаша» деген мағыналы сөз пайда болған. Осы мағынада қазірде де қолданылатын *оғыл* (өзбекше), agil (түрікше) деген сөздер бар. Ал, кейбір түркі тілдерінде бұл сөздің қолданылуы кеңейіп, «мал қорасы бар үй я болмаса бірнеше қоралы үй, қыстақ» деген қосымша мағынаға ие болған. Мыс., монғолша *айл,* қырғызша *айыл,* татарша *авыл,* чувашша *ял.* Қазақ тілінде, оның фонетикалық заңына сәйкес, басқа түркі тілдеріндегі (азербайжан, түрік, түрікпен) екі дауысты дыбыстардың арасында кездесетін *r* дыбысы *y* дыбысына ауысады. Оны, мысалы, *ағыр — ауыр, ағыз — ауыз, сығыр — сыйыр* тәрізді сөздерден байқауға болады. *Ағыл*-дың *ауыл* болып айтылуы да осы заңдылықпен байланысты. Кейбір ғалымдардың *ағыл/ауыл* сөзі армян тілінен (армянша *геул* — деревня деген сөз) ауысқан деуі (Pedersen. Kuhns Zeitshtift) күмәнды пікір. **(Н. Қ.)**

Ашқарақ. *Тар қазан тасқалақ, мешкей адам ашқарақ* (мақал). *Ашқарақ, тамақ саулық жаныма қас* (Қ. Қуанышбаев). *Ашқарақ* сөзі қазақ тілінде «қомағай, тамаққа шыдамсыз, тамақсау, обыр, оңаза» деген мағынада жеке-дара айтыла береді. *Ашқарақ,* өзімен мағыналас *ашкөз* (қаз.), *ачкөз* (ұйғ.), *аш коъз* (ног.) сөздері тәрізді, *аш* және *қа-*

рақ деген екі түбірдің бірігуі нәтижесінде жасалған күрделі сөз. *Ашқарақтың* да, *ашкөздің* де бірінші компоненті — барлық түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып жүрген *аш* (тамақ ішпеген, нәр татпаған) сөзі. Ол сөз түркі тілдерінде *аш//ач//ас//аж//оч* формасында айтылып, неше алуан туынды түбір жасауға негіз болып отыр. Мысалы, бір қазақ тілінің өзінде ғана ол: *ашаң, ашаңдау, ашаршылық, аш-арық, аш-жалаңаш, ашығу* т. б. сияқты сөздердің негізгі структуралық компоненті. *Ашқарақ* сөзінің екінші сыңары — *қарақ* этимологиялық талдауды керек етеді. Өйткені, ол, *аш* сөзіндей емес, қазақ тілінде дербес қолданылмайды, әрі оның мағынасы да ұмыт болған. *Қарақ* түркі тілдеріндегі байырғы сөздердің бірі (қара: *қарашық).* Ол кейбір тілдерде *көз* сөзімен ауыстырылып, қолданылудан мүлдем қалған болса, кейбіреулерінде бірде күрделі сөз құрамында, бірде *көз* сөзімен қатарласа айтылып келе жатқан сөз. Мысалы, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, татар, түрік, чуваш т. б. тілдерде адамның, малдың көру мүшесін *көз* (варианттары: *гөз//күз//козъ//гоъз//къоз//күз//кӳз//куç*) деп атаса, ал тува, хакас, якут, сары ұйғыр тілдерінде күні бүгінге дейін көзді *қарақ//харах* дейді. Алтай тілінде *карак* көздің де, қарашықтың да мағынасын білдіреді. Бұған қарағанда, *ашқарақ* сөзінің жасалу дәуірі *қарақ* сөзінің қазақ тілінде *көз* деген мағынаны білдіретін дербес сөз ретінде қолданылу кезіне тұстас келеді. Бірақ ол өзімен мағыналас *көз* сөзінің жиі қолданылуына байланысты бірте-бірте көнеленген, ақырында дербестігінен айрылып, тек *ашқарақ* сөзінің құрамында ғана сақталып қалған. Бұл күнде *ашқарақ* сөзінің моделімен жасалған *ашкөз* сөзі қазақ тілінде онымен қатарласа қолданылса, ұйғыр, өзбек, ноғай т. б. түрік тілдерінде біржолата ығыстырғаны байқалады. *Ашқарақ* сөзіндегі *қарақтың* өзі де туынды түбір екенін *қарашық* (қара: *қарашық.)* сөзінің этимологиясынан айқын көреміз. **(Ә. Қайд. және І. К.)**

Ая: алақанның аясы. *Күндіз осы арадан бүкіл қыстақ алақанның аясындай көрінетін* (М. Иманжанов). Бұл сөз тіліміздe түбір *(ая)* тұлғасында қолданылмай, көбіне *алақанның аясы, аядай, аялады* сияқты туынды формаларында қолданылады. Алақанды *ая* демейміз, бірақ *ая* сөзі алақан мағынасында кейбір тіркестерде, мақал-мәтелдерде сақталып қалған. Мысалы, *ашсам аямда, жұмсам жұмырымда* (мақал), *аядай ғана бөлмеміз бар* т. б. Кейбір түркі тілдерінде *ая* сөзі «алақан» мағынасында жұмсалады. Хакасша, ноғайша *ая* — алақан деген сөз. Құмықша алақанды *кьолну аясы* дейді. Тіліміздегі *Алатаудың аясы, бұл сөздің қолданылу аясы кеңіді* деген сөйлемдегі *ая* сөзі ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. **(Ш. С.)**

Аяң: өсек-аяң. *Бәрі де жалшы әйелдің теңізде жүр, Ерген жоқ жалғыз ауыз өсек-аяң* (Ғ. Малдыбаев). Бұл қос сөздің екінші сыңары *аяң* қазіргі қазақ тілінде дербес қолданылмағанымен, кейбір түркі тілдерінде жеке лексикалық мағынасы бар сөз ретінде сақталған. Қырғыз тілінде ойдан шығарылған ұшқыр лақап, жалған әңгімені *айың* дейді. Бұл сөз қырғыз тілінде жеке тұрып та, *ұшақ-айың* (қазақша *өсек-аяң)* түрінде де айтыла береді. «Кодекс Команикус» тілінде *айың* — өтірік, жалған деген сөз. **(І. К.)**

Ә

Әбілһаят: әбілһаят бұлағы, әбілһаят суы. *Бәйшешек, балауса, гүл балдырғандай, Қаратып шырайына талдырғандай, Суындай әбілһаят шөлдеп ішкен, Лебізі сусыныңды қандырғандай* (І. Жансүгіров). *Әбілһаят* — араб сөзі. *Аят* — тіршілік, өмір. *Әбілаятт*-ты парсы тілінде *абһаят* дейді: اب аб — су, حیات һайат — өмір, тіршілік. Сонда бұл — өмір суы, таусылмас тіршілік беретін су деген сөз. Қазақ *әбһаят* дегенді араб тілінің ال (аль)

деген белгілік артиклі арқылы алып, *әбілһаят* деп кеткен болу керек. Үйткені, араб тілінде *аб* (су) деген сөз жоқ та, حيات *һайат* (өмір, тіршілік), الحياة *алһайат* (өмір салты, тұрмыс) деген сөздер бар. Мұндағы ال ал — әрине, грамматикалық белгі. Әңгіме болып отырған сөз اب الحياة — *аб ал- һаят*, одан барып *абілһайат* болып қалыптасқан. Ескі діни ұғым бойынша мұхиттың қиыр шетінде терең тұңғиық үйірім болады, мұның суын ішкен адам мәңгібақи өлмейді, өмір сүре береді, осыны *әбһаят, әбілһаят* дейді. **(І. К.)**

Әзіз//ғазиз: әзіз//ғазиз жан. *Ғазиз жанымды әділеттің жүрегіндей Москвам үшін, соның топырағында бердім дейтін секілді Жұматай* (Ғ. Сыланов). Араб тілінде حظيظ (хазиз) — сүйкімді, қымбатты, аяулы дегенді білдіреді. Демек, бұл сөз араб тілінен алынған. Қазақ тілі фонетикасына сәйкестеніп, *ғазиз//әзіз//әзиз* болып түрленіп қолданылады. **(І. К.)**

Әлпет. *Әлпетіне қараса, сырлап соққан моладай* (Шашубай). *Сағат бас инженердің мына сөзді айтқандағы қабағына, бет әлпетіне қарады да, ішінен «көреміз»* деді (Ғ. Сыланов). Қазақ тіліндегі *бет әлпеті (түр әлпеті, жүз әлпеті, бас әлпеті), сөз әлпеті, өз әлпеті* деген тәрізді тіркестердегі *әлпеті* екі түрлі мағына беретін тәрізді: 1) бір нәрсенің жалпы түрі, жалпы бейнесі (І-мысал); 2) бір нәрсенің белгілі бір жеріне (жүз, бас т. б.) ғана байланысты айтылып, көбінесе оның түсі мен түрін, сипаты мен бейнесін көрсетеді (2-мысал). Бұл сөз екі түрлі түбірден құралған болу керек: *әл+пет* яғни *ал+бет*. Қазақ тіліндегі *ал жапқыш, алға, алдыңғы, бет алыс* деген тұлғаларды салыстырсақ олардың негізгі түбірі *ал* екендігін көру қиын емес. Ол әдетте бір нәрсенің «алдыңғы жағы, маңдай алды, бет алысы, беті, жүзі, түрі» деген ұғымда қолданылады. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз осы мағынаны беру үшін *ал, алы, алд, алны* (шағатай), *алт* (тоболь), *алд* (татар) формаларда кездеседі (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар.).

Көбінесе тәуелдік жалғауда тұрып жұмсалатын бұл сөздің тұлғалану заңдылығы осы күнгі түркі тілдерінде мынадай тәрізді: *ал ~ алын ~ алыны алны ~ алды* (Исхаков. «Некот. предположения») Көне түркі тілдерінде де осылай: *ал ~ алын ~ алны* (Малов. Пам. др. письм.) Кейбір түркі тілдерінде қолданылатын *бит* (татар, башқұрт), *бет* (қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, өзбек), *бәт* (ұйғыр), *пит* (чуваш) сөздерінің орнына азербайжан, түрік тілдерінде *алын* формасы жұмсалады (Исхаков. Опыт ср. сл.). Қазіргі қазақ тіліндегі *әлпеті* деген тұлғаның екі түрлі сөзден барып бірігуі де олардың осындай өзара мағыналас, әуендес болып келуінде жатса керек. Мұндағы *ал* келесі сөздің дыбысталу ыңғайымен жіңішке *(әл)* айтылатын болып қалыптасқан сияқты. Қазақ тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстар үнді мен дауысты дыбыстардың аралығында келіп айтылса, көбінесе ұяң формада жұмсалады: *әлбетте (әлпетте* емес). Осы ізбен әңгіме болып отырған сөз де *әлбеті* болып айтылуға тиісті еді, бірақ оның керісінше *б* бұл жерде қатаң *п* дыбысымен алмасып келіп тұр. Жалпы түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінің кейбір материалдарына қарағанда *б* мен *п* дыбыстарының өзара орын алмасып, әрқилы формада қолданыла беретіндігі заңды құбылыс сықылды: *опа* (шағатай), *оба* (өзбек, түрік, қырым татарлары, азербайжан, қарашай, қараим, қазақ, қарақалпақ), *ооба* (түрікпен), *обо* (қырғыз, алтай), *обоо* (телеуіт); *қапақ ~ қабақ* (ұйғыр), *қабақ* (қырғыз, татар, телеуіт, қазақ, қарақалпақ), *қапақ* (түрік т. б.). Бұл дыбыстар сөздердің басқа түрлі позицияларында келіп те өзара алмаса береді (Рясянен. Мат.- лы по ист. фон. тюрк. яз.). Қазақ тілінің кейбір говорларынан да біз осыны байқаймыз: *кепе ~ кебе, кепен ~ кебін, өнепойы ~ өнебойы, төпе ~ төбе, полат ~ болат, пітіру ~ бітіру, пейнет ~ бейнет, пида ~ бұйда; әлбеті ~ әлпеті, әптен ~ әбден, пырт ~ бырт* т. б. (Аманжолов. Вопр. диал.). Тіпті әдеби

тіліміздің өзінде де *елбеңдеу — елпеңдеу* деп екі түрлі айтыла береді. Осыдан барып, әңгіме болып отырған сөздің қазақ тілінің батыс говорындағыдай *әлбеті* емес, *әлпеті* болып қалыптасуы жалпы түркі тілдерінің, оның ішінде қазіргі қазақ тілінің де өзіндік фонетикалық заңдылығына қайшы келмейтін тәрізді. **(Ә. Қ.)**

Әттегенай//әттең. *Япырау, әттегенай, атын сұрамаппын ғой!* — деді (М. Әуезов). Бұл — *айт//әйт, деген* және *ай* сөздерінің кірігуінен пайда болған одағай сөз. Осы тіркес жиі-жиі айтыла келе бір-біріне кірігіп, ықшамдалып, *әттегенай* болып өзгерген. Бұл сөзге құрылыс жағынан ұқсас *өйт деген -ай! Өйт деген!* сияқты одағай тіркестері кәзір де қолданылады. Көп уақыт айтыла келе *алып келдің әкел*-ге, *алып бар*-дың *апар-ға* ықшамдалғаны сияқты *әттеген-ай* сөзі де ықшамдалып *әттең!* тұлғасында да қолданылатын болған. **(Ш. С.)**

Әулие-әнбие. *Әулиеден әулие, әнбиеден әнбие қоймады* (Ғ. Сыланов). *Бақсылар мәжүсилердің аруағына да, мұсылмандардың әулие-әнбиелеріне де сиынды.* («Қазақ ССР тарихы»). Араб тілінде ولي уәли (жекеше) — اولياء әулие (көпше) — киелі адам, қамқоршы, дін басы, пайғамбар. Екіншісі арабтың نبي — انبياء пайғамбар деген сөзі. Ол деген форманың көпше түрі. **(І. К.)**

Әуре-сәрсең//әуре-сарсаң. *Әуре-сәрсең* қос сөзінің екі сыңары да түркі тілдеріне иран тілдерінен ауысқан сөздер. Олар мағына жағынан бір-біріне өте жақын. Ал енді, тәжік, парсы тілдерінде осы сөздің қосарлануы арқылы жасалған сөзді кездестіре алмағанымызға қарағанда, бұл қос сөз қазақ тілінің негізінде жасалған болуы керек деп жорамалдаймыз. Қазақ тіліндегі *әуре* сөзі, мысалы, парсы тілінде آوارا [*аваре*] түрінде айтылып, «скиталец, бродяга» мағынасын білдіреді. Бұл сөз бүкіл шығыс халықтарының, соның ішінде әсіресе түркі және кавказ халықтарының тілдеріне кеңінен тараған көреміз. *Әуре* сөзі, мысалы, мына төмендегі түркі тілдерінде кездеседі. Осман түріктерінің тілінде — *abara* — үйсіз-жайсыз қаңғып жүрген қайыршы, сергелдең, азербайжан тілінде *авара//аварә* — қаңғыбас, жалқау, кезбе; түрікпен тілінде *авара* (сол мағынада), өзбек тілінде *авора* — *ел* кезіп тентіреуші, нәтижесіз, өнбейтін іспенен айналысушы; ұйғыр тілінде *аварә, аварә болмақ* — текке еңбектену, құр әбігерге түсу, қарақалпақ тілінде *әўере* — әбігершілік, мазасыздық; әуре-сәрсең, бекер-босқа шабынушылық т. б. Бұл сөз қазақ тілінде де жекедара қолданылып, «нәтижесіз іс, әбігершілік, ешнәрсе өнбейтін далбасалық әрекет» деген мағынада айтылады. В. И. Абаевтың этимологиялық сөздігінде *авара* сөзі кавказ халықтарының тілдерінде де (грузинше *avart//avar* — кезбе; армянша *abar;* абхазша *abrag,* кабардин-черкешше *abreg)* кең тарағандығы, тіпті бұл сөздің орыс тіліне де енгендігі көрсетіледі. Мысалы, ол В. Дальдің сөздігіндегі *абрек* сөзін («бас кесер ұры, қарақшы, ұры-қары тобында жүретін кісі») осы *авара//абгер* сөзімен төркіндес деп қарайды және оның кавказ тілдеріне парсы арқылы, ал орыс тіліне кавказ тілдері арқылы ауысқандығын дәлелдейді (Сл. Даля, 26). *Әуре* сөзі түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне парсы, тәжік тілдерінен немесе осы халықтармен қазақтардан бұрынырақ қарым-қатынаста болған туысқан тілдердің біреуінен енуі мүмкін. *Әуре* сөзінен қазақ тілінде *әурелену, әурелеу, әурелік, әурешілік* тәрізді туынды тұлғалардың жасалуына қарағанда, бұл сөздің тілімізде көптен бері-ақ қолданылып келе жатқандығы байқалады. *Әуре* сөзі тұлға жағынан түп нұсқадан [*аваре*] алшақ кетпесе де, бірақ мағына жағынан біраз ауытқу байқалады. Иран тілдерінде де, кейбір түркі тілдерінде де (түрік, азербайжан) *әуре* зат есім мағынасында (кісіге байланысты) айтылса, қазақ тілінде үстеу мағынасында қолданылады. О баста *әуре* «скиталец, бродяга» мағынасында (мысалы, «Бродяга» атты үнді фильміндегі «Аварая» әлеңі «мен мұсапір ел кезуші» деген мағынаны білдіреді), кейін,

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КІТЕПХАНАСЫ

кейін ол әр тілде әр түрлі, бірақ бір-біріне жақын мағыналарға ие болған. *Әуре-сәрсең* қос сөзінің екінші сыңары қазақ тілінде тек кісі аттарында ғана айтылғаны болмаса (мысалы, *Сәрсен, Сәрсенбай),* жеке-дара қолданылмайды. Бұл сөз де иран тілдерінен кірген. Тәжік тілінде *сарсон* «басына қиыншылық түскен, әуреге салынған, жүгірінді болған адам, кезбе» деген мағынада қолданылады. Иран тілдерінде *сарсон* сөзінің өзі екі морфемадан *(<сари+сани)* тұратыны, әрине, өз алдына мәселе. Сонда, қазақ тіліндегі *сәрсен* деген сөз «салы суға кеткен, әуре-әбігер болған» мағынасындағы иран сөзі екен. Ол мағына жағынан *әуре*-ге өте жақын болғандықтан онымен қосарланып айтылып тұр.*Сәрсен* сөзі кейбір түркі тілдерінде әлі де болса өзінің лексикалық дербестігін сақтап келе жатқандығы байқалады. Мысалы, ұйғыр тілінде *сәрсен болмақ* — әбігершілікке түсу, әуре болу. **(Ә. Қайд.)**

Б

Баз//бәз: баз-баяғы//бәз-баяғы. *Бәз-баяғы жалғыз мен, Қайда жолдас сан кісім* (Ғ. Қайырбеков). *Дуалға сүйеніп, бәз-баяғы уайымға шомып тұрдым* (М. Қаратаев). Жеке-дара тұрып қазіргі қазақ тілінде айтылмағанмен, осындағы *баз* тұлғасы «тағы, және» деген мағына беру үшін бірқыдыру тілдерде дербес тұрып та жұмсала береді. Мысалы, көне ұйғыр тілінде *баз* — тағы, қайтадан, және (Малов. Пам. др. письм.), өзбекше *боз* да осы мағынада. Көне түркі тілдерінде *баса,* алтай тіліндегі *база* тұлғалары да осы сөзбен әуендес (Н. А. Баскаков. К вопросу об отношении языка горных алтайцев к древнетюркскому языку.— Изв. АН КазССР, серия фил. и иск., вып. 1—2, 1958). Сөз түбірі парсынікі болса керек. Онда باز (баз) — тағы, қайтадан, және деген мағына береді

(Будагов. Ср. сл. тур,-тат. нар.). Тәжік тілінде де осылай *(боз).* Екінші сыңардың түбірі *бая* болу керек: ұйғырша *бая* — бағана, өзбекше *боя* — бағанағы уақытта, өткен кезде; шағатайша بایاغ [байағ], بایه [байа], алтайша بیا [байа], بي [бай], қырғызша باغی [баға], بیاغی [байағы] сөздері де осы ұғымда жұмсалады (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар.). Түрікпен тілінде *баяк,* азербайжан тілінде *баяг,* татар тілінде *бая* осы мағынада. Бұл сөздің морфологиялық құрылысы, сірә, *бая>баяқ>баяқы>баяғы* не болмаса *баяғ>>баяғы>бая//баяқ>бая* тәрізді болып бірте-бірте қалыптасқанға ұқсайды. Мұның әрқилы түркі тілдерінде әр түрлі тұлғада болып келуі бізді осындай пікірге меңзейді. Сонда, *баз-баяғы* деген қос сөз қазіргі қазақ тілінде өзара мағыналас екі түрлі түбірлерден жасалған болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі *банағы (манағы), бағанағы* сияқты сөздер де *бая* деген түбірмен әуендес болуы ықтимал. **(Ә. Қ.)**

Базар. *Базарда мың кісі бар, Әркім сүйгеніне сәлем берер* (мақал). *Базар* сөзі парсы тіліндегі *баз* — «қақпа» және *ар/әр* — «соңында, ар жағында, артында» деген дербес сөздерден құрылған. Бұрын *базар* орны бүгінгідей қаланың ішінде емес, қалаға кірер қақпаның алдында (сыртында) болған (Бартольд. К-ра мусульм., 30; Владимирцов. Монголика, 331; Н. К. Дмитриев. Бу адам, Л., 1928. 15; Skeat, An Etym. dict, 51). Сонымен, парсыша *базар* — «қақпаның алдындағы іс» деген сөз. Алғашқы кезде мұндай базарда тек қана тағамдар, көбінесе шығыс жақта өсетін жемістер, кейін тамақпен аралас киім-кешек, әйелдердің әшекейлері, асыл тастар т. б. нәрселер де сатылған. Қазір бұл сөз барлық түркі тілдерінде және орыс пен Европа тілдерінің көбінде (фр., нем., ағылш., исп., итал., чех, болғ., поляк, румын т. б.) кездеседі (Горяев. Ср. этим. сл. рус. яз. 9; Преображенский. Этим. сл. рус. яз., 12; Шанский. Кр.

этим. сл. рус. яз. 26; Tuna, Sehir..., 643). Бұл сөздің кеңінен таралуын кейбір ғалымдар әйгілі «Мың бір түн» ертегісімен байланыстырады. Бұдан басқа *базар* сөзі төркінінің тағы бір түсіндірмесі бар. Бұл пікір бойынша, *базар* сөзі түркі тілдерінде қолданылатын *бай* «мол» деген сөз бен *-сар* деген қосымшадан біріккен дейді: *бай+ +сар>басар>базар.* Мұндағы *-сар* бір нәрсенің бар екенін, молдығын білдіретін, немесе көптік мағына үстейтін жұрнақ дейді де, бұған *-сар/сер* жалғанған басқа сөздерді мысалға келтіреді. Мысалы, татарша *қомсар* — «құмдақ», *құлмақсар* — «құлмақ өсетін жер», чувашша *лапсар* — «ойпат жер», киіксер — «киік мекендейтін жер», *Чебоксары* (қала аты) — «чебак атты балығы мол жер», (Золотницкий, Корнев. чув. рус. сл., 256) **(Н. Қ.)**

Байрақ. *Қараман шықты қаладан Кернейлері бақылдап, Байрақтай тулар көтерген* («Қамбар батыр»). *Желбіреп қызыл байрақ желпінген күн, Қуаныш еңбекші елге келтірген күн* (Ү. Кәрібаев). Бұл — түркі сөзі. Көне тұлғасы — بترق батрақ; мағынасы — әскер ұрыста өзін белгілі қылу үшін ұстайтын, ұшына ерекше жібек ілінген ағаш (МК. II. 432). (қара: *батрақ).* Қазақ тілінде бұл сөз *т* дыбысының *й*-ға алмасуы арқылы *батрақ ~ байрақ* болып өзгерген тәрізді. Көне түркі тілдерінде *д* және *й* дыбыстарының алмасатыны бұрыннан белгілі (салыстыр: *адрул ~ айрул)* **(А. Мах.)**

Байыз: байыз таппау. *Қалайда әйтеуір баяндап отырмай, жүгіріп сыртқа шығып, жүгіріп ішке кіріп, байыз таппай қойды.* (Ж. Жұмақанов). Монғолша *байз* — тоқтау, тұру. Алтайша *байзың* — ықтасын жер, ой. Тіліміздегі *байыз таппау* тіркесі «тоқтам таппау» мағынасын береді. *Байыз* сөзінің төркіні *монғол сөзі болу керек. Байыз* түбірінен *-да* жұрнағы арқылы жасалған *байыздамау* сөзі де қолданылады, ол «тұрақтамау» деген мағынаны береді. *Мал аяғымен бірге байыздамай, қонықстамай кезбелікке салыну сорлылық, сорақылық есепті саналады* (М. Әуезов). **(Ж. Б.)**

Бақал. *Өзі кіре конторында қызмет қылады. Және кішкене бақал дүкені бар* (С. Сейфуллин). Арабша *вакқал* — шәй, қант, кофе. Бұл сөз түркі тілдерінің біразына арабша нұсқасына сәйкес *бақал* түрінде енсе, енді біразына (татар, чуваш, тува тілдеріне) *бакалея* түрінде енген. *Бакал, бақал* формасы, біздің байқауымызша, түркі тілдеріне ертеде араб тілінен тікелей енген, ал *бакалея* формасы соңғы кезде орыс тілі арқылы келген. *Бақал* түрінен *бақалшы* сөзі жасалған. *Қастектен Төкей келген соң, бақалшы Ботаймен жанжалдасып зорға айырдық* (З. Шашкин.) **(Ж. Б.)**

Балшық. *Балшық жолда селкілдеген машина, ат-арбалар, ауған түйе жүктері* (Х. Ерғалиев). *Балшық* сөзі көне түркі тіліндегі *бал* деген түбірден жасалған. Бұл түбірлес сөздердің бәрі де жұмсақ, сұйық, тез езілетін, жайылып кететін нәрселермен байланысты ұғымда жұмсалады. Мысалы, бурят-монғолша *бал,* чувашша *палка* деген сөздер «бұрқылдау» деген мағынада қолданылады, ал қырғыз бен қазақ тілдеріндегі *балч/былш* дегеніміз балшықты т. б. басқандағы дыбысқа еліктеп айтылған сөздер. Бұрын шағатай тілінде «саз» мағынасында *балық/балқ* сөзі қолданылған көрінеді. XI ғасырдағы кейбір түркі елдері (ұйғырлар т. б.) үйлерін көбінесе саздан салғандықтан, кейбір зерттеушілер бұрынғы Орта Азияда болған Іле-балық, Біш-балық, Янгі-балық тәрізді қалалардың аттарын осы сөзбен байланыстырады (Tuna. Sehir... 642, 643). Қазақ, қырғыз т. б. түркі тілдерінде *бал* сөзінен туған «қатты нәрсенің еруі» мағынасын беретін *балқу* етістігі бар, одан «лай, батпақ» мағынасындағы *балқыч* сөзі пайда болған (Балқаш көлінің атауы осы сөзбен байланысты тәрізді). Осы мағынада бұл сөз түркі тілдерінің көбінде кездеседі: шор тілінде *палгаш; алтайша палкаш;* қырғызша *балкыч/балчык,* түрікменше *палчык;* монғолша *балчиг;* қазақша *балшық* т. б. Сөз ортасындағы метатезалық құбылыстың (қатар дыбыстардың орын алмасуы) нәтижесінде кейбір түркі тілдерінде (соның ішінде қазақ тілінде

де) *балқыч/балқыш* деудің орнына *балчық/балшық* болып қалыптасқанға ұқсайды (Юнусалиев. Кирг. лекс. I, 186; Frankle Word Form, 26). **(Н. Қ.)**

Барқадар: барқадар табу. *Бірақ онымен барқадар тапқан ешқайсысы болған жоқ,— деді Ыбырай* (М. Ақынжанов). Бұл сөз о баста *барық-қадір* болып қатар қолданылған болу керек. Кейін ықшамдала келе *барқадар* болып бірігіп кеткенге ұқсайды. Қырғызша *барқ* — баға, авторитет, бедел. Қазақша *парық* — «пайым, мән» тәрізді мағыналарда кездеседі. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегенді қырғыз тілінде «Қолдо бар алтындын барқы жоқ» дейді. Тіліміздегі *қадір* (ауызекі тілде *қадыр* болып та айтыла береді) هدار *hадарун* — жұмсақтық, сыпайылық, биязылық, байыптылық деген араб сөзінен келіп қалыптасқан тәрізді. Бір-бірімен мәндес *барқ//парқ, барық//парық* және *қадір//қадыр* сөздері жарыса қатар қолданыла келе бірігіп кеткен болуы мүмкін. **(А. Мах.)**

Барымта. *Мұндай даудың арты әдетте барымтаға соғады* (С. Мұқанов). Кейбір тілдердің фактілері бізді бұл сөздің этимологиясын ашуға жақындата түседі: туваша *барымдаа* — 1) негіз; 2) себеп. Монғолша — *баримт*. 1) негіз, дәлел, себеп, аргумент; 2) факт, жағдай; 3) есеп. Тіліміздегі *барымта* зат есімінің шығу төркіні «себеп, негіз, дәлел, есеп» мағыналарына келіп ұштасады, өйткені *барымта* себепсіз, негізсіз, дәлелсіз болмайды. Біздіңше, түркі тілдеріндегі *барымта* сөзі монғолдың «негіз, факті, себеп, дәлел» мағынасындағы *баримт* сөзінен шыққан болу керек. *Баримт* түркі тілдерінің артикуляциялық базасына сай *барымта* болып өзгерген және оның мағынасында абстрактылану пайда болған тәрізді. *Барымта* сөзінен *барымталау, барымталасу* сияқты туынды етістіктер жасалған. **(Ж. Б.)**

Бастаңғы. *Еркектеріңнің бәрі кетіп қалған ба? Енді бастаңғы қыласың ғой, ә? — деді* (С. Сейфуллин).

Керімбала мен жеңгесі Қапаны мынау көрші ауылдың бір бой жеткені бастаңғыға шақырды (М. Әуезов). *Бастаңғы* үй иелері бір жаққа жолаушылап кеткенде, қалған кісінің (көбінесе жастардың, әйелдердің) көршілеріне, құрбыларына көрсететін сыйы, беретін асы. Бұл сөздің төркіні кейбір тілдерден байқалады: алтай тілінде *паштанчы* — ескі сөз, аспазшы, *паштаныр* — тамақ жасау. *Бастаң* сөзі қырғыз тілінде де дәл біздің тіліміздегідей мәнде қолданылады. Талдықорған қазақтарында бұл сөз *бастан* тұлғасында айтылады. Біздіңше, *бастаңғы* (бастан) сөзінің негізі шығыс түркі тілдеріндегі (тува т. б.) мағынасы («тамақ жасау, ас пісіру») болу керек. *Бастаңғы* сөзі халықтық этимология бойынша «басты таңудан» шыққан: жолаушылап кеткен кісінің басын таңбаса, басы ауырады-мыс, сондықтан басқаларды тағаммен сыйлап, оның «басын таңып» жіберу керек. **(Ж. Б.)**

Батқы. *Өкшесін көкпен ойған қызыл кебіс, Орнатып қима тақа батқы салған* (И. Байзақов). Қырғызша *батқа* — шұқылған, ойылған өрнек, ноқат түрінде салынған өрнек. Қазіргі және көне түркі тілдерінде *бат* — «сіңу, шөгу, батқан заттың ізі» сияқты мағыналарды білдіреді. Талданып отырған *батқы* сөзінің түбірі осы — *бат-; сөз* соңындағы *-қы* — етістіктен есім тудыратын жұрнақ (салыстыр: *шап-қы, пыш-қы*). **(А. Мах.)**

Батрақ. *Байғұл деген танап бітті, Байғұл Жұман тарап бітті. Кедей, батрақ тобын қосып, Ұлы іс бізден талап күтті* (Б. Майлин). *Батрақ* сөзі түркі тілдеріндегі көне сөздердің бірі. Бұл сөз Махмуд Қашғари сөздігінде بترق batraq түрінде кездеседі — Ұшына жібек шүберек байлаған найза. (МҚ. I, 365). *Батрақ* сөзі, біздің ойымызша, қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінде кездесетін *байрақ* деген сөз (қара: *байрақ*). Бұл пікірді Броккельман да айтқан. (C. Brockelmann. Mitteltürkischer wörtschatz nach Mahmud alkäšcaris divan lugat at-turk, Leipzig, 1928, 33).

Түркі тілдерінде *й* мен *т* дыбыстарының алмасу заңдылығы кездеседі (қара: *қайын*). Сөйтіп, көне түркі тілдерінде *батрақ — ту*<«қолына ту ұстап соғысқа шыққан жігіт» деген мағыналарды білдірген. *Батрақ* сөзі орыс тіліне түркі тілдерінен өте ерте замандарда ауысқан. Орыс тіліне ауысқанда бұл тілдің дыбысталуы сақталған да, семантикасы «соғыста қолға түскен тұтқын>>құл>жұмыскер>жалдама жұмыскер» болып өзгерген болу керек. Бұл сөздің көне мағынасы қазақ тілінде сақталмаған. Қазіргі қазақ тіліндегі «жалдама жұмыскер» мағынасындағы *батрақ* сөзі орыс тілінен кері ауысып келген сөздердің бірі. Қазіргі татар тілінің говорларында бұл сөздің көне семантикасының қалдығы кездеседі. Онда *бәтрәк* — ұрыншақ, төбелесқой адам. *Хәйруш овылда иң бәтрәк егет иде яшь чагында* (Диалектологик сүзлек, Казан, 1953, 67). **(Б. С.)**

Бауыздау. Қазақ тілінде *бауыздау* сөзі тек «малдың басын мойнынан, тамағының астынан кесіп алып сою» деген мағынада ғана айтылады. Оның бұл мағынасы жалпы халыққа түсінікті болса да, оның түбірі — *бауыз* сөзінің төркіні көпшілікке тегіс мәлім емес тәрізді. Бірақ бұл түбір қазіргі түркі тілдерінің біразында дербес мағынада жекедара қолданылады. Мысалы, қазіргі ұйғыр тілінде *боғуз* сөзі «мойын, тамақ, жұтқыншақ» мағынасында жұмсалатын байырғы сөз. Башқұрт тілінде *богаҙ* «мойын, тамақ» мағынасында, тува тілінде *боостаа* — мойын, қырғыз тілінің оңтүстік говорларында *богуздов//богуздок* — жұтқыншақ, өзбек тілінде *буғиз* — тамақ, мойын, алқым. Олай болса, қазақ тіліндегі *бауыздау,* ұйғыр тіліндегі *боғузлимақ,* қырғыз тіліндегі *муузда, мууздоо,* қарақалпақ тіліндегі *баўызла, баўызлық* (малдың мойнындағы пышақпен бауыздалатын жері) сөздерінің бәріне де ортақ негізгі түбір — *бауыз//боғуз//буғиз//боос//богаҙ. Бауыз* сөзі, басқа туысқан тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де бір заманда дербес сөз болған болуы керек. Ол тіліміздегі *мойын — мойын+дау, йық — йық+*

+тау, алқым — алқым+дау тәрізді сөз жасау үлгісі бойынша *бауыз+дау* формасында қалыптасқан, бірақ бірте-бірте өзінің дербестігінен айрылып, оның заттық мағынасы ұмыт болған. Туыс тілдердің фактілеріне қарағанда, *боғуз//бауыз* сөзінің мағына жағынан біраз дамығандығы, яғни оның негізі «мойын, тамақ, алқым, жұтқыншақ» мағынасынан басқа да мағына білдіретіндігі байқалады. Мысалы, қырғыз тілінде диірмен шанағының жіңішкеріп бітетін жеріндегі бидай төгілетін жерін *богуз* десе, ұйғыр тілінде жер ошақтың түтіні қабырғамен жоғары көтерілетін жеріндегі иінін *каңниң боғузи* деп атайды. Екеуінде де *боғуз* «мойын, алқым» деген мағынада айтылып тұр. Сол сияқты ұйғыр тілінде малға беретін (жүгері т. б. дақылдардың жармасынан жасалған) жемді де *боғуз* деп атайды. Ішетін *тамақ* пен адамның *тамағы* (мойны, алқымы) тарихи жағынан бір сөз болғаны сияқты, «жем» мағынасындағы *боғуз* бен «мойын, алқым» мағынасындағы *боғуз* да дәл сондай бір сөз. Ал енді *боғуз//бауыз* сөзінің морфологиялық құрамына келсек, мұның өзі де екі морфемадан құралған. Біріншіден, жоғарыда келтірілген *боғуз//бауыз//буғиз//богаҙ//боғузла//*
//бауызда// бауызла// муузда// боостаа// богуздов//
//богуздок — сөздерінің бәріне ортақ түбір — *боғ//*
//буғ//бау//бау//му//бо. Мұндағы *б ~ м, о ~ а, г ~ у*
~ ұ, оғ ~ ау ~ ұ ~ о сияқты дауыс алмасулары түркі тілдері үшін заңды құбылыс. Олай болса, бұлардың бәрі де *бу-//боғ-* деген түбір сөзден өрбіген. Бұл сөзден қазіргі қазақ тілінде көптеген туынды түбір жасалған: *буу* (байлау, таңу); *буындыру* (сығу, қысу, қылғындыру), *буыншақ* (буыншақ-түйіншек), *буындау* (жіктеу, бөлу), *буын, буылтық.* Солардың ішінде *бауыз//боғуз* сөздеріне мағына жағынан ең жақындары қырғыз тіліндегі — *богок,* ұйғыр тіліндегі — *поқақ,* қазақ тіліндегі — *бұғақ.* Бұлардың бәрі «адамның, малдың тамағындағы, алқымындағы салбырап тұрған өті (второй подбородок)» немесе «тамағы қабыну (зоб ауруы)» деген мағынаны білдіреді. Сөз

жоқ, қазақ тіліндегі *бұғалық* (асау я қашаған жылқының мойынына лақтырып тастап, ұстайтын шалма арқан), *бұғау* (ертеде қылмысты адамның аяқ-қолына салынатын шынжыр кісен), *бұғау салу* (азаптау, қинау, қанау), ұйғыр тіліндегі *боға, боғут-жаваң* (супонь, упряжь), сондай-ақ қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр т. б. сол сияқты туысқан халықтардың тіліндегі «пролив» мағынасында айтылатын *бұғаз//богоз//бугоз//боғаз* сөздерінің бәріне ортақ, туынды түбір жасауға негіз болып отырған бір-ақ сөз. Ол жоғарыдағы — *бу//боғ*. Ал *-аз//-уз//-ыз//-ос//-аш*, сол сияқты *-ақ//-ақ//-оқ//-ау; -ын (-тық, -шақ, -дау), -ыл, -тық, -лық* т. б. сөз жасаушы әр түрлі қосымшалар. **(Ә. Қайд.)**

Бәрекелді//бәрекелде. *Міне сөз, бәрекелде, Баршажан!* (Ғ. Сыланов). Акад. И. И. Мещанинов бұл сөздің құрамында *кел* етістігі бар дегенді айтады (И. И. Мещанинов. Члены предложения и части речи, 294). Дұрысында бұл сөз араб-иран тілдеріндегі *барака* (береке) және *алла* (алда) сөздерінің қосылып кірігуінен пайда болған. Парсыша بارك الله [барекә — аллаһ] сөзі *жақсы! жарайсың!* мағыналарында қолданылады. Бұл пікірді П. М. Мелиоранский айтқан болатын (Мелиоранский. Кр. грам. каз.-кирг. яз., 69). Біз осы пікірге қосылямыз. **(Ш. С.)**

Бәтес. *Дариға айттығың деп қолыма сақина салды, шетін мәшінмен жиырған ақ бәтес орамал берді* (Мұзапаров). *Бәтес* орыс тіліндегі *батист* деп аталатын жұқа, әдемі (әуелде тек қана ақ) матаның атынан алынған. *Батист* сөзі матаның бұл түрін бірінші болып шығара бастаған *Батиста* деген француз фабрикантының атынан шыққан (Словарь Бурдона и Михельсона, 1894). Бұл матаның әдемілігіне, сәнділігіне, үлбіреген жұқалығына қарап қазақтар «Жібек», «Мақпал» деген тәрізді «Бәтес» деп қыз балаға ат қоятын болған. **(Б. С.)**

Бекет. *Жол басылып қалғандықтан Арқат пен Аягөз бекеттерінің арасында ешкім жүре алмай жатыр* (М. Әуезов). *Бекет* — почта станциясы, ертеде темір жол салынбаған уақыттағы жүргіншілер тоқтайтын, көлік ауыстыратын (тынығатын) орын. (ҚТТС, I). *Бекет* сөзі орыс тіліндегі *пикет* деген сөзден ауысқан. *Пикет* деп (француз тілінде piquet деген сөздің тура мағынасы «қазық, таяқ») француз және басқа елдерде қарауылда тұрған кішкентай әскери топты атаған. XIX ғасырдың бас кезінде бұл атау орыс армиясына да енген. Бұл сөз алғашқыда қазақ тілінде де осы мағынасында қолданылған болу керек. Оның мағынасының өзгеру түрі мынадай сияқты: «О баста шағын әскер тобы>сондай әскери тобы тұрған үй > бекініс, қорған > жолаушылар тоқтайтын, ат ауыстыратын қазналық үй, почта үйі». *Бекет* — пикет, *бекетші* — пикетный қараульщик (Кирг.-рус. сл. 1897; Рус.-кир. сл. 1899, 1916), бекәт — (kir. aus dem Russ). пикет, *бекетші* — пикетный караульщик (Радлов. Опыт сл. I—IV). Бұл сөздің бастапқы *п* дыбысы *б*-ға, *и* дыбысы *е*-ге алмасқан. Орыс тілінен енген сөздердің басында келетін *п* дыбысы қазақ тілінде, көбінесе *б*-ға ауысып отырады (салыстыр: подданный — *бодан* (қара), польский — *болыскей*. **(Б. С.)**

Белуар. *Белуардан шұңқыр қазып қатарынан екі діңгек орнатты* (Ғ. Мустафин). *Қазған жерлері кісілердің белуарынан келеді.* (С. Ерубаев). *Белуар* сөзінің түп төркіні *белбуар* болуға тиіс. Бұл сөз *бел* және *буар* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Белбуар* тұлғасы қазақ тілінің батыс говорларында күні бүгінге дейін қолданылады. (Аманжолов. Вопр. диал., 346). Кейін айтыла келе *белбуар*-дың құрамындағы *б* дыбысы түсіріліп, *белуар* тұлғасында қалыптасып кеткен. **(Ж. Б.)**

Боғажам//боғжам//боғжама//боғжамай. *Екі пенде әкелдім, Берсем сені күйеуге, Бас жетімің қылғандай... Қарлыға сұлу көреді. Атасы әйел демесең, Бұл шәһәрдің бегі еді. Жерде жатқан екеуін, Боғажамдай қолтықтап Қарлыға алып жөнелді*

(«Қобыланды батыр»). Ұйғырша *боғажома* — жасау, түрлі нәрселер (төсек-орын, т. б.). В. В. Радловтың сөздігінде *боғча, бокча* — түйіншек, пакет; ішіне сәлем-сауқат түйген орамал; *боғу* — түйін, буын (Радлов. Опыт сл. I—IV); қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек сияқты тілдерде *бау, боғ* — байлам, егінді, пішенді баулап байлау дегенді білдіреді. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде *ба//бағ; бағла* — байлау (Малов. Пам. др. письм.). Қазақстанның кейбір аудандарында *жам* — ыдыс-аяқ, бұйым (Досқараев. Қаз. тіл. жер. ерек.). Сонда *боғажам* екі түбірден құралған түркі халқының сөзі болып шығады. Бірінші сыңары — *боғ(а)* — қыз жасауы түйілетін орамал, байланатын баулық, екіншісі — *жам* — дүние, мүлік, ыдыс-аяқ. Сөз ортасындағы *а* дыбысы туралы белгілі бір пікір айту қиынырақ. Қазақ тіліндегі *бу, бұғау, байла* тәрізді сөздер де жоғарыда көрсетілген *ба-боғ* — сөздерімен түбірлес болу керек. **(А. Мах.)**

Бодан. *Мұз тауына екі хан келді көшіп, Ертістегі орысқа бодан болмай* («Қозы Көрпеш — Баян сұлу»). *Бодан* сөзі туралы екі түрлі пікір бар. Біріншісі, *бодан* сөзі орысша *подданный* сөзінің өзгерген түрі. (Радлов. Опыт сл. т. IV, 167; «Қозы Көрпеш — Баян сұлу». Алматы, 159, 176; Қазақша-орысша тілмаш, М., 1925, 36; Қазақша-орысша сөздік, Алматы, 1954; ҚТТС). Екіншісі, *бодан* сөзі көне түркі жазуларында «халық, ел, жұрт» деген мағыналарда кездесетін *будун* сөзінің шамалы фонетикалық өзгеріске түскен түрі (Досқараев. Қаз. тіл. жер. ерек., 22; Г. Мусабаев, Совр. каз. яз., 73). Біз осы *бодан* сөзі *бұдұн* сөзінен емес, орыстың *подданный* сөзінен шықты деген пікір дұрыс деп шамалаймыз. Үйткені, бұл сөз көбінесе *орыс* деген сөзбен тіркесіп келеді. Екіншіден, *бодан* сөзінің семантикасы *бұдұн* — «халық, ел» дегеннен гөрі, *подданный* — «қол астына кіру, бағынышты болу» деген сөзге жақын. Мысалы, *Өзіне және бала-шағаларына кеңшілік болып тұрған соң орысқа бодан болмақты тілеп бодан болып еді* («Түркстан уалаятының газеті», 1871, № 5). *Сексен бес жыл болыпты бодандыққа, қайырсыз патшамызға ел болмадық* (Ақан сері). *Подданный* сөзінің аяғындағы сын есім қосымшасы түсіп қалған және *п* дыбысы *б*-ға алмасқан (салыстыр: *бекет — пикет.*). **(Б. С.)**

Бөлек-салақ. *Бәрі де ұқыпты қатталған, бөлек-салағы жоқ тоқыма бұйымдары жөнеліп жатыр* (Ғ. Сыланов). *Бөлек-салақ* сөзінің бірінші компоненті *(бөлек)* түркі тілдерінің басым көпшілігінде кездесетін *бөлу, бөлмек* етістігінен шыққан *(бөл+ек)* сөз болу керек те, екіншісі — *салақтау (салаңдау, салпаңдау)* етістігінен шығуы ықтимал. Үйткені, *салақтау* етістігінің өзінде де бөлектену, өзгеше тұру, айрылу, салбырап тұру мағынасы бар. Ал, монғол тілдерінде *сал* түбірі түркі тілдеріндегі *бөл* түбірімен мағыналас келеді. Қалмақ тілінде *салһх* — бөліну, айрылу, бурят-монғол тілінде *һалаха* — бөліну, монғол тілінде *салгах, салах* — бөліну, *салбах, салбар* — бөлімше. Мысалы, *салбар цэрэг* — әскери бөлімше. Тува тілінде де *салбыр* сөзі «бөлім, бөлімше» деген мағыналарда жұмсалады, мыс., *салбыр командирі* — бөлімше командирі, *банкы салбыры* — банкі бөлімшесі. Монғол тілінде *бүлэглэх* етістігі «топтау, жіктеу, топқа, жікке бөлу», *бүлэг-цүлэг* — «топ, жік, бөлім» мағынасын береді. Осы сияқты *цүлэг* сөзі де «топ, жік, бір бөлім, бір нәрсенің жиынтығы, үйіндісі» деген мағынаны білдіреді. Ал, бұл екі сөз қосарланып *булэг-цүлэг* «бөлек-бөлек, топ, үйір» деген мағына береді. Қазақ тіліндегі *бөлек-салақ* сөз тіркесі де осы бөлек-бөлек деген мағынаны білдірсе керек **(Б. С.)**

Біз. *Ділмәрдің сөзі ұстаның бізінен өткір* (мақал). Бұл сөз ұйғыр тілінде *бегиз,* өзбек тілінде *бигиз* болып айтылады. Қазақстанның оңтүстік облыстарында *бігіз* тұлғасы кездеседі. С. Аманжолов *біз* сөзі *мүйіз* сөзінен шыққан дегенді айтады, мұнда *м — б, у — і* дыбыстары алмасқан, сөйтіп,

біз<бігіз<мігіз<мүгіз<мүйіз тұлғаларын анықтайды. (Аманжолов. Вопр. диал., 152—153). *Біз* о баста *мүйізден* жасалған болу керек те, мүйіздің өз атауымен аталып, *бігіз>біз* болып қысқара қалыптасқан сияқты, салыстыр: *киіз<кигіз, ие<еге*. Сонымен, *біз* сөзінің даму жолы былай болмақ: *мүгіз>мігіз>бігіз>біз*. **(Ж. Б.)**

Білезік. *Тоғжанның құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы қамшат бөркі, білек толған неше түрлі білезіктері — баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір нәрсесі сияқты* (М. Әуезов). Бұл сөз *білек* пен *жүзік* деген сөздерден құралған. Мұндағы *білек* сөзі, кейбір зерттеушілердің түсіндіруінше, *бел* сөзінен шыққан (Vámbéry, Etym. Wört, 202, 214; Lokotsch. Etym. Wört, 126), ал басқа бір зерттеушілер бұл сөзді көне түркі тілдерінде кездесетін «орау, орап байлау» мағынасын беретін *біле* етістігімен байланыстырады (Menges. Glossar, 701; Ф. Корш. Слово «балдак» и долгота гласных в турецких языках.— «Живая старина», 1909, вып. 2—3, 156). Сөздің екінші бөлшегі *жүзік* кейбір түркі тілдерінде *йүзік, дүзік* болып айтылады. Оның түбірі — *йүз* болу керек, ол қазірде де қазақ тілінде *жүз* түрінде қолданылады да, «бет, ажар» дегенді білдіреді. Бұл сөздің төркіні туралы басқа да болжаулар бар (осы кітаптағы *жүзік* сөзін қара). Сөйтіп, *білек* пен *йүзік* сөздері қосылып, *білек+йүзік>біле (к) (йү)зік>білезік* болып өзгерген тәрізді. **(Н. Қ.)**

Бірен: бірен-саран//бірең-сараң. *Алдыңғы бөлмеде кезек күтіп бірталай адам отыр. Ішінде ақ жағалы жуан портфельді, қасқа бастар да, жұмысшылар да, бірен-саран әйел бала да бар* (Ғ. Мұстафин). Бұл тіркестегі сөздер қырғыз тілінде өзара ұйқасып *бірін-серін* түрінде келеді. Алғашқы сыңардың негізгі түбірі — *бір*. Екінші компоненттің түбірі — *сара* («жеке, дара, өз алдына»). Ол қазіргі қазақ тіліндегі *саралау* деген сөзбен түбірлес. Бұлардағы *-ен//-н* — көне түркі тілдеріндегі көмектес (инструментальдық) септіктің жалғауы: *-ын//ін, -ан//ен, -ун//үн* (салыстыр: қазіргі қазақ тілінде *жазын, күзін, қысын* т. т.). **(І. К.)**

Ғ

Ғайып-ерен: ғайып-ерен қырық шілтен. *Тіккені саудагердің қосы ма еді? Ғайып-ерен қырық шілтен досы ма еді? Кешегі Төлегенді жамандаған, Көп дұшпан көре алмаған қасы ма еді?* («Қыз Жібек»). *Долдыққа сыймай Алпамыс Шұбарды басқа шабады, Ғайып-ерен қырық шілтен, Қылышты қолдан қағады* («Алпамыс»). Араб тілінде غايب ғааиф (ғайып) — ұшқан құсқа қарап алдын ала болжайтын әулие, *ерен — йаран* (жаран) сөзінің өзгерген варианты тәрізді. Бұл сөздің *(йаран)* түбірі парсы тіліндегі يار *йар* — дос, жолдас, ياری *йари* — «көмек, жәрдем» және يارانه *йаране* — «достық, жолдастық, достарша» деген мағынадағы сөз болу керек. **(І. К.)**

Д

Дәме. *Боран да қалмады бір қыр соңынан, Қылжақтап келе жатыр қарт антұрған, Дегені болмаса да дәмесі зор, Соқтығып, етеді кеп ыржаң-тыржаң* (Қ. Аманжолов). Араб тілінде دامغ дамиғ — «сенді, талап етті, құмартты» деген мағынада жұмсалады. *Дәме* сөзі *бар, жоқ, зор, қыл, ет* тәрізді сөздермен тіркесіп *дәмесі бар, дәмесі жоқ, дәме қылды, дәме етті* тіркестерінде ғана қолданылады. **(І. К.)**

Дән: дән риза. *Көрсе күлетіні рас,— деп Дәметкен бастаған бірнеше қатын күлісіп, Самат мінезіне қатты сүйсініп дән ырза боп қалысты* (М. Әуезов). *Дән* сөзі тілімізде тек *риза* сөзімен ғана тіркесіп қолданылады *(дән жаман, дән үлкен* деп айтыл-

майды.). Бұл сөз монғол тілдері мен шығыс түркі тілдерінде «өте», «аса» деген мағынада жұмсалады. Бурят-монғолша *дән//дан* — тым, әсіресе, шамадан тыс. Якутша *даң* — өте, аса, тым (Пекарский. Сл. якут. яз., I.) **(Ш. С.)**

Дәурен. *Қалайша күн көреміз, дәурен кешіп* (Ақан сері). *Дәурен* — діни ұғымды сөз; күнәдан пәк болу үшін, өлген кісіні көмбестен бұрын берілетін «тәбарік» сыйлықты, мұнымен байланысты дәстүрді араб тілінде دوران — дәурен дейді. *Дәурен* сөзінің мағынасы *дәурен кешті, дәурен сүрді* дегеннен (о баста түбірі бір болғанмен) мүлде бөлектеніп кеткен. **(І. К.)**

Делебе: делебесі қозу. *Жақып Бегайдар аруағын шақырғанда, басқалар түгіл ауылнай Байболдың да делебесі қозып тұрды* (Ғ. Мұстафин). Кейбір тюркологтар бұл сөз көпшілік түркі тілдерінде қолданылып жүрген *телі* («Кодекс Куманикус»), *тиле, тилү* (татар), *тили* (шағатай) не *дәли* (қарақалпақ, түрікпен, азербайжан), *делү, делі* (түрік), *дели* (гагауз) деген формамен іліктес, ол «ақылсыз, ақылы жоқ, миы жоқ, көк мый, ақылынан алжасқан, мақау, жынды, құтырған, ақымақ» деген ұғым береді деп түйеді: татарша *дилбэ* (دلبه), шағатайша تيلپه، تيلبه (-түрікше دلی), қырғызша دلبه (дәлебэ) (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар.), көне шағатай тілінің көптеген ескерткіштерінде *тälбäр,* تيلبه (telba. А. Боровков. Бадай, ал-лугат, М., 1961). Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде *делбе* (аттың ауруы) күйінде де жұмсалады. Сөз түбірі кейбір түркі тілдерінде басқа түрлі формаларда келіп те қолданыла береді: хакас тілінде *телік: телік кізі* — ақылсыз кісі, азербайжан тілінде *дәлихана* — жындылар үйі, гагауз тілінде *дели канны* — бойдақ, түрік тілінде *deli kanli* — жас жігіт (сөзбе-сөз аударғанда: қаны бұзық кісі) (Дмитриев. Строй тюрк. яз). Зерттеуші Абаев кейбір кавказ тілдеріндегі oedyIy/oeduli (осетин), delä, dejlä (кабардин), deli (лезгин) — «ақымақ, мисыз, ақылынан алжасқан» сөздерін түркі тілдеріндегі deli, däli формаларымен бірге арабтың abda — «ақылсыз, қаңғыбас», авардың adal — «ақымақ» деген сөзінен алынған деп көрсетеді. Араб тілінен енген сөздерді әрдайым көрсетіп отыратын Магазаник түрік тілінде кездесетін формаларды араб тілінен алынған деп көрсетпейді. Шынында да, осы мағынаны беру үшін араб тілінде басқа түрлі сөздер қолданылатын тәрізді: ابله аблат — «ақымақ, мисыз», بله балат — «топас, надан», بلادة аблад — «ақымақшылық, топастық, надандық», بليد балид — «көргенсіз, надан, көр соқыр». Бұлар етістік формада былай айтылады: بله бала, بلادة балада, بلد балида. Әрқилы тұлғаларда (мысалы, *телік)* келіп қолданылуына қарағанда, бұл сөз түркі тілдерінің қолтума сөзі болуға да мүмкін. Қазіргі қазақ тіліндегі *деліқұл, телі-тентек* сияқты тіркестерде кездесетін *делі, телі* формалары жоғарыда көрсетілген мысалдармен әуендес сықылды. Ал *делебесі қозу* деген тіркес *жыны қозу* деген сөзбен бара-бар келеді. *Деле* деген түбірге *-бе* жұрнағы қосылу арқылы жасалған болу керек. Бұл қосымша көптеген түркі тілдерінде осы ретте қолданылады. **(Ә. Қ.)**

Дені: дені-қарны. *Шүкір, Жұмеке, шүкір... Көпей бәйбішенің дені-қарны сау ма?* (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөз парсының تن тән — «дене» деген сөзінен өзгеріліңкіреп алынған. *Денің сау ма?* дегенде де қолданылады; мұны *денің сау ма?* десек, басқа мағына шығады. Қазақ тілінде *дене* сөзімен мағыналас *тән* деген сөз бар. *Тән, дене, дені* мағына жағынан қазіргі кезде бір шама дифференцияланып бара жатыр. *Жан-тән* дегендегі *тән*-ді басқаша айтуға болмайды; *дене шынықтыру* деудің орнына *тән шынықтыру* деп айтпаймыз. Сол сықылды *дені-қарның* сау ма? («денің сау ма?») деудің орнына *тән-қарның* немесе *дене-қарның...* деуге болмайды. **(І. К.)**

Добалдай. *Сол сары қыз кіріп келді, қолында добалдай етіп ұстап алған наны бар. Ісікке біреулердің*

ақылымен қабаттай су жапырақ тартып, тазалау көкшіл шуберекпен добалдай етіп байлап берді (Б. Соқпақбаев). Башқұрт тілінде *тубал* — шыбықтан тоқылған корзинка, бұл сөз татар тілінде де осы мағынада қолданылады. Бұл сөз қазақ әдеби тілінде тек *добалдай* (мұнда *т/д, у/о* дыбыстары өзара ауысқан да, *-дай* жұрнағы қосылған) тұлғасында қолданылады, беретін мағынасы — «үлкен, көлемді, қомақты». **(Ж. Б.)**

Дос-жар//дос-жаран. *Кенен әр кезде дос-жаранын жарқын жүзбен қарсы алып, «асына» да тойғызады* (С. Мұқанов). Кейбір тілдерде жеке-дара тұрып та айтыла беретін *жар* сөзі «жәрдемші, көмекші, дос, жолдас» деген ұғым береді: «Кутадгу билигте» *jap-* дос, *jarucy-* жетекші, көмекші (Малов. Пам. др. письм.), ұйғырша *jap-* дос (Малов. Уйг. яз.), азербайжанша *яр* — жолдас, дос, түрікше *yâr* — дос, көмекші, орынбасар, *yardak* — қолқабыс көрсетуші, сүйеуші, *yarrdakçilik* — жәрдемші, қолдаушы, бір іске қатынасушы, *yardaş* — жолдас, парсыша *йар* [یار] — дос, көмекші, *йару* [یارو] — дос, жолдас, *йари* [یاري] достық, *йаригәр* [یاریگر] — көмекші, тәжікше *ёр* — дос, *ёридиҳанда* — тәрбиеші, күтуші, *ёрона* — достық, өзбекше *ёрон, ёронлар, ёр-дустлар, ёр-биродарлар* — достар, жолдастар, башқұртша *яран* — бір қауым достар, кейбір түркі тілдерінде *жаран* — адамдар (Радлов, Опыт. сл., I—IV). Қазіргі қазақ тілінде осыған орай *дос-жаран, жарандар* деген тіркес қолданылады. Түркі тілдеріндегі *yâran* формасы *yâr* сөзінің көпше түрі есебінде қаралуға тиісті. Рабғузи шығармасында *jaran* — достар (Малов. Пам. др. письм.). Бір-біріне салқындау қарайтын кісілерді қазақ тілінде *олардың жаранасы жуыспайды* деп те айтады. Осындағы *жарана* парсы тіліндегі *йаране* [یارانه] — «достық көңіл, жолдастық қатынас, өзара дос» деген сөздің мағынасына сай келеді. Сонда бұл «олардың өзара достығы жуыспайды» деген ұғым беретін болады. Басқа тілдердегі *йар* сөзінің ендігі бір

мағынасы қазақ тіліндегі *жар* (сүйген жар) сөзінің мағынасымен әуендес. Демек, *жар* сөзі «дос» деген мағынада қолданылып, парсы тілінен алынған да, ол *й* мен *ж* дыбыстарының өзара алмасу заңдылығы бойынша жасалған. **(Ә. Қ.).**

Дүлей//түлей. *Әмір құдырет етпейтін дүлей Әзімбайды сендердің көзің көрді* (М. Әуезов). *Түн қараңғы. Қап-қара дүлей* (С. Сейфуллин). Тува тілінде *дүлей* — саңырау, керең; монғол тілінде де *дүлей* сөзі осы мағынада қолданылады. Қазақ тілінде ол *табиғаттың дүлей күші* дегендей тіркестерде кездеседі. Беретін мағынасы — «табиғаттың мылқау, еш нәрсені тыңдамас, рахымсыз, меңіреу күші». Сонымен бірге бұл сөз *мынау өзі бір дүлей ғой* деген сияқты сөйлемдерде де қолданылады. Мұнда еш нәрсеге құлақ аспайтын, еш нәрсені тыңдамайтын, ашуға булыққан, ызақор деген мағына бар. *Дүлей* сөзі тілімізде бастапқы, тура мағынасынан айырылып, келтірінді мағынада ғана қолданылатын дәрежеге жеткен. Бұл сөздің бастапқы, көне мағынасы тува, монғол тілдерінде күні бүгінге дейін анық байқалады. Түркі тілдерінің біразында бұл мағынада *керең, саңырау* сөздері ғана айтылады, *дүлей* зат есімі тек келтірінді мағыналарда ғана қолданылады. Қорыта келгенде, *дүлей* сөзі о баста монғол, шығыс түркі тілдерінде қолданылған да, батысқа қарай тараған сайын мағынасы абстрактылана, жалпылана түскен. Бұған оның батыс түркі тілдерінде «керең, саңырау» тәрізді нақтылы мағынада емес, «табиғаттың дүлей күші, түнеріп отыру» сияқты абстракт мәнде жұмсалатындығы дәлел болса керек. Бұл сөз табиғатқа байланысты айтылғанда, *алай-дүлей* қос сөзі түрінде де қолданылады **(Ж. Б.)**

Дүрбі. Қазақ тіліне *дүрбі* (бинокль) сөзі иран тілдерінен енген. Бұл сөз, мәселен, парсы тілінде *дүрбун* دوربین — (зрительная труба) бинокль; дальновидный; тәжік тілінде *дурбин* (бинокль, алыстан көретін) түрінде айтылады. Тәжік тілі мамандарының көрсетуі бойынша, бұл сөз екі элементтен,

яғни жеке-дара айтылатын *дүр* (алыс, жырақ, аулақ) сөзі мен *дидан* (көру, қарау) деген етістіктің осы шақ формасы *бин* сөзінің кірігуі арқылы жасалған. Сонда *дурбин* иран тілдерінде «алыстан көретін» деген мағынаны білдіретін болған. *Бин* сөзін иран, оның арғы жағы индоевропа тілдерінен ауысқан бір қатар сөздердің құрамынан да байқауға болады. Мысалы, ұйғыр тіліндегі *тамашибин* (зритель), орыс тіліндегі *бинокль* (дүрбі) сөздерінің құмарындағы *бин дүрбі* сөзіндегі *бі*-менен түбірлес. Сонда иран тілдеріндегі *дурбин* сөзінің соңындағы *-н* дыбысының түсіп қалуы нәтижесінде қазақ тілінде *дүрбі* түрінде қалыптасқан. Бірақ дәл осы сөз түркі тілдерінің біразында *н* түсірілмей айтылса, мысалы, *дурбун* (ұйғ.), *дурбин* (өзб)., *дүрбүн* (түр.), *дурбин* (азерб.), ал кейбіреуінде *б* дыбысын түсіріп айту байқалады, мысалы, тува тілінде *дуран*. Қырғыз тілінде бұл сөз бірде *дүрбү//дүрбө*, бірде *дүрбүн* түрінде айтыла беретінін көреміз. **(Ә. Қайд.)**

Дүркін: дүркін-дүркін. Бұл сөз *дүрк*-пен *-ін* деген екі мүшеден құралған. Оның алғашқы сыңарын түркі-монғол тілдеріндегі *терк//түрк//дүрк* деген түбірмен салыстыруға болады: көне түркі жазбаларында *tärk* — тез, жылдам, *tärklä* — тез жүріп кету, монғол тілінде *түргэн* — тез, жылдам, асығыс (қазақ тіліндегі *Түрген* деген өзен атын салыстырыңыз). Осы мағынада бұл сөз тунгус *(türgän)*, якут *(türgen)*, тува *(dürgen)*, көне қыпшақ *(tärk, tärklä)*, ұйғыр *(дүрүк, дүрән)* т. б. тілдерде кездеседі. Орхон-енисей жазуында кездесетін *tärkin* сөзіндегі-*ін* формасын С. Е. Малов көмектес жалғауының көне түрі деп түсіндіреді (С. Малов. Пам. др. письм.). (Жоғарыда келтірілген мысалдар осы еңбектен алынды). Басқа зерттеушілер де, мысалы, В. Котвич осы пікірді айтады (В. Котвич. Иссл. по алт. яз. М., 1962). Қазіргі қазақ тілінде *тәркі дүние* деген сөз бар. Мұндағы *тәркі* сөзін көне түркі тілдеріндегі *терк* сөзімен салыстырып, «тез өтетін, жылдам аяқталатын дүние» деп те тануға болар еді. Бірақ, біздің ойымызша,

бұл араб тілінен ауысып, көптеген иран тілдерімен бірсыпыра Орта Азия тілдерінде қолданылып жүрген басқа бір ұғымдағы *тәрк* сөзінен жасалған болу керек: ұйғыр тілінде *tərk* — талақ ету, тастап кету, бас тарту, тәжік тілінде *тәрк* осы мағынада жұмсалады. Сөз соңындағы *і* дыбысын қазақ тіліндегі *қазақы, базары, қалмақы, балдақы, қалпы* сияқты сөздердің құрамындағы осындай дыбыспен салыстыруға болады. Қазіргі қазақ тіліндегі *дүркін* сөзі қолданылу мағынасына қарай бір я бірнеше рет қайталанып келетін құбылысты көрсетеді де, сол құбылыстың ілезде өтіп кететін жылдам, тез, оқыс қимыл екендігін аңғартады. Бұл жағынан алып қарағанда, *дүркін* сөзі басқа түркі тілдерінде қолданылған о бастағы мағынасымен әлі де болса қабысып жатыр. **(Ә. Қ.)**

Ежіктеу. *Ыбырай араб тілімен жазылған тұтас сөздерді ежіктеп оқытады.* (М. Ақынжанов). *Әрбір әрпін ежіктей оқып отырған тәрізді* (Ж. Тілеков). Бұл сөз *ежіктеу, ежелеу* болып Қазақстан территориясында екі вариантта қолданылады. Республикамыздың оңтүстік облыстарында *ежелеп оқу* болып айтылады. Бұл өзбек тілінің әсері болуға тиіс; өзбекше *хижо* — буын, *хижолаб* (бугинларға булиб) *уқимақ* — буындап оқу. Тәжік тілінде лингвистикалық термин буынды *хизо* дейді. Башқұртша *ижек* — буын; *ижеклеп оқыу* — буындап оқу. Қазақ тілінде *ежік, еже* сөздері, көбінесе, өз алдына жеке қолданылмайды. Ол тек етістік тұлғасында ғана *(ежіктеу, ежелеу)* жұмсалады. Беретін мағынасы сөзді тұтас емес, буынға бөліп-бөліп, бөлшектеп оқу. *Ежік* сөзі қазақ тіліне татар, башқұрт тілдерінен, ал оның түп-төркіні (ежелеу), түркі тілдеріне араб-парсы тілдерінен енген. **(Ж. Б.)**

Елгезек. Тіл алғыш, жұмсағанда лыпылдап жүгіріп тұратын, айтқанды екі қылмай орындайтын жеңіл адамды *елгезек* дейді. *Елгезек* екі компоненттен *(ел + кезек)* құралған. Бұл сөз о баста елді кезіп, ауыл-ауылды аралап жүретін атарман-шабарман-дарға айтылып, келе-келе «тіл алғыш» мағынасы-

на ауысқан болуы тиіс. *Кезек* сөзі *кез* деген етістік түбіріне қабілеттілікті, икемділікті білдіретін *-ек (-ақ)* жұрнағының (оның көне түрі *-ғақ//-гек, -қақ//кек: қорық (қ)ақ, тара(ғ)ақ, ор(ғ)ақ;* қазіргі ұйғыр тілінде: *тәп-кәк* — тебеген, *үс-кәк* — сүзеген, *терик-кәк* — ызақор, ашушаң) жалғануы арқылы жасалған. Былайша айтқанда, *елгезек* сөзінің о бастағы «ел кезгіш» деген мағынасы мен қазіргі (тіл алғыш) мағынасының арасында логикалық және семантикалық байланыстың барлығы сөзсіз. Екіншi компоненттің басқы қатаң *к* дыбысының ұяң *г* дыбысына ауысуын оның алдында тұрған ұяң *л* дыбысының әсері деп білеміз. **(Ә. Қайд.)**

Еңгезердей. *Еңгезердей* сөзі тіліміздегі *алпамсадай, дырдай, нарттай, мұнтаздай, жіптіктей* сөздері тәрізді лексикализацияланған элементтердің бірі. Мұндағы *-дей* — салыстыру жұрнағы. Сөздің негізгі түбірі — *еңгезер*. Бұл сөз, біздіңше, үш элементтен тұрады: *ені+кез+ер*. Бұл іспетті сөздердің бәрі де метафора — салыстыру жолымен жасалатындықтан, жауырыны қақпақтай, кеуделі, дене тұлғасы зор, яғни жаурынының жалпақтығы (ені, көлденеңі) бір кез (үлкен) адамдарды *ені кез ер* деп айтуы ықтимал. Өйткені, бұл сияқты салыстыру формалары қазақ тілінде тек бір сөзден ғана емес, кейде екі, үш, тіпті одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалуы мүмкін. Мысалы: *құлаққа ұрған танадай, мүйізі қарағайдай, үріп ауызға салғандай, екі иығына екі кісі мінгендей* т. б. Дәл осы сияқты, бір замандарда сөз тіркесі түрінде айтылған *ені кездей//ені (көлденеңі) кез ердей* сөздері бара-бара өзара жымдасып, қосылып бір сөз тұлғасына *(еңгезер+дей)* айналған болуы мүмкін. Изафеттік формада байланысып тұрған *ені, кез* сөздерінің *енгез* түріне ауысуы заңды нәрсе: *н* дыбысының *к, г, ғ* дыбыстарымен қатар келгенде *ң*-ға ауысуы мәлім, ал *ң*-ның әуенімен қатаң *к(кез*-дегі) дыбысының ұяңданып *г*-ге айналуы да орынды. Ал бұлардың өзара жымдасып, бір-біріне ыңғайласуына қысаң *і* дыбысының ешбір әсері болмаса керек. **(Ә. Қайд.)**

Еңсе: еңсесі түсу, еңсесін көтеру. *Ел еңсесін көтерген шаттық заман кез келді* (Жамбыл). Кейбір көне түркі нұсқалары мен осы күнгі кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «желке» мағынасында жұмсалады. Мысалы, XVI г. армян-қыпшақ грамматикасында *енгсе(й), енгсам* сөздері «желке, менің желкем» болып түсіндірілген (О. С. Еганян. Об одном армяно-кыпчакском грамматическом пособии XVI в. «ВЯ», № 5, 153). Чувашша *енсе* — желке, ауыспалы мағынасы «мойын» деген сөз. «Кодекс Куманикус» ескерткішінде *еңселеді* («желкеледі») формасы кездеседі. Қарақалпақша *еңсе* — екі жауырынның ортасы; Қазақ тілінде *еңсесі биік боз орда* (Махамбет), *еңселі аудитория* дегендегі *еңсе* сөзі ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. **(Ш. С.)**

Ергежейлі. *Ергежейлінің елуі жиылып бір тоқтыны жыға алмапты* (мақал). *Ергежейлі* сөзі көне erngek — бармақ деген сөзден туған деп топшылаймыз. Erngek сөзі «бармақ» мағынасында Махмуд Қашғаридың сөздігінен кездеседі. Beş erngek tüz ermes — бес бармақ бірдей болмас (МК. А. I. 121). Бұл сөз erenek болып та айтылуы мүмкін (сонда, 104). Erngeyü деп алты бармақты адамды не өте қысқа бойлы, бойы екі аршын адамды атаған (сонда, 136). Сөйтіп, *ергежейлі* сөзі көне erngek (ernek) — бармақ сөзінен шыққан мағынасы — «өте кішкентай, бармақтай». Қазақ тіліне сай фонетикалық өзгерістің нәтижесінде *ng*-мен дыбысталған көне дыбыс қазақ тілінде *г* болып қалыптасқан, *у(j)* дыбысы *ж*-ға айналған да, осының нәтижесінде аяғындағы *й* дыбысы *«й»* болып оған сын есімдік қосымша *-лі* жалғануы арқасында қазіргі қазақ тілінде бұл сөз *ергежейлі* болып қалыптасқан тәрізді. **(Б. С.)**

Ес: ес көру//ес тұту//ес болу. *Дәрібектің қолында ұзын таяқ, ол да болса өзіне ес болғандай* (С. Омаров). *Бейті ғой анасының іздеп тауып, ес көріп, соған барып паналаған* (Д. Әбілев).— *Әй,*

балам-ай, бекер қорықтың-ау, жапан түзде жау бұлай жүрмейді. Бұлар, әлгі, өзіміз тәрізді сорлы жатақтар ғой, әр ауылдың жұртында қалған бұралқылар емес пе? Бәтшағарлар бізді қара тұтып, ес көріп келе жатыр-ау! (С. Талжанов). Қазіргі қазақ тілінде осы тіркестердегі *ес* сөзі өз алдына жеке тұрып айтылмайды. Ол бірлі-жарым етістік сөздердің шылауында жүріп қана қолданылады. Басқа түркі тілдерінде бұл сөз *еш* (түрік, лобнор), *эш* (өзбек), *иш* (көне түркі, башқұрт) және *ес* (қарақалпақ) деген формада келіп, мынадай мағыналар беру үшін жеке-дара тұрып та айтыла береді: «серік, жолдас, дос, жаран, екі адамның біреуі, сыңар, жар, қатар, құрбы». Бұл келтірілген тілдердің материалдарына қарағанда *ес (еш, эш, иш)* сөзінің әр түрлі түркі тілдерінде беретін мағыналарын былай саралап келтіруге болатын сияқты: 1) серіктес кісі (екеудің біреуі); 2) ерлі-зайыпты кісілер; 3) ұқсас (сол сияқты) нәрселер. Қазіргі қазақ тіліндегі *ес* сөзімен келетін тіркес осы аталып отырған мағыналардың бірінші және үшінші түрлерін беру үшін қолданылатын тәрізді. Әсіресе соңғы сөйлемде *ес көріп* деген тіркестің мағынасы өте жақсы айқындалған: *ол қара тұтып* деген тіркеспен бір мағынада жұмсалып тұр. **(Ә. Қ.)**

Есеп. *Тағы да нөмерге түскен адамдар да құр тастамайды, сонымен ойдан-қырдан табатын ақшаның есебі бір айға 15 сом шамасындай* (С. Шарипов). Қазақ тіліндегі *есеп* сөзі араб тіліндегі *хисап* сөзінің бір түрі, оның мағынасы «сан, санау, есебін беру, санын шығару» Бұл сөз қазақ тіліне басқа түркі тілдері арқылы келген болу керек. Соның салдарынан жартылай *х* дыбысы түсіп қалып *и* дыбысы *е* дыбысына алмасқан. Осы сөз кейбір түркі тілдерінде *х* емес, *һ* дыбысынан басталады: азербайжан *һесаб,* түрікше *һesab, һesep,* ұйғырша *һecап.* Бұл тілдерде бірінші буындағы *и* дыбысы *е* дыбысымен алмасып кеткен. Қазақ тілінде негізінен сөз басында *һ* дыбысы көп айтылып, естіле бермейтіндіктен, түсіп қалған. Буын үндестігіне байланысты екінші буындағы *а* дыбысы *е* дыбысына ауысып, *есеп* болған. Сонымен бірге тілімізде *қисап* сөзі де қолданылады. Ол екеуінің шығу тегі бір. **(С. И.)**

Етпетінен: етпетінен құлады. *Үлберген Кенжетайды көтеруге еңкейе бергенде етпетінен түсті* (С. Мұқанов). Бұл сөз *ет* және *бет* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. *Бет* сөзінің басындағы ұяң *б* дыбысы алдындағы қатаң *т* дыбысының әсерінен қатаңдап *п* болып естіледі. Бұл сөздің құрамындағы *ет* сыңары кейбір түркі тілдерінде *дене* мағынасында жұмсалады. Мысалы, алтайша, якутша *эт* — дене, хакасша *ит,* туваша *эьт* — дене, чувашша *ут* — дене (Исхаков. Опыт ср. сл. 45). *Ет* сөзінің «дене» мағынасында қолданылуы тілімізде *тұщы етіме ашы таяқ, етімді шал сипаған* сияқты тіркестерде кездеседі. Сонда *етпетінен* деген бірікккен сөздің беріп тұрған мағынасы басқа түркі тілдеріндегі *ет* (дене) деген сөздің мағынасымен ұштасып жатыр. **(Ш. С.)**

Ж

Жадау: жүдеп-жадау. *Адамның ұшырамай баласына, Шығып ап таудың тегіс даласына, Жол жүріп жүдеп-жадап, ашып-арып, Жетті ақыр Дәракмандин қаласына* («Рүстем-Дастан»). Қазіргі әдеби тілімізде *жадау* сөзі «арық, жүдеу; үсті-басы тозған, сүреңсіз; жоқшылықтан, ауыр бейнеттен қажыған» деген мағыналарды білдіреді. *Жадау* сөзіне *-лық* жұрнағы қосылса «арықтық, жүдеушілік, жоқтық» деген мағына беретін *жадаулық* есімі жасалады. *Жадау* сөзі қазіргі қазақ әдеби тілінде *жаяу,* ұйғыр тілінде *jajaq,* өзбек тілінде *яёв* болып қолданылатын (мағынасы «атсыз, жаяу») сөздің фонетикалық көне варианттарының бірі. Бұл сөз Махмуд Қашғаридің сөздігінде *jадағ* түрінде кездеседі (МК., III, 35). Броккельман *jадағ* сөзін парсы тіліндегі *ріjадак* сөзінен ауыс-

қан деп қарайды (Brockelmann. Mitteltürkischer Wortschots, 71). С. Е. Малов бұл сөз барлық түркі тілінде бар, сондықтан да бұл олардың фонетикалық өзгешеліктерін сипаттауға өте бір қолайлы сөздердің бірі дейді. Мысалы, чуваш тілінде *сьуран*, якут тілінде *саты*, тува тілінде *чадағ*, ұйғыр және руна жазба ескерткіштерінде *йадағ*, хакас тілінде *чазағ*, сары ұйғырша *йазағ;* чағатай және жаңа ұйғыр тілдерінде *йайағ*, қазақ тілінде *жайау*, алтай тілінде *йайу*, түрік тілінде *йайа, йайон*, татар тілінде *джайау, йайау*. Түркі тілдерінің даму барысында болған қатаң дыбыстардың ұяңдану, тіл арты дыбыстардың тіл алды дыбыстарға айналу нәтижесінде *jадағ* сөзі қазақ тілі үшін *жадау>жайау* болып өзгерген де, екеуі екі мағынаға ие болып қалыптасқан. *Жадау* сөзінің осы фонетикалық формада сақталуына оның *жүдеу* сөзімен тіркесіп қолданылуы себеп болған және оның семантикасы, «атсыз» деген мағынаны емес, *жүдеу* сөзінің мағынасын қайталап, «күйзелген» деген мағыналарды білдіреді. **(Б. С.)**

Жадит: жадит оқуы. *Ол жадит оқуымен оқыған, сол кездегі алдыңғы қатарлы жастардың бірі еді* (С. Мұқанов). Революциядан бұрын да, соң да араб графикасына негізделген жазуды ескі медресе, мектептердегі оқу жүйесін төтелеу, тұрмысқа таяу жолмен оқытуды *жадит оқуы* деп атаған. Араб тілінде جدة жиддат (жадит) — «жаңа ғана, жақын арада болған уақиға, жаңа, төте» деген мағынаны білдіреді. **(І. К.)**

Жады: жады бас кісі, жады болу. *Не ойы болушы еді. Ой ойлағандай болып жүр ме, жады болған соң. Ғашық жары сиқыршы болған соң, жанын салып жүрген де жағынан деп,— деді Ділдә* (М. Әуезов). Парсы тілінде جادو джаду (жады) — «сиқыршы, әзәзіл, алдаушы, қасиетті күш» дегенді білдіреді. **(І. К.)**

Жайбарақат//жәйбарақат: *Митрофановнаға жайбарақат отырған жұрт жалт етіп ду ете түсті* (М. Әуезов). Осындағы өзалдына жеке тұрып қолданылмайтын *барақат* сөзі «тыныш, тыныштық, жай, жайшылық, бейбіт, бейбітшілік, еркін, еркіншілік, алаңсыз, қаннен қаперсіз, қауіпсіз, бейқам» деген мағына беру үшін көптеген тілдерде қолданылады. Оның негізгі көзі араб тілі болса керек. Мысалы, араб тілінде فراغ (фараг)-жай уақыт, бос кез, فرغ (фариғ)-бос, бос уақыт, жай кез. Бұл сөз ең әуелі иран тілдеріне ауысқан сияқты: парсы тілінде فراغت (фарағат), فراغ (фераг) тұлғалары да жоғарыда айтылған мағынада жұмсалады. Тәжік тілінде де солай: *фароғ, фароғат.* Өзбек тіліндегі *фароғ, фароғат, фароғатли, фароғатсыз* сөздері де осы түбірден тараған. Иран тілдерінен барып бұл сөз түркі тілдеріне ауысқан көрінеді. Түркі тілдерінде فراغ، فراغت *(фераггэт, фірағ)* — демалыс, жайшылық уақыт, бос кез, татар тілінде فراغتچىلك *(фирағатчылық)* — тыныштық, бейбітшілік (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. І). Рабгузы шығармалары мен көне ұйғыр жазуларының тілінде (XIV ғ.) *fарγ* — бос, еркін (Малов. Пам. др. письм.), түрік тілінде *feragat, feragat* — бас тарту, босану, босап шығу, тыныш отыру, жайшылық жағдайда жүру. Азербайжан тіліндегі *фарагат* сөзі де осы іспеттес. Қырғыз тілінде *жай баракат* деген екі сөз «тыныш» деген бір-ақ түрлі ұғым береді. Қарақалпақ тіліндегі *жай* сөзі қазіргі қазақ тіліндегі мағынада қолданылады. Ал ондағы *парахат* сөзінің *парахатлан, парахатланыў, парахатлық, парахатсыз, парахатсызлық, парахатшылық* т. б. формалары да осы бір негізден тараған: *парахатшылық үшін гүрес* — бейбітшілік үшін күрес, *парахатлық уақыт* — бейбітшілік уақыт. Сонымен, бұл сөздің негізгі фонетикалық тұлғасы былай өзгерген сияқты: *фарағ ~ фарағат ~ парахат ~ барақат. ф/п, п/б* және *х/қ* дыбыстарының өз ара алмасуы — түркі тілдерінде әдетте кездесе беретін заңдылық. Оның үстіне, қазіргі қазақ тілі бөтен тілдерден ауысқан элементтердің құрамындағы *ф,*

х дыбыстарын көбінесе басқа дыбыстармен, өзіндік қолтума дыбыстарымен алмастырып айтуға бейім тұрады: *ф ~ п, х ~ қ*. Мағыналық жағынан алып қарағанда әңгіме болып отырған сөз айта қаларлықтай өзгерістерге ұшырамаған секілді: «бос уақыт ~ тыныш уақыт ~ тыныштық ~ бейбітшілік ~ еркіндік». Осыдан барып *жайбарақат* сөзінің плеоназм жолымен жасалғандығы көрініпақ тұр. **(Ә. Қ.)**

Жайсаң. *Жердің жүзін шаңдатты, жиылған қоршап адамы. Қасқа мен жайсаң бектердің, Таусылды ақыл-амалы* («Қамбар батыр»). *Жайсаң* сөзі тіліміздe сирек қолданылады. Оны көбінесе ауыз әдебиетінен кездестіреміз. Алтайлықтарда ру басшысы, тайпа бастығы немесе ақсүйек, атақты адам мағынасында айтылатын *зайсан* сөзі бар. Қырғыз эпостарында кездесетін *жайсаң* сөзі «қалмақтың бастығы» деген ұғымда айтылады. Бурят-монғол тілінде *зайсан//заһан* Октябрь революциясынан бұрынғы кіші әкімшілік, шен иесі мәнінде қолданылған атау болған. Монғол тіліндегі *зайсан* (чиновник) термині, бұл тілге XVI—XVIII ғасырларда қытай тілінен енген деген пікір бар (Л. П. Патапов. Очерки по истории алтайцев, Новосибирск, 1948, 463). Ал қытай тілінде *цзайсян* [1]* сөзі ертеде «канцлер, әкім, министр» мағынасында қолданылған (Кит.-рус. сл. М., 1959; Васильев. Китайские надписи..., 3). Сөйтіп, қытайдың о бастағы министр, канцлер деген мағынададағы сөзінен алынған *зайсан//жайсаң* атауы монғол тілінде чиновник, бурят-монғол тілінде кіші әкімшілік иесі, қырғыздарда қалмақтың бастығы деген мағынаны білдірген. *Жайсаң* сөзі қазақ тілінде адамға байланысты айтылады, «игі жақсы, ақсүйік, атақты» ұғымын береді. Сондықтан көбінесе *жақсы мен жайсаң, қасқа-жайсаң* деген тіркестерде кездеседі. Сөйтіп, сирек қолданылатын *жайсаң* сөзі қазақ тіліне монғол, қалмақ тілдерінен ауысқан болу керек. **(Б. Б.)**

* Шаршы жақшаға қоршалған цифрлар қазақ жазуларымен таңбаланған қытай сөздерінің кітап соңындағы иероглиф нұсқаларының рет тәртібін көрсетеді.

Жалау (етістік). *Бал ұстаған бармағын жалайды. Сиыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды* (мақал). Бұл етістіктің түбірі кейбір түркі тілдеріндегі (түрік, тува т. б.) *дыл, діл* (тіл) сөзі болуы тиіс. *Дыл* сөзінен жасалған туынды түбірлі етістік *дыла* (туваша *дьала)* — қазақша *жала* болып кетуі ықтимал. *д* мен *ж* дыбысының алмасуы — заңды құбылыс. Біздің бұл пікіріміз тек лингвистикалық жағынан ғана емес, логикалық жағынан да дұрыс сияқты, өйткені жалағанда іс-әрекет, қимыл тек тіл арқылы ғана орындалады. Тіліміздегі *жалаңдау, жалмаңдау* етістіктері де осы сөзге *(жалау)* байланысты болуы мүмкін. **(Ж. Б.)**

Жақын. *Созылған қол жетілер ме, алыс па үміт, әлде жақын?* (Ш. Иманбаева). Бұл сөз түркі тілдердің көбінде түрліше фонетикалық вариантта кездеседі: азербайжанша *яхын,* башқұртша, татарша *якын,* қарақалпақ, қырғызда *жақын,* түрікше *ўакіп,* хакасша *чағын,* шорша *чагын* т. б. В. В. Радлов өз сөздігінде көне түркі және ескі ұйғыр тілдерінде бұл сөздің *јағын, јағуқ, јавук, јаук* түрлерінде қолданылғанын айтады (Радлов. Опыт сл. III, 41—42, 17, 49, 293). Мұндай фонетикалық түрлері бар *якын//жақын* сөзінің негізі *йақ* (аяқ) болар деп жорамалдаймыз. Түбірге жалғанған *-ын* қосымшасы көмектес септіктің көне жалғауы. Орхон ескертіштерінде көмектес септіктің қосымшасы *-ын/ін* түрінде жұмсалған (Катанов. Опыт иссл. урянх. яз., 293), оның қалдығы қазір қазақ тілінде *жазын, қысын, жасырын* сияқты сөздерде ұшырайды. Сонда, *аяқын* (яғни *аяғымен)* сөзі «жаяу жүретін жер, алыс емес, жақын» деген ұғымды білдірсе керек. Бұл сөздің фонетикалық құбылысы былайша тәрізді: *аяқ+ын>аяқын>>яқын>жақын*. М. Қашғари мен В. В. Радлов сөздіктерінде «жақындау, жуықтау» мағынасын білдіретін *йақ* етістігін кездестіруге болады. *Жақын* сөзінің төркінін іздестіруге бұл етістіктің де қатысы болуы мүмкін. *Жақын* сөзі осы күнгі

кейбір түркі тілдерінде «туыс, туысқан» деген қосымша мағынада да жұмсалады. *Жақын* деген сөз бұрын дербес мағыналы зат есім болып, кейін көмектес септікте айтыла келіп сын есім ретінде қалыптасқан дегенді бірқатар зерттеушілер айтады (Исхаков. Набл. по лекс. в обл. прилаг. тюркс. яз., 208). **(Н. Қ.)**

Жамбы. *Енді атқа мінеді, Жамбыға қарай жүреді, «Диюана да келді» деп, Мазақ қып Ұлтан күледі... Атып тастап жамбыны Ұлтанға жетіп келеді. Атайын деп оқталып, Төсіне садақ тіреді* («Алпамыс»). Түрліше салмақта, формада құйылған сом (кесек) күмістің ертеде *ямб* деп аталғанын В. Дальдің түсіндірме сөздігінен де, басқа материалдардан да кездестіреміз. Қырғыз тілінде *жамбы* — қытайда ақша орнына қолданылған, салмағы мен формасы әр түрлі кесек күміс, ұйғырша *ямб* — қытайдың 52 сәрі (сәрі — 35 грамм) бағасындағы күміс кесегі (Уйг. -кит. -рус. луғат.). Ал монғол тіліндегі *юмбуу* (юамбүү) — елу лан бағасындағы күміс, ауыспалы мағынада *ямба* дәреже, право, шен ұғымын білдіреді. *Жамбы* қытайша — *юань* және *бао* деген екі сөзден құралған. Қытай тілінде *юаянь* [2] монета, ақша, бао [3] — құнды, бағалы. Яғни, құнды, бағалы ақша деген сөз. Қытайдың *юаньбао* атауы монғол тілінде *юамбуу//юмбуу* деп айтылады, ал бұл сөз ұйғыр тілінде *ямбұ//*
//ямбу, қазақ тілінде *жамбы* болып қалыптасқан деуге негіз бар. *Жамбы* атауы қазақ ортасына монғолдар арқылы немесе саудамен ертерек шұғылданған ұйғыр, өзбектер арқылы тараған болу керек. **(Б. Б.)**

Жамбыл. *Тамдыарал деген жерде жамбыл бар, оны қазақтар қалмақтан қалған дейді* (Ж. Досқараев). Қазақстанның шығысындағы Зайсан, Тарбағатай т. б. аудандарында *жамбыл* сөзі «қорған, үлкен бекініс» ұғымында қолданылады (Досқараев, Мұсабаев. Қаз. тіл. жер. ерек., 52-бет). В. И. Новгородский қытай тілінде «кеңсе», «мекеме» мағынасын беретін *ямэнь* сөзі ұйғыр тілінде *йамун* болып та, *йамул* болып та *н* мен *л* дыбыстары алмасып айтыла беретінін көрсетеді (Новгородский. Кит. элем. в уйг., 35). Ертеде қытайдың губернаторлары мен уезд бастықтары дәрежесіне тең ірі чиновниктер тұратын арнаулы кеңсе ұйғыр тілінде *ямул* деп аталған (Уйг.-кит.-рус. лугат., Пекин, 1952). Бертін келе *йаумун/иамул* — «бекініс, қамал» және «түрме» ұғымында қолданылатын болған қазір қытайдың Шыңжаң өлкесін мекендейтін байырғы тұрғындар бұл сөзді осы мағынада түсінеді. *Ямэнь* қытайша *я* және *мэнь* деген екі сөзден құралған, я [4] — кеңсе, бұйрық; *мэнь* [5] — үй. Яғни «бұйрық беретін үй» деген ұғымды білдіреді. Қытайдың осы күнгі сөздік қорының құрамынан шығыңқырап қалған *ямэнь* атауы ұйғыр тілінде *йамун//йамұл*, қазақ тілінде *жамбұл/*
/жамбыл болып қалыптасқан тәрізді. Қазақ тіліндегі *жамбыл* сөзі о баста «топырақ қорған, бекініс» немесе «қорғаны, бекінісі бар жер аты» болып қолданыла келіп, кейін кісі атына да ауысқан болу керек. **(Б. Б.)**

Жаңғырық. *Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым, Одан да шықты жаңғырық* (Абай). «Жаңғырық» мағынасындағы түбірлес сөздер түркі тілдерінің біразына ортақ, әр тілде фонетикалық ерекшеліктермен жұмсалады: башқұртша *яңғырык*, қырғызша *жаңырық*, түрікше *уапкі*, туваша *чаңгы*, ноғайша *янъыравык*, құмықша *янгырыкъ*, түрікменше *яңланнан сес*, татарша *яңгыравык*. Бұл сөздің түбірі — *жаң (јап)*. *Жаңғырық* сөзін мынадай морфологиялық тұлғаларға бөлуге болады: *жаң+ғы+р+ық*. Сөздің түбіріне *-ғы* қосымшасы жалғанып, сапалық есім жасалған, оған *-р* қосымшасы үстеліп, етістік туған (салыстыр: *қайғы-р)*, одан *-ық* қосымшасы қосылып қайтадан есім сөз жасалған. Кейбір түркі тілдерінде «жаңғырық» мағынасында *жаң* түбірі жұмсалады: алтайша *дьану*, түрікменше *яң*, лобнорша *јаңу* бұл тілде осы сөз «жаңғырық» мағынасынан басқа «өсек, сөз, хабар, жауап» мағыналарында да жұмсалады. (Малов. Лобн. яз., 118). В. В. Радлова: *јанғу* (Радлов. Опыт сл. II, 90). Л. З. Будагов

та *жаң* түбірін көрсетеді (Будагов. Ср. сл. тур-тат. нар., I, 461, 462). Сөйтіп, *жаңғырық* сөзінің түбірі *жаң* деген сөз, бірақ ол қазақ тілінде дербес лексикалық мағыналы сөз ретінде қолданылмай, өлі түбір ретінде сақталып қалған. **(С. И.)**

Жарғанат. *Жарғанатқа жарықтан қараңғы артық* (мақал). Кейбіреулер бұл сөз *жарғақ* пен *қанат* деген сөздерден қосылған деп жорамалдайды (Мұсабаев. Қаз. тіл. лекс., 642), дұрысында, бұл сөз *жар(ы)* мен *қанат* деген сөздерден біріккен болу керек. Сөздің бірінші сыңары қазақ тілінде жеке қолданылмағанымен, басқа түркі тілдерінде *йар (ы)* түрінде «дабыл жарғақ, торсылдақ» деген мағынада жұмсалады (Щербак. Название домашних и диких животных, 149—150). Мысалы, татар тілінде *яры* — жұқа қабық, дабыл жарғақ, торсылдақ. Қырғыз бен қазақ тілдеріндегі *жарғақ* сөзі де осы түбірден пайда болған. О баста *йар(ы)* сөзінің шыққан ұясы — алтай тілдері болуы мүмкін; алтай мен телеут тілдерінде қазірде де *йару* — «иленген тері» деген сөз кездеседі (Menges, Glossar, 706). Сөздің екінші сыңарын (*қанат* сөзін) монғол тіліндегі *қана* — «үлкен қауырсын» деген сөзбен байланыстыруға болады (Ашмарин. Общий обзор народных тюркских говоров г. Нуки. Баку, 1962, 69.; Рясянен. Мат-лы по ист. фон. тюрк, яз., 180). Сөйтіп, *жарғанат* сөзі «жұқа қабықты қанаты бар жәндік» дегенді білдіреді. **(Н. Қ.)**

Жас. Қазақ тілінде *жас* деген сөз «көз жасы», «адамның өмір сүрген жыл саны», «адамның жастығы» деген үш түрлі мағынаны білдіреді. Бұлар жекежеке үш түрлі мағына болғанмен, араларында белгілі байланыс бар. *Жас* сөзі о баста бір ғана мағынаны білдірген, бертін келе қосымша мағына үстеген я болмаса мүлде басқа мағыналы сөз болып қалыптасқан (Юнусалиев. Кирг. лекс., I, 126-127). Сөздің бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк өсімдік» деп ұйғаруға болады. *Жас* сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе таңертеңгі шық түскен кездегі күйімен байланысты *бұл сөз «көз жасы»* деген ауыспалы мәнге де ие болған тәрізді. Мысалы, қазірде азербайжан тілінде *йаш* деген сөз «дымқыл, сулы, көк» деген ұғымды білдіреді. **(Н. Қ.)**

Жасқау: жамап-жасқау. *Бір қыс біздің үймен дәмдес болып, арба-шанамызды жамап-жасқап берсең, бір-екі құлынды биені қоса алар едің* (Ғ. Мүсірепов). *Жамап-жасқап*-тың соңғы сыңары қалмақ тілінен ауысқан болу керек деп ойлаймыз. Қалмақ тілінде етістік мағынасындағы «жамау» дегенді *ясх* дейді. Қазақ тілінде сөздің басында *я* дыбысы келмеу салдарынан *ясх* формасы *жасқ-а* формасына айналып кеткен болу керек. Біздің байқауымызша, түркі системалы тілдердегі ашық дауысты дыбыс қалмақ, монғол системалы тілдерінде не қысаң дауыстымен ауысып отырады, не болмаса ол (ашық дауысты дыбыс) айтылмай қалып отырады. Мысалы: қазақша — *тайлақ;* қалмақша — *таалыг* (қалмақ емлесімен *таальг),* қазақша — *бура;* қалмақша — *буур* т. б. Осыған қарағанда, *ясх* дегеннің *ясқа//жасқа* болуы ғажап емес. **(І. К.)**

Жаттау. *Шежіреңді қолға алып, жасымнан мен де жаттағам* (Ж. Сыздықов). Бұл сөздің түбірі *«сенің жадың жақсы, жадыңда сақта»* дегендегі *жад* («ес»). Парсыша ياد [йад] — жад, естелік. Осы сөзге есімнен етістік тудыратын *-та* жұрнағы қосылып, оның басындағы қатаң *т* дыбысының әсерімен түбірдің соңғы *д* дыбысы қатаңдап, *жат+тау* болып айтылып кеткен. **(Ш. С.)**

Жаушы. *(Ожар Оспан) ел ішінен сайлы жігіттерді шоқтай екшеп жиып алды да, құрдасына (Әлібиге) жаушы шаптырды* (Ә. Нұрпейісов). Бұл сөздің түбірін М. Рясянен көне түркі тілдерінде қолданылған *сав, саб, сап* — «сөз» деген форма деп қарайды (қара: *сап — сөз саптау).* Оған мынадай мысалдар келтіреді: ұйғырша *sab* — сөз, *sabcy,*

savcy — жаушы, елші, әдейі жіберілген адам. Түрікше *savcy*, өзбекше *saucy*, түрікменше *savcy* сөздері де осы мағынада. Ескі шағатай тілінде sauzg- құдағи, көне чуваш тіліндегі *savəs* пен *мари* тіліндегі *sabəs, saus* сөздері де осы мағыналас. Сөз басындағы *с* дыбысы кейбір түркі тілдерінде (телеуіт) *д* дыбысымен айтылса *(d'ūsy)*, кейбір тілдерде (башқұрт, алтай) *й* дыбысымен айтылады *(jausy, jücy)*, ал ендігі бір тілдерде (қазақ, қырғыз) ол *ж* дыбысымен айтылады *(жаушы, жуушу, жоошу)*. Монғол тілдерінде де осылай: *жалуші*, жууші делдал (монғол), жуулші (қалмақ) (Рясянен. мат.-лы по ист. фон. тюрк. яз.). *Жаушы* сөзінің келтірілген тілдердегі семантикалық өрісі мынадай сияқты: сөйлеуші>барып айтып келуші. Барып келуші адам өзіне тапсырылған қызметтің бабына қарай *елші, құда, жаушы* т. б. болып әр тілде әр қалай айтыла беретін тәрізді. Қазіргі қазақ тілінде соның *жаушы* мағынасы ғана сақталып қалғанға ұқсайды. **(Ә. Қ.)**

Жаһан//жиһан: жер-жаһан//жер-жиһан. *Берген бе тәңірім сағаң өзге туыс, Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс* (Абай). *Кезердей жер-жаһанның кең көлемін, Жайғасып бір вагонда мен келемін* (Ж. Молдағалиев). Парсы тілінде جهان джәһан (жаһан) — әлем, дүние деген сөз. Бұл сөз қазақ тілінде жер, әлем мағынасындағы *жер* сөзімен қабаттаса айтылып, плёоназм жолымен қос сөз жасап тұр. **(І. К.)**

Жәрдем. *Арқар-меринос қойын бағушы колхоздарға ғылымның көп жәрдемі керек* (С. Мұқанов). Бұл сөз екі түрлі компоненттен құралған. Оның бірінші *(жар)* кейбір тілдерде «жәрдем, көмек, қолғабыс» деген мағынада жеке тұрып та қолданыла береді (қара: *дос-жар)*. Мысалы, көне ұйғыр жазуының ескерткіштерінде *jary* — «жәрдем» (Малов. Пам. др. письм.), ұйғырша *jarivə(r)təк* — «жәрдем, көмек». Басқа түркі тілдерінде *жар* —

«жәрдем»: *құдай, маған жар бер!* — «Құдай, маған жәрдем бер» (Радлов. Опыт сл., I—IV). Соңғы тіркес қазақ тілінде де айтыла береді: *жар беру*. Өзбекше *ерий айламоқ (бермоқ)* — «жар беру, жәрдем көрсету, көмек ету», парсы тілінде *йари* [یاری], *йариғари* [یاریکاری],тәжікше *ерирасанӣ, ёридиҳи, ёрӣ, ёрмандӣ* т. б. осы мәндес. *Жәрдем* сөзінің екінші компоненті — *дем* қазақ тіліндегі *дем беру (берушi), дем салу (салушы), демеу, демдеу, дememек, демеулік, демес, Демесін* (кісі аты), *Демеу* (кісі аты) деген сөздердің құрамында кездеседі. Басқа түркі тілдерінде *там* — «көмек, сүйеу»; *там* — «дем, тыныс алу, дем алу»; *тама* — «демігу, дем алу»; *тамаш* — «жәрдемші, көмекші, ортақ, ортақтасушы, еліктеуші, сүйемелдеуші, сойылын соғушы»; *тамажу* — «жәрдем»; *тамік* — «ұласу, жәрдемдесу, жанасу, ойласу» т. т. (Пекарский, Сл. якут. яз.). Қарақалпақша — *демеу, демес* т. б. сөздері де біздің тіліміздегідей. Бұл сөз көптеген түркі тілдерінде кездеседі: башқұртша — *дим, димсе, димлеу, димләусе, димләшеу* т. т., лобнор тілінде — *дем, тайіт*. С. Е. Малов соңғы мысалдағы *дем* сөзі мен парсы тіліндегі *дәм* сөзін өз ара байланысты болу керек деп қарайды. Салыстырыңыз: парсыша دم (дәм) — «демалу, тыныс алу», دماغ (дәмаг) — «көңіл күй, жай-күй, хал-жағдай», түрікменше *дем*, түрікше *dem*, татарша *дим*, азербайжанша *дәм тутмаг*, тәжікше — *дам*, тува тілінде *дем*, монғол тілінде *дам* т. б. Өте сирек болса да, кейбір халық жырларында кездесетін *демесім, дымағың* формалары да осы айтылып отырған сөзбен әрі түбірлес, әрі мағыналас тәрізді: *«Қарға жүнді қаттасым, Үйрек жүнді оттасым, Бірге туған демесім»* («Қобыланды»); *«Қара қасқа ат, қалтырап, Осынша неге қорқасың, шақ болып тұр ма дымағың?* («Қамбар батыр»). Соңғы форманы азербайжан тіліндегі *ярдым* сөзінің екінші жартысымен *(дым)* салыстыруға болады. Қазақ тілін-

дегі *дем* сөзінің мағыналық жағынан даму схемасы мынадай сияқты: *дем* — іштен шығатын ауа, *дем салу* — үрлеу яғни іштен шыққан ауамен үшкіріп ем жасау, *дем беру (дем болу, демеу)* — күш-жігер беру, қоштау, көтермелеу, *демеуші* — жәрдемші, көмекші. Кейбір зерттеушілер бұл сөзді де парсы тілінен ауысқан болу керек деп шамалайды. Сонымен, өз ара мағыналас екі сөз — *жар* мен *дем* плеоназм әдісімен ұдайы қатар айтыла жүре, бірігіп барып, бір сөз есебінде қалыптасып кетсе керек: *йар+дем>жар+дем>жәрдем.* Бұл екі сөз өзара қалыптасып кеткен қалпында көптеген түркі тілдерінде жұмсалады (азерб., қарақалп., башқ., уйг., лобн., татар., өзб., т. б.). Оларда осы түбірден өрбіген әрқилы тұлғалар бар. *Жар* мен *дем* сөздері түркі халықтарының тілдерінде ғана қолданыла жүріп кіріксе керек, үйткені иран тілдерінде бұл екі сөздің позициялық жағынан ұштаса келіп қолданылуы байқалмайтын тәрізді. Жеке-дара күйінде болса да, бірігіп кеткен тұлғада болса да бұл екі сөз қазіргі қазақ тіліне Орта Азия тұрғындарының тілінен ауысқан болар. Кейбір түркі тілдерінде бұл сөздер өте сирек айтылады (құмық, ноғай, қарачай т. б.) да, кейбір түркі тілдерінде мүлдем байқалмайды (хакас, алтай т. б.). **(Ә. Қ.)**

Жәрмеңке. Бұл неміс тілінің сөзі. Немісше Jahr — жыл және Markt — сауда деген сөз. Немістер жылында бір рет белгілі бір жерде ұлы жиын сауда ұйымдастырып, оны Jahrmarkt деп атайды екен. Немістерден бұл сөз поляк тілі арқылы орыс тіліне ауысқан, мұнда сөз соңына *-а* жалғауы қосылып *ярмарка* түрінде қалыптасқан. Орыс тілінен бұл сөз өткен ғасырларда қазақ тіліне ауысқанда, қазақ тілінің фонетикалық заңына сай *жәрмеңке* болып енген. **(Н. Қ.)**

Жексен: жермен жексен қылды. Мәні — «ойран салды, шаңырағын ортасына түсірді, күлін көкке ұшырды». *Жексен* парсы сөзі: یکسان — йексан — «бірдей», «бір тегіс» деген мағынада жұмсалады. Мұндағы یك — йек, йәк — бір, бірдей, سان — сан — ұқсас деген сөз. Қырғызша *жексен* — бір нәрсенің екінші бір нәрсемен бірдей етіп тегістелуі, бір түрге, бір формаға, бір қалыпқа түсіріліп, теңелуі, жоқ болып, көзге көрінбей кеткен нәрсе, çeksendep kөm — жоқ етіп, көзге көрінбейтіндей қып көміп, тегістеп жібер. **(І. К.)**

Жете: жетесі жаман. *Жетең жаман болмаса, жете жарлы болмассың* (мақал). Араб тілінде جد — жадд (жете) сөзі «ата, ата тек, арғы ата-баба» деген ұғымда жұмсалады. Осы мағынада қазақта *жетесіз екенсің, жетесі жоқ, жетесіз* сияқты бірсыпыра сөздер қолданылады. Мәні — «тексіз». **(І. К.)**

Жекпе-жек. *Кәрі-жасы елімнің, Әскеріміз Лениннің, Жекпе-жекке жиһанға, Шықсам да қашан жеңілдің!* (Қ. Аманжолов). Біздіңше, бұл сөз парсы тіліндегі бір, жеке, жалғыз мағынасында қолданылатын یه‌ك *иек* сөзімен байланысты болуы керек. Тәжік тілінде *якка* — жеке, дара, жалғыз, жалғыз ілік. *Иек, як* сөздері қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес *жек* болып қалыптасқан. *Жек* сөзі қазақ тілінде бұл тұлғада дербес қолданылмай, *жеке, жекпе-жек* формасында ғана айтылады. Ал *жекпе-жек* қос сөзі қазақ тіліндегі сөздердің моделімен жасалған (салыстыр: *бірме-бір, қолма-қол, бетпе-бет, жүзбе-жүз*). **(Ж. Б.)**

Жорға. *Қолқам — мына тор жорғаңыздың бір түн қатар тері* (С. Бегалин). *Жорға* сөзінің түбірі — *жор(ы)* — жүру, қозғалу, қимыл мағынасында *(жортуыл* сөзінің этимологиясын қараңыз). Бұл сөз көне түркі тілінде әр түрлі тұлғада жұмсалған: jорыjур, jорчын (Малов. Пам. др. письм., 28, 31). Мұндағы *жорчы* — жол көрсетуші (путеводитель) деген мағынада, оның *-чы* бөлегі, сөзсіз, жұрнақ. *Йор* тұлғасы қазіргі сары ұйғыр тілінде дербес қолданылып «жүру» дегенді білдіреді (Малов. Яз. желт. уйг. 42, 30). Сөйтіп, *жорға* деген сөздің түбірі *жоры* қазіргі қазақ тілінде жеке қолданылмайтын өлі түбірге айналған, сөз соңындағы

-ға — етістіктен есім тудыратын көне жұрнақтардың бірі (салыстыр: *тол+ға, бал+ға)* (Щербак. Грам. староузб. яз., 181). *Жорту, жортуыл* сөздері де осы түбірден өрбіген болу керек. **(С. И.)**

Жөргек. *Жөргек* сөзінің төркіні XI ғасырда түркі тілдерінде қолданылған *йоргә-* орау сөзімен байланысты. М. Қашғаридың сөздігінде: *jöргätti* — оратты; ol *jöргätti* — ол тіпті оратты. М. Қашғари бұл сөздің аяққа шұлғау және басқа нәрселерді орауға байланысты да қолданатынын ескертеді (МК, II, 409). Қазіргі түркі тілдерінің ішінде бұл етістік формасы ұйғыр, барабин т. б. біраз тілдерде ғана сақталған. Ұйғыр тілінде *йөгә-(йөр-гә)* — орау, шұлғану, бөлеу мағынасына айтылады. В. Радловтың көрсетуі бойынша, барабин тілінде *joргат* — орату (Радлов. Опыт сл. III, 448); хакас тілінде *сöргире//сарирға* — орау т. б. Ал енді, түркі тілдерінің көпшілігінде-ақ кездесетін *жөргек* (ұйғ.— *йөгәк,* қарақал.— *жөргек,* өзб.— *йургак,* баш.— *юргәк,* тува — *чөргек,* хак.— *чуруғы,* қойб.— *jöргök,* трок. қарайым — *чäргәш,* бараб. — *уургö* т. б.) сөзін алсақ, ол жоғарыдағы *йөргә* — етістік түбіріне зат есім тудыратын көне *-қ (-к, -ақ//-әк, -ық//-ік, -уқ//-үк* т. б.) жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. (Радлов. Опыт сл. III, 448). Сонда *жөрге* сөзі о баста жалпы «орауды», бір нәрсені «орап алуды» білдірген болса, *-қ* жұрнағының жалғануы арқылы ол тек баланы орайтын орауыш шүберекке, құндаққа ғана тән атау болып қалған. Келе-келе ол тіпті «жаялық» мағынасына да ауысқандығын көреміз. *Жөргек* сөзі («пеленка» мағынасында) қалыптасқаннан кейінгі жерде кейбір түркі тілдерінде оған етістік жұрнақтары *(-те, -те-у, -те-п)* жалғанып, туынды түбірлер жасалған. Мысалы, өзбек тілінде *йургак+ламоқ* — бөлеу, *йургакбоғ* — жөргек бауы, қарақалпақша *жөргекле* — бөлеу. Ал енді, *жөрге* сөзінің етістік мағынасы сақталған ұйғыр, тува, хакас сияқты тілдерде, *жөргек* формасы бола тұрса да, «баланы орау, жөргектеу» деген ұғым аналогия бойынша сол *жөрге-* формасының өзіне

көшкен. Мысалы, ұйғырша — *йөгимәк,* туваша — *чөргээр,* хакасша — *сöргирге* формалары *жөргектеу* «баланы орау, құндақтау, жаялығын ауыстыру» мағынасында айтылады. Сонымен түркі тілдерінің бәрінде де *жөргек (<жөрге-к)* сөзінің «орауыш» деген мағынасы айқын көрініп тұр. *Жөргектің орауыш* деген сөзбен синоним екенін, мысалы, тува тілінде *чөргээр* (жөргеу) мен *ораар* сөзінің, *чөргек* (жөргек) пен *ораашкын* сөзінің қатарласа айтылуы-ақ дәлелдеп тұрған сияқты. *Жөрге* сөзінің өзі екі морфемадан *(жөр+ге)* тұрады деп жорамал айтуға болады. Өйткені түркі тілдердің бірқатарында «орау, шырмау, көмкеру, орап байлау» мағынасында айтылатын сөздер кездеседі. Олар тек *жөр+ге* сөзінің бірінші компонентіне *(жөр-)* тек мағынасы жағынан ғана емес, фонетикалық тұлғасы жағынан да өте жақын. Мысалы, қазақ тіліндегі *жөргем, жөрмеу (жөрмеп тігу), шырмау, шырмауық,* ұйғыр тіліндегі *йөгумәч* — шырмауық (өсімдік), *йөмимәк* (көмкеріп тігу), *йөмәш* (обметка, обшивка), *чирмашмақ* — шырмалу, *чимақ* — шалу, *чимақ салмақ* — аяқпен аяқты орап алып шалу, өзбек тіліндегі *йўрма* (кестенің бір түрі), *йурмадуз* — кесте тігуші, *чирмамоқ* — шиелеп байлау, *чирмов* — шырмауық (өсімдік), *чирмовгүл* — шырмауық гүл, *чирмович* — өсімдіктің бір түрі — лиана, түрік тіліндегі sarilan, sarmasin — шырмауық, *sargilin kögit* — орауыш қағаз, *sarmak* — орау, шұлғану; азербайжан тіліндегі *сарғы* — шұлғау, *сарымақ* — шұлғану; лебедин, тува тілдеріндегі *чарга біш* — шырмауық, қырым татарлары тіліндегі *чäргä* — шұлғану, алтай тіліндегі *jöрқömош* — өрмекші, телеуіт тіліндегі — *jöргömöш* — шырмауық; қырғыз тіліндегі *жөрмө (жөрмеп тігу), жөрмөмө* — кестенің түрі, хакас тіліндегі *сўргире* — бөлеу, *сарааны* — шұлғау, *сарарға* — орау, тува тіліндегі *чөргээр* — бөлеу сөздеріндегі *жөр-//йө(р)-//йур-//йөр-//чөр-//чир-//чи*(р)-*//шыр-//сар-//сүр-* формаларын бір түбірдің әрбір тіл дамуының әр түрлі дәуірінде пайда болған

және семантикалық дифференциацияға ұшырау нәтижесінде өз ара жіктеле бастаған этимологиялық варианттары деп қарауға болатын сияқты. Бұлардың бір түбір морфемадан тарап өрбігендігін түркі тілдердің фонетикалық заңы негізінде дәлелдеп беруге болады. Сонда *жөр-//йөр* сөзін біз орау, шырмау мағынасындағы көне негізгі етістік түбірі деп жорамалдаймыз. Ал *жөрге-//йөргә-* (*<жөр+ге//йөр+гә*) сөзі болса, *-ге (-ға, -қа//-ке)* етістік жұрнағы арқылы жасалған туынды етістік. Салыстыр: *терге- (<тер+ге-), толға (<тол+ға-), құрға (<құр+ға).* (Ә. Қайд.)

Жөргем. *Жүрген аяққа жөргем ілінеді* (мақал). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *жөргем* сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетіледі: 1) бір буын, бір бума ішек; 2) (ауыс. мағынасы) пайда, олжа. Бірақ *жөргем* сөзінің екінші ауыспалы мағынасын оның бірінші негізгі мағынасынан шығаруға болмайтын тәрізді. Өйткені, ауыспалы мағына мен негізгі мағынаның арасында әрқашан логикалық, функциялық, семантикалық байланыс болуы міндетті. Ал ішек пен пайданың, олжаның арасында ондай байланыс жоқ. Сондықтан *«жүрген аяққа жөргем ілінеді»* деген мақалдағы *жөргем* сөзінің төркінін басқа фактілерден іздеуге тура келеді. *Жөргем* сөзі Қазақстанның солтүстік-шығысы мен Таулы Алтай автономиялы облысының Қошағаш ауданында және Монғолия Халық Республикасында тұратын қазақтар тілінде жиі қолданылады. Мағынасы — ашы ішектен байлап, орап пісірген тамақ. Қырғыз тіліндегі *жөргөм* К. К. Юдахиннің анықтамасы бойынша: «өкпе мен ішек-қарыннан турап, өріп жасаған тағам». Осыдан *жөргөмдө* (шек-қарыннан ас дайындау) туынды түбірі келіп шыққан. *Жөргөм* сөзі чуваш тілінде *çурме* — ішек-қарыннан жасалған тағам, монғол тілдерінде *зүрмэ, зүрэм* — ет, өкпе-бауыр, шек-қарыннан жасалған шұжық, түрік тілінде *чӓргант* — колбаса, алтай тілінде *йөргөм* түрінде кездеседі. В. В. Радлов оны «пища из бараньих кишек» деп аударады. (Радлов. Опыт. сл. III, 449). *Сол сияқты йөргөмдө* — жөргем даярлау. Қазақ тілінің өзінде де *жөргемдеу* деген туынды етістік бар. Ол түсіндірме сөздікте «ашы ішекті қазанға салу үшін ықшамдап будалау, шумақтау» деп аударылған. Бұл фактілер *жөргөм* сөзінің түркі тілдеріндегі негізгі мағынасы «бір бума ішек» емес, «қойдың ішек-қарнынан жасалған ұлттық тағам». Ел аралап, жолаушылап жүрген адамның алдынан ылғи ас-дәмнің кездесіп отыратыны мәлім. Жоғарыдағы мақал да осындай жағдайға байланысты айтылған болуы керек. Сонда *жөргем* сөзін ұлттық тағамның аты деп қарасақ, онда оның ауыспалы мағынасы «пайда, олжа» болмайтын сияқты. Ал енді тағамның атын неге *жөргем* деп атаған, *жөргем* сөзінің негізгі түбірі және жұрнағы қайсы, ол қандай мағынадағы сөз? Біздің пікірімізше, *жөргем* деген тағамның аты оның жасалу, дайындалу әдіс-тәсіліне, яғни қойдың қарнын ішекпен сыртынан бунақтап орауына байланысты қойылған болуы керек. Мысалы, оны *кеспе* (қамырдың кесілуіне байланысты), *сүзбе* (судан сүзіп алынуына қарап) деген тағам аттарымен салыстыруға болады. Сонда *жөргем* сөзі «орау, шандып байлау» деген мағынада айтылатын түркі тілдердегі *жөрге* деген байырғы түбір сөзге *-м* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Салыстыр: *жұт-ым, біл-ем, шайна-м.* Бұл түбір сөз, *жөргек* (*<жөрге-к*), *жөрмеу* (*<жөр-меу*) деген басқа туынды түбірлердің де жасалуына негіз болып отыр (қара: *жөргек, жөрмеу*). Сонда *жөргем* деген астың о бастағы тура функционалдық мағынасы — ораулы, оралған (ас.) Бара-бара ол «орау, шырмап байлау» мағынасынан алыстап, «ішек-қарыннан жасалған ас» деген мағынада қалыптасқан. Ал енді осы мағынаның өзі де келе-келе қырғыз, алтай тілдерінде сақталса да, қазіргі қазақ тілінде сақталмаған сияқты. Оған себеп *жөргем* сөзін біз бірде «буылған ішек», бірде «олжа, пайда» деп түсінеміз. Бірақ оның «ішек» те, «пайда» да емес, ішекпен буылып, яғни ішекке оралып жаса-

латын тағам екенін біз жоғарыдағы мысалдардан анық көріп отырмыз. **(Ә. Қайд. және Ж. Б.)**

Жөрмеу. Кездеме не матаның екі енін қоса, немесе қаптың аузын көмкере термелеп тігуді қазақ тілінде *жөрмеу, жөрмеп тігу* дейді. Шынында да тігу әдісінің бұл түрі оның басқа түрінен өзгеше, яғни орап, шалмалап, көмкере, тіпті бір-біріне айқастыра, термелей тігу ерекшелігімен бөлінетіндігін аңғаруға болады. Бара-бара ол кесте тігудің бір тәсіл әдісіне айналған. Бұл *жөрме* сөзінің қырғыз, өзбек тілдеріндегі мағынасынан айқын байқалады. Мысалы, өзбек тілінде *йўрма* (*<йўрма+ма)* — кесте тігудің бір түрі, *йурма дуз* — кесте тігуші, *йурмадузлик* — кестеші мамандығы; қырғыз тілінде *жөрмө* — бір нәрсенің шетін тігу, *жөрмөмө (<жөрмө+мө)* — кесте өрнегінің бір түрі. К. К. Юдахиннің көрсетуі бойынша қырғыз тілінде кесте өрнегінің бірнеше түрі бар: *багжагай жөрмөмө, тез кайык жөрмөмө, тил комуз жөрмөмө, ит таман жөрмөмө.* Осыған қарағанда қазақ тіліндегі *жөрмеу* қазіргі және көне тілдерде кездесетін *йөргә- (<йәр+гә-)* етістік түбірімен байланысты болуы керек.(қара: *жөргек, жөргем).* Олардағы өзекті мағына — «орау, шырмау, бумалау». *Жөргек* дегенде баланы орауды, *жөргем* дегенде ішек-қарынды ішекпен орауды аңғарсақ, *жөрмеуде* де бір нәрсені жіппен орап, шалмалап, көмкере тігуді білдіреміз. *Жөрме (<жөр+ме)* сөзі *жөр-* деген көне түбірге *-ме* формасын жалғау арқылы жасалып, осы формасында қалыптасып кеткен деп білеміз (салыстыр: *күр-ме).* **(Ә. Қайд.)**

Жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. *Кеше үш жүздің баласы үш сайды өрлей жөнелгенде, түп қазықты суыра жөнелген жоқ-ты.* (Ғ. Мүсірепов). Ж. Досқараев *жүз* сөзінің этимологиясы туралы былай дейді: «Біздің пікірімізше, *жүз* сөзінің төркіні *дүз, түз* деген сөздермен байланысты болса керек. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, қазақ тілінің кейбір говорларында... *д/ж* дыбыстары алмасады, екіншіден, әрірек уақытта бұрынғы

этнотоптардың үш жаққа бөлінуіне байланысты *жүз (дүз), түз* сөзінің қолданылуы заңды құбылыс екендігі аңғарылады. Көрсетілген дыбыстардың алмасуына байланысты кейбір қарттардың сөйлеу тілінде *жүз* деудің орнына *дүз* деп те айтылады... Үшіншіден тіліміздe *дүз/түз* «дала, сахара, жақ» деген мағынада қолданылады. Мысалы: *құла дүз; дүзде жүрген дуадақ...* Осы айтылған фактілерге қарағанда *жүз* деген сөздің өзі «дала», «жақ» деген мағынаны білдіргендігі байқалады. Бұл сөздердің тіркесті түрде қолданылуы шаруашылық, географиялық жағынан бөлектенген бір топ қазақ тайпаларының мекендеген жағына байланысты екендігін аңғартады («Қаз. тілі тарихы мен диал. м.», 3 шығу, 1960, 163). *Жүз* термині сан есімге байланысты шықты деген пікір де тарихи әдебиетте көп айтылады. Біздіңше, Ж. Досқараевтың пікірі шындыққа жанасымды сияқты **(Ж. Б.)**

Жұдырық//жұмырық. *Ержанның үйіне қарап* Дүйсенбай *жұдырығын түйді* (Б. Майлин). *Ал, жұдырық түйіп, тұмсық тіресу — біздің табиғатқа жат жабайылық* (З. Қабдолов). Башқұртша *йоморо, йоморо таш* — домалақ, шар тәрізді тас. Татарша *йомры* — дөңгелек, домалақ, шар тәрізді. Қазақ тілінде *жұмыр бас, жұмыр* (қарын) деген есім сөздер де кездеседі. *Жұмыр* сөзі дөңгелек мағынасында да қолданылады. *Жұмыр, жұмырық* сөздерінің, біздіңше, шығу төркіні бір. Ал *жұдырық* сөзі *жұмырық*-тың фонетикалық варианты: түркі тілдерінде *м~д* дыбыстарының алмасу заңдылығы бар. Сөйтіп, *жұмыр* сөзіне *-ық* жұрнағы жалғану арқылы *жұмырық//жұдырық* зат есімі жасалған. Қазіргі қазақ тілінде *жұмыр* сөзі сындық белгіні білдіріп, *жұмырық//жұдырық* тұлғасы зат атауын білдіретін болып дифференцияланған. Ал, *ашсам — аямда (алақанымда), жұмсам — жұмырымда (жұдырығымда)* деген мақалда *жұмыр* сөзі осы күнгі *жұдырық*-тың орнына жұмса-

лып тұр. Бұдан бір кезде *жұмыр* сөзінің *«жұдырық»* мағынасында қолданылғанын көруге болады. Ал *жұмыр* сөзінің өзі туынды түбір тұлға. Біздіңше, мұның ең түпкі төркіні *жұм* етістігі болу керек. **(Ж. Б.)**

Жүнттай: *жүнттай семіз, жүнттай болып семіру... Құнанбайға сыбаға деп арнаған семіз қойлар, жүнттай жабағылар, арда емген тайлар да болатын* (М. Әуезов). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I, 245) *жүнттай* сөзіне «жылтыр, тақыр, таза, әдемі» деген анықтама берілген. *Жүнттай* сөзі, әдетте, тығыршықтай семіз, күйлі-қоңды малға, көбінесе жылқы малына байланысты айтылады. Ал семіз малдың жүні әрі тықыр, әрі жылтыр болатыны белгілі нәрсе. Олай болса, *жүнттай* сөзінің төркіні көне түркі тілдерінде ерте заманда қолданылған *юнт* (юнд) сөзімен байланысты деуге болады. Махмуд Қашғаридың сөздігінде (МҚ. III, 13) *йүнд* يُنْد — ат деген сөз. Сондай-ақ М. Қашғари заманында мұсылман халықтарының жыл санауындағы (мүшел) он екі хайуанаттың бірі (рет саны бойынша жетіншісі) — *йүнд* деп аталған: يُنْد يِلى *йүнд йӀлӀ*. Кейінірек ол *жылқы жылы* болып кеткен. Сонда, тіліміздегі салыстыру моделі бойынша (салыстыр: *сиырдай, шошқадай семіз, еңгезердей, түйедей, алпамсадай* үлкен, *титтей, құрттай* т. б.), *жүнттай* сөзі о баста «аттай семіз, аттай күйлі, ат мүшелі» деген мағынада тек атқа байланысты айтылса, одан кейін жалпы малға, адамға байланысты да айтыла бастаған болуы керек. Қазіргі уақытта *жүнттай* сөзі тіліміздегі *-дай//дей, -тай//тей* жұрнағы арқылы жасалып, лексикализацияланған кейбір сөздер тәрізді (салыстыр: *жұрдай, бүлдіршіндей, көсіктей, білеудей, тап-түйнақтай*). осы *-дай* жұрнағымен қалыптасқан күйінде қолданылып кеткен. Лексикализация процесінде дербестігінен айрылған *жүнт* (<*йүнд*) сөзі қазіргі уақытта

өзінің заттық мағынасынан мүлдем қол үзіп, алшақтап кеткендігі байқалады. **(Ә. Қайд.)**

Жүзік. *Білезік, алқа тұмар, сырға, жүзік. Шашағын сом күмістен төгілдіріп, Сәулелі жарқыраған, жанар тастан Бойына сыйғанынша қойды тізіп* (Ү. Кәрібаев). *Жүзіктің көзінен өткендей* (мақал). Бұл сөз қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, өзбек, түрікпен, түрік тілдерінде де бар. Мұның түбірі *жүз* (*jüc//tys//чус*). Ол буын деген мағынаны білдірген. В. Радлов сойот тілінде jüc — буын, алтай, телеут тілдерінде *jüстук* — сақина (жүзік) деп көрсетеді (Радлов. Опыт сл., т. III, 615—616). Якут тілінде *сусә* сөзі «буындау, буынға бөлу» (Пекарский. Сл., якут. яз. т. II, 2414). Хакас, тува тілдерінде бұл сөз *чустук//чустук* болып айтылады. *Чус* — тува тілінде бармақтың буыны. Хакас тілінде *с* дыбысы *л*-ға алмасып *чул* болып айтылады. Н. Ф. Катанов бұл сөздің алғашқы түрі *чускук* («с және «к» дыбыстары бірімен-бірі алмасып чуксук болып айтылуы да мүмкін) дейді. *Чускук* — перстень, *чускум* — мой перстень (Катанов. Опыт исследов. урянх. языка). Сөз ортасындағы *к* дыбысы түсіп қалып, қатаң *с* ұяңданып *з*-ға айналып, көпшілік түркі тілдерінде *юзик//йузик* болып айтылып жүр. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде фонетикалық құрылыстың ерекшеліктеріне сай *жүзік//жузик* болып айтылады. Осы *жүзік//йүзик//юзик//чускук//*jüstyk сөзі üksük, yüksük түрінде түркі тілдерінің көне жазба ескерткіші «Ettuhfet...» тен және Махмуд Қашғаридің сөздігінен кездеседі. Онда üksük, yüksük — әйелдер іс тіккенде бармағының басына киетін оймақ делінген. Оймақ деп бақырдан жасалынғанды айтады, теріден жасалғаны yüsük (түрікмендерше üksük) деп аталады дейді. (Ettuhfet-üz-zekiyye fil-lûgat-it-Türkiyye, Jstanbul, 1945). (МҚ., III, 46). Yüksük сөзі «оймақ» мағынасында қазіргі азербайжан, түрік тілдерінде қолданылады. Қазақ тілінде (оймақ кигізетін) екінші бармақты *сұқ* қол дейді. Біздің ойымызша, yüksük сөзі, о баста yüs+kük болу керек те, с~к дыбыс-

тарының метатезаларынан к ~ с болып, yüs+kùk формасы тууы мүмкін. Сөйтіп, қазіргі тілдердегі *чустук//юзик//уйзик//жүзік* болып айтылып жүрген сөз көне *yüksük* (о баста буын мағнасындағы yüs+kük) сөзінің фонетикалық, семантикалық өзгеруінен туған болуы керек. Бұл сөздің түбірін «бет, ажар» мағынасын беретін *жүз* сөзінен шығаратын пікір де бар (осы кітаптағы *білезік* сөзін қара). **(Б. С.)**

Жүйрік. *Бәйгеден талай жүйрік ат та келді, Жүлдеге түйе берді ат та берді* (К. Райбаев). *Жүйрік* сөзінің түбірі — jüri-jürü-, қазіргі тіліміздегі *жүр, жүру* сөздері. Түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінде jügür, jürit, jürüg формаларымен қатар бұл сөздің jügür, jügrüs, jügrük (at) формалары да кездеседі (Малов. Пам. др. письм., 390—391). Көне jürü сөзінен туған jügrür (скакун, рысак) сөзінен бастапқы *j*-дың *ж*-ға *г*-нің *й*-ге айналу нәтижесінде қазіргі тіліміздегі *жүйрік* сөзі пайда болған. Бұл сөздің пайда болу тарихын төмендегідей схема түрінде көрсетуге болады: *jüri, jürü>jurkük-jurük,* метатезаның нәтижесінде (рг ~ гр) jügrük (г түсіп қалып) *jürük* болып та, *д* дыбысы *j*-ге айналып, бастапқы дыбыс *ж*-ға айналып *жүйрік* түрінде де айтылады. Көне *jüri* сөзінің әр дәуірдегі әр түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырауының нәтижесінде *(жүр ~ жүг ~ жүй)* тіліміздe пайда болған *жүр, жүрек, жүрдек (жүргек), жорға, жорық, жүгіру, жүгірту, жүйрік, жүйтку* сияқты бір түбірден таралған бірталай сөздер бар деп топшылаймыз. **(Б. С. және С. И.)**

Жүлде. *Осы жиында Кенен Әзірбаев алып Жамбылмен бірге жүлде алып қайтады. Жүлде* сөзінің қазіргі тіліміздегі мағынасы «сыйлық, бәйге», *жүлде алу* — бәйге алу, сыйлық алу. Бұл сөз бурят-монғол тілінде *жүлдэ* болып айтылады, мағынасы малдың «кеудесі я басы». Ал бұл тілдегі *зүлд* сөзі де «малдың жүрегі мен басы» деген мағынаны білдіреді. Монғол тілінде *зүлдлэх* деген арнаулы етістік «малдың басын жүрегімен қосып мүшелеп бөлек алу» деген ұғымды білдіреді. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі бәйге мағынасындағы *жүлде* сөзі осы монғол тіліндегі малдың басын, жүрегін қосып бір мүше қылып атайтын *зүлд* сөзінен ауысқан болу керек. Көшпелі халықтарда қоныс аударып, жұрт жаңартқан сайын мал сойып, оның негізгі мүшелерін сыйлы адамдарына тарту салты көпке дейін сақталған. Сыйлы қонаққа қойдың басын тарту салты күні бүгінге дейін бар. Ал жаугершілік замандарда асқан ерлігі үшін батырларына негізгі мүше ретінде жүрек пен бас тарту салты қазақ арасында да болған сияқты. Сондықтан осы мүшенің аты — *жүлде* (зүлд) сөзі кейін келе-келе бәйге сөзімен синонимдесіп, үздік адамға беретін сыйлықтың жалпылама атауына айналған. Ал, монғол тілдерінен енген сөздердегі *з* дыбысы көбінесе қазақ тілінде *ж* дыбысына сай келіп отырады. Салыстыр: монғолша *зар, зарлах, засах, зуд* сөздері қазақша *жар, жарлық, жасақ, жұт* болып айтылады. Тіпті бұл сөз қазақ тіліне монғолша *зүлд* формасынан емес, бурят-монғол тіліндегі *жүлдэ* формасынан ауысуы ықтимал. **(Б. С.)**

Жылау. *Еркежан бүгін бұл зорлықтың тұсында жылаған жоқ.* (М. Әуезов). Бұл сөздің түбірі *жы* болу керек. Мұның басқа фонетикалық варианттары — *йы, ый, ығ. Ый* тұлғасында бұл сөз алтай тілінде «жылау, сыңсу» мағынасында сақталып қалған. Алтай тілінде *жыла* дегенді *ыйла* дейді. Ескі түркі жазуларында *ығла* — жылау деген сөз. (Малов. Пам. др. письм. Монг. и Кирг., 97). Бұл сөздің түбірі *жы* — екендігін одан кейінгі жалғанып тұрған *-ла* жұрнағынан да байқауға болады; бұл есімнен етістік тудыратын жұрнақ (салыстыр: *көз-де, балта-ла*). **(Ш. С.).**

Жылғаяқтау: *Ол айтқан сөзінде тұрмай, жылғаяқтай берді* (газеттен). Қырғызша *жылғаяқ* — тайғақ, *жылғаяқ теп* — коньки тебу, *жылғаяқ мұз* — тайғақ мұз. Түркі тілдерінде *ш, ж* дыбыстарының өз ара алмасатыны белгілі. Сонымен *жылғаяқтау* етістігінің шығу төркіні көктайғақ, мұз мағына-

сындағы *жылғаяқ* сөзіне байланысты. Бұл пікірдің дұрыстығына олардың мағыналық жақындығы да кепіл бола алатын сияқты. *Жылғаяқтау* етістігі де бейне бір мұзға тайғақтағандай қолды-аяққа тұрмау, жылжыртпалатып еш жерге тұрақтамау мағынасында жұмсалады. Ол тура және келтірінді мағыналарда да жиі қолданылады. Біздіңше, *жылғаяқтау*-дың топырақты шылау, илеу дегендегі *шылау* етістігімен де азды-көпті байланысы бар сияқты. Сондықтан *жылпос, жылмағай, жылмаңдау* сөздерінің де осыған жақындығы болуы мүмкін. **(Ж. Б.)**

Жітім: *өлім-жітім* қос сөзі қазақ тілінде «шығын, қаза» мағынасында қолданылады да, оның екінші сыңары *жітім* жеке-дара айтылмайды. Бірақ бұл — туыстас тілдердің біразында қолданылып жүрген сөз. Мысалы, хакас тілінде *чідіг, чідіргені* — шығындану, тува тілінде *чидириг* — шығын, *чидирер, чидер* — жоғалту, айрылу, ұйғыр тілінде *жутмәк* (кейде ауызекі тілде *үштмәк)* — жоғалу. Осы келтірілген «жоғалу» мағынасындағы сөздердің бәрінің де түбірі — *чіт-//чид-//жут-//үшт-* (метатеза *ж*~*у, у*≃*ш)* деген етістік. Қазақ тіліндегі *жітім* осы түбір етістіктің *жіт* вариантына *-ім* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған болуы тиіс (салыстыр: *өл-ім, бөл-ім).* Бірақ *жітім* сөзі өзінің «жоғалу, айрылу, шығынға ұшырау» сияқты негізгі мағыналары арқылы *өлім* сөзімен жақындасып, қос сөз құрамына енгеннен кейінгі жерде қолданылудан шығып қалған болуы керек. Сондықтан да бұл сөздің мағынасы қазір бізге түсініксіз; оны тек туыстас тілдерде сақталған тұлғалас, түбірлес сөздермен осылай салыстыру арқылы ғана анықтауға болады. Ұйғыр, өзбек, азербайжан т. б. тілдерде *жуда, жудо* деген сөз бар. Бұл сөздер де «айрылу, жоғалту» деген мағынаны білдіреді. Бірақ бұл иран тілдерінен енген сөз. Сондықтан оны жоғарыдағы түркі тілдердің өздеріне тән етістік түбірімен *(жут-//жіт-//чит-//чіт-)* шатастыруға болмайды. **(Ә. Қайд.)**

З

Заң-закон. Бұл қос сөздің алдыңғы сыңары *заң* қытай сөзі де, кейінгісі *закон* орыс сөзі. Бұлар мағына жағынан бір-біріне өте жақын болғандықтан, қосарлана айтылып, қос сөз ретінде қалыптасып кеткен. Қытай тілінде [6] *(ян)* деген екі элементті иероглиф «ереже, үлгі, түр, қалып, сорт, стиль, тәсіл» деген мағыналарға ие. Қазақ тіліндегі *заң ян* сөзінің «ерекше үлгі» деген мағынасында қалыптасып, кейбір тұлғалық өзгерістерге душар болғанын байқау қиын емес. Қытай тілінен біраз сөздер қабылдаған ұйғыр тілінде бұл сөз «франт, фат, сәнқой» деген ауыспалы мағынасында жұмсалады; ұйғыр тілінде өте жиі қолданылатын *яңза* (түр, сорт) сөзі де дәл осы *ян* түбіріне *-цзы* есімдік жұрнағын жалғау арқылы жасалған қытай сөзі. Ұйғыр тілінде *ян* сөзінің «закон» мағынасында қолданылмауына себеп — онда бұл мағынаны білдіретін иран тілдерінен енген *қанун, қайдә* деген баламалары бар. Қазақ тілінде бұл баламалардың жоқ болуы бірде қытайдың *заң (<ян)* сөзін, бірде орыстың *закон* сөзін қолдануына (не қабаттастыра айтуына) итермелеп отыр. Ал *закон* сөзі де қазақ тіліне революциядан бұрын енген сөз. **(Ә. Қайд.)**

Зау-зат: *Атаңа нағлет, қарақшы, Құдай сені қарғасын, Үрім-бұтақ, зау-затың мендей болып зарласын* («Қыз Жібек»). *Зау-зат* парсы тілінен кірген қос сөз. Бірінші компоненті — *зау* (زائو), немесе *заһу* (زاهو) — екі қабат әйел, босанған әйел мағынасында айтылса, екінші компоненті — *зад* (زاد) — бала, нәресте, балапан мағынасын білдіреді (қара: адамзат, бекзада). **(Ә. Қайд.)**

Зәредей//зәрредей. *Егер сен зәредей сүйе білсең өз үйіңді, өз жеріңді, өз еліңді, тұтқынға түс* (Н. Хикмет). Тілімізде *зәре//зәррә* жеке-дара тұрып сирек қолданылады. *Зәре* сөзі кейбір тілдерде «кішкентай бөлшек», «атом» мағынасында қолданылады.

Парсыша ذرّ [зәрре] — атом, молекула, бөлшек. Тәжікше *зарра* — ұсақ бөлшек; атом, қиқым. Сонда *зәредей* деген «малекуладай кішкентай бөлшек» деген сөз. (Ш. С.)

К

Кәлем//калима: кәлемге келмеу//калимаға келмеу. *Төлеген дәлдеп атыпты. Тіпті Мейрамгүлдің тілі кәлемге де келмепті... Сөйтіп, Мейрамгүл өтті дүниеден. (Ж.* Сыздықов). Бұл — араб-иран тілдерінен енген сөз. Арабша — كَلِمَة сөз (Ковалев, Шарбатов. Учебник арабского языка, 669). Парсыша كلام [кәлам] сөз; тәжікше — *калима* — сөз. Демек, *кәлемге//калимаға келмеу* деген сөз — *сөзге де келмеді, тіл қатуға да шамасы келмеді* деген ұғымда қолданылады. (Ш. С.)

Кәлла: *Әр кәллада бір қиял* (мәтел). *Ұшып кетті кәлласы, Көбейді қалмақ өлгені* («Алпамыс»). Мұндағы *кәлла* сөзі қазақ тілінің кейбір оңтүстік говорларында *«бас»* деген мағынада қолданылады. Тәжік, өзбек, ұйғыр тілдерінде де *калла* сөзі *«бас»* деген мағынада жұмсалады. Парсыша كلاه [колаһ] бас киім, бөрік деген сөз. Сонда жоғарыдағы мәтелдің мағынасы: *«Әрбір баста бір қиял»* деген сөз. Тілімізде бұл сөз *келде* күйінде де кездеседі. Мысалы: *Көсемнің кеудесі бар, келдесі жоқ, Әкеткен Қодар мұның басын кесіп* («Қозы Көрпеш — Баян сұлу») (Ш. С.)

Кәтелешке//каталашка. *Кәтелешке көбейді, Сөгіс естіп, тозды ажар* (Абай). *Такелаж* деген орыс сөзі өзгеріп келе *каталажка* болған. *Каталажка* орыс тілінде полиция участогінің қасындағы тұтқындарға арналған кішкентай бөлме деген мағынада қолданылады (Сл. рус. языка, 4 т. II, 87). *Каталашка* қазақ тілінде де осы мағынада жұмсалған. Мысалы, *Он шақты күннен бері Абай Семейде каталашкада отыр. Үлкен абақтының өзі емес* (М. Әуезов). Бұл сөздің қазақ тіліндегі тұлғасы *каталашка~кателешке* орыстың ауызекі тіліндегі *каталашка* формасынан ауысқан. (Б. С.)

Кежеге: кежегесі кейін тарту. *Біреу білгішсінгенде, Нұрбайдың кежегесі кері тартып, қырсығып қалатыны болушы еді* (Т. Нұртазин). Алтай тілінде *кедьеге* — ерлер бұрымы (алтай халқында ерлер бұрым өсіріп, оны өріп жүрген). Туваша *кежеге* — бұрым, өрілген шаш, монғол тілінде *гәзәг* — бұрым, қырғызша *кеҫіде* — желке, жүгеннің желкедегі бөлігі, ұйғырша *гәжгә* — мойын, желке. Қазақ тілінде *кежеге* сөзі жеке қолданылмайды. Оны біз тек *кежегесі кейін тарту* тіркесінің құрамында ғана кездестіреміз. *Кежегесі кейін тарту* етістігінің беретін мағынасы «алға қарай баспау, белгілі мақсатты орындауға мойыны жар бермеу». Демек, бұрымынан, желкесінен кейін тартып тұрғандай сезіну. (Ж. Б. және Ә. Қайд.)

Келеке. *Ұрлық түбі — қорлық деп, болармыз құр келеке* (Жамбыл). *Келеке* монғол тілінен ауысқан сөз. Монғолша *хэлгий* — «сақау, тілі мүкіс» деген сөз, бұл сөз *хэл* («тіл») деген сөз бен *үгүй* деген болымсыз мағына білдіретін жұрнақтан құралған. Бұрын монғол, шағатай, алтай елдерінде *хэлгий/хэлэгэй* деп тек тілі жоқ, мылқау адамды ғана емес, онымен қатар кекештеніп сөйлейтін, сөйлеуінде мүкілігі бар адамды да атаған. Бірақ кейбір зерттеушілер қазақ пен қырғыз тілдеріндегі *келеке* сөзін бұл *хэлгий* деген монғол сөзімен байланыстырмай, оны монғол тіліндегі басқа *хэлэх (э)* — «сөйлеу, әңгіме айту» деген сөзбен байланыстырады. Ал, сөздің мағына жағынан өзгерілуін былай түсіндіреді: түсініксіз тілде сөйлеп тұрған кісінің сөзі тыңдаушыға біреуді жамандап, кекетіп тұрған сияқты болып көрінеді, сондықтан монғол тілінде «сөйлеу» мағынасында қолданылатын *хэлэхэ* сөзі түркі тілдерінде «келемеждеу» деген ауыспалы ұғымды білдіріп кетуі мүмкін (Юнусалиев. Кирг. лекс., I, 213). (Н. Қ.)

Кент. *Кентті жерде жайлаған үзілмейді базары, Қайда қалмас жігіттің өлгеннен соң мазары* («Қобыланды батыр»). М. Қашғариде كند *канд*, оғыздар және олармен көршілес тұрушылардың тілінде *қыстақ* (МК. 330). Бұл парсының *кент* — «қала» деген сөзі. **(А. Мах.)**

Кеп. *Құлақпен естімей кепке жарымайсың, қолмен жемей етке жарымайсың* (мақал). Парсыша *кеф* — сөз, тіл. (Будагов. Ср. сл. тур-тат, нар. II. 107). Бұл сөз түркі тілдерінің біразында қолданылады. *Кеф, кеб* сөздері қазақ тілінің заңдылығына байланысты *кеп* болып, қатаңдап кеткен. Жоғарғы мақалда ол «әңгіме» мағынасында жұмсалған. **(Ж. Б.)**

Көбеген. *Базарбайдың Төлеген, Ерте туған көбеген* («Қыз Жібек»). *Алтыннан бесік ойдырып, Ақ торғынға бөлеген, Өлгенде көрген көбеген, Ел тілегін тілеген* («Қобыланды батыр»). *Көбеген* сөзі бұл жерде «жас бала» мағынасында жұмсалып тұр. *Бұл сөздің түбірі көбе (н) болу керек.* Қазақ говорларында *көбе//көбей//кепе//көпе/кебе* деп ерте туған қозыны не басқа малды айтады. *Итемген үлкен өгіздің қасында мұрнын шүйіріп, қорқып тұрған көпей торпақ секілді* (Ғ. Мүсірепов). Ж. Досқараевта: «кебе — көбе, марқа» (ерте туған қозы). *Көбе* — марқадан гөрі кішірек қозы; *қазір колхоздарда кебе қозы аз* (Күн., Ұр., Шығ. Қаз. обл. материалдары). *Шырағым, сіздер көбдік, біз бір кебе, Болғанда сен жел қайық біз бір кеме.* (Лютш. Кирг. хрес.; Досқараев. Қаз. тіл. жерг. ерек., 65). Көкшетау экспедициясының материалдарында: *көпей жабағы* — ерте туған құлын; *көпей тайша* — ерте туған бұзау (Нақысбеков. Көкшетау экспедициясының материалдарынан.— Қаз. тілі тар. мен диал. мәс. А., 1960, 2 шығуы, 100). Қазақ кейде кішкентай, кенже баласын *көбейім//көпем* деп атайды. *Көпей//көбе//кебе* сөздерінің мағыналары («ерте туған қозы») жырдағы *Ерте туған көбеген* деген тіркестегі мағынаға жуық. Монғол тілінде *хүбүү* — бала, *хөбгүн* — балақан деген сөз (Г. Н. Румянцев. Летопись рода

согол селенгинских бурят-монголов.— «Труды по филологии, вып. II, 153; Золотоордынская рукопись на бересте, 1941, 15). *Көбе+ген* дегендегі *-ген* жұрнағы — кішірейткіш мағынада жұмсалатын *-қан/кен* жұрнағының өзгерген түрі. *Көбе* сөзі дауыстыға біткен жіңішке сөз болғандықтан жұрнақ *-қан*, не *-кен* түрінде жалғанбай *-ген* түрінде жалғанған. Бурят-монғол тілінде *-хан (-хон), -хэн* жұрнағы сөзге кішірейткіш мағына береді. Мысалы, *муу* (нашар), *муухан* (нашарлау, нашарырақ), *залуу* (жас), *залуухан* (жасырақ, жастау) (Б. В. Матхеев. Эхирит-булагатский диалект бурят-монгольского языка. Автореферат канд. дисс..., Л., 1957, 20). Жоғарыдағы *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнақтарынан басқа *-ғана/-гене/-кене* жұрнақтары жөнінде Н. А. Баскаков былай дейді. «Аффикс — gyna ~ gyne ~ gyna//кіне//gana/, ≈ gene ~ qana/kene встречается главным образом в современных кыпчакских (казахском, каракалпакском и др.) и карлукском (узбекском) языках. В сочетании с именами существительными и прилагательными он образует уменьшительную их форму, напр. кк. közgine//közgene «глазки», qas qyna//qasqana «бровки»...: или kiškene<kisi kene «малый, маленький»... (Н А. Баскаков. Явления лексикализации аффиксов в тюркских языках. — Лексикографический сборник, вып. IV, 32). Тіліміздегі *кіш* [*і*] *кене* дегендегі — *-кене* жұрнағы осы жоғарыдағы аталған жұрнақ болу керек. *Көрпеш//*//*көрпелдес* сөзі де осы *көбе//кепе* сөздерімен төркіндес болу керек. *Р* дыбысының түсіп қалуы — түркі тілдерінде жиі ұшырайтын құбылыс (Н. К. Дмитриев. Неустойчивые положения сонорных *р, л, н* в тюркских языках — «Иссл. по ср. гр. тюрк. яз.», I, Фонетика, М., 1955). Бұл сөздердің түбірі — *көпе//көрпе*. Ал, М. Қашғари *көрпе* сөзін «кеш туған қозы» деп, ал, كرباغل (көрпэ оғул) сөзін «жазда туылған бала» деп түсіндіріпті. (Щербак. Названия домашн. и диких животных..., 114). **(Ш. С.)**

Көкмайса. *Терілген шыбын-шіркей шілде шалып, көкмайса құлпырған кез жер жасарып* (Ахметбеков). Бұл сөздің өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын бөлігі *майса* кейбір тілдерде «ең алғаш шыққан көк, көк шөп, жас, нәзік, жұмсақ шөп» деген мағынада жеке-дара тұрып та айтыла береді. Қарақалпақ тілінде *майса* — ең алғаш шыққан көк шөп, ұйғыр *(майса),* тәжік *(майса),* өзбек *(майса)* т. б. тілдерде де осылай. *Майса* сөзінің басқа түркі тілдеріндегі қолданылу мағыналарына қарағанда, *көкмайса* сөзі өз ара мағыналас екі сөзден құралған да, бір-бірінен ажырамай тұтас айтылатын бір сөз есебінде қалыптасып кеткен. **(Ә. Қ.)**

Көкпар. *Көкпарда аттан жығылған, жарылып басы, қол сынған* (Ж. Молдағалиев). Қазақ тіліндегі *көкпар* сөзі екі сөзден құралған: *көк+бөрі. Бөрі* сөзі көпшілік түркі тілдерінде «қасқыр» деген ұғымда жұмсалады. Бұл сөз алтай тілінде *бöру;* тува тілінде *бөру;* ноғай, татар, башқұрт, ұйғыр тілдерінде *бьори, бүре, бөрө* болып айтылады. Бурят-монғол тілінде *буруу* деп бұзауды және әр түрлі тағы аңның (аю, барс т. б.), малдың (бұғының) жылға толмаған төлін айтады. *Көк* сөзі басқа түркі тілдеріндегідей қазақ тілінде де «заттың түсі, аспан, жас балауса шөп, жаңа шыққан жеміс-желең, өрімдей жас» деген мағыналарда қолданылады. *Бөрі* сөзіне қосылып *көк* сөзі «мықты, азулы, нағыз көк жал қасқыр» деген ұғымды білдіреді. Тува тілінде көк жал қасқырды *көк бөрү* дейді. Қазақ тілінде *бөрі* сөзін *қасқыр* сөзі азды-көпті әдеби тілден ығыстырғанға ұқсайды. Бірақ, *бөрі* сөзі тіліміздің, қолданылудан шықпаған, жалпыға бірдей түсінікті. Сөйтіп, *көкпар* сөзі *көк* және *бөрі* деген екі сөзден құралған. Бастапқы *б* дыбысының қатаңдап *п*-ға айналуына бірінші сөздегі қатаң *к* дыбысы әсер еткен. Екпін алдыңғы дауыстыға түсуімен байланысты *і* дыбысы түсіп қалған. Алғашқыда қасқыр соғумен байланысты шыққан *көкпар* сөзі кейін келе ұлт ойынының бір түріне айналып, қасқыр (бөрі) емес, көкпарға тартатын лақ, ешкі, қозы сияқты асыранды малдардың төлі болған. **(Б. С.)**

Көнектей. *Ботагөздің бет-аузы көнектей ісік және сағалданған қанның жолақ-жолақ ізі* (С. Мұқанов). *Көнектей ісік шекесі қол тигізер емес* (Ө. Қанахин). Монғолиядағы және республикамыздың солтүстік-шығыс аймақтарындағы қазақтар тілінде *көнек* деп құдыққа қауға ретінде салатын ағаштан жасалған шелекті не теріден жасалған ыдысты айтады. *Көнек* жеке сөз ретінде кей облыстарда мүлде қолданылмайды, бірақ ол жерлерде *көнектей* сын есімі жиі айтылады. *Көнек* сөзі түркімен тілінде де қолданылады: онда *көнек (кө+ +нек))* деп тұз салатын тері қапты айтады. Бұл сөз, көбінесе, мөлшерден тыс үлкен, қампиған, көлемді деген мағынада қолданылады. Сол себепті де *көнектей* сөзі *ісік* зат есімімен жиі тіркеседі. *Көнек* зат есімінің түбірі *кө*н болуы керек, *-ек* — оған қосылған кішірейткіш жұрнақ. **(Ж. Б.)**

Көпшік. *Ақбоз аттың тоқым-көпшігі де аппақ* (М. Әуезов). *Оқшаулау жерге үй тігеді де, оның ішіне кілем жайып, көрпе төсеп, көпшіктер қояды* (Ы. Алтынсарин). Батыс Қазақстан аймағында *көпшік* сөзі жастық мағынасында жұмсалады. Ал, республикамыздың басқа жерлеріндегі мағынасы — көрпеше, немесе ердің үстіне салатын кішкене жастық. Башқұрт тілінде *көпшәк* — жұмсақ, былқылдақ, *көпшәкләнеу* — жұмсару, былқылдау. Татар тілінде де *көпшәк* — жұмсақ, былқылдақ, *көпшәкләндерү* — жұмсарту, былқылдату, босату. Татар, башқұрт тілдеріндегі *көпшәк* сөзі қазақ тіліне ауысып қазақша *көпшік* болып, соңғы буындағы *ә* дыбысы *і*-ге алмасқан тәрізді. Сонымен, қазақ тіліндегі *көпшік* сөзі татар, башқұрт тіліндегі *көпшәк* (жұмсақ) есімімен түбірлес. Қазақ тілінде *көпсіту* етістігі де жиі қолданылады. Ол жұмсарту, көтеру деген мағынада жұмсалады. *Көпсіту* етістігі *көпшік* зат есімімен түбірлес болуға тиіс. *-Шік* кішірейткіш жұрнақ болуға тиіс. **(Ж. Б.)**

Көсеге: *көсегесі көгеру. Көсегесі көгеріп, Кең өткелі көл болды; Асты күміс, үсті ырыс Таудан алтын, сайдан мыс, Телегей-теңіз көл болды* (Жамбыл). *Көсеге* сөзі қазақ тілінде өзінің дербестігін жоғалтып, тек *көсегең көгерсін, көсегесі көгеріп* деген тіркестерде ғана «өмірің ұзақ болсын, бала-шағалы бол, өркенің өссін» мағынасында қолданылады. *Көсеге* сөзінің *көгеру* сөзімен бірге айтылуында да белгілі заңдылық бар сияқты. Өйткені түркі халықтарының тіл дәстүрінде *көк* (түс), *көгеру, көктеу* сөздері өзінің негізгі мағынасымен қатар, өсіп-өнудің, өркендеудің, дамудың символикасы ретінде ауыс мағынада да қолданылады. Дәл сол сияқты, керісінше, *көгермеу, көктемеу* сөздері «өшу, сөну» мағынасын береді. Ал *көсеге* сөзімен *көгеру, көктеу* сөздерінің тұрақты тіркес ретінде қалыптасуында белгілі семантикалық, логикалық байланыс, заңдылық бар. Ол заңдылықты біз қазақ тіліндегі *«көсегең көгеріп, көрпең ұзарсын»*, ұйғыр тіліндегі *«Жиғлиман, қиз, жиғлиман, тоюң болур, Алтун бөшүк, көшүгә, өйүң болур»* (Жылама, қыз, жылама, тойың болар, алтын бесік, *көсеге*, үйің болар) тәрізді мысалдардан байқауымызға болады. Бұл арадағы *көсеге* (қаз.), *көшүгә* (ұйғ.) екеуі бір сөз. *Көсеге* сөзі басқа туыстас тілдерде күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан дербес, заттық мағынасы бар сөз. Мысалы: хакас тілінде *көзеге//көзенъе* — перде, *шымылдық және жаңа үйленген жастардың төсек-орнын қоршап тұратын шымылдық* мағынасында қолданылады. Тува тілінде де *көжеге* — шымылдық, перде, моңғол тілінде *хөшиг* — шымылдық, штора. В. В. Радловтың еңбегінде де алтай түріктерінің көбінде-ақ бұл сөздің «шымылдық, перде, қоршау» мағынасында кездесетіндігі көрсетілген. Мысалы: сағай, койбол тілдерінде — *көзәггә*, қызыл тілінде — *көзөңө*, шор тілінде — *көжәгә*, телеуіт тілінде — *көшәгә* т. б. Ал түркі тілдерінің кейбіреуінде бұл сөздің мағына жағынан ауытқуы да байқалады. Мысалы, тобол тілінде *күшәк* — бөлме, бөлмеше, көне ұйғыр тілінде

көжүнжүк — көрпе, мадияр тілінде *көжәг* төбесі шошайған киіз үй мағынасында айтылатын көрінеді (Радлов. Опыт сл., II—IV). Сол сияқты қазіргі ұйғыр тілінде де *көшүгә//көшүк* сөзінің 2—3 мағынада айтылуы байқалады: 1) перде (Радлов. Опыт сл. II, 1304); 2) шымылдық, ширма (өлікті шығарғанға дейін қоршап қоятын), кейде *көшүгә* шешек ауруымен ауырған адамның төсек-орнын қоршау үшін де қолданылады; 3) сабаннан тоқылған шарбақ ыдысты ұйғырша *көшік* деп те атайды. Сол сияқты, Сибирь орыстарының тіліндегі *кош, кошица* (балық, шаян аулайтын үлкен корзина) орыс тілінің оңтүстік говорында кездесетін *қошица* (плетеный шалаш, малая, холостая кибитка) сөздері де (Сл. Даля, II, 133) *көсеге* сөзіне қатысы бар сияқты. Үйткені, *көсеге* сөзі жоғарыда келтірілген түркі тілдерінің көпшілігінде 1) перде, шымылдық; 2) перде, шымылдықпен қоршалған төсек орын; 3) жаңа үйленген жастарға арналған отауша, бөлімше, үйшік сияқты негізгі мағынаға және 4) көрпе; 5) тоқылған корзина, себет деген қосымша мағынаға ие. (Абаев. Ист.-этим. сл. осет. яз. 642—43) *күшк//коскә//көсгә* (ни́ща, бойница), парсы тіліндегі *кушк* (павильон, киоск, вышка, башня), грузин тіліндегі *къошкі* (башня), убых тіліндегі *квашк* (господский дом), түркі тілдеріндегі *көшк* (павильон, киоск) түбірлес сөздер және олар орта иран тілдеріндегі *гошак//гоша* (уголок, уеденение, место) сөздерінен келіп шыққан деген тұжырым жасайды. Тіпті Европа тілдеріндегі *киоск*, қазіргі парсы тіліндегі (کوچه) және одан түркі тілдердің біразына енген *көше* (қаз.), *коча* (ұйғ.) сөзі, осман түріктері тіліндегі *көшк* (павильон, место для султана в любом публичном здании, ложа, комната) (Радлов. Опыт сл. II, 1306), орыс тіліндегі *кушак* — төсек (орыс тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде бұл сөзді орыс тіліне XVI ғасырда түркі тілдерінен кірген деген мәлімдеме берілген, 176-бет) осы сөздердің бәрінің о баста төркіні бір

болуы керек деп ойлаймыз. Олар әрбір тілдің өзіндік даму ерекшелігіне байланысты әр түрлі фонетикалық, лексика-семантикалық өзгерістерге душар болған. Ал енді *көсеге* сөзінің өзіне келсек, ол *көсегең көгерсін* деген тіркесте «шымылдық, жастардың төсек-орны, өздеріне меншікті бөлме, отауы» деген мағынадан ауыса келе, жалпы үйішін, бала-шаға, бау-шарбақты, тіпті адам баласының жалпы өмірін сыпаттап тұр. *Көсеге* сөзінің морфологиялық құрамына келсек, ол туралы әр түрлі жорамал айтуға болады. Егер *көсеге*-нің о бастағы қызметін ерлі-зайыпты адамдарды көп көзінен жасыру, тасалау, олардың төсек-орнын оңашалау үшін шымылдық ұстау, перде тарту деп түсінсек, онда оның түбірі *көз* сөзімен байланысты. Сонда *көз* сөзіне *-еге* жұрнағының жалғануы арқылы (салыстыр: *кер-еге, кеб-еже, бос-аға, бет-еге)* түркі тілдері негізінде жасалған деп жорамалдауға болады. Мұндағы *з* дыбысының *с, ш, ж* дыбыстарымен алмасуы, немесе *-еге* формасының *-үгә//-әгә//-өңө//-үк//-үг//-иг//-әк//-ак* формаларына ауысуын фонетикалық құбылыстар ретінде дәлелдеуге әбден болады. **(Ә. Қайд.)**

Күбір: күл-күбір//күл-көбір. *Күбүр* қырғыз тілінде жеке айтыла береді. Мысалы: *суунүн үстүнде күбүр түрүп. Күбір* — қайнатқан судан шыққан көбік, қиқым-сиқым. Сыр жағының қазақтарының тілінде *сиырдың күбірі* деген тіркес бар. Мұның мағынасы — «сиырдың тезегі». Бұл да қалдық, *күл* деген де қалдық. Қазақ тіліндегі *күл-күбір*дің соңғы сыңары «тезек» мағынасындағы сөз болса керек. **(І. К.)**

Күзгі. *Әр шәһәрге қарасаң, Құрулы тұрған күзгі бар, Күзгіні көр де көзім көр!* («Ер Тарғын»). Татарша *көзге* — айна. Түркі тілдерінде *ү, ө* дыбыстары (салыстыр: *көз — күз)* алмаса береді. Талданып отырған *күзгі* сөзінің түбірі *күз- (көз-)* болуы ықтимал, мәні бір нәрсені көрсететін зат дегенді білдірсе керек. Сөз соңындағы *-гі (-ге)* есім тудыратын (салыстыр: *шап-қы, сүз-гі)* жұрнаққа ұқсайды **(А. Мах.)**

Күндес. *Мен ол үйге қатынасып жүрем,— деді Болатбай,— апаңның күндесі өлген* (С. Мұқанов). *Күндес* сөзі тек әйелдерге ғана айтылады. Бір адамның әйелдері бірін-бірі *күндес* деп атайды. *Күндес//күндәш//күндош//күндөш* сөзі дәл осы мағынада қарақалпақ, ұйғыр, өзбек, қырғыз тілдерінде де қолданылады. Күндес сөзінің түбірі *күни, күні* болу керек. Ол көне түркі ескерткіштерінде «аманат, нақсүйер әйел» деген мағынаны білдірген. (Батманов и др. Совр. и др. Енис., Фрунзе, 1962, 67). Қазіргі тіліміздегі *күндестің күні де күндес* деген мақал Махмуд Қашғаридың сөздігінде künining küline tegü уаді болып келеді (МК. т. III, 237). Қазіргі қырғыз тілінде *күндес* сөзінің орнына бұл сөздің көне формасы *күну* сөзі қолданылады. Тува, хакас, шор, ұйғыр, якут тілдерінде *хүннээр, күн, күнә, куну* сөздері «қызғану» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде бұл түбірден *күндес, күншіл, күндеу* сөздері туған тәрізді. Тіліміздегі *күң* сөзі де осы *күндес* сөзімен түбірлес болар дейміз. **(Б. С.)**

Кіре. *Әлі менің бір кіреме жеткен жоқ,— деп кіреші Ыбырай жымиып қояды* (Ғ. Мүсірепов). Араб тілінде كِرَاء *кираһун* — ақы, жалданған көлік ақысы, арендалық ақы. К. К. Юдахин қырғыз тіліндегі *кіре* сөзін жалданған көлік, жалданған көлік ақысы, арендалық ақы деп, оның араб-парсы тілдерінен ауысқанын көрсетеді (Кир.- рус. сл. М., 1940). Қазақ, қарақалпақ тілдерінде де *кіре, кірей* (кирей) дәл осындай мағыналарды білдіреді. *Кіре* түбірінен *кіреші, кірекеш* туынды түбірлері жасалған. **(А. Мах.)**

Кірпіш. *Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан* (Абай). Бұл сөз қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеседі. Қарақалпақша *гербиш,* хакасша *кірпис,* ноғайша *кербиш,* қырғызша *кirpiс,* түрікше *kerpiç,* чувашша *кирпеч,* азербайжанша *кәрпич,* башқұртша *кирбес,* татарша *кирпеч,* қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде бұл сөздің орнына парсы тілінен алынған мына خشت

ғишт, хиш сөзі қолданылады. Ал, сары ұйғыр тілінде бұл сөз семантикалық өзгеріске ұшыраған. Сары ұйғыр тілінде *кервыш* — қойдың кепкен құмалағы (Малов. Яз. жел. уйг,. 67). Ал көне түркі ескерткіштерінің көпшілігінде *кәрпіч, (кирпич)* түрінде кездеседі. (МК. А. I, 424; Мелиоранский. «Араб-филолог о турецком языке», СПб., 1900, 109). Кейбір ескерткіштерде бұл сөздің *кілürріç* түрінде айтылғандығы көрсетіледі. (Ettuhfet üz-zekiyye fillugat-it Türkiyye, Jst, 1945, 45). Д. Н. Ушаков оны парсы тіліне жатқызады (Ушаков. Толк. сл. рус. яз. I, 1358). Л. З. Будагов өзінің сөздігінде *кірпіш* сөзін де, *кірәдже* сөзін де араб, парсы тілдеріндегі خص، كيچ (хиш, кич) сөзінен шығарады. (Будагов. Ср. сл. тур. тат. нар. т. II, 121). *Кириш//кіреç* сөзі өзінің алғашқы мағынасында («известь») қазіргі ноғай, түрік тілдерінде қолданылады. Қазіргі азербайжан тілінде *кирәч* сөзі «гипс, алебастр» деген мағынада қолданылады. Бұл сөз көне түркі ескерткіштерінде де бар. «Кодекс Куманикусте» *кірäç,* XII ғасырдағы түрік-араб сөздігінде kiräç (Radloff., CC. St. — Peterburg, 1887, 34; M. ГН. Hautsma, Ein turkisch-arabisches Glossar, Leiden, 1894, 96) «известь» деген мағынада кездеседі. Сөйтіп *кіріш* сөзі жоғарда аталған тілдердегі мағынасына жуық қазақ тілінде де ұшырайды. *Ат тұяғы тимеген Ақ кіріш тас суда бар* (Бұхар жырау, ЦНБ АН КазССР, папка № 1177, 30). Қазақ тілінің говорларында да *кіріш* сөзі бар. Ал, әдеби тілде бұл сөздің орнына *у тас, әк, ақ балшық* сөздері қолданылады. Біздің ойымызша, осы *кіріш* сөзі мен *кірпіш* сөзі бір түбірден таралған көне түркі сөздері. Бұл екі сөздің түбірі түркі тілдерінің бәрінде де кездесетін «балшық, топырақ, лай» мағынасында айтылатын *кір//кер//кир* сөзі болмас па деп жорамалдаймыз. *Кір//кер* сөзінің көне уақыттағы мағынасын да, фонетикалық тұлғасын да айтып беру әзірше қиын, дегенмен бұл белгілі бір кеннің, топырақтың не тастың аты болуы ықтимал. Үйткені бұл сөз *кил* түрінде де кездеседі. Қазіргі азербайжан тілінде *кил* — топырақ, құрамында сілтісі көп топырақтың түрі деген мағынада қолданылады. Ал кірпіш сөзінің көне ескерткіштерде кілürріç түрі де ұшырасады. *Кірпіш//кічәç//кірач* сөзінің екінші компоненті әç äч сөзі «ақ» деген мағынаға барабар болу керек, қазіргі ұйғыр тілінде «ашық, ақ» деген мағынада *ач* сөзі қолданылады. Қазақ, қырғыз тілдерінде известь деген ұғымды *ақтас* (у тас), *акиташ* (И. А. Батманов. Фонетическая система совр. кир. языка, 83) деп айта береді. *Ақ кіріш тас* деген тіркесте мағынасы белгісізденіп кеткен *кір+іш (кір+ач-ақ тас)* деген сөзге белгілі *ақ, тас* деген сөздер екінші рет қосылып жұмсалған болу керек деп шамалаймыз. **(Б. С.)**

Кіші-гірім. Өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын *гірім* сөзінің түбірі, біздің ойымызша, *қыр* болу керек. Ол белгілі *-ым* жұрнағымен тұлғаланған да, алдыңғы сөздің ыңғайымен жіңішкеріп кеткен: *қыр-ым>кірім.* Одан барып сөз басындағы *к* дыбысы интервокальдық позицияда қолданылып тұрғандықтан *г* дыбысына ауысқан: *гірім.* Кейбір тілдерде *қыр (қыра)* сөзі «кіші, кішкентай, аз, азғантай, болмашы ғана» деген мағынада жұмсалады. Мысалы, якут тілінде *кыра* — кішкентай, майда, маңызсыз, іні-қарындасы, жас кісі, майда-шүйде нәрсе, *кыра балык* — майда балық, *кыра балыс* — балдыз (кіші балдыз). Осы түбірлес басқа да сөздер бар: *кырала* — майдалау, ұсақтау, қидалау, кесу, *кыратык, кырба, кур: курä балыс (кыра балыс)* т. б. *қыра (күре)* сөзінің «кіші» деген ұғымда жұмсалуы соңғы мысалдардан әсіресе айқын көрінеді. Салыстырыңыз: бурят-монғол тілдерінде *хүр: хүр дүү* — балдыз (әйелдің інісі), монғолша *хүр: хүр дүү* — балдыз, *күре* — майда-шүйде, қоқыр-соқыр нәрсе. Демек, *хур, күре* сөздері монғол тілдерінде де дәл осы мағынада жұмсалады. Түркі тілдерінде *қырбан* өте майда, барынша ұсақ етіп туралған ет, майдалау, қиқалау, жентектеу, ұнтақтау,

түрікше *kirinti* — ұсақ-түйек, кесек, ұнтақ, үгінді, майда-шүйде болып қалған зат, *кічік* — сынған, ұндалған, быт-шыт болған майдаланған нәрсе. Бұл мысалдарға қарап *қыр* деген түбірге әрқилы қосымшалар жалғанып келе беретінін көру қиын емес. Соның бірі — біздің тіліміздегі *-ым* жұрнағы болса керек: *қырым*. Сонымен бірге қазіргі қазақ тіліндегі *қырау, қырбық* (қар), *қырамық (қар қырамықтап жауып тұр)* сөздерінің түбірі де осы *қыр* сөзіне келіп саятын секілді. Якут тілінде *кырамаі: кырамаі хар* — майда, ұлпа қар, *кырамах* — ұсақ қар түйіндері, *кыраса* — ең бірінші жауған қар, ақша қар, *кыраса хар* — ұлпақ қар, *кырымак, кырамах* — қырамық қар, *кырыа* — қырау, монғолша *кырымак* — күзгі жауған алғашқы қар, бурятша *хіру* — қырау, қырғызша *қараша* — ең бірінші жауған қар, түркіше *кыраγу* — қырау т. т. **(Ә. Қ.)**

Қ

Қадағаш. Ат байлайтын ағаш. Мұны *қада* деп те айтады. Бұл сөздің түбірі — *қад//қада*. Кейбір түркі тілдерінде *қад//қаду* сөзі *шеге* мағынасында жұмсалады. Алтайша *қаду* — шеге; *Қадула* — шегелеу. Сонда *қадағаш* — ағаш шегеге ұқсатылып, *қа-+да+ағаш>қадағаш* болып айтылып кеткен. Тіліміздегі *қад+а, қад+ау* (салыстыр: *сан+а, жас++а* т. б.) етістіктерінің түбірі осы *қад* (шеге) сөзімен байланысты болу керек. **(Ш. С.)**

Қайғы. *Дүние жүзі еңбекшілерін қамықтырған ұлы қазаға бүкіл қазақ даласы да қайғы-қасірет шекті* (М. Қаратаев). Тува тілінде *хай боол* — уайымдау деген сөз, *хай* — бәле, бақытсыздық, монғол тілінде *гай* — бәле, сор деген сөз. Сонымен, тіліміздегі *қайғы* сөзі монғол, тува тілдеріндегі осы мағынадағы *хай, гай* сөзімен түбірлес болуы тиіс. *Қайғы* сөзі көптеген түркі тілдерінде (ұйғыр, қырғыз, өзбек, түркмен) бар. *Қайғы* зат есімі қазақ тілінде *-ғы* жұрнағынсыз қолданылмайды. **(Ж. Б.)**

Қайын: қайын жұрт. *Ер жігіттің үш жұрты болады: бірі — өз жұрты, екіншісі — нағашы жұрты, үшіншісі — қайын жұрты* (халық сөзі). Қазіргі тіліміздe *қайын ана, қайын ата, қайын ене, қайнаға, қайын іні, қайынбике, қайын сіңлі* болып туыстық атауларының бірталайына тіркесетін осы *қайын* сөзі әуел баста тек әйелдің туыстарына ғана қолданылған болу керек. Кейін *қайын* сөзі екі жаққа бірдей ортақ атау болып кеткен. Олай болу себебі *қайын* сөзі о баста *қadhін* (қатын) деген сөзден шыққан. Махмұд Қашғаридің сөздігінде *kadhnagun* (қайынаға) деп тек күйеу жігіт әйелінің туыстарын айтатындығы көрсетіледі (МК. I, 528). *Мухаддимат-ал-адаб сөздігінен де бұл* атаудың qadum — әйел жағынан туыстар. (Мухад. ал-адаб. М.— Л., 1938, 286). Түркі тілдерінің бірталайында көне *т (д)* дыбыстарының *й (з) р* дыбыстарымен алмасып отыру заңдылығы бар. (Н. К. Дмитриев. Соответствия р (д) т/з//з/й.— Исслед. по ср. гр-ке тюрк. яз. I, М., 1955, 326). Қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай *қайын* сөзіндегі *й* дыбысы бірде д (т), бірде *й(з)* дыбыстарымен алмасып отырады. Мысалы, хакас тілінде *қайын* сөзі *хазын* болып айтылады, *қайын ене* сөзі *хазине (хазын* және *ине* сөздерінің бірігуінен) *қайын аға* сөзі *хазынах (хазын* және *аға* сөздері бірігіп); тува тілінде «қайын ата» сөзі — *хаты*, «қайын ене» сөзі — *қат ие (зи)* болып айтылады. Сөйтіп, «қайын» сөзін «қатын» сөзінің фонетикалық өзгерген формасы деп табамыз. Түркі тілдеріндегі туыстық атауларды зерттеуші Л. А. Покровская да «қайын» сөзін *қадан/қатын* сөзімен жақындастырып, бұл атаудың кейбір түркі тілдерінде тек әйел жағынан болған туыстарға айтылатындығын көрсетеді (Покровская. Термины родства..., 71). **(Б. С.)**

Қалжа. *Шешеміз бізді туғанда қалжа жеген* (Ә. Райымқұлов). Л. З. Будагов قالجه (қалже) сөзі парсы тіліндегі «бір жапырақ ет» деген мағынада

жұмсалатын قالج (қалиж) сөзінен ауысқан дейді (Будагов. Ср. сл. тур-тат. нар. II, 22). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз босанған әйелге арналып пісірілген тағам атауы. Татар тілінде *қалжа* деп уақтап туралған етті айтады. **(Б. С.)**

Қалпы. *Халық айтпайды, Халық айтса, қалпы айтпайды* (мақал). Бұл сөз морфологиялық тұлғасы жағынан да, лексика-семантикалық жағынан да өзгеше. Мағынасы түсініксіз, сондықтан да кейбір әдебиеттерде дұрыс жазылмай, бұрмаланып берілген (қалып, қалық). Бұл сөздің мағынасы «өтірік, жалған, алдамшы, теріс». Қазіргі қазақ тілінің лексикасында *қалпы* актив сөздердің қатарына жата алмайды, бірен-саран мақал-мәтелдердің құрамында ғана кездеседі. Ал басқа түркі тілдерінде ол жеке-дара тұрып та, бөтен түрлі сөздермен тіркесіп те және әрқилы форманттармен түрленіп келіп те айтыла береді. Онда «өтірік, жалған, бос, бекер» сияқты бірнеше алуан мағына беру үшін жұмсалады. Қырғызша *qalp* — өтірік; қарақалпақша *қалп* — өтірік, бекер, теріс, бос; өзбекше *қалб* — арам, шірік; ұйғырша *қалб* — өтірікші, алдамшы; түрікше qalb — өтірік жасалған нәрсе, жалған, түрікпенше *галп* — жалған, жалғаншы, опасыз; азербайжанша *гәлб* — өтірік жасалған, жалған іс; тәжікше *қалб* сөзі де осы мағынада, парсыша قلب *(галб)* — осы іспеттес, осетинше galiw, galiw — теріс, солақай. В. В. Радловта: [*қалп*] *Ккіг,* قلب، قلب (Osm)] өтірік, жалған, қолдан жасалған; *қалп акча* — жалған, ақша, *қалп адам* — өтірікші адам, суайт (Радлов. Опыт сл. II, 268) Л. З. Будаговта да *қалп* сөзі осы мағынада көрсетілген (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. II, 61). *Қалп* — түркі тілдеріне араб тілінен енген сөз. Бұл құбылысты К. К. Юдахин (Кир.-рус. сл.,), В. В. Радлов (Опыт сл. II, 268), Л. З. Будагов (Ср. сл. тур.-тат. нар. II, 61), Н. А. Баскаков (Состав лексики карак. языка и структура слова. — Иссл. по срав. грам. тюрк. яз. IV, лексика, М., 1962, 77) көрсеткен. Қазіргі араб тілінде бұл сөз мынадай мағыналарды білдіреді. قلب өзгергіш, ауыспалы; قلوب тұрақсыз, өзгергіш; متقلب өзгергіш, ауыспалы, тұрақсыз. Қазақ тіліндегі *қалпы* араб тіліндегі тұрақсыз, өзгергіш деген мағынадағы сөзбен ұштасады. **(С. И. және Ә. Қ.)**

Қалы: қалы кілем//калі кілем. *Қалі кілем, қара нар, Тайтұяқ жамбы және бар* («Қамбар батыр»). Бұрынғы уақытта құрметті үлкен сыйлық, тарту немесе бәйгі ретінде қара нар, қалі кілем берген. «Үлкен кілем» дегенді азербайжан тілінде *хали* дейді. Жүннен тоқыған жақсы кілемді қырғыз тілінде *қалы кілем* дейді. Қазақ тілінде де бұл әдемі үлкен кілем мағынасында қолданылады; قالی — гали — парсы тілінен ауысқан сөз, мағынасы «кілем». **(І. К. және Ж. Б.)**

Қалықтау. *Керуен адамдарының айтуынша, олар Тосын құмның елсіз-күнсіз арасымен келе жатса, биіктеп шарықтаған бүркіт бір төңіректі орай қалықтап жүреді де қояды* (С. Мұқанов). *Қалықтау* сөзінің соңғы *-та* бөлегі есім сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі (сал: *жат-та, бас-та, ақ-та,* т. б.). Бірақ қазіргі қазақ тілінде *қалық* деген дербес мағыналы сөз жоқ. Көне түркі тілінде *қалық* сөзі «аспан, көк», «жоғары, үйдің жоғарғы қабаты, жоғарғы орын» мағыналарын берген (Малов. Пам. др. письм., 177). Л. З. Будаговта: уйг. قالق қалық, жоғарғы қабат (Будагов. Ср. сл. тур.-тар. нар. II, 22). *Қалық* сөзінің өзі негізгі түбір емес. Көне түркі тілінде *қалы* етістігі кездеседі: qalu жоғары көтерілу, шарықтау, секіру (Малов. Пам. др. письм., 410), Радловта: қалы [Tel. Leb. Koib. Sag. Tob. (Vig)] секіру, көтерілу (Радлов. Опыт сл., 239—40); алтай, тува тілдерінде де *қалы* — секіру, секіріп өту; халыыр (халы) — 1) секіру; 2) жүгіру. Сөйтіп, *қалық* деген есім сөз *қалы* етістігінен *-(ы)қ* жұрнағы арқылы жасалған. Біздің жобалауымызша, кейбір түркі тілдерінде (қырғыз, қазақ, татар, башқұрт, түрік) *қал(ы)* түбірінен жасалған *қалқу* сөзі де кездеседі, ол бірдеңенің бетіне шығу, жүзу, көтерілу,

жоғарылау мағынасын береді. Сонымен, етістік түбірге *-(ы)қ* қосымшасының жалғануы арқылы есім *(қалық)* туып, оған *-та* жұрнағы үстеліп барып қайтадан етістік жасалған тәрізді *(қалықта)*. *Қалық* сөзінің көне түркі тілінде «аспан, көк» мағынасында қолданылуының себебі мынада сияқты: *қалы* етістігі «жоғарылау, өрлеу, көкке қарай көтерілу» деген мағына береді, ал одан жасалған есім «жоғары жақ, көк, аспан» болуы керек. Қазіргі қазақ тілінде *қалы* етістік сөзі де, *қалық* деген туынды зат есім де дербес қолданылмай, өлі түбірлерге айналған. **(С. И.)**

Қам: қам көңіл, қам жеме, қам жеу. *Ыбырай, қара басым үшін қам жемеймін* (М. Ақынжанов). *Биыл мал аяғын көбейтудің қамын жеңіздер* (М. Иманжанов). *Қам* сөзі башқұрт, татар тілдерінде «қайғы, уайым» мағынасында қолданылады. Ол өзбек, түрікмен тілдерінде де осы мағынада жұмсалады. *Қам* сөзі қазақ тілінде жеке тұрып «қайғы, уайым» мағынасында айтылмайды, ол тек жоғарыдағыдай тіркесті күйінде ғана ұшырайды. *Қам* сөзі алтай, тува тілдеріне тарамаған. Бұл сөз түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен енген. **(Ж. Б.)**

Қанжыға. *Тағы да қанды қанжар салақтатып, Көздерін жын соққандай алақтатып, Кез келсе кек сақтар ер басын кесіп, Байлайды қанжығаға салақтатып...* (С. Сейфуллин). Қазақ тілінде *қанжыға* деп ердің екі қапталының артқы қасынан кейінгі екі ұшына тақау жерге бірдеңе байлап қою үшін тесіп өткізілетін қайыс немесе жіпті айтады. *Қанжыға* сөзі қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдерінде де дәл осы мағынада қолданылады. Бұл сөз башқұрт тілінде *каньяға,* алтай тілінде *кандьага,* монғол, бурят-монғол тілдерінде *ганзага,* қалмақ тілінде *ганзгь* түрінде кездеседі. Азербайжан, түрік тілдерінде *қанжығаны* tərki (jəhər tərki) дейді, хакас тілінде бұл сөз *тиргі (алын тиргі* — алдыңғы қанжыға; *кизін тиргі* — артқы қанжыға) болып айтылады, бірақ та «қанжығаға байлау» деген мағынада *тиргіле, тиргілет* етістігімен қатар *ханчағыла, ханчағылат* етістігі де қолданылады (Хакасско-рус. сл. М., 1953). Біздің шамалауымызша бұл сөз монғол тілдерінен ауысып келген және оның мағынасы осы тілдерде «салбыратып асу, асып байлап қою, салақтап тұру» деген мағыналарда кездесетін *һанжыха, һанжаха* сөзімен тығыз байланысты болу керек. (Бурят-монг.-рус. сл. М., 1951; Монгольско-русск. сл. М., 1957). Б. О. Орузбаева *қанжыға, тууға, көшөгө* сияқты сөздердің монғол тілдеріне тән сөз жасалу жолдары арқылы жасалғандығын айта келіп, бұл сөздердің түбір түрі *-ылға//-ға* қосымшасыз түркі тілдерінде кездеспейді және лексикалық мағынасы жоқ дейді. (Б. О. Орузбаева. Словообр. в кирг. яз. Фрунзе, 1964, 129, 180). *Қанжыға* сөзі түркі тілдеріне конкретті бір мағынада ауысып келген монғол сөзі болар деп шамалаймыз. **(Б. С.)**

Қан сонар: *Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға* (Абай). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *қан сонар* деген тұрақты сөз тіркесіне «жаңа жауған қардан соңғы аң аулауға шығатын мезгіл» деген анықтама берілген. Түркі тілдерінде *қан* сөзінің адамның, тірі мақұлықтың «қаны» (кровь) және «билеуші, әмірші» дегеннен басқа мағыналары байқалмайды. Сондықтан да біз оны монғол тілдеріндегі *хон* сөзімен жақындатқымыз келеді. Бұл тілдерде *хон* — тыныштық, *хон жән* — жым-жырт тыныштық. *Хон* сөзінің *қан* сөзіне айналуы бұл тілдердің фонетикалық заңдылықтарынан алшақ жатқан құбылыс емес. Ал *сонар* сөзі түркі-монғол тілдерінің біразында-ақ жеке-дара қолданыла беретін байырғы сөз. Мысалы, қырғыз тілінде *сонор* және онымен түбірлес бірнеше туынды сөздер кездеседі: *сонор* — 1) жаңа ғана жауған жұқа қар; 2) жаңа жауған қардан кейін құс немесе итпен аулау; *сонор куу* — жабайы аңдардың артына түсу; *сонорлаш* — аңға бірге шыққан жолдас; *сонун* — жақсы, ыңғайлы, алғашқы қызық; *сонуну тарқады* — алғашқы қызығы тарқады; *сонун-сорду* — қуанышты хабар; *сонунда* — қызық-

ты іс көрсету; ең ыңғайлысын, дұрысын талғап алу; В. Радловтың көрсетуі бойынша қырғыз тілінде *сону* — жан адам баспаған қар; ешкім тимеген жер. Якут тілінде *сонор//сонун//сонуо//соно* — күздегі бірінші жауған қар (кейде *сонор хар);* ізді байқауға қолайлы жаңа жауған қар; жаңалық, жаңа; *сонун* — жаңа; *сонун қәпсән* — жаңа әңгіме; *сонун оғо* — жаңа туған бала; *сонун тыл* — жаңа тіл (Радлов. Опыт сл. I, 131); монғол тілінде *һони(н)* — жаңалық хабар; қызықты, тамаша,; жаңа, беймәлім, ғажайып, *һонинтай* — қызықты, мұнда *с* ≅ *h* дыбыстары ауысқан (монғ.) *һоно,* қаз. (*сона*); ұйғыр тілінде *сону* — дәп-дәл; қазақ тілінде *соны* — тың, жаңа. Жоғарыда келтірілген *сонар//сонур//сону//соны//сонун//һонин* сөздерінің түбірі біреу-ақ, ол — *сон,* ал *-ар//-ор//-ур//-у//-ы//-ун//-ин* — бұлардың барлығы жалғау-жұрнақтар. Сонда *сон* түбір сөзі «жаңа, тың, алғашқы, бірінші»; «басқаларға қарағанда дұрысы, тәуірі, қолайлысы» деген мағыналарды беретінін байқаймыз. Ал *сонор* сөзінің қазіргі уақытта беретін «жаңа жауған ұлпа қар», немесе «жаңа жауған ұлпа қардан кейінгі аң аулауға шығатын мезгіл» деген мағыналары, әрине, оның ауыспалы мағыналары. Кейінгі мағынасында *сонор* сөзі тіпті орыс тіліне де ауысқан көрінеді. В. Дальдің сөздігіндегі *сонорить* (охотиться на лыжах за дикими козами, открывать след, прослеживать, выслеживать зайцев по свежевыпавшему, осеннему снегу) деген етістік формасы сол *сонор* сөзінің негізінде жасалып отыр. Сонда о баста *қан сонар...* тіркесі «алғашқы қардан кейінгі тым-тырыс уақыт» деген ұғымды білдірген болу керек. **(Ә. Қайд.)**

Қап: қап тауы. *Хасен ел-жұртын, мал-мүлкін тастап, қаңғырып ғашығын іздеген... Неше ай, неше күн михнат шегіп, жол жүріп, Қап тауынан асып, бір бәйтеректің түбіне келіп, тынығып жатқан* (С. Сейфуллин). Парсы тілінде قف (гаф) — тау, бүкіл дүниені қоршап жатыр дейтін аңызға айналған зор тау. Араб тілінде حف (хафф) — бірдемені қоршау деген сөз. **(І. К. және Ж. Б.)**

Қарақат. *Жедім қолмен теріп ап қарақат, шие, өрігін* (Д. Әбілев). Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл сөз *қара* және кейбір түркі тілдерінде кездесетін *қат//хат* («жидек, жеміс») сөздерінің бірігуінен жасалған (Г. Жәркешева. Кейбір кіріккен сөздердің этимологиясы.— «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 4, 88). Бұл пікірді К. Аханов та қолдайды. (К. Аханов. Тіл біліміне кіріспе. А., 1962, 70—71). Алтайша *қат* — жидек, *қызыл қат* — қызыл жидек, *қара қат* — қарақат. Хакас тілінде де бұл сөз «жидек» мағынасында жұмсалады. Демек, *қарақат* — «қара жидек» деген сөз. **(Ш. С.)**

Қараңдау. Бұл сөз *қараң-қараң, қараң-құраң* формаларында да кездеседі. *Мешіт жақтан бір салт атты қараң ете түсті.* (С. Мұқанов). *Қараң-құраң етіп еңіске тартып барады.* (Ғ. Сланов). Бұл сөз *қара* деген сын есімге *-аң* формантының қосылуы арқылы жасалған. Екі дауысты дыбыс қатар келгендіктен түбір мен жұрнақтың арасындағы дауысты дыбыстың біреуі түсіп қалған *(қар[а] — аң).* Осындағы *-аң* форманты еліктеуіш сөз жасайтын жұрнақ. (Салыстырыңыз: *салп-салп//салпаң-салпаң, балп-балп//балпаң-балпаң, қисалаң-қисалаң* т. б.). *Қараң-қараң* сөзінің морфемалық құрылысы *ағар+аң — ағар+аң, қызар+аң — қызар+аң* сөздерінің құрылысымен бірдей. **(Ш. С.)**

Қарақшы. *Қыран қарақшы деген жүгенсіз, жүйрік қарақшы осы* (И. Байзақов). *Хан қасында қарақшы* (мақал). Башқұрт, татар, ноғай тілдерінде бұл сөз «ұры» мағынасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *қарақшы* сөзі татар, башқұрт тілдеріндегі «ұры» мәнін беретін *қарақ* түбіріне *-шы* жұрнағының қосылуы арқылы жасалған. *Қарақтау* сөзі де *қарақшы* сөзімен түбірлес, ол да ұрлау мағынасында қолданылады: *Жаман жолдасын қарақтайды* (мақал). *Қарақ* сөзі *көз, көздің қарасы* деген мағыналарда да қолданылады. Ат жарысындағы *қарақшы* да көзге, көруге байланысты шыққан. **(Ж. Б.)**

Қарашық. *Неге маған қарашығың қадалады мөлдіреп.* (Ә. Сәрсенбаев). *Қарашық* сөзі қазақ тілінде көбінесе *көздің қарашығы* сияқты тіркесте айтылып, көздің жанарын, ағының ортасындағы қарасын білдіреді. *Қарашық* сөзінің түбірі — *қара*, оған кішірейткіш *-шық (-шақ//-шек//-шік)* жұрнағы жалғанған тәрізді болып көрінеді. Біздіңше, *қарашық* сөзінің негізгі түбірі *қарақ* (қара: *ашқарақ).* Бұл сөз бұрын да, ал кейбір тілдерде қазірдің өзінде де жеке-дара қолданылып жүрген сөздердің бірі. Мысалы, хакас тілінде *харах* — көздің қарашығы, тува тілінде *харах* — көз, шағатай тілінде *карагь* قراغ — көздің қарашығы (Будагов, Ср. сл. тур.-тат. нар. I, 46), сары ұйғыр тілінде *қарақ* — көз, көздің шанағы (Малов. Яз. желт. уйг. 53) т. б. Ол о баста *қарақ-шық* түрінде айтылса да, қазіргі *қара-шық* формасына ауысуында заңдылық бар сияқты. Сөз аяғындағы *қ* дыбысының түсіп қалуы қазақ тіліне тән қасиет (салыстыр: ұйғыр тіліндегі *сериқ, торуқ, териқ, аччиқ, татлиқ,* тәрізді сөздер қазақ тілінде *сары, торы, тары, ащы, тәтті* болып айтылады). Олай болса, *қарашық* сөзінің негізгі түбірі *қара* деген етістік формасы емес, *қарақ (<қара-қ)* деген есім сөз деп танимыз. Оған екінші бір дәлел — қазақ тілінде *-шық//-шік* кішірейткіш жұрнағы тек есім формасына ғана *(қап — қап-шық, көл — көл-шік, тал — тал-шық)* жалғанатындығы. *Қарашықтан* басқа, *ашқарақ, қарақшы, қарағым* сияқты сөздердің түбірі де осы *қарақ* сөзі. Тіл фактілерін салыстыра қарағанда, *қарақ* сөзінің өзі де туынды түбір екені байқалады. Ол *қара*-деген етістік тұлғасына *-қ* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған есім сөз (салыстыр: *қала-қ, күре-к, тіре-к, тара-қ).* Егер *қара* етістігін *қара-қ* («көз, көздің шанағы, қарашығы» деген мағынада) сөзінің негізгі түбірі деп танысақ, онда осы тәрізді жолмен жасалған қазақ тіліндегі *қара-уыл, соқыр, қыран, қырағы, қарама-қарсылық, қаратпа, қара-у* (сараң, әділетсіз ойнау), ұйғыр тіліндегі *қаравул, қаравулхана, қарамлиқ* (қорықпас), *қаратма сөз, қарашлиқ, қариму-қаршы, қаргу* (соқыр), «Құтадғу-білік»-тегі *қарағу* (соқыр), *қорул* (мылтықтың қарауылы), монғол тілдеріндегі *хараа* (көздің көруі; мылтықтың қарауылы; нысана), *қарағч* (қараушы, көрермен); *харах* (көру), *харвуул* (садақтың оғы), *харгалзагч* (бақылаушы, қарауылшы), *харц* (көз қарас, көз салу), *хараха* (соқыр), қалмақ тіліндегі *харан (көру* қабілеті) т. б. сөздердің бәрін де тарихи жағынан түбірлес сөздер деп қарауға әбден болады. Ал енді, *қара-* сөзінің өзін одан әрі жіктеуге, яғни мағыналы морфемаларға бөліп, бөлшектей түсуге бола ма? Кейбір зерттеулерде *қара-* етістігі (түркі тілдерінің бәрінде де кездесетін *көр-* сөзінің этимологиялық варианты іспетті саналатын) *қар-* етістігіне көсемшенің *-а* жұрнағы жалғануы арқылы жасалып, қалыптасқан туынды түбір деген жорамал айтылады. Бұл пікірді айтушылар негізінен түркі тілдердегі *р ~ з ~ й ~ д* дыбыстарының өз ара алмасу заңдылығына сүйенуі ықтимал (А. Биишев. Соответствие *-р//-з* в алтайских языках.— «Иссл. по уйг. яз.» Алма-Ата, 1965, 192-205). Ал, Ф. Г. Исхаковтың пікірі бойынша («Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», IV, лексика, М., 1962, 10), *көр* және *көз* сөздерінің шығу тегі бір, яғни *р ~ з* дыбыстарының алмасуы (мыс. қаз.: *ұзын*//чув.: *вырим*) негізінде дифференциацияға ұшыраған түбірлес сөздер. Бірақ *қара* етістігіндегі *қар* менен *көр*-дің де, *көз*-дің де еш қатысы жоқ деген тұжырым айтады. Біз де бұл пікірге қосылғымыз келеді. Өйткені *көр* сөзінің *қар* сөзімен төркіндестігін дәлелдейтін фонетикалық заңдылық түркі тілдерінде байқалмайды. Ал иран тілдерінен кірген (Абаев. Ист.-этим. сл. осет. яз. I, 611), *көр* (ұйғыр, өзбек) //*көр* (қазақ) сөзінің *көз* немесе *көр* сөзіне қандайлық қатысы бар екенін айрықша тексеру қажет. Сондықтан қазақ тіліндегі *көрме, көркем, көрік (адам көркі — ақыл),* ұйғыр тіліндегі *көрүм, көргәзмә* (көрме), *көргүлүк* (көргілік), *көрүмлүк* (көрімдік),

көрәң (мақтаншақ) сияқты сөздердің негізгі түбірін *көр* десек, ал *соқыр* (<*со-қыр*)//*қарғу*//*хараха* (соқыр), *қырағы, қыран, харан* (көргіштік) тәрізді сөздердің түбірін *қара-* сөзі деу шындыққа үйлеседі. **(Ә. Қайд.)**

Қары I: *Қарына тартпағанның қары сынсын* (мақал). Бұл сөз батыс говорлар тобында өз алдына жеке тұрып та қолданылады. *Амандаспай аттандым, Ата, ана, қарыма, жолығыспай жөнелдім, Алланың қосқан жарына* (Махамбет). Осындағы *қары* сөзі «туысқан», «ру» мағынасында жұмсалып тұр. *Қарым-қатынас* дегендегі *қарым* осы *қары* сөзімен төркіндес болуы мүмкін. **(Ш. С.)**

Қары II: *Атты арығанда көр, жігітті қарығанда көр.* (мақал). Тілімізде синонимдес *кәрі*//*қары* (диалектизм) //*қарт* деген сөздер бар. *Қарт* сөзінен *қартаю, қартайған* сияқты туынды сөз жасалса жоғарыда көрсетілген мақалдағы *«қары»*-дан *қарыған* сөзі жасалған. *Қары* сөзі кәрі мағынасында қазақ тілінің батыс говорларында кездеседі. **(Ш. С.)**

Қарынбай. *Жұбайыңды естідім Таңдап тапқан елінен, Өзі құрау, тартыншақ қас қарынбай делінген* (Жамбыл). Бұл сөз қазақ тілінде қолынан дәм татырмайтын, сараң адамдар жайында айтылады. Осы сөздің түбіріндегі *қарын* сөзінің *ішекқарын* дегендегі *қарын* мен байланысы бар ма? Біздің ойымызша, бұл сөздердің арасында ешбір мағыналық байланыс жоқ. Бұл талданып отырған *қарын* сөзін біз түркі-монғол тілдерінде «сараң, қытымыр, ашкөз, дүниеге көзі тоймайтын» деген мағынада дербес айтылып жүрген осы тектес бірнеше сөздермен төркіндес дегіміз келеді. Мысалы, башқұрт тілінде *карун* — сараң, қытымыр; осыдан барып *карундык* — сарандық; қырғыз тілінде *биге-қарын* — сараң; *қароо* — бір нәрсеге ашкөз болу; хакас тілінде *харам кізі*, тува тілінде *харм кижи;* монғол тілдерінде *харам, харамч, харуу* сөздерінің бәрі де «сараң, қытымыр» дегенді білдіреді. Осы ретте қазақ тіліндегі *қарау* (түсіндірме сөздікте «сараң мағынасында

айтылады» делінген, бірақ оның «әділетсіз, өз пайдасын көздеу, сарандықпен пайда келтіру» деген мағынасы да бар) сөзінің де *қарын*-мен төркіндес екенін айта кету керек. Қорыта келгенде, *қарын, қарун, қарам, харам, қарау*//*қароо*//*харуу* сөздерінің төркіні бір. Бұл сөздің о бастағы негізгі түбірі *қара* (>*қары*//*қара*//*хару)* деп жорамалдасақ, *-н*//*-м, -о*//*-у* — туынды түбір тудырушы жұрнақтар. Қазақ, ұйғыр, қырғыз т. б. тілдердегі *сараң* сөзінің, мысалы, алтай тілінде *сарам* болып айтылуы *-н* мен *-м*-нің бір жұрнақтың варианты емес пе екен деген ой салады (мысалы: *шығын ~ шағым).* Сонда *қарынбай — қарын+бай* сараң бай деген сөздің синонимі. **(Ә. Қайд.)**

Қас: қас батыр, қас сұлу//қаса сұлу т. б. *Қас жүйрікте сын болмас, қас сұлуда мін болмас* (мақал). *Қас* сөзі тілімізде кез келген сөзбен тіркесе бермейді. Тек бірен-саран сөзбен тіркеседі де *«ерекше», «асқан», «өте жақсы»* мағыналарында жұмсалады. Абайда бұл сөз *қаса* тұлғасында да кездеседі. *Қар аппақ, түлкі қызыл, бүркіт қара, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға* (Абай). Бұл сөз арабиран тілдерінен енген сөз. Парсы, тәжік және кейбір түркі тілдерінде *бұл сөз қас, қасы* тұлғаларында кездеседі. Парсыша خاص [хасс] — 1) ерекше, арнайы; 2) ерекше қасиетті; خاصه [хассе] — 1) әсіресе; ақсүйек, жоғарғы тап; 2) қасиет, сапа. Өзбекше *хоса* — асыл тұқымды; *хоса тулпор* — асыл тұқымды арғымақ; тәжікше *хоса* — 1) ерекше; 2) ерекше қасиеті. Арабша خاص [хас] ерекше, арнайы. **(Ш. С.)**

Қатым: қатым түсірді (құран түсірді). Мәні — өлген кісіге арнап құранды бастан-аяқ оқып шықты; бұл фраза ескілік уақытта қолданылған. Араб тілінде ختام (хитам) «бітіру, түгесу» дегенді білдіреді. **(І. К.)**

Қатын.*Шырағым, мен Жамбылмын, өзің қайдан, атың кім? Ауылдарың қай жерде? Қатын, балаң бар ма әлде?* (Жамбыл). *Қатын* сөзі түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. Ол

М. Қашғари сөздігінде «ақ сүйек (хан, төре, бек) қызы» деген мағынада жұмсалған, кейін «ерге шыққан әйел» дегенді білдіретін болған (Ысқақов. Қаз. тілі. этим. сөздігін жасау мәс., 84). Сол сияқты ескі түркі жазу нұсқаларында да *қатун/ /хатун* сөзі екі мағынада қолданылған көрінеді (Малов. Пам. др. письм.; 422, 442; Батманов и др. Совр. и др. Енис., 98, 101). Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз екі фонетикалық вариантта кездеседі. Біреулерінде *к/қ* дыбысынан басталса (қазақша *қатын,* башқұртша *катын,* қырғыз *қатын,* алтайша *қадын,* т. б.), басқаларында *х* дыбысынан басталады (татарша *хатын,* өзбекше *хотин,* якутша *хотун,* ұйғырша *хотун* т. б.). *Қатын/хатын* сөзінің бастапқы мағынасы — ханым, бәйбіше, әйел, кейін — күйеуге шыққан әйел, зайып. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде жоғарыда көрсетілген мағыналардан басқа қосымша ұғымға ие болған. Мыс, қырғыз, алтай, хакас, қазақ тілдерінде — әйелді кемітіу мақсатымен айтылатын өрескел сөз ретінде қолданылады. Якут тілінде бұл сөз «қайын ене», түрікше және монғолша, керісінше, тек қана «ханым, үлкен кісінің әйелі» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде *қатын* сөзі көбінесе сөйлеу тілінде қолданылады да, ал, әдеби тілінде оның орнына *әйел, зайып, жамағат, жұбай* сөздері жұмсалады. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, *қатын* сөзі дербес *қат/хат* сөзі мен *-ын* жұрнағынан құралған. Дәлел ретінде тува тілінде кездесетін *када* — апа, *кадай* — зайып, *кат ие* — қайын ене және шор, хакас тілдеріндегі *кат* — әйел деген сөздер келтіріледі (Покровская. Термины родства..., 59). Бірақ бұл пікір, біздіңше, әлі де болса анықтауды керек етеді. Бұдан басқа *қатын* сөзі солтүстік корей тіліндегі *ка* — үй және *тын* — жан деген сөздерден шыққан, сонда *қатын «үйдің жаны яки әйел»* дегенді білдіреді деген пікір бар. Бұл сөз финн тіліндегі vaimo — әйел (түбірі vaim — жан) деген сөзбен байланысты деген күмәнді топшылау да бар (Рясянен. Мат-лы по ист. фон. тюрк. яз., 125). **(Н. Қ.)**

Қашан. *Алалығың қалмайды-ау қашан да* (Ғ. Мүсірепов). Түркі тілдеріндегі *качан* сөзін В. В. Радлов *қай* және *чағын* деген екі сөзден құралған болу керек деп қараса, С. Е. Малов мұндай этимологиялық талдауды күмәнді нәрсе деп санайды (Малов. Пам. др. письм.). Дегенмен, көпшілік зерттеушілер В. В. Радловтың осы пікірін қостайды да, мынадай формула ұсынады: *қай чағын>қай чаын>қай чаан>қай чан>қайчан>қачан>қашан* (Ф. Г. Искахов, А. А. Пальмбах. Грамматика тувинского языка, 1961; Г. И. Донидзе. О составе и функциях слова *хачан* в хакасском языке.— Записки хакасск. научно-иссл. ин-та языка, литературы и истории, вып. V, 1957; Катанов. Опыт иссл. урянх. яз. Салыстырыңыз: А. Борджанов. Вопросительные местоимения в туркменском языке.— Изв. АН Туркменской ССР, Серия общественных наук; № 6, 1962; А. М. Аппаев, Диалекты балкарского языка и их отношение к балкарскому литературному языку, Нальчик, 1960, C. Brockelmann, Osttürkische Grammatik der islamischen litteratursprachen MitteIasiens, Leiden, 1951). Бұл еңбектерде сөз соңындағы *-н(-ын)* инструментальдық септіктің көне жалғауы деп түсіндіріледі: *қай-чақ-ын.* Соңғы автор сөз тұлғасы *кач-ан* болу керек деп түйеді. Мұндағы *кач, қай* көптеген түркі тілдерінде жеке тұрып қолданыла беретін сұрау есімдігі. Әңгіме осы сөздің екінші сыңары жайында. С. Құдайбергенов *қайчан* (қазақша *шен* — бір нәрсенің шені, шамасы) деген екі сөзден біріккен шығар деп жобалайды (С. Құдайбергенов. Қырғыз тилиндеги ат атоочтар, Ф., 1960). *Қашан (качан, қайчан, қажан, гачан, хачан,* т. б.) сөзі қазіргі көптеген түркі тілдерінде жұмсалады. Оның этимологиялық шешімі жоғарыда келтірілген мысалдардың ізімен жазылып жүр. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі *қашан* деген сөздің екінші сыңары *шақ* емес, *шан* деген жеке сөз болу керек. Мысалы, 1245 ж. жазылған

«Түрікше-арабша сөздікте» شان *(шан)* — «уақыт, шақ» деген мағынада жұмсалған: *бу шан* тіркесінің араб тіліндегі аудармасы هذه الساعة яғни «бұ шақ». *Шақ* сөзінің осы ұғымдағы қолданылуы қазақ тілінің кейбір говорларында сақталып қалғанға ұқсайды. Мысалы, Қызылорда, Гурьев, Алматы облыстарында *шанда* сөзі «анда-санда, оқта-текте» деген ұғым береді: *Асылында бұл жерде қасқыр жоқ, шанда бөрі бір көрініп кетеді* (Аманжолов. Вопр. диал.) Қазақ тілінің Шу говорында мұны *чанда,* кейбір оңтүстік аудандарда *санда* деп айтады. Бұл форма басқа түркі тілдерінде де ұшырайды: балкарша *шендю* — қазір. Уақыт жағынан алып қарағанда өте сирек кездесетін нәрсені қырғыздар *санда*, төлеуіттер *сандак, сандакта* дейді. Проф. С. Аманжоловтың зерттеулері бойынша, қазіргі қазақ тіліндегі *қашан* сөзі *қай-шан* деген екі түрлі тұлғадан біріккен болу керек. Мұндағы *шан (шанда)* — әдеттегі *сан (санда: анда-санда)* деген сөздің фонетикалық басқа бір (*ш* дыбысымен айтылатын) варианты. Бұл жерде С. Аманжолов айтып отырған *қай* — бүкіл түркі тілдерінде қолданылатын сұрау есімдігі. Ол, В. Радловтың айтуынша, тек қырғыз тілі мен татар тілінің сағай, қазан диалектілерінде ғана түбір күйінде жұмсалады, ал басқа түркі тілдерінде әр алуан септеу жалғауларымен қосылып келіп, үстеу есебінде қолданылады. Біздің ойымызша, бірінші сөздің түбір тұлғасы — *қаш* (басқа түркі тілдерінде оның *кач, каж, гач, хач, хаһ* не *қай* болып келе беруі мүмкін). Бұл түбір көптеген түркі тілдерінде *қанша, неше* деген сұрау есімдігінің қызметін атқарады (алтай, төлеуіт, қырғыз, қашқар диалектісі, тараншы, турфан, хами наречиелері, түрік, шағатай, қарайым тілдері т. б.) Біздің солай дейтін себебіміз мынадай фактіге байланысты: Қазақстанның кейбір оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтар *қашан* сөзін бұрынғы өткен шақ мағынасында қолданғанда *қашшан* деп айтады: — *Ей, сен, қашан келіп едің? — қашшан! (бағана, баяғыда). — Сен қашаннан бері осылай боп қап едің? — Ой, мен қашшаннан бері-ақ осындай едім ғой! Қашан* сөзінің екінші сыңары *шан* екенін (жоғарыда көрсетілген кейбір зерттеушілер айтқандай, *ан* емес екенін) мынадай мысалдан да көруге болады: *қашан барсаң, ошан бар, ол қашан келсе, ошан келсін, онда менің жұмысым жоқ.* Мұндағы *ошан о* деген сілтеу есімдігі мен *шан* деген формалардан құралған. Сонымен, *қашан* сөзінің құрылымын былай деп көрсетуге болады: *қашан*<*қай*+*шағын* да емес, *қай*+*шан* да емес, *қаш*+*шан* деген сөздердің өз ара тіркесіп келуі арқылы жасалған. *Шан* сөзінің этимологиясын өз алдына бөліп алып әрі қарай зерттей бастасақ, кейбір тюркологтар айтып жүргендей, мүмкін ол *шағын (шақ*+*ын)* формасына барып соғар. Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда *шан* қазақтың халықтық тілінің қалыптасу заманынан (XV ғасырдан) әлдеқайда бұрын-ақ (XIII ғасырда) осы тұлғада қолданылғанға ұқсайды. Сондықтан біз қазіргі *қашан* сөзінің этимологиялық тарихын осы түбірден ғана бастағанды жөн көрдік. **(Ә. Қ.)**

Қитар. Сөздің негізгі түбірі *қи* болуы мүмкін. Оны анықтау үшін басқа түркі тілдеріндегі кейбір мысалдарға шолу жасайық. Тува тілінде *хыйыр* — қисық көз, қитар, *хыйыр харахтыг* — қитар, *хыйытарар* — қитар, *хыйыртаар* — қитарлана қарау, көз қиығын тастау, *хыйыртап көөр* — сүзіле қарау. Соңғы мысал *хыйыр* деген түбір мен *та-п* қосымшаларынан құралған болса, *хыйыртаар* сөзі де *хыйыр-та-ар* деген формаларға бөлінеді. Мұндағы *-та* есім сөздерінен етістік тудыратын жұрнақ та, *-ар* — ашық райдың келер шақтық мағынасын көрсететін тұлға. Мұндағы *х*-ның түркі тілдеріндегі *қ* дыбысының орнына жүретіндігі туралы айтпаса да түсінікті, демек бұл *қыйыртаар* деген сөз. Көптеген түркі тілдеріндегі *р* дыбысының қолданылу тәсілін айқындай келіп, Н. К. Дмитриев оның әр кезде-ақ айтылмай түсіп қалатын жағдаяттарын суреттейді. Соның бір

дәлелі есебінде қазақ пен қырғыз тілдерінде кездесетін мынадай бір классикалық формула келтіреді: *тұрған>тұған>тұғын>тын,* немесе: *берәдір>береді* (Дмитриев. Строй тюрк. яз. 10). Автор өзінің бұл пікірін басқа түрлі еңбектерінде де өрістете түседі де, *р* дыбысының кейбір түркі тілдерінде жұтылып кету процесі өте ертеден бері сақталып келе жатқан тұрақты заңдылық болса керек деп жобалайды. Осы айқындалған формуланың ізімен *қыйыртаар* сөзінің құрамындағы *р* дыбысы қолданыла келе түсіп қалғанға ұқсайды: *қыйыртаар>қыйытаар (қыйтаар>қыйтар).* Қазіргі қазақ тілінде екі дауысты дыбыс *(аа)* қатар келгенде біреуі түсіп қалады. Бұл жерде *р* дыбысының жоғалуымен байланысты оның айналасындағы дауыстылардың да өз ара ықшамдалып, кейінгі *ы* дыбысының жұтылып кеткендігін еске алғанымыз жөн. Ал енді мұның *қитар* боп жазылуы осы күнгі орфографиялық ережемізбен байланысты. Қазақ тіліндегі кейбір есімдердің есімшенің *-р (-ар, -ер)* формасымен де жасала беретіні белгілі. Мысалы, *Ұлтуар, Орынбасар, «Көңіл ашар»* т. б. Біздің жобалауымызша, *қитар* сөзі де осы тұлғада қалыптасқан болу керек, өйткені түркі тілдерінде *р* формантымен келетін сөздер етістіктен гөрі сын есім ретінде қолданылуға бейім тұрады. Бұл жағынан алғанда да *қитар* сөзінің құрамындағы *р*-дың негізгі грамматикалық қызметі өзінше ақталып-ақ тұрған сықылды. Қазақ тіліндегі *қиғаш, қисық, қиық (көздің қиығы)* тәрізді сөздердің бәрі де *қитармен* бірге *қи* деген бір-ақ негізден тараған болуы мүмкін. Салыстыр: хакас тілінде *хыйғас* — қисық, қыңыр, қиғаш, қисайған, *хыйғыс* — қиық (киімдегі), *хыйрал*-қисию, қыңыр қарау, қитарлану, *хыйрат* — қиғаштану, қисайту, *хыйығ* — қиғаш бет, еңіс, *хыйын* —бір жағына қарай қисаю, *хыйыр* — қисық, қитар. Осындай мысалдар басқа түркі тілдерінен де кездесуі ықтимал. Бұл көрсетілген тұлғалардың бәрі де айналып келгенде бір-ақ сөзден өрбіген ғой деп ойлаймыз. (Ә. Қ.)

Қиық: *Қыздан туғанның қиығы жоқ* (мәтел). Тіліміздеосы мақалдағы мағынасындай өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын *қиық* сөзі кейбір түркі тілдерінде жеке-дара тұрып та айтыла береді. Мысалы, хакас тілінде *хыйых* — өкпе, наз, *хыйыхта* — қысым көрсету, өкпелету, *хыйых тас* — наразылық, ренжітушілік, *хыйықтат* — өкпелету, ренжіту, қудалау, *хыйыхчы* — өкпелетуші. Салыстыр: «Құдадгу биликте» *qyjyg* — қисық, қыңыр, кетік, кемдік (Малов. Пам. др. письм.). Бұл сөз, әрине, қазіргі қазақ тіліндегі *қисық* деген формамен тұлғалас болса керек. Бірақ *қисық* сөзінің мұндағыдай «кемшілік» деген мағынасы жоқ. Сонымен бірге осындағы *қиық, қисық* формаларының жоғарыда біз сөз етіп отырған *қиық* сөзімен қаншалықты грамматикалық байланысы бар деген мәселені әлі де болса зерттей түсу қажет сияқты. Осындағы материалдарға қарағанда, «қыздан туғанның өкпе-назы жоқ» деп те, «қыздан туғанның кемшілігі» не «бұрыстығы жоқ» деп те ұғынуға болады. Демек, қазіргі біздің *қиық* деген сөзіміздің осы айтылған *қиық* сөзімен әлдеқалай семантикалық байланысы бар ма деп ойлаймыз. (Ә. Қ.)

Қолаң: қолаң шаш. *Кірпігі оқтай тігілген, Қараған кісі үңілген, Қолаң шашты, қой көзді, Аялдағы бір сөзді, Ақжүніс атты ару еді* («Ер Тарғын»). М. Қашғаридың сөздігінде *қолан* — ұзын таспа я таспалық қайыс. Ал, *қолан аты* деп әдемі әшекейленген, аттың төс айылынан бастап созылған таспаны атаған. Кейін кейбір түркі (мысалы, якут) тілдерінде бұл сөз (оның фонетикалық түрлері *қолан, қолаң, қолоң, холун)* екі мағынада қолданылғаны байқалады: біреуі — «белдік, белбеу, белбеулік қайыс» дегенді білдірсе, екіншісі — «айыл, қайысты тартпа» деген мағынаны білдіреді (Пекарский. Сл. якут. яз., 3464). Бұл сөз славян тілдерінде де (болғар, серб, румын) «белдік, қайыс» деген мағынада қолданылатын сияқты (Lokotsch, Etym, Wört, 95). Әйелдердің ұзын

толқынды шашын аттың үстінен созылған ұзын, өзі әдемі әшекейленген таспамен, я болмаса сол сияқты қалың қайысты белдікпен салыстырып, теңеуден *қолаң шаш* деп айтылып кетуі мүмкін. **(Н. Қ.)**

Қолқа. *Жарқыным, одан қайта қолқаңды айтшы. Әр нені тере бермей құр білгенсіп!* (Жамбыл). *Бүкіл Жетісудің бетіне шығар қаймағы саған қолқа айтады, балам* (З. Шашкин). *Қолқа* сөзінің шығу төркінін анатомиялық атау *қолқа* (аорта) сөзімен байланысты болар деп ойлап қалуға болады. Дұрысында *қолқа салу, қолқалау* дегендердегі *қолқа* сөзінің шығуы басқаша болу керек. Көне түркі тілінде «сұрау (просьба, просить)» мағынасында *қол* сөзі кездеседі. Көне ұйғыр тілінде *aš iskü qolty* — ас ішуді сұрады, немесе қалады (Малов. Пам. др. письм., 154). «Құдатқу білікте» де *қолса* сөзі «сұрау, қалау, тілеу» мағыналарында қолданылған (Малов. Пам. др. письм., 268). Бұл сөз «сұрау, өтініш» мағыналарында көне түркі тілінде *қолмақ, қолын* тұлғаларында да қолданылған (Малов. Пам. др. письм. 119). Ол *қолмақ, қолыны* дегендердегі *-мақ* есімшенің, *-ын* өздік етістің жұрнағы, түбірі «сұрау, тілеу» деген мағынадағы *қол* етістігі. Ол түбір осы мағынада XII—XIII ғасырларға жататын тефсирде де кездеседі (А. К. Боровков. Лексика среднеазиатского тефсира XII—XIII вв. М., 1963, 212). Ал *қолқа* сөзінің де түбірі осы *қол* етістігі, *-қа* бөлшегі етістіктен есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі тілінде етістік түбірден есім тудыратын *-қа, -ке* жұрнақтарының бар екенін А. М. Щербак атап көрсетеді (Щербак. Грам. староузб. яз. 128). Қазіргі тіліміздде бұл жұрнақ түбір сөзбен сыйысып, бірігіп кеткен, жеке ажыратуға келмейді (салыстыр: *алқа, сал-қа, ар-қа, аң-қа* т. б.). Сонымен бірге *қол* етістігі де өлі түбірге айналған, тілімізде тек осы жұрнақ жалғанғандағы тұлғасы ғана сақталып қалған деп айтуға болады. **(С. И.)**

Қомсыну. *Қарайды да алтынға, Қомсынады «аз ғой» деп, Қыстау керек, үй керек, Сән-салтанат, рас-*

ход көп (Абай). *Қомсыну* сөзі «азсыну, азырқану» деген мағыналарды білдіреді. *Хомс* сөзі монғол тілінде «аз, кем, азшылық, сирек, селдір» деген мағыналарды білдіреді. Монғол және бурят-монғол тілдерінде бұл түбірден тараған *хомсхон* (азғантай, өте аз), *хомхой* (ашкөз, сараң, тойымсыз, қомағай, мешкей) деген сөздер бар. **(Б. С.)**

Қу: сақалы құдай. Мәні — жасы үлкен қарт. Түркі тілдерінде (татар, қазақ тілдерінде) *қу* — ақ, боз мағынасында жұмсалады: боп-боз болып семіп жүдеген кісіні қазақ *құп-қу боп жүдепті* дейді; *қу шөп, құраған ағаш* дегендегі *қу* сөзінің төркіні де *сақалы құдай* дегендегімен сыбайлас. Сөйтіп, *сақалы құдай — сақалы ақ* дегеннің синонимі. **(І. К.)**

Құда. *Мал деген жалғыз ат, Сауған сиыр байдікі, Құда боп ем, қыз беріп, Өгіз Ормантайдікі* (Майлин). *Құда//қоза, құдағи, құдағай//қозағый* сөздері қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, башқұрт, азербайжан, тува, алтай тілдерінде үйленген жігіт пен күйеуге шыққан қыздың туыстарының бір біріне туыстық қатынасын білдіретін атау. Монғол, бурят-монғол тілдерінде де *худ, худа* сөзі осы мағыналарда қолданылады. Ал, түркі тілдерінде де бұл сөздің басқа түсінігі жоқ. Тек осы мағынада қолданылатын *құдаша, құдағи (құдағай), құдандалы, құда түсу, құда болу* сияқты туыстыққа қатысты сөздер бар. Ал монғол тілдерінде *худалдаа, худалдаа* (н) сөздері «сауда, сауда істеу, сауда ісімен шұғылдану», *худалдаачин, худалдааш* (н) — «саудагер, коммерсант» деген мағыналарда қолданылады. Көне ескерткіш Мухаддимат ал-адаб сөздігінде де бұл сөздің саудаға байланысты қолданғандығы көрсетіледі. (Мух. ал-адаб. М.—Л., 1938, 297, 308). Біздің ойымызша *құда* сөзінің туыстық мағынасы оның сатушы деген мәнінен шығып, осы мағынада монғол тілдерінен ауысып келген болуы керек. Түркі тілдерінде бұл сөз сатушы мағынасында қолданылмайды. *Құда* сөзі түркі тілдеріне монғол тілдерінен ауысқан болу керек деген пікірді Л. А. Покровская

да айтады. (Покровская. Термины родства, 75). (Б. С.)

Құдық. *Айша апай құдықтан су әкеліп, пешке орнатқан үлкен қазанға құйды да астына сиырдың тезегін тұтатты.* (С. Мұқанов). А. Ысқақовтың пікірінше: *«Төбеңе құй қаздым ба?»* деген сөйлемдегі *құй* деген сөз көне түркі және монғол тілдерінде *құд — құды — құйы — құй* болып келетін, қазіргі қазақ тіліндегі *құдық* деген мағынада қолданылатын (қазіргі татар тіліндегі *құйы* сөзі, қазіргі қалмақ тіліндегі *худаг* сөзін салыстыр.) сөзбен төркіндес, демек, *құй* сөзі жоғарыда айтылып өткен көне түбірінің бір түрі болуға тиіс» (Ысқақов. Қаз. тілі этим. сөздігін жасау мәс., 90). Бірқатар түркі тілдерінде құдықты *құй//къую...* дейді. Ноғайша *қуйы*, қумықша *къую*, түрікпенше *гуйы*. *Құй* сөзі тіліміздегі кейбір говорларда сақталып қалған. Мысалы, батыс говорларында құдықты *құй* дейді. Шу бойында *құй* сөзі екі мағынада қолданылады: 1) шұқыр, терең жер; 2) ауыспалы мағынасы — әңгімені көп білетін адам. (Қаз. тілі тар. мен диал., 156). *Құд* [-ық] ~ ~*құй* ~*құйы* сөздеріндегі *д* мен *й* дыбыстарының алмасып келуі түркі тілдерінде бар құбылыс. (салыстыр: *айақ~адақ, айғыр~адғыр* т. б.). Тіліміздегі зат есім мағынасындағы *құй (төбеңе құй қаздым ба?)* және етістіктің бұйрық мағынасындағы *құй* сөздерінің төркіні бір болу керек. Тілімізде бірде етістік, бірде зат есім болатын сөздер аз емес (салыстыр: *көш, той, жабу* т. б.). *Құдық* дегендегі *-ық* жұрнағы — етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Салыстырыңыз: *күй-ік, тара-қ* т. б. (Ш. С.)

Құлаш. Қазақ тіліндегі ерте кезден келе жатқан өлшемдердің көбісі қолмен байланысты: *құлаш, қарыс, сүйем, сынық сүйем, елі* т. б. *Құлаш* — екі қолды екі жаққа жазғандағы ұзындық. *Құлаш* сөзі көпшілік түркі тілдерінде сақталған. *Құлаш-құлаш* — есепсіз ұзын деген» мағынаны білдіреді. *Құлаш* сөзі екі сөзден құралған: *қол+аш (ашу*

етістігі). كولاچ — *кулач* сөзі *қол + а + ч* — қолды аш, құлаш жаз,— дейді Махмуд Қашғари (МК. I, 340). Кейін келе бұл сөздің екі сөзден құралғандығы, оның өзінде *ашу* етістігінің бар екендігі көмескіленіп, *құлаш* сөзіне *аш, жаз, жай* сөздері қосылып *құлаш аш, құлаш жай, құлаш жаз, құлаш ұр* деген тіркестерде тура және ауыс мағыналарда қолданылатын болған тәрізді. (Б. С.)

Құрсану. *Буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды* («Батырлар жыры»). Осы «асыну, тағыну» деген мағына білдіретін құрсанудың түбірі «бау, белбеу» сөздерінің мәнін беретін *құр* сөзі. *Құр* сөзі бірталай түркі тілдерінде (түрік, тува) *бау, белбеу* мағыналарында жеке де қолданылады. *Құр* сөзі басқа да сөздердің құрамында кездеседі. Мысалы, *құрық, құрсау, басқұр, ышқыр* (қара), *құ(р)шақ* т. б. *Құршағ* — сөзінің «бау, белбеу» мағынасында қолданылатыны Махмуд Қашғаридың сөздігінде көрсетілген. *Хұршағ* — белбеу, бау, орамал; *құршаді* — байлады, *ол кафтан құршаді* — ол тон бауын байлады (МК т. I, 301, 432). Тіліміздегі *құшақ, құшақтау* сөздері осы *құршақ* сөзінен *р* дыбысының түсіп қалуы нәтижесінде туған. Қазіргі түрік тілінде, бұл сөз *құр* формасында да, kuşak (кушак) түрінде де айтылады. *Кушак* формасында бұл сөз орыс тіліне де ауысқан (Н. К. Дмитриев. Тюркск. элементы русского словаря. Лексикограф. сб. III, М. 1958). Ал, *құрсану* сөзінің басқа сөздердің де құрамында кездесетін *сақ* (мысалы *құрсақ), сау* қосымшасы туралы әр түрлі жорамал бар. Бірақ олардың ешбіреуін де негізге алуға болмады. Әзірше ешбір пікір айтпай, ол сөздің төркінін әрі қарай іздестіре түсуді, зерттей түсуді мақұл көрдік. (Б. С.)

Құрым: құрым киіз, құрымдай. *Шарт жүгініп алып басындағы елтірі бөрікті жерге алып ұрғанда, жамаулы құрым киіздің тозаңы түтін құсап бұрқ етті* (Б. Майлин). *Қап-қара тозаң құрымдай, Бетіңді ілез бүркейді* (Ғ. Қайырбеков). Л. Будаговте — *құрым* — күйе. (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. II,

53). Башқұртша *қором* — ыс, күйе, *қоромлану* — ыстану, күйе басу. Сонымен, қазақ тіліндегі *құрым*-ның мағынасы басқа түркі тілдеріндегідей *күйе, ыс* дегенге келіп ұласады. Ол қазақ тілінде көбінесе *киіз* сөзімен тіркесіп айтылады да, «ыс басқан, күйеленген киіз» ұғымын береді. Ал *құрымдай* сөзі *күйедей* дегеннің синонимі ретінде қолданылады. *Кешқұрым* сөзінің құрамындағы *құрым* да осы түбірге байланысты болу керек. *Күйе* мен *ыс* түс жағынан қара нәрселер. Сонда, *құрым* сөзі *кеш* сөзімен бірігіп, «кешкі қараңғылық<кешкі уақыт» дегенді білдіріп кеткен болар деп шамалаймыз. **(Ж. Б. және І. К.)**

Қыз. *Қос машина, қыз, жігіт қатар еді, арасы: қалды жігіт мүдіріп ширек сағат шамасы* (Ғ. Қайырбеков). Бұл сөз түркі тілдерінің көбінде кездеседі, оның негізгі білдіретін мағынасы — «қыз бала, бойжеткен қыз». Кейбір түркі тілдерінде *қыз* сөзінің қосымша мағыналары бар: туваша *қыс* — ұрғашы, шор тілінде *қысчак* — жиен қыз, қайын сіңлі, якутша *қыыс* — немере қыз. Біздіңше, *қыз* көне түркі сөзі, оның негізгі түбірі *қызу* етістігі болуы мүмкін. Бұл етістік алдымен «жану, жарқырау» дегенді білдірсе, кейін «қызыл, от, жылы» деген қосымша мағынаға ие болған (Vambery. Etym. Wört, 89; Sköld. Ling. gleanings 72—73). *Қыз* сөзі алғашқы кезде «жайнаған, жарқыраған, оттың жарқылы тәрізді жылтыраған» деген ұғымды білдірсе керек. *Қыз* сөзінің шығу тарихын түсіндіруде: 1) ол сөз қытай тіліндегі *гюйцы* — «патша қызы, бойжеткен қыз» сөзінен (В. Д. Аракин. Ошибки в работах Н. Я. Марра по чувашскому языку. Сб. «Против вульгаризации и извращения марксизма в языкознании», ч. I. 475; В. А. Панов. К истории народов Ср. Аз. I, 82; Бичурин. Собр. св. 97); 2) *қыз* сөзі армян тіліндегі *койс* сөзінен шыққан деген пікірлер бар (Pedersen, Kuhns Zeitsch.) **(Н. Қ.)**

Қырқын: қыз-қырқын. *Үркітіп дүрілдетіп күй жылқыны, Әндетіп жатты қырдың қыз-қырқыны. Не болды, не қойғанды түгел айтып, Сырласып ханшамен күй сыңқылы* (І. Жансүгіров). І. Кеңесбаев бұл қос сөздің екінші компоненті *қырқын* — түрікмен тілінде «күң» мағынасында қолданылғандығын айтады. А. Ысқақов бұл сөздің шығу төркіні жөнінде былай дейді. «X—XI ғасырлардағы түркі тайпаларының тілдерінде *қырқын* деген де сөз болған. Бұл *(қырқын* деген) сөз де «қыз» деген мағынада жұмсалған. Бірақ бұл сөз төренің қызының *(қатұн*-ның) да, қараның қызының (*қыз*-дың) да атауы емес, құлдың я күң қызының, демек, басыбайлы күң қыздың атауы болған. Сөйтіп, ол кездерде *қатұн, қыз, қырқын* деген үш сөздің үшеуі де қатар, жарыстырыла қолданылып жүрген» (Ысқақов. Қазақ тілі этим. сөздігін жасау мәс. 83). Бұл айтылғандар *қыз, қырқын* сөздерінің бір-біріне синоним екендігін көрсетеді. Түркі-моңғол тілдерінің көпшілігінде *қыз, гыйз, киз, хыс, қыс, қыз, хыр* сияқты әр түрлі тұлғада келетін сөздер әйел жынысты баланы білдіреді. Тек тува тілінде ғана *кыс* деген сөз аңның ұрғашысы деген ұғымды білдіреді: *кыс адыг* — ұрғашы аю, *кыс бөру* — қасқырдың қаншығы (Л. А. Покровская. Историческое развитие лексики тюркских языков, II, М., 1961, 17). Чуваш тілінде *хер* — қыз, бойжеткен қалыңдық деген ұғымда. Түркі тілдерінде дауысты әріптердің үстіне қойылатын белгі (V) сол дыбыстың қысаң айтылатындығын білдіреді. Сонда *хер* сөзін *хыр* деп те оқуға болатын тәрізді. Бұл айтылғандарға қарағанда *қырқын* сөзінің ең алғашқы дамыған түбірі *хер- (хыр-)* болуы ықтимал. Сөз соңындағы *-қын* етістікке жалғанып (салыстыр: *қаш — қашқын, тос — тосқын)* есім тудыратын жұрнақ. Ертеде бұл жұрнақ есімдерге де жалғанып, заттың сапалық қасиетін көрсеткен болу керек. (В. Котвич. Исследование по алтайским языкам, М., 1962, 104, 299). Көптеген түркі тілдерінен *қар* деген сөзді де кездестіруге болады. *Қар* сөзі қазақ тілінде де қолданылады. *Шақырып*

жақын жеңгесін Орданы тегіс жинады, Бір ұршықтай жібекті, Иіріп бер деп қинады «Өкпелер,— деп шұнақ қар», Назымның сөзін сыйлады («Қамбар батыр»). Бұл сөз де «әйел» деген мағынаны білдіv
реді. *Қар* сөзі шығу төркіні жағынан жоғарғы *хер (хыр)* тұлғасына қатысты болуы мүмкін немесе араб-парсы тіліндегі خر *гәр* — жез өкше әйел деген-нен шыққан болуы ықтимал. Өзбек, тәжік тілдерінде де *қар* сөзі осы мағынада жұмсалады.
v
Ал *хер//хыр//қыр//қар//қыз//киз//гыйз//хыс//қыс//*
//қыз сөздері түбірлес болуы ықтимал. Бірақ бұл талдаулар алғашқы түбір қайсы деген сұрақты ашық қалдырады. **(А. Мах.)**

Қыпша. *Қаз омырау, қыпша бел, Балтыры жұмыр оқтаудай* (Ш. Мұхамеджанов). *Алма мойын, төстек, қыпша мықын, сымбатты қыз* (Ж. Тілеков). *Гректің секілденіп статуйы, Па! шіркін, неткен сұлу қыпша бойы!* (Т. Жароков). Қазіргі қазақ тілінде өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын *қыпша* сөзі *бел, мықын, бой* сияқты бірен-саран сөздермен ғана тіркеседі де, өзі анықтап тұрған нәрсенің аса бір жіңішке, талдырмаш екендігін білдіру үшін жұмсалады. Басқа түркі тілдерінде де бұл сөз осы ұғымда қолданылады, бірақ оларда қазақ тіліндегідей адамның (дәлірек айтқанда әйелдің) дене мүшесіне ғана байланысты емес, басқа түрлі нәрселерге байланысты да айтыла беретін тәрізді. Демек, *қыпша* сөзінің басқа түркі тілдеріндегі қолданылу аясы қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда әлдеқайда кең көрінеді: ұйғыр тілінде (хами наречиесі) *қыпча* — әдемі, гүл түйіні, *қыпсей, қыпсый* — шаш, бұйра шаш (Малов. Уйг. яз.). Лобнор тілінде *қыпча, қыпчы* — жіңішке, әдемі, гүл сабағы, шаш (Малов. Лобн. яз.). Соңғы мысалмен байланысты С. Малов *қыпча* сөзін парсы тілінің элементі болу керек деп шамалайды. Парсы тілінде *қабзе* [قبضه]-мылтық сабының (сүмбесінің) жіңішке мойны. Б. Орузбаева жіңішке нәрсе жөнінде айтылатын қырғыз тіліндегі *қыпча* сөзін *(қыпча бел, қыпча тон) қып-ча* деген екі түрлі бөлшектен құралған деп есептейді (Б. Орузбаева. Киргыз тилиндеги сөз жасоочу аффикстер, Фрунзе.). Біздің ойымызша, сөз мағынасының өзгеру өрісі мынадай сияқты: жіңішке нәрсе (парсы тіліндегі мағынасы)> >гүлдің буын байланған жері (ұйғыр тіліндегі мағынасы)>кісінің (қыздың) белі (қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы). Бұл айтылғандардан, әрине, *қыпша* сөзі біздің тілімізге тікелей ұйғыр тілінен келіп ауысты деген ұғым тумасқа керек, оның тарихи пайда болу жолдарын әлі де болса байыздап, зерттей түсу қажет. **(Ә. Қайд.)**

Қыстау: қиын-қыстау. *Қаршығадан өзгеге Жібектен жауап алмағы Қиын-қыстау іс еді* («Қыз Жібек»). *Кейіміз тиіп-қашып алаңғасар, Қылдай сөзді таудай ғып жұртқа ашар, Жанды қиған кісі боп жалтыраймыз, Қиын-қыстау сөз келсе үркіп қашар* (С. Торайғыров); Мұндағы *қыстау* дегеннің түбірі — етістік *қыс, одан қысым, қыстау* деген сөздер туған. Қырғыз тілінде *қиын-қыстоо* дегенмен қатар *қиын-қысым* деген сөз бар (бұл екеуінің мағынасы бірдей). **(І. К.)**

Л

Лабақты//абақты. *«Абақтыға жабылыпты» деген хабар ойнап жүрген Нұрыштың құлағына сап ете түсті* (Б. Шалабаев). Қазіргі тілде *абақты* болып қолданылатын бұл сөзді В. В. Радлов неміс тілінен енген орыстың *гауптвахта* деген сөзінен шығарады (Радлов. Опыт сл., I, 622). Фонетика тұрғысынан қарағанда бұны оңай түсіндіруге болады: сөздің бірінші *гаупт* бөлегінен жалғыз *а* дыбысы сақталған да, екінші жартысы түгелдей алынған, тек соңғы *а* дыбысы *ы* болып өзгерген. Тіпті бұл сөз әдеби түріндегі *гауптвахта* емес, бұзылып айтылатын сөйлеу тіліндегі *габвахта, абахта* (Сборник отделения рус. яз. и словесности. СПб, 1904, т. 72, № 4, 33, 42) түрінен алынды

десек, сөздің орыс тілінен келгендігін дәлелдеу тіпті оңай. Ж. Болатов бұл сөз монғол тіліндегі «алу, тұтқындау» мағынасында жұмсалатын *авах* сөзінен шыққан дейді (Вопросы каз. и уйг. языкозн., 74). Біз бұл екі пікірдің екеуіне де қосылмаймыз. Өйткені, бұл сөз *лабақ* түрінде «Қобыланды батыр» жырында кездеседі: *Қарлығадай сұлуың Батырды жауып лабаққа, Үйіне қайтып келеді.* Қазақ тіліндегі *лабақ* сөзі өте ерте кездерден бар деуге болады. Қолданыла келе сөздің басындағы *л* түсіп қалып, *абақты* формасында айтылатын болған. Біздің ойымызша, бұл сөздің түбірі — *абақ*. Түркі тілдерінде бұл сөздің жеке қолданылғандығын Л. З. Будаговтың сөздігінен көреміз: آبق (абақ) — қашып кеткен құл (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. I, 5). Қырғыз тілінде *авақ (абах* — «түрме» деген сөз. *Лабақ* түбірінен қазақтың *(-ты, -ды, -ді, -лы, -лі)* қосымшасы қосылып «қашқын жатқан жер» деген ұғым тудыратын *лабақты* сөзі жасалған. Жиі айтылу нәтижесінде тұрақсыз *л* түсіп қалып, қазіргі *абақты* сөзі пайда болған тәрізді. (Б. С.)

Лағыман. *Әуелі шөке мен арақ, қайта барып үлкен тарелкемен лағыман, бір кесе манты әкеліп қойды* (Ж. Тілеков). *Лағыман* сөзі — ұйғыр тілінде *ләңмән//ляғман* болып айтылатын ет пен кеспеден жасалған қытай тамағы; ұсақ туралып қурылған ет пен сорпасыз кеспеден жасалған тамақ өзбекше *лағмон//лағман* деп аталады; әдетте «дунған кеспесі» аталатын бұл тағам дунған тілінде *лен* (суық) және *мян* (кеспе) деген екі сөзден құралып, *лянмянь//ленмян* болып айтылады. *Лағыман* туралы Новгородский оның ұннан істелетін, макарон тәрізді тағам екенін, бұл сөзді ұйғырлардың қытай тілінен алғанын айтады. *Мянь//мән* қытайша «ұн», «макарон», «вермишель» деген сөз. (Новгородский. Кит. элем. в уйг. яз. 73). Лағыман қытайша *ла мянь* дегеннен *лағыман*-ға айналған. Қытай тілінде *ла* [7] — созу, тарту, *мянь* [8] — ұн, кеспе, вермишель. Бүгінде «дунған кеспесі» аталатын бұл тағам «созылған кеспе» дегенді білдіреді. Шыңжаң қазақтары мен Қазақстанның бірталай облыстарына *лағыман* сөзі, сірә, ұйғыр, дунған, өзбектер арқылы тарап, қалыптасқан болу керек. Алайда қытайдың қазіргі әдеби тілінің (Пекин диалектісінің) нормасы тұрғысынан қарағанда, *лағыман* сөзінің о бастағы ұғымы мен қазіргі мәнінде едәуір алшақтық бар. Яғни бұл сөз қазіргі қытай әдеби тілінде дәл біздегі ұғымда қолданылмайды. (Б. Б.)

Лапас. *Жан ұшырып келе жатса, хан өзінің үй ішімен бас қосып, лапастың астында көлеңкелеп, шай ішіп отыр екен* (С. Талжанов). Бұл сөз башқұрт, татар тілдерінде де бар. *Лапас* сөзі бұл тілдерге де, қазақ тіліне де орыс тілінен ауысқан болар деп шамалаймыз. Орыс тілінде *лабаз* болып та, жергілікті говорларында *лавас* болып та айтылады, ол «ұн және басқа дақылдарды сататын дүкен, уақытша талдан жасалған кішкентай қалқан, сөре» деген мағыналарда қолданылады (Сл. Даля, II., 230). Бұл сөздің орыс тіліне басқа тілдерден ауысып келгендігін орыс тілінің этимологтары да мойындайды. Бірақ қай тілден ауысқандығы белгісіз. (Б. С.)

Ләм-мим, ләм: ләм демеу, ләм-мим демеу. *Басқа бір кісі бір ауыз сөз айтқан жоқ. Құнанбай да мұнан әрі ләм деген жоқ* (М. Әуезов). *Мұнан кейін екеуі бір-біріне ләм-мим деп ауыз ашпады* (Қанахин). Бұл қос сөз араб тілінен ауысқан. Араб тілінде ләм لم — *ләм* мен мим مم — мим сөздері *ма//ме, ба//бе, па//пе* сияқты болымсыз мағына тудыратын қосымшалар. Олар жеке қолданылумен қатар, екеуі қатар тұрып сол мағынада қос сөз болып та жұмсалады. Бұл сөздің шығу тарихы жайында бірнеше пікір бар: 1) татар және башқұрт тілдерінің сөздіктерінде *ләм-мим* сөзіне «*я л я м* айтпады» деп түсіндірме берілген. Мұнда орыс тіліндегі «ни бе, ни ме» дегендей *ләм-мим* сөзі де араб тіліндегі *л* мен *м* әріптерінен құралған деп ұғынылады; 2) басқа бір топшылау бойынша *ләм-*

мим сөзі арабша *ләм* (لم) — болымсыздық демеулігі мен мим (م)-*м* әрпінің атауынан құралған дейді. Жазылуда бұл әріп кісінің аузына ұқсайтын сияқты, соған қарай *м* әрпінің атауы араб сөйлеу тілінде кейде ауыз деген ауыспалы мағынада қолданылатыны байқалады. Сондықтан *ләм-мим* сөзі «аузы жоқ, сөйлей алмайтын» деген мағынаны білдірсе керек дейді (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., II, 131, 274); 3) құранның кейбір мағынасы түсініксіз тарау алдында, сол үзінділерді оқымай өту үшін *әліп, ләм, мим* (الم) деген үш әріп қойылады екен. Қазіргі қазақ тіліндегі ешнәрсені білмейтін, түсінбейтін, хабары жоқ кісі жайында «ләм-мим білмейді» деудің осыдан шығуы мүмкін (Будагов. Ср. сл. тур-тат. нар. II, 248). **(Н. Қ.)**

Лепес. *Жақсы лепес — жарым ырыс* (мақал). Дәл осы мақалдағы *лепес* сөзін *лебіз* сөзімен алмастырып *«жақсы лебіз — жарым ырыс»* деп айтуға да болады. Бірақ бұл екеуі бір сөз емес. *Лебіз* сөзі араб-парсы тілдеріндегі «сөз» деген мағынаны білдіретін لفظ (лäфз) сөзінен ауысқан. Ф. Е. Корш қазақ тілінде *лепес* сөзі *лебіз* сөзінен шығуы мүмкін емес, үйткені қазақ тілінде *с//з* дыбыстарының алмасуы кездеспейді. *Лепес* араб-парсы тілдеріндегі «дәм», «леп», «тыныс» мағынасындағы نفس (нäфäс) сөзінің өзгерген түрі болу керек дейді (ОРЯС. т. II, кн. I, 1906, 283). Осы пікірге біз де қосыламыз. Үйткені, қазақ тілінде (әсіресе араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі) *н* дыбысын *л* дыбысымен я керісінше алмастырып айту жиі кездеседі. (салыстыр: *нәпсі ~ ләпсі).* **(Б. С.)**

Лыпа: лыпасы жоқ. *Ермей қайтсын, аш бала, ауылда оған пана жоқ, Лыпасы жоқ баспана, Жағуға отын және жоқ* (С. Сейфуллин). Қазақ тілінде *лыпа сөзі* «киім, ескі киім» деген мағынада қолданылады. Бұл сөз араб-парсы тілдеріндегі «көйлек, киім» мағынасындағы لباس, لباس (лебас) сөзінен

ауысқан (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. II, 187). Бұл сөздің аяғындағы *с* дыбысының түсіп қалуына оның *жоқ* сөзімен тіркесе қолданылып, *с* дыбысының тәуелдік жалғауының III жақ түрімен ұқсастығынан бірігіп кетуі себеп болған болу керек. Ұйғыр тілінде бұл сөздің соңғы *с* дыбысы сақталып қолданылады: libas. Түрік тілінде бұл сөздің араб-парсы тілдеріндегі көпше түрі البسه (әлбесе) elbise сөзі киім, көйлек деген жалпы мағынада қолданылады **(Б. С.)**

М

Майдан. *Болат қайнауда шыныгады, Батыр майданда шыныгады* (мақал). *Майданға кеткелі бес жыл болған жалғыз ұлы Қасымнан екі жылдан бері хабар жоқ-ты.* (Ғ. Мүсірепов). Парсыша *мәйдан* — алаң, күрес алаңы деген сөз (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., II, 272). Башқұртша *майзан* — алаң, арена, *қызыл майзан* — қызыл алаң. *Майдан* көп тілдерде бар сөз: белорусша *майдан;* болгарша *мегдань, мейдань* — алаң; серб-хорватша *меһдан;* түрікше *майдан* — кең алаң, арена; курдша *майдан* (Преображенский. Этим. сл. рус. яз.). Қазақ тілінде *майдан* «соғыс алаңы» мағынасын береді. Бұл сөздің келтірінді мағынасы да бар. *Қалыбек Қуанышбаев қазақтың театр майданындағы ең қарт кадрларының біреуінен саналады* (С. Мұқанов). *Олардың, әсіресе белсене араласқан жері әдебиет майданы* (М. Қаратаев). Осы үзінділерде *майдан* сөзі «сала» мағынасында қолданылған. *Майдан* сөзі басқа тілдерге араб-парсы тілдерінен тараған. **(Ж. Б.)**

Мақтау. *Жақсы көрді Қамбарды, Мақтауын естіп білгелі, Қандай түрлі екенін Көзімен көріп, білмеді* («Қамбар батыр»). Тілімізде *мақтау* әрі етістік, әрі есім мағынасында қолданылады. *Мақтау* сөзінің түбірі — *мақ- (маг-) -та* — есімнен етістік тудыратын жұрнақ (салыстыр: *сақ-та, жақ-та, ақ-та, оқ-та), -у* тұйық етістік көрсеткіші. Бұл сөз

қазіргі түркі тілдерінің қайсыбірінде түбір күйінде сақталған. Алтайша *мак* — мақтау, *мак сöс* — мадақтау сөз; В. В. Радловта: *мак* [ماق (Osm. Kom. Alt. Tel. Leb. Sag, Koib. Ktsch. Küar)] — мақтау, *мак сöс* [Tel] — мақтау сөз, *мак чығарды* [Tel.] мақтады, мадақтады, *ады мағы чықты* [Tel.] аты әйгілі (мақтаулы) болды (Радлов. Опыт сл. IV, 1993). Бұл сөз көне түркі тілінде де *маг* тұлғасында зат есім ретінде қолданылған. (Малов. Пам. др.-тюрк. письм., 19). Көне түркі тілінде *маг* түбірі басқа тұлғаларда да қолданылған: *тауut* — мақтау; *таqut* — мақтан ету (Малов. Пам. др.-письм., 398, 399). Сөйтіп, *мақтау* сөзінің түбірі — *мақ*. Ол қазіргі қазақ тілінде дербес қолданылмай, өлі түбір ретінде сақталып қалған. **(С. И.)**

Манты//мәнті. *Дөңгелек столдың үстінде манты, сомса, лағыман, бұрама сияқты дәмді өлшеулі тамақ бар* (С. Шаймерденов). *Манты* — ішіне асқабақ немесе ет және пияз салынып буға пісірілген қытай пельмені. Ұйғырша бұл *манта//манту;* өзбекше *манти//манты;* тәжікше де *манту;* ал монғол тілінде — *мянтууз* «кеспе» ұғымында қолданылады. Түрікше *манты* қабатталған қамырдың ішіне бір нәрсе салынған самса; татар тілінің қазан диалектісінде *мант* — пельмен (Радлов. Опыт сл., V). *Манты* сөзінің қытай тілінен енгенін Новгородский де айтады (В. И. Новгородский. Китайск. элем. в уйг. яз. М., 1951, 25). *Маңты//мәнті* — қытайша *ман* және *тоу* деген екі сөзден құралған: *ман* [9] — жұқа тоқаш, *тоу* [10] — бас, домалақ. Демек, «бас тәрізді домалақ жұқа тоқаш» деген ұғымды білдіреді. Бірақ Шыңжандық қытайлар тіліндегі буға пісірілген тұзсыз нан — момо-ны пекиндіктер *манто* деп атайды. Ал *мантоның* өзін *баоцзы* дейді. *Манто* сөзінің қытай тіліндегі о бастағы ұғымы мен қазіргі мәні арасында алшақтық бар, яғни бұл сөз талассыз қытайдікі болғанымен, қазіргі әдеби тілінде біздегі ұғымды бермейді. *Манты* сөзі қазақ тіліне көрші ұйғыр, өзбек, дунган тілдерінен енген. **(Б. Б.)**

Маң: маң-маң басу. *Құлдықтан құтылып ап маң-маң бастың, жиылып әрбір жерге съезд аштың* (Б. Майлин). Қазақ тілінде «жүру» мағынасында осы сөзбен төркіндес *маңу* сөзі қолданылады. *Маң* сөзі кейбір түркі тілдерінде дербес мағыналы сөз ретінде қолданылады. Ұйғырша — *маң* — жүру, қозғалу, *мағдам* — қадам (Малов. Уйг. яз., 168); сары ұйғыр тілінде де *маң* — жүру, бару (Малов. Яз. желт. уйг., 75), лобнорша *маң* — жүру, қозғалу (Малов. Лобн. яз., 141), алтай тілінде *маң* — шабу, жүгіру; башқұртша *маң: маң булыу* — шұғылдану, бір нәрсенің қызығына түсу, шор, якут, тува тілдерінде де бұл сөз «жүгіріп жүру» мағыналарында жұмсалады (Ғ. Мұсабаев. «Маңғыстау» сөзінің семантикасы.— «Қазақ ССР ҒА Хабарлары», 1946, 4, 38). *Маң* көне ұйғыр тілінде «адымдау, жүру, жүгіру, қозғалу» мағыналарында айтылған (Малов. Пам. др. письм., 155). Көне түркі тілінде *маң* «жүру» мағынасындағы етістік және «адым» деген мағынадағы зат есімді білдірген. Қазақ тіліндегі *маңу* етістігі — соның бір көрінісі. Кейін келе бұл өзінің осындай қызметінен алшақтап, мағынасы күңгірттене бастаған. Бұл күнде *маң* сөзі етістік болмай, *жүру, қозғалу* қимылының ақырын, баяу болатынын білдіретін сөзге айналған сияқты. **(С. И.)**

Масақ. *Алтын масақ меруерт шашад. Жайқалды егін, қарашы* (Жароков). *Баса-көктеп үстінен Өткенінде аңыздың, Айқай салды масақтар* (Ш. Смаханұлы). *Масақ* сөзі *бас* түбіріне *ақ* жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Түркі тілдерінде *б/м* дыбыстарының өзара алмасу заңдылығы бойынша *басақ* тұлғасы *масақ* болып қалыптасқанға ұқсайды. Бұл сөздің бастапқы тұлғасы *(башақ)* башқұрт, татар тілдерінде сақталған. Ал құмық тілінде масақты *баш* дейді: *будай баш* — бидай масағы. **(Ж. Б.)**

Маш: машына (машығына) келтіріп сөйледі. *Мен машығына келтіріп кітап оқитынмын* (Ә. Көпбаев).

Араб тілінде مشق *машқ* (маш) — үлгі-өнеге дегенді білдіреді. Кей уақытта *нашына келтіріп* деп те айтылады. **(І. К.)**

Мәліш. *Мәліш сауда сықылды күлкі сатып, Алса қоймас, араны тағы тоймас* (Абай). *Мәліш* сөзі орыстың *мелкий* деген сөзінің *мелочь* формасынан ауысқан. Қазақтар құйрығы жоқ уақ орыс қойларын *мәліш қой, мәліш* деп атаған (Ильминский. Мат-лы к-из. кирг. нар., 96). **(Б. С.)**

Меңдуана: меңдуана — басты айналдыратын, ащы жабайы шөптің аты. Бұл сөздің жалпы мағынасы түсінікті болса да, оның қандай сөздерден бірігіп жасалғанын бірдей айтып беру қиын. *Меңдуана* түркі тілдердің біразында кездеседі. Мысалы, өзбек тілінде *банги-девона;* ұйғыр тілінде *бәңгидиванә,* кейде *дәңгидиванә.* Бұл сөздің қазақ, өзбек, ұйғыр т. б. түркі тілдеріне иран тілдерінен кіргендігі байқалады. Иран тілдерінің ішінде, мысалы, тәжік тіліндегі *банги девона* деген сөз дербес екі сөзден жасалғандығы мәлім. Бірінші компонент сол тәжік, парсы тілдеріндегі — *банг* بنگ [*бәнг*] — 1) үнді қарасорасы — коноплясы; 2) осы өсімдіктен алынатын наркотиктер түрі, екіншісі де сол тілдердегі *девона* (тәж.) ادیونه (парс.) — ақылынан адасқан, есерсоқ, есуас. Сонда *меңдуана* сөзінің этимологиялық сыры оның қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес кейбір тұлғалық өзгерістерге ұшырауына байланысты болып отыр. Өйткені *меңдуана* сөзінің құрамындағы екінші компонент қазақ тілінің өзінде жеке дара айтыла беретін сөз: *диуана* (есерсоқ, есуас; ел аралаған қайыршы). Бұл сөз дәл осы мағынасында қырғыз *(дубана//дувана//думана//дийвана),* ұйғыр *(диванә),* өзбек *(девона)* т. б. тілдерде қолданылады. Ал енді *меңдуана* сөзінің бірінші компонентіне келсек, ол, әрине, сол иран тілдеріндегі *бәнг* (наша жасайтын қарасораның түрі) сөзімен төркіндес. *Бәнг* сөзінің қазақ тілінде *мең* формасына, *девона* сөзінің *дуана* түріне ауысып барып, *меңдуана* болуы фонетикалық заңды

құбылыс. *Мең<бәнг* сөзі бір уақыттарда қазақ тілінде жеке қолданылып, *меңіреу, мең-зең, меңдеу* тәрізді туынды түбірлерге негіз болғандығы байқалады. Дәл осы түбір сөз негізінде ұйғыр тілінде де бірнеше туынды түбір жасағандығын көреміз: *бәңги* (наркоман, наша тартушы), *бәңваш* (жынды, тентек), *мәңдимәк* (ұйқысырау). **(Ә. Қайд.)**

Мерген. *Аманкелді сілтегені теріске кетпейтін мерген екен* (С. Мұқанов). Туваша *мерге* — городки ойынының таяғы, таяқ, *мерген* — атқыш, көздегіш. Алтай тілінде *мерген* — атқыш, епті, кәнігі; *мергенде* — кәнігі, епті болу; *мергенду* — екпінді. Монғол тілінде *мерген* сөзінің беретін бір мағынасы біздегіге жақын: *мэрген* — садақтан атудың чемпионы, атқыш. Біздіңше, *мерген* сөзі түркі тілдері мен монғол тілдеріне ортақ көне сөз болу керек. **(Ж. Б.)**

Миық: миығынан күлу. *Дұшпанды жерді көргенде миықтан күліп қуанған* (Жамбыл). Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде *мұрт* мағынасында жұмсалады, башқұртша *мыйык* — мұрт, *мыйык аҫтынан көлөү* — миығынан күлу. Құмықша да *мыйыкълар* — мұрт, чувашша *«маиах* — мұрт». *Миығынан күлу* мен *мұртынан күлу* деген тіркестердің беретін мағыналары бір-бірімен синонимдес. **(Ш. С.)**

Мойын. *Алпамыс берік тұрады, сұңқардай мойын бұрады* («Алпамыс»). Бұл сөз түрліше фонетикалық тұлғада *(буйин, боюн, муен, мойду)* қазіргі түркі тілдерінің көбінде кездеседі. *Мойын/бойын* сөзі жеке қолданылатын *бой* сөзіне *-ын/-ун* жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Бұл сөз қазірде де түркі тілдерінің көбінде (қазақ тілінде де) «бір нәрсенің биіктігі, адамның тұлғасы, денесі» деген мағынада қолданылады. Ал, *-ун/-ын* жұрнағын біреулер *шағын* деген сөздегі *-ын* қосымшасы сияқты кішірейту жұрнағы десе (Frankle, Word Form, 81) басқалар оны тәуелдік жалғауы деп қарап, *ол* деген сілтеу есімдігінен шыққан

дегенді айтады (Исхаков. Некот. предположения..., 126). Оғуз тобына жататын (түрік, азербайжан, гагауз). Түркі тілдердегі *б* дыбысынан басталатын сөздер қазақ тілінде *м* дыбысымен айтылатыны мәлім *(бен ~ мен, бұндай ~ мұндай, бең ~ мең, беңіз ~ маңыз* т. б.). Сол сияқты басқа түркі тілдерінде *бойун//бойын* болса, қазақ тілінде *мойын* түрінде айтылады. **(Н. Қ.)**

Монша. *Біз шахтыдан қас қарая шығып едік, моншаға түсіп шыққанымызша түн болып кетіпті* (Ә. Әбішев). *Монша* сөзі орыс тілінің *мыться* деген сөзінен ауысып, татар тіліне *мунча* (Радлов. Опыт сл. I—IV.) болып енген. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай *мұнча* сөзі *монша* болып өзгерген. *У* дыбысы *о*-ға, *ч* дыбысы *ш*-ға ауысқан. Сөйтіп, *монша* қазақ тіліне көршілес татар тілі арқылы орыс тілінен ауысқан сөз. **(Б. С.)**

Моншақ. *Тақияға тізілтіп, тақты мәруерт моншақты. Жігіттер де жүр күтіп жырға толы бір шақты* (Ғ. Орманов). Бұрын малдың мойнына сәндік үшін түрлі түсті тас, әйнек, кішкентай қабыршақтарды, кейде ақшаны да тізіп тағатын. Оны *мойынчак/мойынжақ* деп атаған (Будагов. Ср. сл. тур-тат. нар., I, 293). Қазірдің өзінде бұл сөз кейбір түркі тілдерінде «аттың қамыты» деген ұғымды білдіреді. Мысалы, татар тілінде *муенча* — «алқа, моншақ» деген сөз болса, ал, *муенчак* — «қарғы» дегенді білдіреді. Сол сияқты қазақ тілінде қолданылып жүрген *мойнақ* — «түйенің мойын терісі», *мойынша* — «қарғы» деген сөздерді және якут тіліндегі *мойнох* — «мойынның салбыраған ажымы» деген сөздерді де айта кеткен жөн сияқты. Кейін асыл тастардан, маржаннан тізілген, әйелдердің мойнына тағатын алқаны *моншақ* деп атап кеткен. *Мойыншақ/мойынчақ* сөзі екі түбірден біріккен: біріншісі — *мойын,* екіншісін біреулер «мөлшер, шама, мезгіл» мағынасын білдіретін *шақ/чақ* сөзінен шыққан дейді де (Frankle, Word Form, 17, 48), басқалар оны *жақа/жаға* деген сөзбен түбірлес деп

есептейді (Menges. Glossar.., 757). Сонымен, бұл сөз *мойуншақ//мойунчақ (мойынжақа)>моншақ//*
//муншақ//мунчак>монша//муенча//мончо болып кеткен. Бұл сөздің соңғы сыңары *тақ* (<мойынға тақ) болуы да ықтимал. **(Н. Қ.)**

Мұнтаздай. *Қылмыстың бәрін Есенбаққа жапқан да, Түлкібай мұнтаздай боп шыға келген* (С. Мұқанов). *Мұнтаздай боп жататын жер еден айғыздалып, ат үсті сыпырылған* (Б. Соқпақбаев). *Мұнтаз* түбірі тілімізде жеке тұрып қолданылмайды, бұның бастапқы формасы *мұмтаз* болу керек. Бұл түбір араб, парсы тілдерінде қатар қолданылады: арабша ممتاز *мұмтаз* — іріктелген, таңдалған (Будагов. Ср. сл., тур. тат. нар. II, 254). Қазақ тілінде бұған *-дай* жұрнағы жалғанып, мағынасы абстрактылана, көмескілене түскен. **(Ж. Б.)**

Мүләйім. *Қиылған қасы, Құлпырған шашы, Мүләйім мақпал мінезің* (Ө. Тұрманжанов). Азербайжанша *мулайим* — жұмсақ, нәзік, кішіпейіл; *мулайим климат* — жанға жайлы, жақсы климат; *мулайим адам* — мінезі жұмсақ жуас адам. Башқұртша *мүләйәм* — сүйкімді, әдемі, жағымды, жақсы. Қазақ тілінде *мүләйім* сөзі, негізінде, жасанды қылықты білдіреді. Ол, көбінесе, *мүләйімсу* тұлғасында қолданылады. Басқаша айтқанда, *мүләйім* сөзі қазақ тілінде, негізінде, жағымсыз мағынада айтылады. Ал, жоғарыда келтірілген көркем шығармадан алынған үзіндіде ол «нәзік, биязы, жұмсақ» мағынасында қолданылған. Бұл сөздің төркіні — мінезі жайлы, жуас, тыныш (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., II, 252). **(Ж. Б.)**

Мүрдем: мүрдем кет, мүрде. *Бұл жөнінде айту түгіл сыр бердің бар ғой, мүрдем кетірем* (С. Мұқанов). *Сіреңке жақсаң, өзге де, өзің де мүрдем кеткенің* (Ғ. Қайырбеков). Парсыша *мурд* — өлік (Будагов. Ср. сл. тур. тат. нар. II, 223). Қазіргі тәжік әдеби тілінде *мүрда* сөзі марқұм мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде (оңтүстік говорларда) *мүрде* сөзі қабір мағынасында айтылады. *Алға-*

дайдың мүрдесін жол-жөнекей көрдің бе? (Жамбыл) **(Ж. Б.)**

Мықтау//мықтап. *Базаралының сойылы талмау жерге, тізеге мықтап тиген екен* (М. Әуезов). *Шандып орап мықтап байлап жатыр* (С. Талжанов). Түркі тілдерінің көпшілігінде (ұйғыр, ноғай, түрікмен, қырғыз, азербайжан, қарақалпақ, өзбек) *мық* сөзі түрліше фонетикалық варианттарда келіп *(мих, мых, мех)* «шеге» мағынасында жұмсалады. Парсы, тәжік тілдерінде де шегені *мих* дейді. Л. Будагов *мықты, мықта* сөздері *мық* түбірінен өрбіген деп қарайды (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. II, 272). Қазақ әдеби тілінде де осы түбірден өрбіген сөздер көп-ақ. Сонымен бірге *мық шегедей* тіркесі де қолданылады, ол пысық, өз ісіне берік деген мәнді береді. *Мықта* сөзі алғаш «шегеле» мәнінде жұмсалған да, бертін келе мағынасы жалпыланып, абстрактылана түскен. *Мық* зат есімі Қазақстанның кейбір аудандарында «етікке қағатын шеге» мағынасында да қолданылады (Ақтөбе, Гурьев облыстарында және Талдықорған маңында) **(Ж. Б.)**

Міз: *міз бақпау.* Бұл тұрақты тіркестің құрамындағы *міз* қазақ тілінде жеке-дара айтылмайды, мағынасы түсініксіз. Қырғыз тілінде *миз* — пышақтың, қанжардың жүзі; *миз чығар* — (пышақтың) жүзін шығар: *мизин қайтар* — жүзін қайтару; (ауыс.) бетін қайтару; тойтарыс беру, есірігін басу; *миз бакпаган* — қайтпайтын; табанды, тұрақты (адам). *Міз* сөзі басқа тілдерде де кездеседі; ұйғырша *бис* — жүз, пышақтың, ұстараның өткір қыры; *биси қайтмақ* — мұқалу, мұжылу, өтпеу, жүзі қайту, (ауыс.) беті қайту, көңілі қалу; тувашa *бис* — жүз; хакасша *піс* — жүз; *пычах пізі* — пышақтың жүзі; бұл сөз өзбек тілінде де бар. Сонда қазақ тіліндегі *міз бақпау,* қырғыз тіліндегі *миз бакпаган* тіркестеріне негізгі семантикалық өзек болып тұрған *міз//миз* сөзінің «өткір, қайтпас» деген ауыспалы мағынасы. Ал *бақпау ~ қарамау* етістігінің синонимы. Ол ұстараның,

пышақтың жүзіне, өткірлігіне, яғни *мізге бақпау* мағынада қолданылып тұр. **(Ә. Қайд.)**

Н

Нан. *Нұрбүбі кішкене дөңгелек стол қойып, ас жаулық жайып, нан, бауырсақ салды* (М. Әуезов). Ертедегі халықтардың көпшілігі азық бола алатын ағаш жемістерін немесе жеміс шырынын қорек еткен. Мысалы, гректер бұрынғы кезде қарағайдың жемістерін, солтүстіктегі удмурт және коми елдері жөкенің шырынын, Африка елдері кокос пальмасының жемістерін, сол сияқты басқа да европалықтар әр түрлі ағаштың шырынды жемістерін тамақ еткен. Қазірдің өзінде абхаз тілінде *акакан* сөзі «жаңғақ ағашы» мен «нан» деген екі мағынада қолданылса, солтүстіктегі коми тілінде *ңінпу,* удмурт тілінде *ңің(нон)нан* сөздері «жөке» және «нан» дегенді білдіреді. Сол сияқты парсыша *нан,* зырянша *нáн,* вотякша *нáн,* остякша *нен,* армянша *нэкан* деп қамырдан пісірілетін тағамды атайды. Көптеген тілдерде кездесетін мағынасы бір бұл сөздердің бір түбірден шығуы мүмкін. И. Д. Дмитриевтің айтуынша, түркі тілдеріндегі *нан* сөзі парсы тілінен ауысқан, ал, бұл сөздің ең түпкі шыққан ұясы — грек тілі болуға тиіс, себебі ежелгі гректер бұл сөзбен жеуге жарайтын ағаштың бір түрін атаған көрінеді (И. Д. Дмитриев. К вопросу о происхождении вотяцкого «қақ» — хлеб. Уч. зап. Инс. этнич. и национ. культур народов Востока. М., 1930, № 1, 146—147) **(Н. Қ.)**

Нәркес: нәркес көз. *Жай тасындай жарқылдап, Нәркес көздің жанары* (Зияш Қалауова). *Нәркес* деп қазақ тілінде тек жанарлы, әдемі көзді ғана айтады. *Нәркес* — нарцисс аталатын гүлдің аты. Бұл сөз грек тілінен орыс және басқа тілдерге де енген. Түркі және басқа шығыс тілдеріне парсы

тілі арқылы енген. Парсы тілінде نرگس (нәргес): 1) нарцисс гүлінің атауы; 2) сұлу әйелдің көзі деген мағыналарда қолданылады. Гүлдің атауы ретінде башқұрт, қырғыз, түрікмен тілдерінде де қолданылады. «Әдемі, жанарлы көз» деген мағынада бұл сөз өзбек, түрік тілдерінде де бар. **(Б. С.)**

Некен: некен-саяқ. *Колхозға қараған жылқының ішінде некен-саяқ төбел немесе ақтанау болмаса, мынадай маңғыл қасқа жылқы жоқ болатын* (М. Әуезов). *Некен* өз алдына бөлек қолданылмай, тек қана *саяқ* деген сөздің алдында тұрып айтылады. Монғол, қалмақ тілдерінде *неген, ніген* — «біреу» дегенді білдіреді. Ал *саяқ* деген осы сөзбен де, басқа сөздермен де қабаттасып айтыла береді. Мысалы: *саяқ ат, саяқ жүрсең таяқ жерсің.* Ол «дара, жеке» дегенді білдіретін түркі сөзі болу керек. Сонда мағыналас екі сөз плеоназм тәсілімен қос сөз құрап тұр. **(І. К. және Ж. Б.)**

Немере. *Бұл өнер сенің өмірлік наның. Сенің емес, сенің ұлыңның, немерең мен шөбере-шөпшегіңнің азығы,*— деді (Ө. Қанахин). *Немере* — ұлдың баласы (ұлы, қызы); Бұл сөз қазақ тіліне және де басқа да түркі тілдеріне парсы тілінен ауысқан. Парсы тілінде نبیره (нәбире) — баланың баласы деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз қазақ тілінен басқа, өзбек тіліне *набира, невара,* ұйғыр тіліне *нәвра,* қырғыз, қарақалпақ тілдеріне *немире//немере* түрінде ауысқан **(Б. С.)**

Ноқай. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ноқай* сөзіне «топас, надан, тілсіз, мылқау» деген анықтама берілген. Бұл, біздің пікірімізше, *ноқай* сөзінің қазақ тілінде көптен бері қалыптасқан ауыспалы мағынасы. Ал оның негізгі мағынасын күні бүгінге дейін монғол тілдерінде жеке-дара айтылатын *нокой* сөзінің бойынан іздегеніміз жөн. Мысалы, бурят-моңғолша *нохой* (көпше түрі — *нохос)* — 1) ит; 2) оңбаған, ит мінезді. Осыған қарағанда *ит* сөзі сияқты *ноқай (<нохой)* сөзі де бір замандарда адамгершілік қасиеті шамалы,

топас, надан деген мағынада айтылып, оның монғол тіліндегі негізгі коммуникативтік (яғни *«ит»* деген) мағынасы тілімізге кірмеуі де, ал кірген болса, *ит* сөзі арқылы ығыстырылып, бірте-бірте ұмыт болуы да мүмкін. *Ноқай* сөзінің түркі сөзі емес, монғол сөзі екендігіне екі-үш дәлел келтіруге болады. Біріншіден, *ноқай* сөзі түркі тілдеріне көп тарамаған, біз оны 3—4 тілде ғана кездестірдік. Мысалы, В. Радлов, Л. Будаговтардың сөздігінде бұл сөз көрсетілмеген. Қазақ тілінде *ноқай* жеке-дара қолданғанымен, тұлғалық және семантикалық жағынан дамып кете алмаған; ал кейбір тілдерде ол белгілі сөз тіркестерінде қолданылумен ғана шектеледі. Мысалы, ұйғыр тілінде: *ноқай//ноғай шерә* — шөптің бір түрі, қарақалпақ тілінде: *ноғай қотыр (<ноқай<нохай)* — қотырдың бір түрі (салыстыр: *түйе тікен, ит мұрын),* қырғыз тілінде *ноко//око (<нокой<нохой) сияқ* немесе *ноко сымак* — көпшілікке қосылмай шеттеп жүретін, сөйлемейтін тұйық, топас (адам), чуваш тілінде: *нокай сорах* — қойдың бір түрі (салыстыр: *шошқа қой)* т. б. Екіншіден, *ноқай* сөзі монғол тілдерімен тарихи қарым-қатынаста болған якут, чуваш тілдерінде кездеседі. Үшіншіден, *ноқай* сөзінің монғол тілдерінде тұлғасы және мағынасы жағынан бірдей дамып, байырғы сөз ретінде еркін қолданылатындығын байқаймыз. Мысалы: *нохойдохо* — итпенен аңға шығу, *нохойлхо* — иттей жек көру; немғұрайды қарау; *нохойн гэр* — ит күркесі, *нохойн хоншоор* — 1) иттің тұмсығы; 2) ит мұрын (өсімдік); *нохойн хэлэн* — ит тілі («медуница»); *нохойрхо* — оңбағандық, итше ырылдау; сиыспаушылық, жаман мінез білдіру; *нохойч/нохойшон* — итші, ит бағушы. Міне, осы негізде қазақ тіліндегі *ноқай* сөзінің төркіні монғол тілдеріндегі *нохой* мен байланысты деп жорамалдауға болады. **(Ә. Қайд.)**

Ноян. *Айбынды, асқар даңқынан жау тітіреп, Ноян етіп өсірген сәбилерін* (З. Қалауова). *Алдымда тұр атақты батыр Саян, Қол бастаған шығыста*

осы ноян (И. Байзақов). *Ноен~нойон* сөзі монғол тілінде хан, мырза дегенді білдіреді. Шығыс түркі тілдерінде де (тува) *ноян//нойон* — хан, басшы. Бұл сөз қазақ тіліне монғол немесе шығыс түркі тілдерінен енген болу керек. **(Ж. Б.)**

Нұқсан: нұқсан келтіру. *Осыны сылтау қып Құнанбай Борсақ, Бөкеншіге нұқсан келтіреді деп есептеген Сүйіндік сырт кісімен сөйлескен де.* (М. Әуезов). *Нұқсан* сөзі парсы тілінен ауысқан. Парсыша نقصان (ногсан), نعص (нәгс) — кемістік, кемшілік, зиян деген сөз. Қазақ тілінде *нұқсан* сөзі *нұқсан келтіру* түрінде етістікпен тіркесіп келеді де «зиянын тигізу, зиян келтіру» деген мағыналарда қолданылады. **(Б. С.)**

Нысана. *Бақтығұл көре бере: «Я сәт!» — деп нысананы бетке ұстап көздей берді* (М. Әуезов). *Нысана* — «көздейтін жер», «мақсат», «алға қойған міндет» деген мағынада да, «айрықша белгі», «таңба» деген мағынада да қолданылады, және бұл мағыналарда қолданылғанда *нысана//нышан, нышана* болып та айтылуы мүмкін (ҚТТС, II, 1961). Бұл сөз өзбек тілінде *нишон, нишона* және одан етістік тудырып *нишонламақ* болып қолданылады. Парсы тіліндегі «белгі, таңба, ту, жалау, гербі, орден» мағыналарындағы نشانه، نشان (нешан, нешане) сөздерінен ауысқан, ал орыс тіліне ауысқанда *нешан>мишень* болып фонетикалық деформацияға ұшыраған (Сл. русск. яз. т. 2. М., 1958). Ұйғыр тілінде *нышан* «белгі» және «іштен туған бір кемістік» деген мағынада қолданылады. *Нішан (нишан)* түрінде монғол тілінде де кездеседі (Б. Я. Владимирцов. Турецкие элементы в монг. языке.— ЗВОР арх. об-ва, XX, вып. 2—3, СПб., 1911, 161). **(Б. С.)**

О

Олжа. *Мен адаммын дегендер, Ел тынышын бұзбайды, Оңай жерден олжа ізден, Зұлымдық орын қазбайды* (А. Тоқмағамбетов). *Олжа* сөзі қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, өзбек, тува тілдерінде де қазақ тіліндегідей «тегін келген табыс, пайда, үлес» деген мағыналарда қолданылады. Түрік тілінде *olcay* сөзі неологизмдер қатарында «бақыт, үлкен табыс» деген мағыналарда қолданылады. Қазіргі монғол, бурят-монғол тілдерінде *олз(он), олзо* сөздері «пайда, табыс, кіріс» деген мағына береді. Және *олз, олзо* түбірінен туған сөз мейлінше көп. *Олжа* сөзі көне тіл ескерткіштерінің бірі Мухаддимат ал-адаб сөздігінен (XIII ғ.) кездеседі. *olïa* — пайда, тұтқын; olïa tüni — оны (тұтқынға алды) олжалап кетті (Мух. ал-абад, М.— Л., 1938, 35, 264—265, 266). Акад. Владимирцов *олжа* сөзін түрік тілдеріндегі түбір сөздерге монғол тілдерінің аффикстері қосылып жасалған сөздердің қатарына жатқызады. *Олжа* — соғыста қолға түскен пайда, табыс, түбірі — *ол* сөзі дейді (Б. Я. Владимирцов. Турецкие элементы в монг. языке. ЗВОР арх. об-ва, XX вып. 2—3, СПб., 1911, 184). **(Б. С.)**

Орда. *Консерватория — өнер ордасы. Орда* сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы «мәдениеттің, ғылымның, искусствоның шыққан, өскен, дамыған жері, ошағы, бесігі» деген мағына. *Орда* сөзі көпшілік түркі тілдеріне ортақ, бір кезде олардың көшпелі тайпалары бірлестіктерінің аты және сол бірлестіктердің билеуші орталығының тұрған жері, мысалы хандардың, бектердің билік жүргізген жері болған: *Ақ орда, Алтын орда* т. б. Осыдан барып *орда* сөзінің «еңселі үлкен үй» деген мағынасы шыққан. Біздің ойымызша, *орда* сөзі *орын (орна, орнау, орналасу)* сөзімен түбірлес. Тайпа бір жерге «орналасты, орнады» дегенді Махмуд Қашғаридың заманында *ordulandi: beg bir yerig ordulandi* деген көрінеді (МК., т. I, 296). Ал, *орын* сөзі мен *отыру* етістігінің туыстығы талас туғызбайды (салыстыр: *отырғыш — орындық),* проф. С. А. Аманжоловтың пікірі бойынша *отыр* етістігі көне *олтур//олдур* түрінен *л* дыбысы-

ның түсіп қалуы арқылы шыққан. Ал, кейбір тілдерде, мысалы, якут тілінде *т* дыбысы түсіп «отыру», «отырғыш» сөздері *олох, олар, олбох* түрінде айтылады. Түркі тілдерінде *л* және *р* дыбыстарының алмасу заңдылығы бойынша кейбір тілдерде *ол (ох)* түбірі *ор(ы)н* болып өзгерген. (С. Аманжолов. «Отыр» мен «тұр» етістіктерінің тарихы туралы этюд». Сб. Вопр. ист. и диал. каз. яз., вып. I, 17—25). *Орда* сөзінің «бірдеңенің орнаған (отырған) жері» деген мағынасынан «бірдеңенің көп жиылған жері» деген мағына туған. Мысалы, *ордалы жылан, ордалы ел.* Қазіргі қырғыз, қарақалпақ тілдерінде *ордалу (ордалы)* сөзі «бала-шағасы көп» деген мағынаны білдіреді. *Орда* сөзінің осы «бірдеңенің көп жиылған жері» деген мағынасынан «әскер, қол» деген мағынасы шыққан. *Орда* [*орду*] сөзінің бұл мағынасы түрік, азербайжан тілдерінде сақталған. *Орда* сөзі орыс тіліне ауысып «қарулы қол, шапқыншы, басқыншы әскер» деген мағынада *ордá* түрінде жұмсалады. Дәл осы кейінгі мағынада орыс тілінен бірталай түркі тілдеріне бұл сөз соңғы уақыттарда кері ауысып отыр. (Б. С.)

Орын: төсек-орын. *Қажетті жабдықтарын, төсек-орнын, ыдыс-аяқтарын машинаға тиеп алған* (Б. Соқпақбаев). *Төсек-орын* дегендегі *орын* сөзі әдеби тіліміздегі *орын* (место) сөзімен мағыналас болса да, қос сөз жасалу кезінде бұл сөз *төсек* деген мағынада жұмсалған болу керек. Кейбір түркі және монғол тілдерінде бұл сөз *төсек* мағынасында жұмсалады. Ұйғырша *орун салмақ* — төсек салу, бурят-монғолша *оро/н/* — кровать, төсек; *түрмәроron* — темір кровать, монғолша *ор(он)* — кровать, төсек. Құмық тілінде *төсек-орынды* керісінше *орун-тёшек* дейді екен. *Орын* сөзі «төсек» мағынасында кейбір оңтүстік говорларда сақталып қалған. *«Мейманның орны қайсы? Бір келдім, екі келдім үшке дейін, Жата ма мейман кісі түске дейін? Тұрдағы жинау үшін орныңды бер. Жата бер онан кейін түске дейін*

(Бір қыздың ұйқышыл жігітке айтқан сөзінен. «Қаз. тілі тар. мен диал.», 3-шығ., 28). Тіліміздегі жеке-дара қолданылатын *орын* (место) сөзі жоғарыдағы қос сөздегі *орын*-мен мағыналас, олардың шығу төркіні бір. Осы сөзден тілімізде кейін *орындық* сөзі пайда болған. (Ш. С.)

Осынау. *Еңсесін шаң жауып та, қар жауып та, Талай жыл сауыт болған сан ғұрыпқа. Осынау кеңістікті мекендеген, киіз үй секілді ед ақ жұмыртқа* (Д. Қанатбаев). Бұл сөз *осы* және *анау* есімдіктерінің бірігуінен жасалған. Осы екі сөздің арасында екі дауысты дыбыстың біреуі түсіп қалып, *осынау* болып айтылып кеткен. *Осы+анау>осынау.* Салыстырыңыз: *сол+анау>сонау, ол+анау>анау.* (Ш. С.)

Ошақ. *Үйге кіріп келген қонақтарға төрден орын босатып, ескілеу бір текемет төсеп қайтадан ошағының басына барды* (С. Шәріпов). *Ошақ* сөзі түркі тілдерінде кездесетін *от* пен *жақ* (жағу) сөздерінен құралған болар. Сөз ішінде қатар келген *т* және *ж* дыбыстары біріне-бірі әсер етіп, екеуі де өзгеріп *ш* (кейбір түркі тілдерінде *ч, ж, с)* дыбысына ауысқан. Сонымен бұл сөз *от (од+жақ)+жаг>>отжақ//оджаг>ожақ//ошақ//очақ* болып өзгерген тәрізді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, бұрын түрік әмірі мен сұлтандарының жанында әдейі от жағушы кісі болған, оның аты *ожақы* болған (Гордлевский. К вопр. о влиянии..., 288; Преображенский. Этим. сл. рус. яз., 673). Қазір *ошақ* сөзі түркі тілдерінің көбінде кездеседі. Татарша *учак,* өзбекше *учоқ,* якутша *осох,* азербайжанша *оджаг,* түрікше *ожақ* т. б. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, *от* сөзіне кіпірейту мағынасын білдіретін *-жақ/жаг* жұрнағы қосылу арқылы *ошақ* сөзі пайда болған (Шанский. Кр. этим. сл. рус. яз. 239). Бірақ бұл күмәнді түсіндірме сияқты. *Ошақ* сөзі орыс тіліне еніп *очаг* түрінде қолданылып кеткен. (Н. Қ.)

Ө

Өмілдірік. Қазақ және басқа да түркі тілдерінде *-дірік (-дүрүк//-турық//-дуруқ)* жұрнағы арқылы жасалатын бір топ сөздің біреуі *өмілдірік:* ұйғырша — *өмүлдүрүк,* қырғызша — *өмөлдүрүк. Сағалдырық, кемелдірік, мойынтұрық, табалдырық* дегенде біз *сақал, мойын, табан* сөздерінің негіз болып тұрғанын аңғарамыз. Ал *өмілдірік* дегендегі *өміл* сөзі қандай сөз? Біздің пікіріміз бойынша, ол монғол тілдерінде жеке-дара қолданылып жүрген *емел* сөзі. «Мухаддимат ал-адаб» та (154) *emel* امل — ер, ер-тоқым мағынасында қолданылатыны көрсетілген. Қазіргі монғол тілінде ерді *эмээл* дейді. Сонда қазақ тіліндегі *өмілдірік* — өрге жүргенде ер кейін кетпеу үшін аттың омырауы арқылы тартылатын ер-тұрманның бір бөлегі. Ол ерді ұстап тұру қызметіне байланысты *өмілдірік* деп аталған болуы керек. Монғол тіліндегі *емел//эмээл* сөзінің қазақша *өміл,* ұйғырша *өмүл,* қырғызша *өмөл* болып өзгеруі дәлелдеп жатуды қажет етпес деп білеміз. **(Ә. Қайд.)**

Өңеш. *Өңеш* сөзі (кейде *қызыл өңеш)* түрік тілдерінің көпшілігінде бар. Ұйғыр тілінде *өңгәч//қизил өңгәч,* өзбекше — *қизилунгач, қырғызша — өнгөч//кызыл өңгөч,* хакасша — *өөс,* қарақалпақша — *өңеш.* Осылардың бәрі мағыналас, «жұтқыншақ пен асқазан арасындағы түтік» деген ұғымды білдіреді. Түркі-монғол тілдерінің фактілеріне қарағанда *өңеш* сөзі екі лексикалық элементтің қосылуынан жасалған кіріккен сөз тәрізді. Мұндағы бірінші компонент *өң* (арғы тегі — *ұңғы*), екіншісі *-іш* (сырт емес). Олай дейтін себебіміз *кеңірдек* те, *өңеш* те, *жұтқыншақ* та ауыздан ас қазанға дейінгі іші қуыс, түтік бейнесіндегі ас жолын сыпаттайды. Функционалдық семантиканың заңы бойынша заттың аты оның сыртқы формасына, функциясына, сыпатына байланысты қойыла беретіні белгілі. Олай болса, *өңеш* сөзіндегі *өң* морфемасы да түтік, іші қуыс, көрней тәрізді белгілі бір заттық ұғымға байланысты болуы мүмкін. Ал, ол ұғымды түркі-монғол тілдерінде күні бүгінге дейін жеке-дара, дербес айтылып жүрген *ұңғы (<унги//унга//уңғу//үңгү//ұнқа//онка//өңгә//өңе//өң//өө)* сөзінің мағынасынан табуға болатын тәрізді. Бұл сөз түркі-монғол тілдерінде негізінен іші қуыс, кеуек, шұңқыр, түтік, ойық, керней іспетті заттарға байланысты қолданылып келеді. Мысалы, қазақ тілінің өзінде кетпеннің сабын кіргізіп саптайтын жерін *кетпеннің ұңғысы* дейді. Қырғыз тілінде де солай: кетпеннің, найзаның сабын саптайтын темір түтікшені *уңгу* деп атайды. Немесе *ұңғы* сөзі «қазынды жер, қуыс, жыра, жылға, ойпат, су ағар» деген мағыналарды да білдіреді. Қарақалпақ тілінде *уңғы,* чуваш тілінде *унка//онка//унк* (доғаның, есіктің, тіреудің басы айналып тұратын темір шығыршық, дөңгелек), *уңқала* (шығыршықты), өзбек тілінде *унга ўқ* (арбаның дөңгелегі қажалмау үшін темірден жасалған түтік, втулка) деген мағыналарда қолданылады. Бұл, әрине *өңештің уңғи* сөзіне тікелей байланысы бар, бір-біріне сырттай ұқсас екенін дәлелдейтін сияқты. Ал қазақ тіліндегі *өңе* формасы *ұңғы* сөзінің мынадай даму сатыларын басынан кешіргендігі байқалады: *өңе <өңгә//онка//ұнқа//үңгү//уңгу//унга//унги.* О бастағы *ұнғы//өңгә* сөзінің осындай бірнеше вариантқа ие болуы әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне, әсіресе сол түбір сөзге жалғанып тұрған жалғаудың фонетикалық тұлғасына да байланысты деп қарауға болады. Бұл арада *өңге* түбірінен *өңеш* туынды түбірін жасап тұрған *-ша//-ше* кішірейткіш жұрнағы деп білеміз. Бұл форма қазақ тілінде (басқа түрік тілдерінде де солай) зат есімдерден, кейде сын есімдерден кішірейту ұғымын білдіретін туынды түбірлер жасайды және ол *-шақ//-шек, -шық//-шік* (салыстыр: *шына-шақ, келін-шек, ойын-шық, бүр-шік)* жұрнағымен мағыналас әрі төркіндес. Сонда ол о баста *-шақ* (варианттарымен) формасында ғана кездессе (салыстыр: *жұт-*

қыншақ, қатпаршақ, толарсақ, шеміршек), біртебірте аяғындағы *қ//к* дыбыстарының түсіп қалуына байланысты *-ша//-ше* түріне ауысқан. Содан кейінгі жерде оның *(өңге* сөзінің құрамында тұрып) тек *-ш* дыбысы ғана қалған *(өңге-ш).* Мұндай құбылыс тіл-тілдерде бола береді. Ал енді *өңге-ш* формасынан *өңе-ш* формасының келіп шығуында да белгілі заңдылық бар сияқты. Кейбір түрік тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде мұрын жолды дауыссыз дыбыс *ң* және жасалу орны жағынан оған өте жуық, ұқсас *ғ* дыбысы қатар келгенде, *ғ* дыбысының түсіп қалуы байқалады. Мысалы: *теңіз* (ұйғырша *деңгиз), жалаңаш* (ұйғырша *ялаңғач)* т. б. Дәл осы сияқты қазақ тіліндегі *өңге-ш* формасы *өң-(г)е-ш* > *өңе-ш* формасына ауысқан және ол осы түрінде тілімізде қалыптасып, дербес сөзге айналған. Жоғарыдағы *ұңғы//үңгә//өңгә* сөзінің негізінде түркі тілдерінде басқа да туынды түбірлер, ауыспалы мағыналар пайда болған. Мысалы, оған мына сөздерді жатқызуға болады: қазақ тілінде: *үңгі//ұңғы* (жерді қуыстап, үңгірлеп қазу), *үңгілеу* (кеулеу, қуыстау), *үңгір* (таулы массивтегі табиғи, не қолдан қазылған қуыс), *үңірею* (таудың, қабырғаның опырылып, апандай болып ашылып қалуы; көзі үңірейген адамды *үңірек көз* деп те атайды); ұйғырша: *үңкүр* (үңгір), қырғызша: *үңгу* (негіз, түбір), *үңкүр* (үңгір), өзбекше: *унгур (үңгір);* қарақалпақша: *уңғыла* (балтаны сапта), *уңғыткөз* (ашкөз, тоймас), *уңқыл-шуңқыл* (ұңғыл-шұңғыл), *үңги* (шұңқыр қазу), *үңгир* (үңгір, тесік, апан), *үнгішу* (үңірею), *үңірек* (шұңқырланған, ішіне кіріп кеткен), якутша: *оңкочах, оңкучах* (шұңқыр; ойпат; мал қораның ортасындағы шұқыр; погреб; жер астындағы үңгір), *оңоі* (шұқыр, тесік). **(Ә. Қайд.)**

П

Пар. *Тұзымды құдай көтерсе, Мұнда жоқ сенің тең парың* («Қыз Жібек»). *Махтымхан мінді арбаға, Парды жегіп жорғаға* («Қамбар»). *Пар* сөзі орысша «қосақтау, парлау» мағынасында қолданылатын *пара* деген сөзден ауысқан. Бұл сөз алдымен татар, башқұрт тілдеріне енген (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. т. I, 308). Өткен ғасырдың екінші жартысында басқа түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне де, бұл сөз «қосақтау» (атты) мағынада енген (Радлов. Опыт. сл. IV, 1144, 1476). Бұл сөз кейін қырғыз, өзбек, тәжік тілдеріне де ауысқан. **(Б. С.).**

Пара I. *Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы* (Абай). *Жылқының бір парасы көл ішіне түсіп, белінен құрақ кіріп тұр* (Ы. Алтынсарин). *Бір пара жанды малды ғып, Бір пара жанды малсыз ғып, Бір пара жанды дінсіз ғып, Бір пара жанды дінді ғып, Бір пара жанды ғалым ғып, Бір пара жанды залым ғып* (Дулат). Бұл мысалдардағы *пара* сөзі «бөлік, белгілі бір заттың мөлшері, бөлігі» деген мағынада жұмсалғаны байқалады. *Пара* сөзінің бұл мағынасы ескіріп, қазірде тек тарихи әдебиетте ғана қолданылады. Мысалы: *Құранның кейбір парасының үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз жасырын ойларды ойлайды* (М. Әуезов. «Абай»). *Пара* сөзі парсы тіліндегі پاره (паре) сөзінен ауысқан. Дәл осы мағынада қырғыз тілінде, — *бара,* өзбек тілінде — *пора,* тәжік тілінде — *пора* сөздері қолданылады. Тіліміздегі *пара-пара, пэре-пэре* (қылып жырту) сөзі де парсы тілінде осы сөздің қосарланып айтылуынан жасалған. **(Б. С.)**

Пара II. *Партия жиып, пара алған Бейілі кедей байсыңдар* (Абай). *Пара* сөзі көбінесе *алу, беру, жеу* етістіктерімен тіркесіп келеді. Жалғыз қазақ тілінде ғана емес қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ұйғыр, тәжік тілінде де *пара (пора)* сөзі орысша «взятка» мағынасында қолданылады. Түрік тілінде *пара:* 1) ақшаның белгілі бір мөлшері (бір пиастрдың 40 бөлігі), жалпы ақша; 2) бір дана; 3) бөлік, бөлім деген мағыналарда қолданылады. Біздің ойымызша, *пара* сөзінің қазақ тіліндегі

«взятка» мағынасы бұл сөздің «ақша» мағынасынан шыққан болу керек. Ал *пара* сөзінің ақша мағынасының өзі *пара//пере* сөзінің бүтіннің, кесектің бөлігі деген мағынасынан (қара: *пара* I) шыққан болу керек, үйткені Махмуд Қашғаридің сөздігінде ақшаны *yartak* (ярмак) деп атағандығы айтылады. (МК. I, 223). **(Б. С.)**

Пәуеске/пауеске. *Жолдың шаңын аспанға көтерген он бес шақты пәуәске жеккен аттардың бар пәрменімен шапқан екпінімен кеп тоқтай қалды* (С. Мұқанов). *Пәуеске* орыс тілінен ауысқан *повозка* деген сөз. Мағынасы жағынан орыс тіліндегі *повозка* -ға қарағанда *пәуескенің* шегі тарырақ. *Повозка* сөзі орыс тілінде жалпылама ат. *Повозка* деп арба біткеннің бәрін айта беруге болады. Ал қазақ тілінде *пәуеске* деп арбаның тек кісі мінетін күймелісін ғана айтқан. Кейбір әдебиеттерде *пәуеске* жазды күні күймелі арба, қысты күні күймелі шана деп түсіндіріледі. (Рус.-кир. сл. 1899, 1916). Қазақ тілінің өзінде де *пәуеске* сөзінің мағынасы дәуіріне қарай өзгеріп отырғанға ұқсайды. *Пәуеске* сөзінің аясы кейіннен оқшауланып күймелі арбаның атауы ретінде қалыптасқан. Қазірде *пәуеске* көнерген сөз ретінде танылып жүр. **(Б. С.)**

Перізат//перизат. *Тіл — буынсыз, бой — таза гүл, Ақылы артық, ары зор, Ол перизат ойды өзің біл, Не болады болса қор* (Абай). پری Парсы тілінде пәри (пері) — фея, ауыспалы мағынасы — «асқан сұлу әйел». Халық аузындағы өлеңдерде де «айрықша, өзгеше» деген мағынада айтылады. Бұл — біріккен сөз. Бірінші сыңары — *пері*, екіншісі — *зат*. Соңғы сөз белгілі мағынасында (қара: *адамзат*) жұмсалып тұр. **(І. К.)**

Порым. *Кейде паң, кейде көңгіш орнымен, Кейде елеусіз, кейде ынтық пормыменен* (Абай). *Порым* сөзі орысша *форма* сөзінен ауысып келген. Бұл сөз Абай заманында да, Абайдан бұрынғы ауыз әдебиет нұсқаларында да жиі кездеседі. Барлық жерде де «түр, түс, сыртқы бейне» деген *форма* сөзінің бірінші мағынасында кездеседі. Мысалы,

Ішінде осыншаның пормың артық (Біржан сал). *Көрген адам таңданар Қарлығаның пормына* («Қобыланды»). *Бір түрлі болды нұсқасы. Порымы мынау* («Алпамыс»), *Жәннәттең шыққан қорлардай порымына қарасаң* («Қамбар батыр»), *Әй, Жәке, мен көрмеген жан екенсіз, Отырмын порымыңа қайран қалып* («Қыз Жібек»). Осы *порым (форма)* сөзінің өзінің негізгі мағынасында батырлар жырының барлығынан дерліктей жиі кездесуі, бұл сөздің өте ерте замандарда еніп қалыптасқандығын көрсетеді. Осы жағдай бұл сөз орыс тілі арқылы емес, басқа тілдер арқылы *(форма* грек сөзі) ауыспады ма екен деген де ой туғызады. Бұл сөздің екінші мағынасы — «көп адамға бірдей, бір түс, бір қалыппен тіккен киім, қалыптасқан тәртіп» деген мағыналары тілімізге тек соңғы уақыттарда (XX ғ.) ғана еніп қалыптаса бастады. Мысалы, *Ғақиқаттан хабарсыз шартақ билер. Бұзды ғой әділеттің формаларын* (Әсет). **(Б. С.)**

Пұшайман//пұшәйім: пұшайман жеу. *Саған мына бір жайды үлкен мұңаюман пұшәйім жеп хабарлаймыз* («Оңт. Қаз.», 15/III-59). Кейбір тілдерде бұл сөз «өкіну», «бармағын тістеу», «қапыда қалу» мағынасында жұмсалады. Мысалы, парсы тілінде پشیمان [пäшиман] — өкіну. Өзбекше *пушайман* — өкінген адам, пұшайман жеу. Тіліміздегі *уайым жеу, таяқ жеу, соққы жеу* сияқты тіркестер бар. *Пұшайман жеу* тіркесі де осы конструкцияның үлгісімен жасалған. **(Ш. С.)**

С

Саз: *саз қосу, саз болу, сазына келтіру, сазына сай.* — Парсы тілінде ساز — саз — музыкалық аспап. Қазақ тілінде *сөзді сазына келтіріп айтты, домбыраның сазына сай* деген сияқты фразаларда кездесіп отырады да, ол *(саз* деген сөз) көбінесе

жақсы, ұнамды, әдемі, орынды деген мағына беру үшін жұмсалады. **(І. К.)**

Сайып: сайып қыран. *Қаласындағы Ленинның, Сайып қыран ерлерім* (Жамбыл). *Жоқ, Киров, алып жүрек, сайып қыран, Патшаның тағын бұзып, талқан қылған* (Қ. Әбдіқадыров). Қазіргі қазақ тіліндегі *сайып* осы тіркестен басқа жерде қолданылмайды. Оның шығу төркіні араб тілі болу керек. Онда صائب *(саиб)* — тура, дұрыс, дәл, нағыз, таза, оңды немесе سائب *(сайб)* — еркін, бос. Парсы тілінде де осылай: صائب *(саэб)*. Қазақ тіліндегі *сайып* сөзін араб тіліндегі басқа бір тұлғалы сөзбен де салыстыруға болатын тәрізді: صحب ‖ صاحب *(саһиб//сакб)* — серік, жолдас, дос, дос-жаран, бір нәрсенің иесі, қожасы. Парсы тілінде صاحب *(саһеб)* та осы мәнде. Тәжік тіліндегі *соҳиб* сөзі де осы көрсетілген мағыналарды беру үшін жұмсалады. Ұйғыр мен өзбек тілдеріндегі *sahip, соҳиб* сөздері туралы да осыны айтуға болады. Соңғы тілде *соҳибқирон* деген де сөз бар. Оның *соҳиб* сөзі «ие, қожайын» деген мағынада қолданылса, *қирон* «держава» деген ұғымда жұмсалады. Бұл екі сөз қосылып «бақытты, жұлдызы оңынан туған, жолы болған адам» деген ұғым береді. Қарақалпақ тіліндегі *сайыпкер* деген сөзге мынадай анықтама берілген: хива хандығы кезіндегі чиновник, ірі жер иесі. Мұны қазіргі қазақ тіліндегі *сайыпкер* (тренер) деген сөзбен салыстыруға болады. Бұл тәрізді мысалдарға қарағанда, *саиб* сөзінің мағынасы турашылдық пен тура айтуға байланысты да, *саҳиб* сөзінің мағынасы шенге байланысты көрінеді. Қазақ тіліндегі *сайып* сөзінің мағынасы — атақ пен лауазымнан гөрі, ерлік пен батырлық жайын айтқанда ғана қолданылатын теңеу. Сондықтан ол *саҳиб* емес, *саиб* сөзімен астасып жатса керек. Араб-парсы тілдеріндегі *саҳиб* сөзі қазақ тіліндегі *сайып* сөзінен гөрі *сақаба, сақып (Сақыпжамал), суқбат (сұқбаттасу)* деген сөздермен ұялас болар.

Салыстырып көрейік: арабша صحبة (саһабат) — Мухаммедтің достары, صحبة (суһбат) — достық, бірлік, бірлесу, өзара икемдесу. Парсыша صحابه (саһабе) — Мухаммед пайғамбардың достары. Сонымен қазіргі қазақ тілінде жеке-дара тұрып қолданылмайтын *сайып қыран* сөзінің көне мағынасы араб тіліндегі «бақытты, қожайын, мемлекет бастығы» не «еркін» деген сөз емес, «тура ататын, дәл тигізетін, турашыл» деген сөз болуға мүмкін. *Сайып* сөзінің бұл (соңғы) мағынасы — өзімен тіркес қолданылатын *қыран* сөзінің мағынасымен де астарлас. Мұндағы *қыран* сөзі өзбек тіліндегідей *мемлекет* деген мағынада емес, қазіргі қазақ тіліндегі өзінің белгілі мағынасында жұмсалып тұр. **(Ә. Қ.)**

Сақаю. *Фрунзенің қалың ақ сары сақалы, сәнді ұзын мұрты кескінін сақайтып, салмақты пішін береді* (З. Ибрашкин). Өзбекше *соғаймоҳ* — жазылу, емделу. Ұйғыр тілінде де *сақаймақ* болып осы мағынада айтылады. *Сақаю* етістігі сырқаттанған адамға айтылады да, «тәуір болу, сауығып кету» деген мағына береді. Ол «бас көтеру, аурудан тұру» мәнінде де жұмсалады. Бұл сөздің диалектілік сыпаты да жоқ емес, мысалы бұл оңтүстік облыстарда жиі айтылады. Оның қазақ әдеби тілінде «егде тарту, біраз жасқа келу» деген мағынасы ауыспалы мағына тәрізді. **(Ж. Б.)**

Салдарлы. *Ол қазір салдарлы кісі болған* (газеттен). Тува тілінде *салдар* — әсер, ықпал; *салдарлыг* — ықпалды, беделді. Бұл сын есім тек қана адам, кісі сөздерімен тіркесе келіп, «салмақты, ұстамды, беделді, ықпалды» деген мағыналарды береді. *Салдарлы* сөзі республикамыздың оңтүстік облыстарында жиірек қолданылады. **(Ж. Б.)**

Салым: аузының салымы. *Ол аузының салымынан көрсін!* Тува тілінде *салым* — «тағдыр» мағынасында жұмсалады. Алтайша *салым* — 1) заң, өсиет; 2) тағдыр, көрешек. Бұл сөз тілімізде *аузының салуы//салымы* деген тіркесте ғана қолданылады. Қазақ тілінде *салым* сөзінің этимология-

сы тува, алтай тілдеріндегі «тағдыр» деген мағынасымен байланысты болар деп топшылаймыз. **(Ж. Б.)**

Самарқау. *Самарқау* сөзінің морфологиялық құрамын үш бөліктің қосындысы деп қарауға болатын төрізді: *сам-мар-қау*. Мұндағы бірінші элемент барлық түркі тілдеріне ортақ, бірақ әр түрлі формада кездесетін дербес сөз: *сау* (қаз.), *саў* (қ. қалп.), *соғ* (өзб.), *сағ* (ұйғ., азерб. түр.), *сав* (ноғ.) — бәрі де сау, аман-есен мағынасында. Ал, көне тұлғалы сөздер өзінде көбірек сақтаған чуваш тілінде бұл түбір *сыв//сыва* түрінде айтылады. Мысалы: *сыв//сыва* — сау, аман; *сывал//сывла* — сауығу, тәуір болу, сақаю; *сывах* — сауық, тәуір бол; *сыва-сторова* — аман-есен, сау-сәлемет. *Самарқау* сөзінің құрамындағы екінші компонент — чуваш, якут тілдеріндегі болымсыздықты білдіретін, *-ма//-ме, емес* тәрізді, — *-мар* демеулігі. Мысалы: якутша *пайан лапра мар* — бүгін батпақ емес; *таса мар* — таза емес; дені сау емес. Бұл сөзбенен қазақ тіліндегі *қытымыр* сияқты біраз ғана сөзді салыстыруға болады. Ал чуваш тілінің өзінде *-мар* демеулігі өнімді жұрнақ. Ол арқылы, мысалы, жоғарыдағы *сыв//сыва* — сау түбірінен *сымар//сывамар* — ауру, саулығы жоқ, сау емес, сырқау; *сымарла* — ауыру, науқастану, сырқаттану тәрізді туынды түбір жасалатынын көреміз. Сөйтіп, «ауру, сырқау, науқас» деген ұғымды ертеде *сымар//сывамар//саумар* формасы арқылы айтқан және осы күнге дейін солай айтып келе жатқан чуваш, якут тілдерінен қазақ тіліне ауысуы ғажап емес. Ал, *сыв+мар//сыва+мар* формасынан *сау+мар*, одан барып *самар* келіп шыққан болар дейміз. *Самарқау* сөзінің құрамындағы үшінші элементті түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін *-қау//-кеу* жұрнағы деуге болады (салыстыр: *аң-қау, жал-қау, са-қау, мақау, мыл-қау, сыр-қау).* Якут тіліндегі *самархаі* — жеңілтек; ұстамсыз; ұқыпсыз, көңлі алаң, жаңғалақ, *саімархаі* — ұмытшақ, ойы он бөлек, санасы сан бөлек (адам); көңілсіз, әр нәрсеге ойы бөлінген (адам) және Э. К. Пекарскийдің осы сөздермен салыстыру ретінде келтірген көне монғол сөзі *самағура* да жоғарыдағы *самарқау* сөзімен төркіндес деп айтуға болады. Сонда *самарқау* сөзін *сау* (варианттары: *сағ//сор//сау//соо//суу//сыв)* түбір сөзінен дамыған туынды түбірлердің (мыс.: қазақша: *саулық, сауығу;* ұйғырша: *сағлам, сағлиқ, сақай)* кейбір тілдерде ғана сақталып, локализацияланған формасы деп қарауымыз керек. **(Ә. Қайд.)**

Санат. I. *Екі жақсы бас қосса, Санат емей немене* (Бұқар жырау).Бұл араб тіліндегі سنا 1) сәулет, жарасым; 2) ұлылық, дәреже деген сөзінен алынған болу керек. Қазірде бұл мағынада *санат* сөзі сирек қолданылады. **(Б. С.)**

Санат. II. *Патша алыс жете алмаймыз Петерборға және де сегіз санат алыс қия* (Ақан сері). Орыс тіліндегі *сенат, сенатор* деген сөздер қазақ тіліне *санат* болып ауысқан. *Петербордан шапқатты санат келсе* (Ақан сері) дегенде бұл сөздің орыс тіліндегі *сенат* орнында, я араб тілінен енген سنا орнында жүргені белгісіздеу, тек Петербордан сөзінің көмегімен мағынасы айқындалып тұр. Сондықтан да М. Әуезов өзінің эпопеясында бұл сөзді *министр* сөзімен анықтап қолданады. Мысалы, *Сонау сегіз санат министрлерге тақау жерлерде де болған* (М. Әуезов). **(Б. С.)**

Санда: анда-санда. Осы сөздің санда сыңары шанда//чанда тұлғасында қазақ говорларында кездеседі. Оңтүстік говорларында шанда//чанда сөзі (Досқараев, Мұсабаев. Қаз. тіл. жер. ерек., 7) «анда-санда» мағынасында жұмсалады **(Ш. С.)**

Сап: сөз саптау. *Сөз саптауы бұйырған сияқты, қақпаның екінші жағынан естілді* (Ғ. Мұстафин). Осы бір тіркестен басқа жерде *сап* сөзі кездеспейді. Сондықтан оны бір нәрсенің (балтаның т. б.) *сабы* деген сөзбен шатастыруға болмайды. Көне түркі тілдерінің материалдарында *сав, саб, сап* деген формалар «сөз» деген ұғым беру үшін қолданылған. Одан *сабчу, савчу, сапчу* (сөйлеуші, шешен,

сөзшең) деген туынды сөздер де жасалатын болған (Малов. Пам. др. письм.). Қазіргі ұйғыр тілінде *саб* (сөз), *сабчы, савчы* (жазушы, елші), манси мен ханти тілдерінде *сав* (дыбыс, үн), өзбек тілінде *саучы,* түрікпен тілінде *саавчы* т. б. деген сөздер бар. (Рясянен. Мат.-лы по ист. фон. тюрк. яз.). *Сап* сөзінің басқа бір мағынасын біз қазіргі қазақ тіліндегі *жаушы* деген сөзбен байланысты айтамыз. Сонда, *сөз саптау* деген тіркестегі екі сөз өз ара мағыналас: оның бірі *(сап)* көне де, екіншісі *(сөз)* жаңа, бірақ екеуі де айналып келгенде бір мағынадағы сөз. Олар біздің осы күнгі тіліміздегі *сөз сөйлеу ~ сөзлеу* деген тіркестің ізімен байланысқан. Осы әдіспен, *сөз* есімін *сөзле (сөзде, сөйле)* сияқты етіп етістік формаға айналдырғанымыз сияқты, *сап* есімін *сапла (сапта)* деп етістік формасымен түрлендіретін болсақ, *сөз саптау (сөз сөзлеу — сөз сөйлеу)* тіркесінің жасалу табиғатын айқын ұғынамыз («Сөз саптау» дегеніміз не? — «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 2, 1959). **(Ә. Қ.)**

Сап/ саф: сап//саф алтын, саф ауа, сап таза, сап көңіл. *Қайтеді гүл-гүл жайнап дала мына, Сыймайды-ау бар қабілеті жанарыма. Саф алтын сұлулығын құя берсін, Кеудемді тосайыншы самалына.* (С. Ақтаев). Бұл сөз парсы және кейбір түркі тілдерінде «таза, мөлдір» деген мағынада жұмсалады. Парсыша صافی [саф] — тáза, ашық. Тәжікше *соф* — таза, мөлдір, *оби соф* — таза, мөлдір су. Өзбекше *соф* — таза, *соф суы* — таза су, *соф хаво* — таза ауа. Ұйғыр, башқұрт, татар тілдерінде де бұл сөз жоғарыда көрсетілген мағыналарда қолданылады. Бұл сөз түркі тілдеріне парсы тілінен енген болу керек. Қазақ тілінде көбінесе *сап* тұлғасында қолданылады, мұнда тіліміздің тән емес *ф* дыбысы *п*-ға алмасқан. **(Ш. С.)**

Сарап: сарапшы, сарапқа салу. *Алтының алып берді қолындағы, Сарапқа сал бардағы шәріңдегі* (Абай). *Әр колхоз көлігін, көлігіне жасаған күтімін сарапқа салады* (М. Әуезов). *Хан қарақшы, халық сарапшы* (мақал.). Арабша *сарраф* — ақшаны, алтынды, асыл тасты бағалаушы, соның сыншысы, банкир (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., I, 698). *Сарраф* қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемделе келіп, *сарап* болып өзгерген, яғни мұнда қосарлы *р*-дың бірі түсірілген, *ф* дыбысы *п*-ға ауысқан, мағынасында да елеулі өзгеріс байқалады, *сарапшы* — ол алтынды, асыл тастарды бағалаушы деген тар мағынадан жалпы «сынаушы, бағалаушы» деген кең мағынаға ие болған, *сарапқа салу* тіркесі де жалпы «іріктеу, бағалау» деген ұғымды береді. **(Ж. Б.)**

Сарнау. *Сарғайған күз, қайнаған көкірек екі әйелдің зарымен бірге сарнайды. Еңіреп жылаған тәрізді.* (С. Сейфуллин). *Сарыннал, сарынналдыг, сарыннар* сөздері тува тілінде уайымдау, қайғыру мағынасында жұмсалады. Алтай тілінде *сарын* — өлең, ән; *сарынчы* — әнші; *сарна* — ән салу, өлең айту. *Сарнау* етістігінің негізінде оның тува, алтай тілдеріндегі мағыналары бар. Қазақ тіліндегі *сарнау* — зарлы өлең айту, жоқтау, қайғыру, уайымдау мағыналарында жұмсалады. Бұл етістіктің негізі *сарын* (өлең, ән) сөзі болуға тиіс, оған есімнен етістік тудыратын *-а* жұрнағы жалғанған (салыстыр: *ойын-а, сан-а).* О бастағы мағынасы — «өлең айту, ән салу». Бертін келе мағынасы тарылып, тек қана жоқтау өлең айту мәніне ие болған. **(Ж. Б.)**

Саяқ: *сүйек-саяқ.* Қазақ, қырғыз *(соок-саак),* хакас *(соо-саағы)* тілдерінде бұл қос сөздің екінші компоненті дербес қолданылмайды. Бірақ осы *саяқ* сөзінің түркі тілдеріндегі даму тарихына, тұлғалық жағынан өзгеру заңдылығына назар аударсақ, оның *сояу* сөзімен төркіні бір екендігін көреміз. Мысалы, *сүйек* сөзінің түркі тілдердегі айтылуын салыстырып көрейік: қырғызша, туваша — *сөөк,* алтайша, хакасша — *соок,* өзбекше — *суяк,* сары ұйғырша — *сонук//сымык//сунук,* ұйғырша — *сөңәк//сұңәк,* азербайжанша — *сүмүк* т. б. Ал түркі-монғол тілдеріндегі *сояу* сөзінің (пілдің, қабанның сыртқа сойдиып шығып тұрған азу тісі

мағынасында) *соёо//сояу//сојоғо//соёк* варианттары барлығы жоғарыда көрсетілді. Пілдің, қабанның азу тістерінің де сүйек екені белгілі нәрсе. *Сүйек* сөзімен *сояу* сөздерінің қос сөз ретінде бірігуінің себебі де олардың осындай жақындығына байланысты. Ал енді *сүйек-саяқтағы саяқ*-тың *сояу//соёо//сојоғо* сөздерінің этимологиялық варианты екенін анықтау қиын емес. Бұл арада сөз соңындағы *у, о* дыбыстарының *қ, к* дыбыстарымен (салыстыр: *бояу ~ бояқ, сау ~ сақ, тау ~ тағ* тәрізді) алмасуы және соның салдарынан кейбір дыбыстық өзгерістер байқалады. *Сояу>саяқ* сөздерінің түп-тамыры *сай- (сой-, сүй-)* етістігі болуы мүмкін деп жорамалдаймыз. Осыдан келіп *сай-* (колоть, вонзить, втыкать) етістік түбірінен *сойыл, сидам, сүймен,* ұйғыр тіліндегі *саймақ* (шөңге тікен) сөздері жасалуы мүмкін. Сол сияқты *саяқ (<сояу)* сөздерімен қазақ, қырғыз тілдеріндегі *сай (сай-сүйек, сай-соок)* сөзі төркіндес болуы мүмкін. **(Ә. Қайд)**

Саясат. *Оқып келген жігіттер екпінді көрінеді. Екі сөзінің бірі «тап саясаты», «тап күресі»* (Ғ. Мұстафин). Бұл сөз қазіргі түркі тілдерінің біразында қазақ тіліндегі мағынасындай қолданылады. Бұл мағынасынан басқа осы сөз азербайжан тілінде «қайлалық, қулық, жаза, көпшілік алдында жазалау», түрік тілінде «дипломатия, жаза, көпшілік алдында жазалау» мағыналарында да жұмсалады. *Саясат* сөзі түркі тілдеріне араб тілінен енген, оның мағынасы: «саясат, дипломатия, басқарушы, администратор». Бұл сөздің төркіні, түбірі түркі сөзі екендігін В. А. Гордлевский көрсетеді (Гордлевский. К вопр. о влиянии», 275). Арабтар түркі тілінен *яса* деген сөзді алған. Оның алдына *са* форманты қосылып, сөз соңына *т* көрсеткіші жалғанған. *Яса* деген сөз кейбір қазіргі түркі тілдерінде де қолданылады: түрікше *yasa* — закон, устав, қырғызша *жасоо* — тәртіп, тәртіпке қою, әскер. Қазақша *жасақ* сөзі де осы түбірден туған. *Яса (жаса)* сөзі көне түркі жазба тілінде де

қолданылған, мысалы, «Күл-Тегін» ескерткішінде: Өд тәңрі јасар (Малов. Пам. др. письм. 33). Бұл жерде *јасар* -р қосымшасы қосылуы арқылы етістік болып тұр. Тарихта Шығыс ханның бірнеше *јасасы* (жаса) болғаны белгілі (История Казахской ССР, т. I, 1957, 121). Сөйтіп, *јаса* сөзі араб тіліне кіріп, оның тұлғасы мен мағынасы өзгеріп, қайтадан түркі тілдеріне ауысқан **(С. И.)**

Сәйгүлік//сайгүлік. *Бүгінгі күн бұл ауылдардың қалың жылқысындағы сәйгүліктің бәрі де кермеде болатын* (М. Әуезов). Бұл сөз екі түрлі түбірден құралған. Оның бірінші сыңары — *сай* кейбір түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз тілінде, *жүйрік ат* деген мағынада жұмсалады: *saj* — өте жүйрік, атақты тұлпар ат. Ол *тұлпар, күлік* сияқты тағы басқа сөздерімен де тіркесіп келе береді: *saj tulpar, saj buudan, saj kylyk*. Екінші сыңары — *күлік* сөзі де жалпы алғанда осы мағынада жұмсалады: қырғызша *kylyk* — жүйрік, сәйгүлік, шапқыш, тұлпар. (Б. Орузбаева. Кыргыз тилиндеги сөз жасоочу аффикстер. Фрунзе. 1958), *it kylygyn tylky syjbojt* (мақал) — ит жүйрігін түлкі сүймейді, *kylyktyk* — жүйріктік, шапқыштық т. б. Бұл сөздің басқа түрлі мағынасы да бар сияқты: көне түркі тілдерінде *külig* — белгілі, атақты, әйгілі (Малов. Пам. др. письм.), хақас тілінде *кулук* — әдіской, әбжіл жылпос, іскер, *куле* (кулирге) — аяқты алма кезек ауыстырып басып тұру. Көне қыпшақ тілінде *külik* [kvlic] — тез, шапшаң, жылдам (K. Grönbech, Komanisches Wörterbuch Türkischer wortindex zu Codex cumanicus, Kopenhagen, 1942). Монғол тілінде *хөлөг* — ат, ат жеккен арба, көлік, *хөлөг-лөг* — атпен, көлікпен жүру, қырғыз, ұйғыр т. б. тілдерде *күлүк* сөзі осы мағынада. Монғолша *kälgen* — арба (Малов. Пам. др. письм.; Радлов. Опыт сл.), якут тілінде *көлгөм, көлө* — ат. Кейбір тілдерде бұл сөз басқа формада да қолданылады: орхон жазуында *кү* — даңқ, атақ, ұйғыр, алтай тілдерінде *кү* — дауыс, үн (Б. Орузбаева, жоғарыда көрсетілген еңбек). Сонда, *күлік*

сөзінің түркі-монғол тілдерінде қолданылатын мағынасы мынадай: 1) ат; 2) шапқыш ат; 3) атақты ат, атышулы нәрсе. Қазіргі қазақ тілінде осы үш түрлі мағынаның екінші түрі ғана сақталған: *Талай байдың күлігі жайдақталды, Жаннан безген жаужүрек тоқтасын ба?* (Қ. Жұмалиев). Мұндағы *күлік*, әрине, басқа түркі тілдерінде қолданылатын *сай* (жүйрік) сөзімен әуендес: (Г. Жәркешева, Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі, 1960). Демек, біздің тіліміздегі *сәйгүлік* сөзі өз ара мағыналас екі түрлі сөзден құралған. 1245 ж. жазылған «Түркіше арабша сөздіктегі» *күлік* كلوك (12-бет) деген түрікмен сөзін М. Хоутсма есектің үйірі (Eselheerde) деп аударады (M. Houtsma, Eine Türkische-arabisches glossar, Leiden, 1890). Шынында, бұл сөздің *күлүк* емес, *көлүк* болуы да ықтимал, үйткені бұл *күлүк* сөзінің жоғарыда көрсетілген үш түрлі мағыналарының ешқайсысымен де жанаспайтын секілді. Аталған сөздікте *сегүл* ساكول (13-бет) деген сөз бар. Ол «ала аяқ ат» деген ұғымда жұмсалады. *Сегүл* сөзінің біздің тіліміздегі *сәйгүлік* формасымен іліктес болуы да мүмкін. (Ә. Қ.)

Сәлем. *Аяздан жауға үскірген Құрсанған қызыл әскерден, Сәлем ап келдім, туған ел!* (Т. Жароков). О баста бұл сөз еврей тілінен ауысқан. Еврейше *шалом (шалум, салум)* — «бейбітшілік, татулық», ал, *шолом алехем!* — «тату болыңыз!» деген сөздер. Кейін бұл сөз араб тіліне ауысып, онда алғашында тек тыныштық, хауіпсіздікті білдірсе, кейін аман-есендікті білу, амандасу мағынасында қолданылатын болған. Осы мағынада бұл сөз түркі тілдеріне де енген (Золотницкий. Корнев. чув. рус. сл. 204—213; Skeat. An Etym. Dict. 532). (Н. Қ.)

Сәрі: таң сәрі, құлқын сәрі, сәресі. *Машинаға сүт тартуға таңертең алдымен Дана дейтін кемпір келетін құлқын сәріден тақақтап* (Р. Әутәліпов). *Сол екеуі кетті бүгін аттарына таң сәріден* (Қ. Аманжолов).

Түркі тілдерінің ескерткіші «Кодекс Куманикусте» кездесетін *сара* сөзін (tang saraunda, tang sara) В. В. Радлов орыстың *заря* (Codex Cumanicus st. Petersb., 1887, 66, 7) деген сөзінен ауысқан дейді. Ә. Құрышжанов «Кодексте» кездесетін *сара* сөзін де, қазіргі тіліміздегі *таң сәрі, құлқын сәрі, сәресі* деген тіркестерде кездесетін *сәрі* сөзін де арабтың سحر (cähär) (таң) деген сөзінен ауысқан дейді («Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы», 4-шығ., 1962, 179). *Таң сәрі* сөзі *таң* және+*cähär* сөзінен, *сәресі* сөзі *cähär*+*асы* сөзінен құрылған. *h* дыбысы сөздің басында да, ортасында да түсіп қала береді. Екі дауысты қатар айтылмайтын болғандықтан, біреуі ғана сақталған. *Сәрі* сөзі жіңішке айтылады да, қазақша жуан айтылатын *ас* сөзіне де әсерін тигізеді. (Б. С.)

Сексию. *Қай колхозға барсаңыз да, сексиген бес-алты түп жас шыбық қадап, жан-жағын қоршап қойған* (С. Адамбеков). *Сексию* сөзінің түбірі *-сек, -си* — модальдық, экспрессивтік мән беретін формант (салыстыр: *тұк-си, ақ-си* т. б.); *-ю(у)* — тұйық етістік көрсеткіші. Алтай тілінде *сексей* — шікірею, сексию; қырғызша *сексегей* — шікірейген, сексиген, *сексей-сексеңде* — құбылу, секеңдеу, желбіреу. Бұл сөз түбір қалпында *(сек)* әр түрлі фонетикалық формада кейбір түркі тілдерінде (чуваш, алтай, якут) «секіру, шабу, тез отыру, ойнақшу, көтерілу, желу» мағыналарында қолданылады. Көне түркі тілінде бұл түбір «тез ұшып қону, секіру» мағынасын берген (Малов. Пам. др. письм. 420). Б. М. Юнусалиев бұл тәрізді сөздердің түбірі көне ұйғыр тіліндегі «секіру» мағынасындағы *сек* дейді (Юнусалиев. Развитие корневых слов в киргизском языке, Автореферат, М., 1953, 29). Қазіргі қазақ тілінде *сек* етістігі дербес мағыналы сөз ретінде жеке тұрып жұмсалмайтын өлі түбірге айналған. Осы түбірден өрбіген *секір* сөзі де тілімізде жиі қолданылады, бұндағы *-ір* етістіктің көне жұрнақтарының бірі болу

керек. Сонымен бірге бұл етістік түбірден *-ең* қосымшасы арқылы есім жасалып, оған *-де* жұрнағы қосылып, қайта етістік болған *секеңдеу* сөзі де қолданылады. **(С. И.)**

Селбеу: селбесу, ілбіп-селбіп. *Құшағын көргенім жоқ ата-ананың мен өстім селбеуімен жат адамның* (А. Жұмағалиев). *Қожамқұлмен селбесіп бір бүтін, бір жарты боп күнімді көретін едім* (К. Оразалин). *Сіздің жүргіншілер осында бізбен селбесіп келеді* (І. Жансүгіров). *Селбу* 1. Қосымша, көмекке, ауыстыруға я жалғастыруға бірдеңе беру; 2. Жөндеу, түзету, оңдау: *селбестіру* — «жалғастыру, әрі қарай құрау, жөндеу», «селбесу, ілесу, жалғасу» деген мағыналарда қырғыз тілінен кездеседі. *Селбік* сөзі қырғыз тілінде кембағал, кедей адамға берілген «қайыр садақа, көмек» деген мағынаны білдірсе, алтай тілінде «төлем, салық» деген мағынаны білдіреді. *Селбік іш* — алып қашқан қыздың төлеуіне істелетін жұмыс. Алтай тілінде *сели* — бірдеңені ауыстыру, алмастыру; *селиш* — алмастыру, ауыстыру және ауысысу, алмасысу. Тува тілінде *селиир:* 1. Ауыстыру, алмастыру, жалғастыру. Мысалы, *турупкан аьтты селип алыр* — болдырған атты ауыстыру; 2. Жөндеу, өңдеу; якут тілінде *сälбі* — бірдеңені жөндеу, оңдау, ретіне келтіру. Э. К. Пекарский бұл сөздің бурят-монғол тілінде *һэлбі,* монғол тілінде *селбі* болып айтылатынын айта келіп якут тілінде екі түрлі мағынасы бар дейді: 1) бірдеңені жалғастыру, қосу, ескіні өңдеу; 2) қиын жағдайда көмектесу, көмекке келу, көмектесіп жіберу. Қазіргі монғол тілінде *сэлбээс* сөзі «бірдеңенің орнына қойылатын, жалғайтын, жамайтын, ауыстыратын запас, қор», *сэлгэх* — ауыстыру, алмастыру; *сэлэж хөллөк* көлік ауыстыру: *сэлгэж өмсэк* — киім алмастырып кию. (Монг.-рус. сл. М., 1957, 374). Бурят-монғол тілінде *һэлгэхэ* «ауыстыру, алмастыру, жалғастыру, ұштастыру». *Селбу* сөзі *сел* түбіріне *-бі* жалғаулығы қосылып жасалған. Б. О. Оруздаева кейбір бірлі-жарым сөздерде ғана

ұшырасатын, түбір және қосымша болып бөлінбейтін аффикстерді салыстырма мәліметтер болғанына қарамастан, басқа тілдерден ауысып келген жалғаулықтар деп қараған дұрысырақ дей келіп, *селби* сөзінде кездесетін *-бы* сияқты жалғаулықтарды тіпті көне түркі тілдеріне тән болған күннің өзінде де қазіргі жағдайда өлі жалғаулық деп қарау керек дейді (Б. О. Оруздаева. Словообр. в киргизск. яз. Фрунзе, 1964, 169). Қазақ, қырғыз, алтай, якут тілдерінде кездесетін *ілбіп-сілбу (ілбіп-сілбіп)* тіркесіндегі *сілбу* сөзі де осы *селбу, селбесу* сөзінен шыққан. Бұл тіркестегі *ілбіп* сөзінің түбірі түркі тілдерінің барлығында дерлік кездесетін *іл* етістігі. Якут тілінде *іл* етістігіне *бы* қосымшасы жалғанып қосу, жалғастыру, ұштастыру, бір-біріне ұластыру мағынасындағы *ілбä* сөзі жасалады. Сөйтіп, *ілбіп-сілбу* (селбу) тіркесіндегі екі сөздің түбірі де «іліну, жалғасу, ұласу, қосу» деген мағына беретін сөздер. **(Б. С.)**

Септеу: септеп-септеу. *Септеп-септеп Қозыны өлтірген соң, Таласар саған жан жоқ, қызды аласың* («Қозы-Көрпеш — Баян сұлу»). Тува тілінде *септээр* — жамау, жасқау, жөндеу; алтай тілінде де *септе* — 1) жөндеу, жолға қою; 2) түрлендіру, әшекейлеу; 3) жасау беру. Сонымен, *септеп-септеп* дегендегі *септеу* компоненті *септеу* сөзіне еліктеуден шыққан мағынасыз дублет емес, шығыс түркі тілдерінде дербес мағыналы сөз болып шығады. **(Ж. Б.)**

Сес: сеспей қату. *Адам никотиннің бір-екі тамшысын таза күйінде ішетін болса, сол жерде сеспей қатады* (Е. Оразақов). *Сес* сөзінің «дауыс, дыбыс, үн» деген мағынасы қазақ тілінде сақталмаған. Бірақ бұл сөз бірқатар түркі тілдерінде бастапқы мағынасын сақтаған. Мысалы, түрік тілінде *ses* — дауыс, дыбыс, үн, айқай, шу; *seslenmek* — айқайлау, шақыру, үн қату деген мағыналарда қолданылады. Азербайжан тілінде *səs* — дауыс, дыбыс, шу және де лақап, атақ деген мағынада, *səs*

vermək — дауыс беру (сайлауда) деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде *сес көрсету, сес біту* деген тіркестер бар. Бірақ оның мағынасы мүлде басқаша: «қоқан лоққы көрсету, қоқилану, күш білдіру, қорқыту, үркіту» деген мағыналарда қолданылады. Тіліміздегі *сескену, сескендіру* етістігі де *сес* сөзінің осы мағынасынан өрбіген. **(Б. С. және Ж. Б.)**

Сиыру: сыпырып-сиыру. *Орта шелек сорпаны қалдырмастан сыпырып-сиырып түгел соғып алдық* (Б. Соқпақбаев). Қазіргі қазақ тілінде жеке тұрып қолданылмайтын, тек қана *сыпыру* сөзінің жетегінде тұрып қана жұмсалатын *сиыру* сөзін басқа түркі тілдеріндегі жеке тұрып, салт қолданылатын осындай сөздің мағынасымен салыстырсақ, ол біздің тіліміздегі *сыпыру* сөзінің тұп-тура синонимі болып шығады. Мысалы, қарақалпақ тілінде *сыйыр* — сыпыру, тазалау, сылу. Бұл сөз әрқилы грамматикалық тұлғаларда да келе береді: *сыйырып, сыйыртыў, сыйырыл, сыйырыс, сыйырыў* т. б. Оңтүстік Қазақстан аймағын жайлайтын жергілікті қазақтардың сөйлеу тілінде әдеби тіліміздегі *сыпыру* деген сөздің орнына *сиыру* формасы қолданылады, бірақ оның айтылу сферасы *сыпыру* сөзінен гөрі, әрине, әлдеқайда тар: *қойдың терісін сиырды* деп айтылса да, онда *үйді сиырды* деп айтылмайды. Бұл форма, мүмкін, *сыдыру* сөзінен *д//й* дыбыстарының алмасу заңдылығы арқылы жасалған болар. Әйтеуір, осы үш сөз бір мағына беру үшін қатар айтылады: *қойдың терісін сыдырды//сыпырды//сиырды*. Сонымен бірге, *сиыру* өз алдына жеке сөз болуы да мүмкін. Бұл өзі бірсыпыра түркі тілдерінде жұмсалады: түрік, телеуіт тілдерінде *syr, syjyr-* сыпыру; балқар тілінде *syjyr* — алу, сыпырып алу, осы мағынада — татар тілінде *syr*, чуваш тілінде *sir*. М. Рясянен мұны басқа түркі тілдеріндегі *sydyr*— сыдыр, қарашай тіліндегі *sydyr*, қырғыз, қазақ, татар, телеуіт тілдеріндегі *sydyr* (сыдыр) сөздерімен салыстырады (Рясянен. Мат. -лы по ист. фон. тюрк. яз.). **(Ә. Қ.)**

Сияпат: сый-сияпат. *Ал, бізге сый-сияпат, асқан құрмет, Көрсетпек жау тобыры дырду-дүрмек* (Жинақ. «Бейбітшілік даусы»). Парсыша *зияфат* — банкет. Өзбекше де *зиефат* — сыйлау, азербайжанша *зияфат* — банкет, той, салтанатты түрде тамақтандыру, сыйлау. Бұл сөз тәжік тілінде де қолданылады: *зиефат* — сыйлау, салтанатты түрде тамақ беру, той. Сонымен *сый-сияпат* — плеоназм жолымен жасалған қос сөз. Беретін мағынасы «сыйлау, құрмет көрсету, қадірлеу». *Сияпат* сөзі араб-парсы тілдерінен тараған. Ол түркі тілдерінің көпшілігіне енген **(Ж. Б.)**

Сояудай: *тістері сояудай. Сояудай* сөзі *-дай//-дей, -тай//-тей* салыстыру, теңеу жұрнағы арқылы жасалып, лексикализацияланған сөздердің бірі. Бұл сөздің түбірі — *сояу*. «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде» *сояу* сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: 1) өсімдіктің жапырақсыз сабағы; 2) шөгір, тікен. Біздің топшылауымызша, осы екі мағынаның екеуі де *сояу* сөзінің негізгі номинативтік мағынасы емес, ауыспалы мағыналары. Олай дейтін себебіміз, түркі-монғол тілдерінің біразында қолданылатын бұл сөздің о бастағы мағынасы «жапырақсыз ағаш сабағы» және «тікен» емес, «азу, азу тіс, қабанның (тілдің сыртына шығып, сойдиып тұратын) жақ тісі» екендігі байқалады. Мысалы, *соёо* монғол тілінде — азу, азу тіс, пілдің (ұртынан сыртына шығып тұратын) жақ тісі. Э. Пекарскийдің көрсетуі бойынша монғол тілінде *cojoho* — клык, мүштік тазартатын шыбықша; сибирь орыстарының тілінде *соёк* — осы мағынада; қырғыз тілінде — киіз тігуде қолданылатын, үшкір шыбықша, тіс шұқитын талшық; якут тілінде — үшкір шыбық, ине, лом. Осы мысалдарға қарағанда *сояу* о баста тек пілдің, қабанның азу тісі мағынасында ғана қолданылып, ол бара-бара жалпы үшкір, ұзынша заттарды (сүйек, ағаш, темір) білдіретін болған. Осындай сойдиып, арбиып

тұрған заттармен екінші бір затты салыстыру нәтижесінде *сояудай* сөзі пайда болған. Ал *сояу* сөзінің тегін қазбалай түссек *(сояу//сојко//соёо// соёк//сојуо)*, ол *сүйек-саяқ* сөзімен, оның арғы жағында *сай- (сой-, сүй-, сый-)* етістік түбірімен байланысты екені байқалады (қара: *саяқ).* Қазіргі қазақ тіліндегі *сүймен, сойыл, сойдию* тәрізді сөздерді де осы түбірден өрбіген деп жорамалдаймыз. *Сояу* сөзінің *сүйек* сөзімен төркіндес екені *сүйек-саяқ, сай-сүйек* қос сөздерінің этимологиясынан айқынырақ көруге болады. **(Ә. Қайд.)**

Сүйел: көзге шыққан сүйелдей. *Жолда кеңесейік оны, —деді Самарқан,—мінейік машинаға, «көзге шыққан сүйелдей» болмай* (С. Мұқанов). Осы мақалдағы *сүйел* сөзінің шығу төркінін кейбіреулер қазақ тіліндегі *сүйел* (денедегі теріде болатын) сөзімен байланыстыруы мүмкін. Біздіңше, *көзге шыққан сүйелдей* дегендегі *сүйел* парсы тілінлегі *сәбәл* сөзі болу керек. Парсыша *сәбәл* — көздің ішкі жағына шыққан кірпік (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., II, 619). *Сәбал* — орынсыз, ретсіз шыккан кірпік, ал *көзге шыққан сүйелдей* деген фразада «орынсыз қылық, іс» деген мағына бар. Сондықтан ретсіз, оғаш бірдемені көргенде *көзге шыққан сүйелдей* дейміз. **(Ж. Б.)**

Сүлде//сүлдер: сүлдесі құру, сүлдері құру, құр сүлдер, құр сүлде. *Шам жағында Рабиға отыр бүрісіп. Қарайған түрі демесең, құр сүлдер* (Б. Майлин). *Құр сүлдеміз, киініп далаға шықтық* (І. Жансүгіров). Қазақ тілінде *сүлде/сүлдер* сөзі «дене сүйегі, құр қаңқа» деген мағынада қолданылады. Қарақалпақ тілінде де *сүлдер* сөзі бірдеңенің «қаңқасы, қарасыны», ауыспалы түрде «көлеңке» деген мағыналарда қолданылады. Башқұрт тілінде де «бірдеңенің қаңқасы» деген мағынада *һөлдә* болып айтылады. Біздің ойымызша, *сүлде//һөлде* сөзінің төркіні монғол тілдері сияқты. *Сүлдэ* сөзі монғол тілінде «ерекше бір рух, тәңріден келген күш-қуат» деген мағынаны білдіреді. «Монғолдар патшаның жаратылысында өзінің қол астындағы елін, халқын қорғап тұратын ерекше бір күші-

қуаты болады деп түсінген және мұндай күшті *сүлдэ* деп атаған» (Доржи Банзаров. Собр. соч. М., 1955, 80). Бұл сөз қазіргі монғол тілінде *сүлд,* бурят-монғол тілінде *һүлдэ* (сүлдэ) болып айтылады. *Сүлде* сөзінің бұл мағынасы «күші біту, діңкелеу» деген мағыналардағы *сүлдесі құру* деген тіркестен анығырақ байқалады. Бұл сөздің *сүлдер* деген фонетикалық вариантының тууына және оның «бірдеңенің көлеңкесі, қарасыны» деген мағынада қолданылуына, біздің ойымызша, монғол тіліндегі көлеңке мағынасын білдіретін *сүүдэр* сөзі себеп болған сияқты. Монғол тілдеріндегі «рухани күш, қуат, ерекше қасиет» мағыналарында қолданылатын *сулд* (сүлдэ), *һүлдэ* сөздері мен «көлеңке» мағынасындағы *сүүдэр* сөзінің тоғысуынан түркі тілдерінде «бірдеңенің қаңқасы, қарасыны (кейбіреуінде көлеңкесі)» деген мағыналарды білдіретін *сүлде* (сүлдер), *һөлдэ* сөзі туған деп шамалаймыз. **(Б. С.)**

Сүле. *Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар!* — деді (М. Әуезов.). *Сүле* сөзінің екінші мағынасы — көңілсіз, ықылассыз, жабырқаңқы көңіл. Мысалы, *Отырған қазақтар да сүле ғана амандасып, оңаша айтары барын аңғартып Ушаковке қарап тұрып қалыпты* (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөз *сүлесоқ* болып та айтылады. Бұл сөзден жабырқау, көңілсіздену мағынасындағы *сүлелену* етістігі жасалған. *Сүле* сөзі хакас тілінде *чула* болып айтылады. Хакастардың діни ұғымы бойынша *чула* — адамның рухани болмысы, жаны. Адамның тірі кезінде де *чула* денеден бөлініп кетуі мүмкін. Башқұрт тілінде бұл сөз *һула* болып айтылады. *Һула* деп көбінесе балаларда болатын қазақтарда «ит ауруы» деп аталатын ауруға ұқсас науқасты айтады. Қазақ тіліндегі *сүле* сөзі де «жан, көңіл» деген ұғымдармен мағыналас. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі *сүле,* башқұрт тіліндегі *һула,* хакас тіліндегі *чула* сөздері бір-бірімен байланысты болу керек, о бастағы мағынасы

«жан, рухани болмыс» болған болар деп шамалаймыз. (Б. С.)

Сүргін: қуғын-сүргін. *Лондонда болған қуғын-сүргіннің бірінші айларында... бұл мүмкін болмады* (газеттен). Бұл қос сөздің екінші сыңары *(сүргін)* түрік, азербайжан, қарақалпақ, татар, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде «айдау, жер аудару, қуу» мағынасында жеке тұрып қолданылады. Хакас тілінде *сургінчі* — қуғыншы, көне ескерткіштерде де *суру* сөзі — қуу, қуалау, қудалау, айдау деген мағыналарда кездеседі. Демек, *қуғын-сүргін* сөзі плеоназм жолымен жасалған болып шығады, яғни *қуғын* қазақ тілінде дербес мағыналы сөз, *сүргін* — басқа түркі тілдеріндегі сол мағынадағы қосары. (Ж. Б. және Б. С.)

Сүрен: айқай-сүрен, сүрен салу. *Аттан, деп ұран тастаймын, тапта деп сүрен бастаймын* (М. Әуезов). *Олар ағызған бойларында айғай-сүренін үзбей отырып кесірлі асауларды шошыта қиқулады* (М. Әуезов). Будаговта *сурэн* — қорқынышты, жаман айқай, көбінесе қарама-қарсы тұрып бірінбірі соғысқа шақыратын жағымсыз, ащы айқай (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. I, 642). Башқұрт тілінде *һэрэм* айқай мағынасында жұмсалады. Татар тілінде о баста «айқай-шу, аламан тасыр» дегенді білдірген. Ойрат тілінде *сүрен* — қорқыныш, үрей; *сүренду* — қорқынышты. Әскери ұран мағынасында *сүрен салды* деген тіркес қырғыз тілінде де қолданылады. Қазақ тілінде о баста осы әскери мағынада айтылған болу керек. Қазіргі қазақ тілінде *сүрен* сөзі дербес тұрып «айқай» мағынасында қолданылмайды. Ол *айқай-сүрен* деген қос сөз құрамында, немесе *сүрен салу* тіркесінде ғана айтылады. (Ж. Б. және І. К.)

Сыбай: сыбай-салтаң. *Біз жазға қарай бет алған ретте жеңіл, сыбай-салтаң кеткенбіз* (М. Әуезов). *Ол сыбай-салтаң бос жүрген адамды жек көреді* (Ғ. Сыланов). Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарында *сыбай* сөзі «салт, басы бос» деген мағынада қолданылады (Досқараев, Мұсабаев. Қаз. тіл. жерг. ерек. 7). Бұл сөз тіркесіндегі *сыбай* сөзі кейбір түркі тілдерінде «бойдақ, жалғыз басты» деген мағынаны білдіреді: *субай* — азербайжанша бойдақ. Ал, *салтаң* сөзі *салт* сөзінің бір варианты болуы ықтимал. Сонда «салт, басы бос, бойдақ» мағынасын беретін екі түркі сөзі плеоназм ретінде қабат қолданылып, қалыптасып кеткенге ұқсайды. (Ж. Б.)

Сықтап: жылап-сықтап. *Жылап-сықтап* қос сөзінің бірінші сыңары*(жылап)* тілімізде жеке-дара қолданылып жүрген байырғы сөз. Бұл сөздің негізгі түбірі *жы-* (қара: *жылау).* Бұл қос сөздің екінші сыңары — *сықтап* қазақ, қырғыз, өзбек т. б. сол сияқты біраз тілдерде жеке-дара айтылмайды. Бұл сөз де екі морфемадан *(сық+тап)* тұрады. *Сық-* — түркі тілдеріне ортақ көне түбір. Ол Махмуд Қашғари заманында да, қазірдің өзінде де түркі тілдерінің кейбіреуінде *йыг (жылау)* формасымен қатарластыра айтылып жүрген дербес синоним сөздердің бірі. Мысалы, Махмуд Қашғаридың сөздігінде *ol anь sьxtattь//ol anь yьglattь* — ол оны жылатты (МК. II, 232, 235), қазіргі хакас тілінде *ылғахчы//сыхтахчы,* — жылаңқы, *ылғааны//сыхаанны//сыыт* — жылау, *ылғапчатқан// сыхтапчатқан* — жылаушы, алтай тілінде *сыт// сыыт//сығыт//сықта* — жылау, еңіреу т. б. Сөйтіп, *сықта* сөзі қазақ тілі үшін өлі түбір болып саналатын *сық-* сөзіне есімдерден етістік тудыратын *-та* жұрнағының жалгануы арқылы жасалған. (Ә. Қайд. және І. К.)

Сынды. *Бегімшенің шешесі егде тартып қалса да, сынды әйел екен.* (Б. Момышұлы). Алтай, тува тілдерінде *сын* «бой, тұла бойы, дене» мағынасында жұмсалады. Қазақ тіліндегі мүсінге, дене бітіміне байланысты айтылатын *сынды* сөзінің этимологиясы тува, алтай тілдеріндегі мағыналарынан шығып, адамның тұлғасы, тұла бойы келісті, әдемі, жақсы деген мағынаны береді. *Сындарлы* сөзінің де бұған қатысы бар болуға тиіс. (Ж. Б.)

Сіле: сілесі қатты, ішек-сілесі қатты, сілесі құрыды. *Хан төредей құрметтеп, Сыйлады Адай батырды,*

Қызмет қылған жігіттің, Сілесін сөйтіп қатырды (Ғ. Шәреков). Қазіргі қазақ тілінде жеке тұрып қолданылмайтын *сіле* сөзінің мағынасын басқа түркі тілдеріндегі мынадай сөздермен салыстыруға болатын сияқты: кейбір тілдерде *сілä* — күш, қуат, *сілäм куруду* — сілем қатты (Радлов. Опыт сл. XIV), қырғызша سلا *сілä* — күш, سلام قوروڈی *сілем куруды* (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. I). Л. Будагов бұл сөзді орыс тілінен ауысқан *сила* (күш) деген сөз болу деп бағалайды. Қырғызша *şili* — жүйке тамыры. Телеут, шор тілдерінде *шілі* сөзі осы мағынада жұмсалады (Радлов. Опыт сл. IV). Якут тілінде *сыла — сыра* — күш, қуат, әл. *Сыла* — үлкен, зор, ірі; *сылалах — сыралах* — қажырлы, қайсар, шыдамды, *сыра, сыра//сыла* қырғызша *сара* — ерлік, қуат, маньчж. *чіра* — берік, күшті. Бұл жерде бір ескерте кететін нәрсе мынау: орыс тіліндегі *сила* сөзін якуттер *сілä* деп айтады. Салыстырыңыз: якут. *сілгä* (түрк. *шili*—жүйке тамыры) — *сіргä* — сіңір, сіңір тамырлары, *сілгäлäн* — сіңірлен, *сілгäлäх* — сіңірлі, *сілбä* — түйін, сіңір түйіні (Пекарский. Сл. якут. яз. II), *шили* (қырғыз, алтай) — мойын сіңірі, *шил* (монғол), *шэлэ* (бурят-монғол) — желке, желке тамыры (Ц. Номинханов. Термины животноводства в тюркских и монгольских языках. Труды сектора востоковед. т. I, М., 1959). Өзбек тілінде *сил* — нерв, нерв жүйесі, *силла: силласи куриди* — сілесі құрыды, шаршады, болдырды, түрікше *çile* — түйін, шек, тамыр, сіңір, чуваш тілінде *силе, силам* т. б. *Сіле* сөзінің мағыналық жағынан даму барысы мынадай тәрізді: *сіле* (тамыр, мойын тамыры) > күш: *ішек-сілесі қатты* (ішек-тамыры қатты) > *сілесі қатты* (күші, қайраты кеміді). **(Ә. Қ.)**

Т

Талай. *Кем бе еді менде сенен бақ пен талай. Тілегенім менің де сол жолдағы талайың болсын*

(М. Әуезов). Тува тілінде *таалай* — аспан; аспандық деген сөз. *Талайыңнан көр* тіркесі, біздіңше, тілімізде сақталып қалған шаман дінінің қалдығы. Ертеде адам баласы аспанды (көкті) құдай орнына есептеген. Сондықтан да тілімізде *құдай ұрсын* тіркесінің синонимі ретінде *көк соқсын* идиомасы қолданылады. Солай болғандықтан да *бағыңнан көр, маңдайыңнан көр* деудің орнына кейде *талайыңнан (аспаннан, көктен) көр* деп айтылады. Бұл сөз тіркесінің диалектілік ерекшелігі де бар. Өйткені ол республикамыздың барлық жеріне бірдей тарамаған. Ал шығыс түркі тілдерінде бұл сөз шаман дініне байланысты қолданылған. **(Ж. Б.)**

Таман. *Ол терезе алдына таман қойған орындыққа келіп отырды* (С. Бегалин). Осы күнгі тілімізде тек қана барыс жалғаулы сөзбен іліктес келіп (соны меңгеріп) қолданылатын *таман* шылауының мағынасын басқа түркі тілдерімен салыстырғанда айқын ұғамыз. Бірсыпыра түркі тілдерінде белгілі бағытты, уақытты білдіретін шылау ретінде жұмсалатын мынадай тұлғалар бар: башқұрт тілінде *таба* барыс септігімен іліктес келетін шылау, татар тілі мен құмық тілдерінде де солай. Ноғай тілінде *табаган: ис кешке табаган болды* — іс кешке таман болды. Осыларға қарағанда қазақ тіліндегі *таман* сөзімен басқа түрлі қыпшақ тілдеріндегі *таба, табаған* сөздерінің арасында айырмашылық жоқ тәрізді: бәрінде де *таман (таба, табаған)* деген — ол белгілі бір мерзім мен кеңістікке байланысты айтылатын көмекші сөз. Н. К. Дмитриевтің зерттеулері бойынша, башқұрт тіліндегі *таба* шылауы *табу* етістігінің көсемше тұлғасы, ол қимылдың бағытын білдіріп, орысша *прямо к, по направлению* к дегендердің қызметін атқарады (Н. К. Дмитриев, Грамматика башкирского языка. М. — Л., 1948). Зерттеуші *таба* деген сөзді *табан* деген формадан *н* дыбысы түсіп қалу арқылы жасалған деп есептейді: *н* дауыссыз дыбысы түркі тілдерінде тұрақсыз дыбыстардың қатарына жатады. Ол көбінесе сөз аяғында келгенде түсіп қалады.

Мысалы, көмектестік шылау *бир-ле-н//би-ле-н//и-ле-н* дегеннің *бирле//биле//иле* деген варианты бар дейді. *Таба* шылауы да осылайша *табан* дегеннен ықшамдалған. (Н. К. Дмитриев. Неустойчивые положение сонорных **р, л, н** в тюркских языках. Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», I, М., 1955). Құмық тілі туралы осы автор былай деп жазады: *taba(q)* «дейін» барыс септігін меңгереді, басқа варианттары taba//tabe, мысалы: bazarga tabaq (//taba) «базарға дейін» (Н. К. Дмитриев, Строй тюрк. яз.). Демек, *таба* сөзінің бұл аталған тілдердегі өзгеру өрісі, Н. К. Дмитриевтің ойынша, мынадай болуға керек: *тап//таб* (түбір етістік) > *табан* > *таба* (көсемше). *Табан* деген тұлғадағы *н* дыбысының шығу тегін Н. К. Дмитриев жоғарыда көрсетілген еңбектерінде елеусіз қалдырып отырады. Біздің ойымызша, былай болуы да мүмкін: *тап//таб* (түбір етістік) > *табаған* (салыстыр: *алаған қолым береген, жатаған* т. б.) > *табаан* > *табан*. Сонда: *н* дыбысы — есімше тұлғасына тән дыбыс болып шығады. *Табан//таман* параллельдерінің болуы, яғни кейбір түркі тілдеріндегі *б//м* дыбыстарының өз ара алмасып келу заңдылығы белгілі. Бұл өзі — бірнеше түркі тілдерінің арасында болсын, бір ғана түркі тілінің өз ішінде болсын әрдайым кездесе беретін заңды құбылыс (салыстыр: *бұны//мұны* т. б.). **(Э. Қ.)**

Таңба. *Осындай топ-топ жылқылар әр ауылдың, әр елдің бөлекше таңбаларын танытады* (М. Әуезов). Қазіргі түркі тілдерінде: қырғызша *тамға* — жылқының санына күйдіріп басатын таңба, белгі; қарақалпақша *тамға* немесе *таңба* — қазақшадағыдай мағынада, азербайжанша *дамға* — таңба, белгі; башқұртша *тамға* — таңба, белгі, печать; түрікменше *тагма, тамга* — таңба, печать. В. В. Радлов: *тамға, тамқа, таңба* — белгі, таңба, ру таңбасы, печать деп көрсетеді (Радлов. Опыт сл. I—IV). Көне түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінде *tamγa* (тамға), *tamqa* (тамқа) — печать

(Малов. Пам. др. письм. 426). Қазақ тілінің сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстарының үндес ықпалына қарай *тамға* сөзіндегі *м* дыбысы *ң*-ға, *г* дыбысы *б*-ға ауысып, *таңба* болып қалыптасқан. Ал *тамға*ның *дамға* болуы *т* мен *д* дыбыстарының алмасуы, *тагма* түрінде кездесуі метатезалық құбылыс. Осы *тамға* сөзінің түбірі жайында А. Н. Кононов «А. Дж. Эмренің пікірінше *тамға* сөзінің түбірі *там* — «күйдіру, өртеу, жағу» етістігі (Emre Turk Dilbilgisi, 56) дегенді айтады (Кононов. Родосл. туркмен., 94). Қырғыз тілінде *там* — тұтану, от алу. Қазақ тілінде де *там* сөзі тұтан, жан етістіктеріне синонимдес болып келеді. Мысалы: *сексеуіл оты тамғанша, Сексендегі шал өлер, Тамуына таз өлер, Қызуына қыз өлер* (ел аузынан). Отты тұтату, жағумен байланысты қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген *тамыз, тамызу, тамызық* сияқты сөздердің де түбірі — *там*. *Тамға* (таңба) дегеніміз қарып күйдіру арқылы ірі қара малының (көбінесе жылқы) санына салынатын белгі. Сөйтіп, *тамға* сөзінің түпкі мағыналық төркіні *там* болғанын, *-ға* етістікке жалғанып есім тудыратын *-қа* тәрізді (салыстыр: *тұт-қа, жан-қа)* жұрнақ екенін байқаймыз. **(А. Мах. және Ж. Б.)**

Тәптіштеу. *Шабақтарына дейін түгел қалың темірмен бекітіп тастаған шананы тағы бір тәптіштеп қарап шықты* (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөздің түбірі *тәптіш* кейбір тілдерде *тексеру, байқау, тінту* мағынасында қолданылады. Парсыша تفتیش [täфтиш]; 1) тәптіштеу, тергеу, тексеру; 2) тінту. Бұл сөз өзбек тілінде де осы мағынада жұмсалады. *Тәптіштеу* сөзінің төркіні араб-иран тілдері. Қазақ тіліне енгенде есімнен етістік тудыратын *-те* жұрнағын қабылдап, етістік ретінде қалыптасқан **(Ш. С.)**

Тебіз: тентек пен тебіз. *Ол тентегі мен тебізі, ұрысы мен қарысы дәл өздері екенін аңғармаған, ұқпаған-ды* (М. Әуезов). Ж. Досқараевтың айтуынша, *тебіз* сөзі Қазақстанның шығыс аудандарында жеке қолданылып «тентек» деген мағына беретін

сияқты. *Ол қарт тебіз адам* (Досқараев. Қаз. тіл. жер. ерек. 112). *Тебіз* сөзі қазақ әдеби тілінде көбінесе *тентек* сөзімен бірге қолданылып «ұры, қары, бұзақы, сотқар» деген мағыналарды білдіреді. *Тәвәз* сөзі қазіргі ұйғыр тілінде де «ерке, тентек» деген мағынаны білдіреді. Махмуд Қашғаридің сөздігінде *тебіз* деп о баста ештеңе шықпайтын, тұзды, сор жерді атағандығы айтылады (МК. I, 19, 365), осыдан барып ауысып *тебіз* деп күншіл адамды айтатын болса керек, *тебізлік* — күншілдік (МК. I, 506). Сөйтіп, *тебіз* сөзі көне сөздердің бірі, бірақ қазіргі тілімізде семантикасы аздап өзгерген. **(Б. С.)**

Теге: *түйе-теге.* Н. И. Ильминскийдің және С. А. Аманжоловтың көрсетуі бойынша (Ильминский. Мат-лы к из. кирг., нар.,; Аманжолов. Вопр. диал. 349)) *түйе-теге* «түйе-мүйе» деген мағынада қазақ тілінің батыс говорларында, яғни Маңғыстау қазақтарының тілінде кездеседі. *Түйе-теге* қос сөзінің екінші компоненті де *түйе* деген сөз. Тіліміздегі бір қатар қос сөздердің (мысалы: *есеп-қисап, жадап-жүдеп* т. б.) тарихи жағынан бір түбірдің екі түрлі варианты негізінде жасалу ерекшеліктерін ескерсек, бұл қос сөздің де сол заңдылыққа сәйкес жасалғандығын көреміз. Түркі-монғол тілдерінде *түйе* сөзінің варианттары мынадай: өзбекше *тўя,* ұйғырша *төгә,* башқұртша *дөйә,* азербайжанша *дәвү,* түрікше *дәве,* туваша *тевe,* ноғайша *туъе,* хакасша *тибе,* қырғызша *төө* (диал. *түйә),* чувашша *тевe,* түркпенше *дүе,* якутша *табіан//тіміан.* В. Радловтың көрсетуі бойынша қойбол, сойон, сағай, качин, коман, курам, алтай, телеуіт, лебедин диалектілерінде және шағатай, орхон түріктерінің тілдерінде *түйе* сөзінің төмендегі варианттары кездеседі: *тюйе//дюйе//түгә//дөгә//теје//төjө//тäуä//тебä//тебеген//тäбä//төвä.* Сол сияқты бурят және ойрот, монғол тілдерінде *тәмәә(н)//тәмәгә(н),* халқа монғолша *тәмә;* «Мукаддимат ал-адаб»те (345) *temeci//tewecі* — түйеші, түйе бағушы, *temet* — түйелер. Сонымен *түйе* сөзінің түркі-монғол тіліндегі варианттарын салыстыра келгенде, біз оның құрамындағы екінші дауыссыз дыбыстың *й ~ в ~ б ~ м ~ у ~ ө ~ ү ~ г ~* түрінде алмасып отырғанын көреміз. Ал бұл дыбыстардың алмасуы түркі тілдері үшін заңды құбылыс. Әсіресе *й ~ г ~ у (г, қ)* дыбыстарының алмасуы тек *түйе ~ төгә* (ұйғ.) сөздерінде ғана емес, қазақ және ұйғыр тілдеріндегі *ұя ~ уға, біздей ~ биздәк, киіз ~ кигиз, мүйіз ~ мүңгиз* сөздерінен де байқауға болады. Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі *түйе-теге* қос сөзінің екінші сыңары — *-теге — түйе* сөзінің этимологиялық варианты болып саналады. Ол қазақ тіліне *түйе* сөзін *г* дыбысы арқылы айтатын тілдердің біреуінен ауысып, мағыналас екі сөзді әрқашан жақындастырып, қосып айту тенденциясы бойынша *түйе* сөзімен қосарлана айтылып кеткен. *Теге* сөзінің о бастағы формасын *төгә* деп жорамалдасақ, қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес ол *теге* түріне айналып отыр. Өйткені қазақ тілінде соңғы буындарда *ә* дыбысы келмейді, сондықтан *төгә төге* болып, одан кейін, сөз соңындағы езулік *е* дыбысының кейінгі ықпалымен, бірінші буындағы *ө* ерін дыбысы *е* езулік дыбысқа *(ө ~ е)* ауысқан *(төгә ~ теге).* **(Ә. Қайд.)**

Телегей: телегей-теңіз. Осындағы жеке тұрып қолданылмайтын *телегей* сөзі көптеген түркі тілдерінде кездеседі. Бұл сөзді тува, алтай тілдеріндегі әлем, кеңістік, жер жүзі деген мағынада жұмсалатын *делегей//телекей* сөздерімен төркіндестіруге болады. Үйткені, теңіздің үлкендігі дүние жүзі, жер жүзінің кеңдігіне, үлкендігіне салыстырылуы да ғажап емес. Бір есептен *телегей* сөзін алтай, тува тілдерінде *теңіз, мұхит* мағынасында жұмсалатын *талай//далай* сөздерімен де байланыстыруға болады. Бірақ бұл вариантты дұрыс деп кесіп айту үшін *телегей* сөзінің соңындағы *-гей* формантының төркінін анықтау керек болады. **(Ш. С.)**

Тиын. *Теңге тиыннан өсер* (мақал). *Басымда қылшығы қырқылған тиін малақай, мұны маған Сұраған берген* (С. Мұқанов). Ақшаның *тиын* аталуы

тиін аңының терісі бұрын ақша орнына жүргендігінен пайда болуы керек. Золотницкий көпшілік халықта да *тиын* (копейка) деген сөз *тиін* (белка) аңының атымен бірдей болуының себебі ерте кезде бұл халықтар алым-салықты тиіннің терісімен төлегендігінен дейді. Мысалы, черемистерде, пермяктарда, зыряндарда *ур* сөзі «белка» деген мағынаны да, «копейка» деген мағынаны да береді. Ал татар, қырғыз, алтай, қазақ тілдерінде «белка» деген мағынаны да, «копейка» деген мағынаны да *тиын* сөзі береді (Золотницкий, Корнев. чув. рус. сл. 243). Қазіргі қазақ орфографиясында «ақша» мағынасындағы *тиын* сөзі жуан түрде, аң мағынасында *тиін* болып жіңішке түрде жазу қалыптасып кеткенмен түбірі бір деп табамыз. **(Б. С.)**

Товар. Орыс тілінен тілімізге қайта оралып келіп отырған *товар* сөзі түркі тілдерінің көне сөздерінің бірі. Көне жазба ескерткіштердегі *товар* сөзінің мағынасы қазіргі тіліміздегі *мал* (дүние) деген сөзбен бірдей. Бұл сөз Махмуд Қашғаридың сөздігінде жиі кездеседі تَوَر tawap — товар, мал, мата; және бір жерінде tawap — жандыжансыз мал деп көрсетеді (МК, I, 286, 349, 456; II, 25, 37; МК III, 55, 85, 274, 280). Махмуд Қашғаридың сөздігінде бұл w әрпі арқылы (ۋ) беріледі де, бірақ оғыздарда ۋ (w)-нның орнына (в) (و) айтылады деп көрсетеді (МК, I, 343). Бұл сөз davar — tuvar — tawar түрінде басқа да әр түрлі ескерткіштерде кездеседі (Ettühfet-üz-Zekiyye fil lûgat — it Türkiyye. Ist., 1945, 164). *Товар* сөзі «дүние, мүлік» мағынасында түркі тілдерінің бірталайында соңғы уақытқа дейін қолданылып келген. Мысалы, тыуармал, малтыуар — дүние, мүлік (Остроумов, 1-опыт сл. нар. тат. яз. 126). *Товар* сөзі орыс тілінен екі түрлі жаңа мағынада кері қайтқан сөз: 1) экономикалық термин: сауда, айырбас үшін өндірілген зат; 2) сауда бұйымы. Көпшілік қолды товар. **(Б. С.)**

Тоқы: жауырды жаба тоқыды. Мәні: басқа біреудің кемшілігін бүркеді, жең ұшынан жалғаса отырып сүйемелдеді, қостады. Осындағы «ертте» мағынасындағы *тоқы* деген етістік қазақ тілінде басқа жерде кездеспейді. Қырғыз, ұйғыр тілдерінде *ат ертте* дегенді *ат тоқу* дейді. Сонда, *тоқы* сөзі *ертте*-мен мағыналас түркі сөзі. Етістік тұлғадағы *тоқы* сөзінен зат есім *тоқым* деген тұлғаның пайда болуы сөзсіз, мұндағы *-м* етістіктен есім тудыратын жұрнақ. **(І. К.)**

Тонау. *Зар жылатып халықты тонап алып, Енді, міне есуас тұр мақтанып* (Мұзафар Әлімбаев). *Баубағымыз қандай еді, не өріктен, не алмадан, не алмұрттан түк қалдырмай тонады* (Ш. Хұсайынов). Осы күнгі тілімізде қолданылып жүрген *тон* сөзі көне түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерінің көбінде-ақ «киім, киім-кешек» деген мағынада жұмсалады («Қазақ тіліндегі *тон* сөзінің мағыналары», Қазақ ССР ҒА Хабарлары, филология және өнертану сериясы, 1-шығуы, 1960). Есім сөздерінен етістік тудыратын *-а* жұрнағы *тон* сөзіне жалғанғанда, ол мынадай мағынаға ие болады: 1) кию, киіндіру, кигізу (ескі түркі т. б. тілдерде); 2) шешіндіру, киімін шешіп алу (көне шағатай, татар, якут т. б. тілдерде); 3) бір нәрсені тартып алу, талап алу (қазақ, қарақалпақ, қырғыз т. б. тілдерде). Кейбір тілдерде (хакас т. б.) *тона* әрі бірінші, әрі үшінші мағынаны қатар беру үшін қолданылса, енді бір тілдерде (қырғыз т. б.) ол екінші және үшінші мағынада қатар айтылады. Біздің тілімізде осы сөздің тек үшінші мағынасы ғана сақталып қалғанға ұқсайды. Сонда, бұл *тон* деген зат есімнен *-а* қосымшасы арқылы жасалған етістік сөз болып табылады. **(Ә. Қ.)**

Торым: тоқты-торым... *Сыбағаңа тоқты-торымды олқысынып мына бір ту байталды шалғалы отырмыз. Ал, балуан, батаңды айт!* (С. Мұқанов). Қазіргі тілімізде *торым* сөзі жеке қолданылмайды, оның мағынасы да түсініксіз. Бірақ түркі тілдерінің ескі жазба ескерткіштерінің бірі Махмуд

Қашғаридың сөздігінде torum деп түйенің ботасын атағандығы айтылады. تورم torum deve yavrusu түйенің ботасы (МК. 396). Қазіргі түрік тілінде бұл сөз torun түрінде қолданылып «немере» деген мағынаны береді. Сонымен қатар torun сөзі түйенің «екі жасар ботасы», «тайлақ» деген мағынасында да сақталған. *Торым//torun* сөзіндегі түбір *тор* бір кездерде жеке сөз болған болу керек. Бұл түбірмен келген сөздердің «кішкентай, жас» деген семантикасы бар сияқты, ол көбінесе жас төлдердің атауларында кездеседі. Мысалы: *торай, торпақ, торғай* т. б. Радловтың сөздігінде *тор* жазба шағатай тілінде «бұзау» деген сөз деп көрсетеді (Радлов. Опыт. сл., т. 3, 1179). Б. О. Орузбаева кейбір жалғаулықтардың бұл түбірмен кірігіп кеткендігін айтады (Б. О. Орузбаева. Словообр. в кирг. яз. Фрунзе, 1964, 169). **(Б. С.)**

Төре. *Ол бір күні октябрь — Жарқырап нұрын шашқан күн. Патша, төре, саудагер құлындай бұғып қашқан күн* (І. Жансүгіров). Ескі түркі тілінде «тәртіп орнату, реттеу» мағынасында жұмсалатын *төрумек//төру* етістігі ертеректе бір елге жататын тайпалардың, рулардың және жеке кісілердің қарым-қатынастарын реттеп тұратын «заң, қағида» деген ұғымда қолданылған (П. Мелиоранский. Памятник в честь Кюль-Тегина. ЗВО ИРАО. 1899. Т. 12, 82—83). Бұл сөз осы мағынада қазір де кейбір тілдерде қолданылып жүр: түрікше *төр* — әдет, ырым; монғолша *төр* — құрылыс, мемлекет, өкім, билік, басқару, заң деген сөз. Кейін рудың я тайпаның басшысы, яғни сондағы істің бәрін ретке келтіріп және басқарып тұрған кісіні *төре* деп, ал, оның отыратын орнын *төр* деп атап кеткен болу керек. *Төре* сөзі қазіргі түркі тілдерінің көбінде ескірген сөз ретінде сақталып қалған. Ал, *төр* сөзінің мағынасы ауысып, жалпы үйдің ішкі ең жоғарғы жағы дегенді білдіретін болды. Біреуге ізет көрсетіп, *төрге шығыңыз!* деп айтылуы да осыдан болуға лайық. **(Н. Қ.)**

Төркін. *Төркіні жақынның төсегі жиылмас. Өзі болған қыз төркінін танымас* (мақал). *Төркін* сөзінің жалпы халыққа аян негізгі мағынасы күйеуге тиген қыздың ел-жұрты туған-туысқаны. Сондай-ақ ол «бір нәрсенің негізі» деген ауыспалы мағынада да қолданылады. Осы екі мағынаның екеуі де бір нәрсенің шыққан тегін, өніп-өсуін, тұқым-тумасын аңғартады. Осыған байланысты қазақ тіліндегі *төркін,* қырғыз тіліндегі *төркүн* (әйелдің туған-туысқаны), қарақалпақ тіліндегі *төркин* (келіннің туыстары, әйелінің туып-өскен жері; әйелінің шыққан тегі), ноғай тіліндегі *тоъркин* (әйелдің әке-шешесінің үйі); монғол тіліндегі *төрхөм* (төркін), сондай-ақ *төркіндеу, төркіндету, төркіншіл, төркіндес* т. б. тәрізді сөздердің негізгі түбірі *төре-//төрә-//төрі-* деп жорамалдауға болады. Өйткені бұл сөз түркі-монғол тілдерінде жеке-дара айтылып, «туу, өсу, өмір сүру, жаратылу, тіршілік ету, дүниеге келу» деген мағынада жұмсалып жүрген дербес етістік түбірі. Мысалы, қазіргі ұйғыр тілінде *төре* — «туыл, дүниеге кел; жаратыл», осман түріктерінің тілінде *тура-//тора-* — «дүниеге келу; өркендеп өсу, көбею» (Радлов. Опыт сл. III, 1558), монғол тілінде *төрөх* — «туу; өмір, тіршілік ету, өмір сүру» деген сөздер жекедара айтыла береді. *Төркін* сөзінің *төрә-//төрі* сөзінен жасалғандығын Л. З. Будагов та айтады (Ср. сл. тур.-тат. нар. I, 390). *Төркін* сөзінің құрамындағы екінші морфеманы *(-кін)* тіліміздегі етістік түбірінен зат есім тудыратын *-кін (-қын, -ғын//-гін, -қан//-ған, -кен//-ген)* жұрнағы деп танимыз (мысалы: *ұш-қын, көш-кін, тұр-ғын, тос-қын, сүр-гін* тәрізді). *Төркін* сөзінің түбірі *(төр)* жіңішке болғандықтан оған жұрнақтың да жіңішке *(-кін)* варианты жалғанып тұр. Ал екі дауыссыз дыбыстың арасында тұрған қысаң *і* дыбысы *(төрі-кін)* қазақ тілінің фонетикалық заңдылығы бойынша әлсізденіп (редукцияланып) түсіп қалып отыр (салыстыр: *бөрік+кі > бөр+кі, тірі+шілік > тір+шілік).* Кейбір түркі және монғол тілдерінде *төрі//төрә-* түбір етістігінен, *төркін*-нен

басқа да, әр түрлі туынды етістік әрі зат есім формалары жасалған. Мысалы, ұйғыр тілінде: *төрәлмәк* — өну, өсу, шығу; түрік тілінде: *төрәмән* — жаңа туған бала, нәресте, өркен; тува тілінде: *төрүтүнер* — пайда болу; монғол тілінде: *төрөл* — туыс, жақын, туысқан; тұқым; туу; қайта туу; *төрөлтөн* — туыстас, тұқымдас, *төрөлх* — тума, табиғи, ежелгі; *төрөлхтөн* — жанды, мақұлық т. б. Сонымен қатар түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін *тірі, тірі-л, тір(і)-лік, тір(і)-шілік* (қаз.), *тири-k, тири-к-чилик, тири-к-лик, тири-к-тап* (ұйғ.), *тири-к, тири-к-лик, тири-к-товон, тири-к-чилик, тири-л-моқ* (өзб.), *тири//тирүү//тирик, тири-гарак, тири-г-лик, тири-лей, тири-лик, тири-лүү, тири-чилик* (қырғ.) сөздерінің түбірі — *тірі// тири//тирүү//тири(к)* сөздері *төркін* сөзімен түбірлес деген жорамал айтуға да болады. Өйткені, бұл сияқты түбірлес сөздердің семантикалық әрі фонетикалық дифференциацияға ұшырауы әрбір тілдің даму тарихында болып отыратын жағдай. Мысалы, қазақша *өкімет* — билік, үстемдік, өктемдік, *үкімет* — мемлекеттік басқару орны т. б. Қорыта келгенде, *төркін* — түркі-монғол тілдеріне ортақ байырғы сөздердің бірі. Оның кәрсетілген тілдерде тек әйелдердің ғана туған-туысқанын, ел-жұртын, қала берсе, ата-анасын, ата мекенін білдіретін себебін бұл сөздің адам баласының өсіп-өрбуі, шығу тегін ана жолымен саналатын, әйелдер қауымының үстемдік жасау — матриархат дәуірінде пайда болуына байланысты деп жорамалдауға болады. (Ә. Қайд.)

Бұл сөздің қосымшасын біз былайша талдаймыз**. Мұндағы *-к* етістіктен есім тудыратын жұрнақ (салыстыр: *түр-ік, біл-ік),* ал *-ін* көне түркі, монғол тілдерінде жекешелікті білдіретін формант болуы керек. Монғол тілінде бұл сөз «шешенің туғандары, әйелдің туысы» деген мағынада

** *-кін* формантының этимологиясына екі зерттеуші екі түрлі жорамал айтқандықтан, екеуін де жіберіп отырмыз. — *Редколлегия.*

екі түрлі вариантта қолданылған: жекешені білдіру үшін törkün, көпше törküd (Владимирцов. Общественный строй монголов, Л., 1934, 48—49). Көне түркі, монғол тілдерінде *-т, -д* — көптік жалғауы екені белгілі. Сондықтан *-н* жекеше ұғымды білдіретін қосымша деуге болады (салыстыр: *тарқан ~ тарқат* (мырза), *~ тегін ~ тегіт* (принц), *ноян ~ нояд, орын ~ орыт, құйын ~ құйыт* т. б.). (С. И.)

Тұқым. *Омар: Түбіме жетіп, тұқымымды құртайын деп жүр екенсің, — деп өзіне дүрсе қоя беріп, ұмтылған соң, әзер қашып, жан сауға қылып қана құтылды* (С. Торайғыров). *Әлия Темировна жұмысты жаңа өсімдіктің тұқымын зерттеу, соны іріктеуден бастады* (С. Бегалин). Қазіргі тілімізде, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінде бұл сөздің мағыналары алуан түрлі. Қазақтың әдеби тілінде және қазіргі түркі тілдерінде *тұқым* мынадай мағынада айтылады: адамзат, жан-жануарлардың нәсілі, ұрпағы, негізі, тегі, әулеті және өсімдіктердің себуге, өсіруге алып қалған ұрығы. Қазақстанның оңтүстік аудандарында жұмыртқаны да *тұқым* дейді (Досқараев. Қаз. тіл. жер. ерек. 117). Бұл сөз парсы тілінде де осы мағыналарда қолданылады. *Тұқым* сөзі монғол тілінде де бар (Т. А. Бертагаев. Об этимологии слов баргуджин, баргут и тукум. — Филология и история монгольских народов, М., 1958, 174). Сөйтіп, *тұқым* сөзі түркі, монғол және парсы тілдерінде қолданылады. Л. З. Будагов (Ср. сл. тат.-тур. нар. I, 346), Д. А. Магазаник (Тур.-рус. сл., М., 1945) және Б. Я. Владимирцов бұл сөз түркі, монғол тілдеріне парсы тілінен ауысқан дегенді айтады (Владимирцов. Монголика, 339). В. В. Радловтың, К. К. Юдахинның сөздіктерінде бұл сөзде парсы тілінен кірген деген сілтеме жоқ. *Тұқым* деген сөз көне монғол тілінде қолданылған. XII—XIII ғасырларда монғолдарда *Баргуджин-тукум* деген топоним болған (Т. А. Бертагаев. Об этимологии слов баргуджин, баргуд и тукум. — Филология и история

монгольских народов, М., 1958, 173). Жер-су атаулары көбіне көне сөздер болып келетінін ескерсек, *тұқым* сөзі одан да бірнеше ғасыр бұрын сол тілдерде қолданылған деген жорамал жасауға әбден болады. Осы жердің аты туралы Рашид-ад-дин: ол жерді жайлаған баргуттар еді, сондықтан олардың қоныс салған алқабы Баргуджин токум деп аталған еді дейді (Рашид-ад-дин. Сборник летописей, М. — Л., 1952, т. I, кн. I, 121). *Баргут* — рутайпаның аты *(-(д)жин* қосымша) қ.: Т. А. Бертагаев, аталған мақала, 173—174) мен *тұқым* («нәсіл, ұрық» деген мағынада) деген сөз екеуі бірігіп рутайпаның аты болған, одан жер атауына ауысқан. Түркі, монғол тілдерінде *тұқым* сөзі ертеректен бар сөз тәрізді. Біздің жобалауымызша, бұл сөздің түбірі *тұқ*, көне түрі — *тұғ*. Осы түбір көне түркі жазба ескерткіштерінде «туу, туған, шығу, көтерілу» мағыналарында кездеседі. Бұл көне түркі тіліндегі *тұғ-* — қазіргі қазақ тіліндегі *тұу* (қазіргі жазылуы *ту)* сөзінің бастапқы түбірі. Ескерткіштегі бұл сөз *тоғ* деп те, *тұғ* деп те оқыла береді. Сөз соңындағы *ғ* дыбысы *у* дыбысына ауысқан — *тұғ//тұу*. Қазіргі біраз түркі тілдерінде бұл сөз кейбір көне формаларын сақтаған: ұйғырша *тұғ, тұғма, туққан,* сары ұйғырша *тоғ, туқ, тоғум,* азербайжанша *догма*. Түбір сөздің соңындағы ұяң *ғ* дыбысының қатаң *қ* дыбысына айналуы түркі тілдерінде кездесетін құбылыс. Шағатай әдеби тілінде *уруғ-туккан* деген қос сөз қолданылған (Радлов. Опыт сл. I, 1659). Бұл қос сөздің қазіргі өзбек және ұйғыр тілдеріне де тән екенін Л. А. Покровская айтады (Покровская. Термины родства ..., 45). Қазіргі қазақ тілінде, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінде, қолданылып жүрген *тоқты (тоғлы)* деген сөз де *тұғ*-дан шыққан. Сөйтіп, *тоғ (тұқ, тұғ, тұу) сөзі* — «туу, шығу» деген мағынаны білдіретін етістік. Оған есім тудыратын, қимылдың нәтижесін көрсететін *-ым* жұрнағы жалғану арқылы *тоғым (тұғым, тұқым)* сөзі жасалған. Біздің ойымызша, түбір сөздің

соңғы дыбысы қосымшасыз-ақ қатаңданып, *тоқ (тұқ)* болған, кейін қимыл нәтижесін білдіретін *-ым* жұрнағы жалғанғанда, ол қосымша қатаң түбірге қосылған. Сонымен, біздің аңғаруымызша, *тұқым* парсы тілінен енген сөз емес, түркі, монғол тілдерінің төл сөзі сияқты. Тіпті ол түркі, монғол тілдерінен парсы тіліне ауысуы ықтимал, үйткені IX—XIV ғасырларда түркі елдері Орта Азияны, араб елдерін жаулап алып, үстемдік жүргізгені мәлім. Онымен бірге жаулаушы елдің көптеген сөздері жергілікті тілге ауысып, сіңісіп кетуі ғажап емес. Сонымен бірге *тұқым* сөзі түркі елдерінде көптеген жаңа тұлғаларда да қолданылады. Қазақ тілінде: *тұқымдану, тұқымдық, тұқымсыз, тұқымшылдық, тұқымдау, тұқымдас, тұқымды* т. б. Бұл — төл сөздердің бір қасиеті. **(С. И.)**

Тұл. *Тыста дүлей ақ боран, Қатал қыстың кешінде Тұл ананың ақырған, Зарлы даусы есімде* (Ә. Көшімов). Бұл сөз көне түркі тілінен шыққан, қазіргі түркі тілдерінің көбінде қолданылады. Азербайжан, түрік, гагауз тілдерінде *дул,* өзбек, қырғыз, ұйғыр тілінде *тұл*. Осы тілдердің көпшілігінде *тұл* сөзі жесір әйелді білдіреді. Кейбір түркі тілдерінде әйелі қайтыс болған еркекті де осы сөзбен атайды. Мұндай жағдайда *тұл* сөзі *әйел, қатын я ер, еркек* деген сөздермен қосылып айтылады. Мысалы, түрікше *dul erkek, dul kadin*. Бірақ кейбір түркі тілдерінде (азербайжан, алтай, якут) *тұл* сөзі тек қана жесір әйелге қолданылады. Көне түркі тілінде де *tuly* деп жесір әйелді ғана атаған (Малов. Пам. др. письм., 433). Бұл сөздің кең тарауына қарағанда, оның шығу тарихы ертедегі кейбір түркі халықтарының өмірінде болған әдеттерімен байланысты болу керек. Мысалы, қырғыздарда бұрын мынадай бір ырым болыпты: бір үйдің иесі өлсе, оның жесір әйелі сол өлген күйеуіне ұқсатып шүберектен қуыршақ тігеді екен де, оны *тұл* деп атайды екен. Осы әдет бойынша, қырғыз әйелдері сол қуыршақты, яғни

тұлды, бір жыл ішінде, үйінде сақтап, оны өлген күйеуінің төсегі тұсына іліп, соған қарап күйеуін жоқтайтын болған (Юдахин. Кирг.-рус. сл., 1940, 517). Орыс ғалымы Г. Н. Потанин Іле жақта ертеректе тұрған қазақ және монғол, бурят, алтай т. б. халықтарда да осы тәрізді әдет болғанын сөз етеді. (Г. Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. Вып. 4. СПб., 1883, 699). Ненец, осетин халықтарында да бұрынғы кезде күйеуі өлген жесір әйел өзіне қуыршақ тігіп, онымен сөйлесіп, төсегіне алып, оның алдында жоқтау айтып, қайғысын білдіруге тырысқан (Ковалевский. Очерк происх. и разв. семьи и собств., 7). Кейін бұл сөз қуыршақ атауынан ауысып, жалпы «күйеусіз қалған жесір әйел» деген мағынаны білдіретін болған. Бұл пікірге басқа ғалымдар да қосылады (С. М. Абрамзон. «Тул» как пережиток анимизма у киргизов. — Сб. «Белек С. Е. Малову». Фрунзе. 1946; Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., 751; Пекарский. Сл. якут. яз.; Покровская. Термины родства..., 76—77). Қазіргі қазақ тілінде *тұл* сөзі ауыспалы мағынада да қолданылады. Мысалы: *Қайрәтсыз ашу — тұл, шәкіртсіз ғалым — тұл* (Абай). **(Н. Қ.)**

Тұлабойы. *Ой толқып тұлабойға тыным бермей, Болашақ түңлігі кең түрілгендей* (Қ. Бекхожин). Бұл сөздің соңғы *бойы* сыңары тілімізде жеке тұрып та қолданылады. Ал, *тұла* сыңары өз алдына жеке-дара тұрып қолданылмайды. Бұл сөз тілімізде кейде *тұл* тұлғасында да кездеседі. *Жылағанды тоқтатып, Ынсап қылсақ жарайды. Қоймасаң, қайғы ауыр боп, Тұл бойыңа тарайды* (Абай). *Тұла* сөзі кейбір түркі тілдерінде (қарақалпақ, өзбек) «күллі», «барша» деген мағынада жұмсалады. Сонда, *тұлабойы* деген — *өне бойы, барлық, бүкіл бойы* деген сөз. Салыстырыңыз: *тұлабойы дірілдеді* — бүкіл бойы (денесі) дірілдеді; *тұлабойы дір-дір етті* — бүкіл бойы (денесі) дір-дір етті. **(Ш. С.)**

Тұлға: *тұлға болу. Тұлға болу* тіркесі қазақ тілінде

«тірек, сүйеуіш, қамқоршы» болу деген мағынаны білдіреді. *Тұлға* сөзі, біздіңше, түркі тілдеріне монғол тілдерінен енген. Мысалы, монғол тілінің өзінде *тулға* — «тірек, бағана, сүйеуіш», кейде «ошақ» мағынасында айтылады. Бұл туынды сөз, түбірі — *тул, тулах* — тіреу, таяну. Осы сөздің түркі тілдерінің біразына еніп, өзінің тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолданылып жүргендігін көреміз. Мысалы, В. Радловтың көрсетуі бойынша, *тұлға//тулға* барабиндер тілінде — ошақтың үш бұты, коман, қазақ тілдерінде жұрт иесі, ел басшысы, құрметті адам (Радлов. Опыт сл. III, 1472). Қазіргі уақытта да қазақ тіліндегі *тұлға* дәл осы мағынасында айтылады. Бұл оның тірек, бағана, сүйеніш мағынасынан келіп шыққан ауыспалы мағынасы. Түркі тілдерінің ішінде *тұлға* сөзінің монғол тіліндегі негізгі мағынасын сақтағандар, Э. К. Пекарскийдің көрсетуі бойынша (Пекарский. Сл. якут. яз. III, 2799), — осман түріктері мен якуттар. Сөйтіп, *тұлға болу* тіркесіндегі *тұлға* қазақ тіліне монғол тілінен енген сөз және оның тіліміздегі «сыртқы көрініс, бейне, пішін» мағынасында айтылатын *тұлға* деген омоним сөзге ешбір қатысы жоқ. **(Э. Қайд.)**

Тұрық: *арық-тұрық. Арық-тұрық* қос сөзінің бірінші сыңары тілде жеке-дара қолданыла беретін дербес сөз де, екіншісі өз алдына айтылмайтын және мағынасы да айқын емес сөз. Бірақ бұл сөз түркі тілдерінде атамзаманнан бері келе жатқан көне сөздердің бірі болып саналады. Оны «Тоньюкукке бағышталған ескерткіш»тің тілінен де: *тұрұқ бұқа* — арық бұқа (Малов, Пам. др. письм., 61), Махмуд Қашғариден де (*қазғу мини тұрғурур* — қайғы мені аздырды, арықтатты) кездестіруге болады. Бұл сөз қазақ тілінде дербестігін жоғалтқанымен кейбір туысқан тілдерде ол әр түрлі формада кездесіп отырады. Мысалы, өзбектердің ауызекі тілінде «арық, ашаң адамды» *турық одам* деп те айта береді. Якут тілінде бұл сөздің әр түрлі формасының және мағынасының бар екендігін

көреміз: *тыркы* — жіңішке, *туор* — жүдеу, арықтау; *туорхаі* — әлсіз, қауқарсыз, әлжуаз. Э. К. Пекарский якут тіліндегі *туор* сөзінің басқа түркі тілдеріндегі *турук, торғон, тору* сөздерімен түбірлес екенін ескертеді (Пекарский. Сл. якут. яз. III, 2958). Бұл даусыз пікір сияқты. Мұндағы *туор* мен урянхай тіліндегі *тору* — жадап-жүдеу, арықтау (Н. Ф. Катанов. Опыт иссл. урянх. яз.) сөздерінің түбірі бір. Басқа түркі тілдеріндегі *о* дыбысы якут тілінде *оу* болып дифтонгоидқа айналады *(толтыр* дегендегі *тол* якутша — *туол).* Егер бұл сөздің негізгі түбірін *тор//тұр* деп білсек, онда қазіргі монғол тіліндегі *турах//тураха//тураах* (ашықтыру, арып-ашу, арықтату), *туранха* (аш), *туранхай* (арық, ашаң, жүдең), *турсгах* (арықтап өлген малдың терісі), сондай-ақ «Мухаддимат ал-адаб»-та (355 б.) келтірілген *турған* (арық), *турған темен* (арық түйе), *турқадаба* (арықтады), *турқан* (арық); *турқан еме* (арық қатын), *турұқсан* (ілінген, ілбиген) деген сөздердің бәрі де түбірлес әрі мағыналас сөздер. *Тор//тур* түбірінен осыншама көп туынды түбірдің өсіп-өрбуін біз монғол тілдерінің фактісінен кездестіріп отырмыз. Соған қарағанда *турық* сөзінің шығу тегі монғол тілдері болу керек деп жорамалдауға болады. Ал бұл сөздің якут, урянхай тілдерінде сақталып, дамуы ол тілдердің монғол халқымен көп уақыт тікелей қарым-қатынаста болып келуіне байланысты. Сондықтан да *тұрық* сөзінің негізгі түбірі *тур* (монғ.)//*туор* (якут.)//*тор* (урянх.) бұл тілдерде сақталса да, басқа түркі тілдерінің бірдебіреуінде кездеспейді. Бұдан шығатын қорытынды — *турық* сөзі түркі тілдерінің көпшілігіне монғол тіліндегі *турах//тураах//тураха* («арықтау, арып-ашу, ашығу, жүдеу») етістік формасында кірген. Бұған қазақ тіліндегі *торық* формасының негізінде жасалатын туынды түбірлер: *торығу, торықтыру* т. б. толық дәлел бола алады. Одан кейінгі жерде ол өзімен мағыналас *арық* (негізгі түбірі *ары-: ару, арып-ашу)* сөзімен қосарлана айтылып, бара-бара тілдегі дербестік мағынасынан айрылған. Қазір *арық-тұрық* қос сөзі қазақ тілінде тек арық малға ғана айтылады. Ал, басқа тілдерде, мысалы, қырғызша *арык-турук,* башқұртша *арык-торок,* өзбекше *орық-турық,* малға да, адамға да айтыла береді. Қорыта келгенде, *арық-тұрық* өзара синонимдес сөздер, оның алдыңғы сыңары түркі халықтарының байырғы сөзі де, кейінгісін — монғол тілінен кіріп сіңген кірме сөз деп топшылаймыз. (Ә. Қайд.)

Түйек: ұсақ-түйек, уақ-түйек. *Ержан ұсақ-түйектің бәріне байланысып, кішкене де болса салақтық жасаған солдаттың апшысын қуырды* (Т. Ахтанов). Біздің тілімізде жеке тұрып белгілі бір қызмет атқармағанмен, осындағы *түйек* сөзі басқа түркі тілдерінде «ұсақ, уақ» деген сөздердің синонимі ретінде (майда, ұндалған, ұнталған, майдаланған, уақталған, ұсақталған) қолданылады. Мысалы, қарақалпақ тілінде *түйек* — ұндау, *түйек айда (түйекле)* — ұнда, *түйекші* — ұндаушы. Татар тілінің қазан, тоболь диалектілерінде *түйек* — майдалау, майда, қиқым. Бұл сөз Л. Будагов сөздігінде *түймек (түю)* деген мағынадағы сөзбен бірге берілген. Шынында *түйек* көпшілік түркі тілдерінде қолданылатын *түй* етістік түбірінен әдеттегі *-ек* қосымшасы жалғану арқылы жасалып, «түйілген» деген мағынада жұмсалатын есім сөзі болып қалыптасқан сияқты. Көпшілікке белгілі *түйгіш, түйір* сияқты басқа түрлі сөздер де осы түбірден жасалған болу керек. (Ә. Қ.)

Түмен. *Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге* (мақал). Бұл мақалдағы өз алдына жеке қолданылмайтын *түмен* сөзінің төркіні жөнінде В. Катаринский 1898 жылы басылып шыққан грамматикасында былай дейді: «Дальше миллиона у киргизов нет счета и в случае нужды говорят *сансыз* бессчетное (число), бесчисленное множество, или *тумён* (монгольское слово, соответствующее и созвучное славянскому слову *тьма),* но оно при

счете не употребляется». (Грамм. кирг. яз. 1898, 38). Бұл сөз парсы және кейбір түркі тілдерінде «сансыз, он мың 10000» деген мағынада жұмсалады. Парсы тілінде تومان [туман] 1) туман (иранская денежная единица, равная 10 риалам (10 пехлеви); 2) *ист.* 10 000 (Перс.-рус. сл., М., 1960). Алтайша *түмен* — сансыз көп, қыруар. Тіліміздегі *Түменбай//Тұманбай, Түменов* сияқты адам аттарының түбірі де осы *түменмен* төркіндес болу керек. **(Ш. С.)**

Түнеу: түнеу күні, түнеу уақытта. *Түнеу күні кеткеннен, Ғали, жаңа келдің бе? Алғадайдың мүрдесін, жол-жөнекей көрдің бе?* (Жамбыл). Бұл есімдік *анау, сонау* есімдіктеріне синонимдес келеді де, көбіне *түнеу уақытта, түнеу күні* тіркестерінің құрамында қолданылады. Батыс говорларында *тонау//тона//төнеки* формалары сақталып қалған. *Тонау* формасы В. Радловтың сөздігінде де келтіріледі (Радлов. Опыт сл. III. 140). *Түнеу, тонау* сөздері тіліміздегі *ту* және *анау//әнеу* есімдіктерінің бірігуінен пайда болған. *Ту* есімдігі тілімізде әлі күнге дейін қолданылып келе жатыр. *Ту алысқа кетті* (Ғ. Сыланов). *Ту Көкшетаудан мына жиенім келіп тұр* (С. Мұқанов). Осы *ту* сөзі түрлі варианттарда кейбір түркі тілдерінде де кездеседі. Алтайша *ту* — сол, туваша *доо, дуу* — сол, гагаузша *те бу* — осы (Правила орфографии гагаузского языка, 1958). Тілімізде осы *түнеу//тонау* есімдіктеріне құрылысы жағынан ұқсас, күрделі есімдіктер бар. Мысалы, *сонау* сөзі *сол* және *анау* есімдіктерінің бірігуінен жасалса, *осынау* есімдігі *осы* және *анау* есімдіктерінің бірігуінен жасалған: *осы* + [*а*] *нау* > *осынау; со* [*л*] + [*а*] *нау* > *сонау*. Бұл сөздің бірде жуан *(тонау)*, бірде жіңішке *(түнеу)* айтылуы — алғашқының жуан айтылатын *ту+анау* сөздерінің, ал, кейінгісінің жіңішке айтылатын *ту+әнеу* сөздерінің бірігуінен жасалғандығынан болу керек. **(Ш. С.)**

Түрпі: түрпідей тию, түрпідей көру. *Япырмай, сөзім саған түрпідей тиді-ау, Абай! — деді* (М. Әуезов). *Әсіресе бой жеткен қызы барлар Әжібай десе, түрпідей көріп зарлар.* (С. Торайғыров). *Майлы қол қап-қара күйелі, Түрпідей алақан сүйелі* (С. Сейфуллин). Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын және туысқан Монғол Халық Республикасын мекендейтін қазақтар тілінде *түрпі* сөзі үлкен өткір егеу мағынасында айтылады, онымен ағашты егейді. Кейде оның өткірлігі пышақтан кем болмайды. Қазақ әдеби тілінде ол жоғарғы сөз тіркестерінде ғана кездеседі. Біздің ойымызша, *түрпі* сөзінің этимологиясы егеу зат есіміне байланысты болуға тиіс. Республикамыздың батыс, оңтүстік өлкесінде *түрпі* сөзі тек *түрпідей тию, түрпідей көру* тіркестерінің құрамында ғана кездеседі. *Түрпі* онда зат есім ретінде жекедара қонданылмайды. *Түрпі* сөзі осы мағынада кейбір түркі тілдерінде де қолданылып жүр. Мысалы, азербайжанша *төрпи — егеу* **(Ж .Б.)**

Тым: тым-тырыс. Кейбір түркі тілдерінде *тым* сөзі *үнсіз, тыныш* деген мағынада жұмсалады. Алтай тілінде *тым* — тыныштық, үнсіз, құпия деген сөз. *Тым отур — үндемей, тыныш отыр* деген сөз. Тіліміздегі *тымық* дегендегі *тым* түбірі де осы реестрдегі *тым*-мен төркіндес болуы ықтимал. **(Ш. С.)**

Тыныштық. *Тыныштық безген жерде ұйқының не ақысы болсын* (Б. Момышұлы). Бұл сөзді мынадай морфологиялық тұлғаларға бөлуге болады: *тын+ыш+тық. Тыныштық* сөзінің түбірі *тын*екенін тілімізде қолданылып жүрген кейбір түбірлес сөздер де анықтай алады: *тыну, тына қалу, тындыру, тыншу, тынық, тыным, тыныс, тынбау* т. б. Қазіргі қазақ тілінде түбір күйіндегі *тын* сөзі жеке қолданылмайды. *Тын* сөзі түркі тілдерінде бірде «жан», бірде «дем», бірде «тыныс», бірде «тыныштық» мағыналарында жұмсалады: ұйғырша *тын* — тыныш болу, дем алу; *тынші* — зейін салып тыңдау (Малов. Уйг. яз., 168), лобнорша *тын* — тыныш болу, *тынг-тынжылық* — тыныштық (Малов. Лобн. яз. 179), туваша *тын* — өмір, тіршілік, *тынгарар (тынгар)* — тірілу, жан біту,

«Кудатку білікте» бұл сөз *тун* тұлғасында жазылып, екі түрлі мағынада қолданылған: *тип* — тыныштық және ойлану, толғану (Малов. Пам. др.-тюрк. письм., 433-434). Көне түркі тілінде *тын* «дем, тыныс» мағынасында да кездеседі (Малов. Пам. др. письм., 436). Татар, башқұрт тілдерінде *тын* сөзі «тыныш, үнсіз, тыныс» дегенді білдіреді, түрікше — жан, рух, қырғызша, алтайша да осы мағыналарда жұмсалады. Минусин өлкесіндегі түрік тайпаларының тілінде *тын* «жан» мағынасында жұмсалады. С. Д. Майнагашевтің айтуынша, бұл түріктердің тілінде *тын* бірнеше мағынада жұмсалады: бірі әрі жан, әрі өмір дегенді білдіреді: *тын үзілду* деген «жаны шықты, өмірі таусылды» дегенді білдіреді. Қазақ ертегілеріндегі батырлардың жаны сияқты бұл халықтың ертегілеріндегі батырлардың *тыны* бөлек бір нәрсенің ішінде болады. Олардың *тынын* өлтіргенде ғана батырдың жаны шығып, өледі. Сонымен бірге *тыныс* сөзі демін алу мағынасында қолданылады (С. Д. Майнагашев. Загробная жизнь по представлениям турецких племен Минусинского края. — «Живая старина», 1915, вып. III, 278). Сөйтіп, *тын* сөзі түркі тілдерінде алуан түрлі мағыналарда жұмсалады және әр түрлі тұлғалық варианттарда кездеседі. Қазақ тілінің өзінде үш түрлі тұлғада қолданылады: *тын (тыныс), тұн (тұншығу), түн (үн-түн жоқ, үн-түнсіз).* Бұл әр түрлі варианттардың негізі бір сияқты: оның бастапқы мағынасы — «жан, дем, тыныс» сияқты. *Жан* сөзі түркі тілдеріне парсы тілінен еніп кейін IX—XI ғасырлардан бастап қолданылған. Жан демсіз, тыныссыз болмайды, ертеректе адам олардың бәрін бір нәрсе деп ұққан болу керек. Кейін *тын* сөзінің арнасы кеңейіп, жаңа мағыналарға ие бола бастаған: «жан» деген мағынасымен байланысты оның «ақыл-ой, ойлану, ес» мағынасы, «дем, тыныс» мағынасымен байланысты «тыныштық» мағыналары келіп туған тәрізді. **(С. И.)**

Тілазар.— *Әй, Әйгерім, желегі басынан түспеген келін тілазар болғанын неше атаңнан көріп едің?* (М. Әуезов). *Тілазар* сөзі көбінесе тіл алмайтын, жұмсаған іске бармайтын қырсық, қыңыр балаға айтылады.— *Қой! — дедім ғой мен сендерге, не қылған тілазар баласыңдар?!* (М. Иманжанов). Осындағы *тіл* сөзінің лексикалық мағынасы өзгерген парсы тіліндегі *дел* — жүрек деген сөз болу керек. Парсыша دل ازردن (дел азардан) — ренжіту, ұрсу, көңілін қалдыру, دل ازار(дел-азар) — көңіл қалдыратын. Бұл тіркес қазақ тіліне осындай іліктескен күйінде ауысқан болу керек. Ол, әрине, Орта Азия халықтарының тілі арқылы келген: өзбек тілінде *дилозор* кісіге тіл тигізетін, қатаң адам, көңіл қалдырып, қатты ренжітетін кісі. *Дилозорлық қилмақ* — «ренжіту, қысымшылық көрсету, балағаттау, сөгу» деген мағынада қолданылады. *Дилозор* сөзінің әрбір құрамы өзбек тілінде жеке-дара тұрып та қолданыла береді. Қазақ тілінде *азар* сөзі *азар-безер* (болу), *азар беру* деген тіркестерде кездеседі. *Азар-безер* болу біреуден қашу, құтылу деген мағынада айтылады. *Азар* сөзі бірталай түркі тілінде жеке де қолданылады. Түрік, ұйғыр тілдерінде *azar* — сөгіс, балағат, қайғы-қасірет, азап, қиналыс. Азербайжан, башқұрт тілдерінде *azar* — ауру, азап. Көпшілік түркі тілдерінде қолданылатын осы *азар* сөзі парсы тілінен ауысқан. Парсы тілінде ازار (азар) сөзі «өкпе, реніш, қорлық, қинау, ренжіту, қысымшылық көрсету, азап шектіру» деген мағыналарда қолданылады. *Тілазар* сөзінде қазақша жеке қолданылмайтын *дел* компонентінің мағынасын түсінікті *тіл* сөзімен алмастырғанға ұқсайды. Кейбіреулер *тілазар* формасын қазіргі қазақ тіліндегі *тіл алмас* деген тіркес сияқты *тіл* (язык) деген сөзден жасалған деп ойлайтын тәрізді. Бұл, әрине, халық этимологиясы болар, ал шынында, *тілазар* парсы тілінен осы тұтас түрінде ауысқан сөз тіркесі. Л. З. Будагов түркі тілдеріндегі парсы тілінен ауысқан осы *азар* сөзінің әр түрлі мағынада, әр түрлі тіркестерде қолданыла-

тынын айта келіп, бұл сөз орыс тіліне еніп *озорной, озорничать* деген сөздердің тууына себеп болған дейді (Будагов. Ср. сл.тур.-тат. нар. I. 35). Кейбір түркі тілдерінде *азар* сөзіне болымсыздық префикс қосылып, керісінше, *бийазар* — тентек емес, ұстамды, тәрбиелі деген мағынада қолданылады. **(Ә. Қ. және Б. С.)**

Ұ

Ұлыс: ұлыстың ұлы күні. *Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрам болып, наурыздама қылармыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күні — «ұлыстың ұлы күні»* (Абай). *Ұлыс* — қазіргі тува, алтай тілдерінде «халық» мағынасында жұмсалады; монғолша *улс* — мемлекет, ел, үкімет, халық, адамдар, династия. Мысалы, *Монғол улс* — Монғолия. Бұл тілде *ұлыс* «ірі ру, орда» ұғымында да қолданылған. Көне түркі ескерткіштерінде *халық* деген сөздің орнына *ұлыс* сөзі қолданылғанын байқаймыз. Орта Азия әдеби тілінде, бұл шығармалар жөнінен жазылған сөздіктерде, «Бабур-намада» — бәрінде де *ұлыс* сөзі «халық» мағынасында қолданылады. Навоидың парсы тілінде жазылған өлеңдеріне байланысты *халық* сөзін (бұл араб сөзі) ол туралы сөздік жасаушылар *ұлыс* деп аударады. Демек, бұл өте ерте кездерден бастап түркі-монғол тілдерінде «халық» мағынасында қолданылып келген көне сөз. **(І. К. және Ж. Б.)**

Ұшан: ұшан-теңіз. *Тарих қойнауына қарай бет алған мың тоғыз жүз елу алтыншы жылдың бізге беріп кеткен олжасы мен табысы ұшан-теңіз* (С. Сейітов). Қазіргі тілімізде *ұшан* сөзі жеке айтылмайды, тек *теңіз* сөзіне тіркесіп «көп, сан алуан, адам айтқысыз мол» деген мағыналарды білдіреді. Бірақ түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінен бұл сөздің жеке қолданылғандығы көрінеді.

Мысалы Махмуд Қашғаридің сөздігінде uçan — қыпшақша екі желкенді кеме деп көрсетілген МК. I, 122). «Ettuhfet...» те де uçan — «қайық, кішкене кеме» деп көрсетеді («Ettuhfet..., 1945, 37, 38). П. М. Мелиоранский көпшілік түркі тілдерінде белгілі бұл сөз орыс тіліне Еділ бойындағы булгарлардың тілінен өте ерте заманда енгендігін айта келіп, бұл сөз төгінде үлкен кеменің аты болар деген жорамал айтады (Мелиоранский. Заимствованные восточные слова в русской письменности домонгольского времени, 132—133). *Ұшан* сөзінің *теңіз* сөзімен тіркесіп өз мағынасын жоюына араб тілінен енген *иттап (умман)* — «мұхит» сөзі себепкер болмады ма екен деп ойлаймыз. Үйткені орта ғасырларда *умман* сөзі *тенгиз* сөзімен тіркесіп, *уман тенгиз* — (uman tengiz)» — «үлкен теңіз» деген мағына білдірген («Ettuhfet... Ist., 1945, 269). Түсініксіз *уман* сөзін түсінікті *ұшан* түрінде айту өте заңды құбылыс. **(Б. С.)**

Ү

Үй. *Жұматайдың білетіні осындағы завмагтың үйі еді* (М. Әуезов). Бұл — түркі тілдерінде ертеден қолданылып келе жатқан сөз. Көне түркі жазба нұсқаларында *үй* сөзі адам тұратын баспана дегенді білдірген (Малов. Пам. др. письм., 366). Сөздің бастапқы тұлғасы *оба/обак* болса керек. Бұрын монғол тілінде төмпешіктің үстіне жын-перілер үшін тастан, ағаштан салынған баспананы *обон/ /овоо* деп атапты. Ертеде монғолдар осындай үйлерге келіп құдайына құлшылық ететін болған. Бұл сөз монғол тілінен түркі тілдеріне ауысып, «төбе, төмпешік», кейбіреулерінде «моласы бар төмпешік» деген мағынада қолданылып кеткен. Қазіргі қазақ тіліндегі *оба* сөзі осы мағынада жұмсалады. Бұрын түріктер *оба* деп көшпелі елдердің киіз үйін атапты (Будагов. Ср. сл.

тур.-тат. нар., 107). Осы мағынада *оба* сөзі В. В. Радловтың сөздігінде де кездеседі. Басқа түркі тілдерінде бұл сөз *эб* (Енисей нұсқасы), *ев* (түрік), *өй* (ұйғыр), *үй* (қазақ) т. б. болып айтылады. Сонымен, бұл сөз ғасырлар бойы қолданылу үстінде *обон>обоо>оба//ов//ев>ой//өй//үй* болып өзгерген. Қазақ тілінде революцияға дейін *үй* сөзі кең қолданылған, кейін тас үйлердің салынуымен байланысты кейбір оңтүстік-шығыс және солтүстік-шығыс аудандарда *там* сөзі пайда болған (Досқараев. Қазақ тіліндегі *үй, там* деген сөздер туралы — ҚазССР ҒА Хабарлары, филол. сериясы, 1959, 1—2, 143—146). Бұдан басқа кейбір зерттеушілер (Е. Д. Поливанов. К этимологии слова уj, өj — дом, юрта. Труды лингв. сект. Узб. науч.-иссл. инс. культ. строительства. т. I, вып. 2. Ташкент, 1934) *үй* сөзі қытай тіліндегі *чэн//ин//и* — «қала, қоныс» деген сөзден шыққан деп жорамалдаса, екінші біреулер *үй* сөзін *үю* етістігімен түбірлес деп шамалайды (Кононов. О семантике слов *қара* и *ақ*, 85). **(Н. Қ.)**

Үйрену. Бұл етістік *ой* деген есім сөзге етістік тудыратын *-ра/-ре* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған, *-н* — етіс жұрнағы. *Ой* сөзі түркі тілдердің көбінде *(өг, өй, үй* тұлғаларында) бар сөз. Көне түркі нұсқаларында «ойлау, түсіну» мағынасында *ө* етістігі қолданылған (Рясянен. Мат-лы по ист. фон. тюрк. яз, 106; Юнусалиев. Кирг. лекс. I, 39), сол *ө* түбірінен өрбіп, бұл сөз *ө<өг//өгрән//өгрен<өйрән//өйрен//үйрен* болып өзгерген. Қазірдің өзінде бұл сөз кейбір түркі тілдерінде *өгрән, ігрән, ойрән, уйрән* түрінде айтылады. **(Н. Қ.)**

Үптеу. *Көңілің алаң болса, кеудең ұры үптеген үйдей аңырайып қалады* (Т. Ахтанов). Қырғызша *үп* — үй бұйымдарының қымбат бағалысы, құндысы, асыл киім. Алтай тілінде де осы мағынада жұмсалады. Тува тілінде *үптекчи* — тонаушы; *үптелге* — тонау, тонаушылық; *үптээр* — тонау; *үпсап* — дүниелік, байлық. Демек, *үптеу* етістігінің түбірі — *үп* есімі; *-те* — есімнен етістік тудыратын

жұрнақ, мағынасы — «үй ішіндегі қымбат бағалы, жақсы нәрселерді қалдырмай алып кету». Қазақ тілінде *үптеу* етістігінің тағы бір мағынасы бар. Бұрын айт кезінде жұрт үйіндегі бағалы, қымбат нәрселердің бәрін жұртқа көрсету мақсатымен іліп қоятын болған, мұны да *үйді үптеу* деп атаған. **(Ж. Б.)**

Үр//hүр//хор: үр//hүр//хор қызы. *Өзің де бүгін хордың қызы секілдене қалған екенсің* (С. Мұқанов). Солтүстік аудандарда көбіне *хор* болып, оңтүстікте *үр* болып айтылады. Иран және кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «ұжмақ қызы, сұлу қыз» деген мағынада жұмсалады. Парсыша حور[hури]: 1) ұжмақ қызы; 2) сұлу; өзбекше *хур* — гурия (мұсылман мифологиясында — жұмақ қызы); Өзбек тіліндегі екінші мағынасы — әдемі қыз, келіншек. *hүр, хор* сөздерінің кейде *үр* болып *х* дыбысының түсіріліп айтылуы тіліміздегі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің басындағы *х, қ, h* дыбыстарының тұрақсыздығынан деп білу керек. Салыстырыңыз: *hауа — ауа, ғұмыр — өмір, қисап —есеп, хүкумет — үкімет, ғаділ — әділ* т. б. **(Ш. С.)**

Үрім: үрім-бұтақ. *Аталас үрім-бұтақ жанды жақты. Барлығы тату-тәтті ынтымақты* (И. Байзақов). *Үрім* сөзі тілімізде жеке-дара күйінде қолданылмай, тек *үрім-бұтақ* сияқты қос сөз құрамында және *ұлын ұрымға, қызын қырымға* деген тұрақты сөз тіркесінде ғана сақталып қалған. Бұл сөз қырғыз тілінде де бар, ол *«ұрпақ»* мағынасында жұмсалады. Бұл сөздің түбірі *үр* болу керек, *-ім* — жұрнақ. Монғол тілінде *үр* — ұрық, тұқым, бала, нәресте деген сөз. Абу-Хаямда اُر (үр) *тұқым* деген сөз. (Қitâb al-idrâk, 10). Тіліміздегі *ұрық* сөзінің де түбірі *ұр* екендігі татар, құмық тілдеріндегі *орлық, урлук* (тұқым) сияқты мысалдардан байқалады. Ал, монғол тілінде *ұрық* сөзіне дыбыстас *ураг сөзі* «туысқан» мағынасында жұмсалады. Тілімізде *-ім//-ым* жұрнағы, әдетте, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Ал, *үрім*

дегендегі *үр*-дің өзі зат есім болып тұрғандығынан осы сөзді *үр+ім* деп бөлшектеудің дұрыстығына шәк келтіруге де болады. Осы жағдай бізді бұл сөздің шығу төркінін төмендегіше де топшылауға мәжбүр етті. Бұл сөз тілімізге араб тілінен енуі мүмкін. Арабта бұл сөз ارومة، اروم «тамыр, шығу төркіні» деген мағыналарда жұмсалады. **(Ш. С.)**

Үскі. *Бір дегенім білеу, екі дегенім егеу, үш дегенім үскі. Үскі* — үлкен біз (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. 136). *Үскі* сөзі республикамыздың әр жерінде әр түрлі мағына береді: Омбы жақта *үскі* «үлкен біз» мағынасында қолданылады. Талдықорған маңы мен Маңғыстау түбегінде ол *үскі біз* болып та айтылады (үлкен біз), Қызылордада да *үскі* деп қалыптың үстіңгі жағы аталады. *Үскі* сөзі кейбір түркі тілдерінде «оймақ» мағынасында қолданылады: азербайжанша *үскүк* — оймақ, ойратша *ус* — мастер, шебер; *ус кижи* — мастер. Сонымен *үскі* сөзінің түбірі — *ус* («шебер» деген мағынада), *-кі* — жұрнақ. Сөйтіп, *үскі* — шеберлер пайдаланатын құралдардың атауы (біз, оймақ, қалып т. б.) ретінде қалыптасқан. **(Ж. Б.)**

Ч

Чемодан. Бұл парсы сөзі. Парсы тілінде جامەدان (джамәдан) — нәрсе, зат салатын сандықша деген сөз. Ол جامە (джамә) — киім-кешек және اَدن (дан) — ұстау деген екі дербес сөзден құралған. Кейін бұл сөз орыс және басқа Европа елдеріне тараған. Қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. **(Н. Қ.)**

Ш

Шаға: бала-шаға. *Шамасы он бес отардың бар шопандарының киіз үйлерін, бала-шағаларын, шөп алып келген он екі машинаға бір-ақ сағатта салғызған*

(М. Әуезов). *Бала-шаға* деген қос сөздің құрамындағы *шаға* сөзі тілімізде жеке қолданылмайды. Бірақ ол басқа кейбір түркі тілдерінде өз алдына дербес мағыналы сөз болған. Мысалы түрік, азербайжан, түркімен тілдерінде *бала* деудің орнына *шаға* сөзі қолданылады, сол сияқты қазақ тілінің кейбір говорларында қазірде де *шақа* деп сәби, кішкентай баланы атайды (ҚТТС, II, 468). Бұл сөздің этимологиясын түсіндіруде бірнеше пікір бар: 1) біреулер *шаға* сөзін *ша//ча* және *қа//ға* деп екіге бөліп бірінші бөлегін кішірейту жұрнағы деп таниды (Frankle. Word. Form, 52); 2) басқа бір зерттеушілер *шаға* сөзінің бастапқы мағынасы «төл, аң баласы» дегенді білдірген деп түсіндіреді. Мысал ретінде ертедегі урянхай (қазіргі тува), хами (ұйғыр тілінің бір түрі), шағатай тілдерінде бұл сөздің «балапан, аю күшігі, қарға балапаны» тәрізді мағынаны білдіргені келтіріледі (Мелиоранский. Кр. грам. каз.-кир. яз., I, 35; Лаптев. Мат-лы по каз.-кир. яз., 91); 3) бұдан басқа *шаға* сөзі монғол тілінен шыққан деген де пікір бар (Жұбанов. Иссл. по каз. яз., 41; Menges, Glossar, 705; The orient. Elem. in the Vocabulary, 64). Қазіргі монғол тіліндегі *жаал* — сәби, кішкентай бала, *жаалхан, жаахан* — кішкентай деген сөздерді еске алсақ, *бала-шаға* деген қос сөз мағыналары бір-біріне жуық сөздерден құралған деуге болады: *бала-жаахан//шаға*. Сол сияқты қазақ тіліндегі *шағын (шаға+ын)* деген сөзді де сол монғол тіліндегі *жаахан* сөзімен байланыстыруға болады; 4) кейбіреулер «Codex Cumanicus»-те және «Игорь полкі туралы жыр» деген көне орыс жазба ескерткішінде «қыз» мағынасында кездесетін *чаға* сөзінің барлығын еске алып, *бала-шаға* деген сөзді «ұл мен қыз» деген тіркес болу керек дейді (Мелиоранский. 2-статья о тур. элем., 296), бірақ, біздіңше, бұл қос сөз синонимдес екі сөзден құралған деген үшінші пікір дұрыс сияқты Щербак. Названия домашн. и диких животных..., 108—109). **(Н. Қ.)**

Шай. *Басытқыма бал ішіп, Сусыныма шай ішіп, Піспекті саба, сары қымыз, Жанымды сомен сыйладым* (Ғ. Шөреков). Шай қытайша *ча* және *е* деген сөздерден құралған. Қытай тілінде *-ча* [11] талшық, бұта; *е* [12] — жапырақ, жұқа табақша. Демек, *чае* «бұта жапырағы» деген ұғымды білдіреді. Кейде бұл сөз қысқартылып, *ча* деп те айтылады. Біздің заманымызға дейінгі 2700 жылдардағы қытайдың көне қолжазбаларында *шай* туралы деректер кездеседі. *Шай* өсімдігі Шығыстың басқа елдеріне және кейіннен Батыс елдеріне де Қытайдан тараған. Россияда шай сусын ретінде XVII ғасырдың 40-жылдарынан бастап қолданылған. Орыс тіліндегі *чай* сөзі — қытай тілінен ауысқан атау. Біздің топшылауымызша, *шай* сөзі қазақ ортасына әріректе ұйғыр, монғол тілдері арқылы енген болса, беріде орыс тілі арқылы кең тараған болу керек. Қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша аффрикат *ч* дыбысы *ш*-ға ауысқан. **(Б. Б.)**

Шама//сама//сәме//сәмбе. Бұл сөз қытайдың *ча* және *мо* сөздерінің бірігуінен жасалған. *ча* [13] — шай, *мо* [14] — қалдық, қоқым. Демек, «шайдың қалдығы, шайдың қоқымы» деген ұғымды білдіреді. *Чамо* сөзінің қазақша *шама* болып қалыптасуы заңды құбылыс: аффикат *ч* дыбысы *ш* -ға ауысқанда екінші буындағы *о* дыбысы *а*-ға ауысқан. Ал бұл сөздің *сама, сәме* варианттары да қазақ тіліндегі *ш ~ с* дыбыс алмасу заңына (салыстыр: *шайтан ~ сайтан, патша ~ патса)* байланысты болу керек. *Шама* сөзі, біздіңше, түркі тілдеріне (өзбек, ұйғыр, қазақ т. б.) қытай тілінен ауысқан сияқты. **(Б. Б.)**

Шана. *Жеңіл кәшаба шананың артқы орнында Абай мен Дәрмен, козлода — Баймағамбет* (М. Әуезов). *Шана* сөзі бірталай түркі тілдерінде де орысша *сани* деген сөздің мағынасында жұмсалады. Мысалы: қазіргі қырғыз, өзбек, ұйғыр, татар және құмық тілдерінде *чана*, ноғай тілінде *шана*, чуваш тілінде *суна*, башқұрт тілінде — *сана;* алтай, тува тілдерінде — *чанак//шанак*. Түркі тілдерінің екінші бір тобы мен монғол тілдерінде осы *шана* сөзі «лыжи» деген ұғымда қолданылады. Мысалы: монғол тілінде — *цана*, бурят-монғол, хакас тілдерінде *сана*, шор, тува тілдерінде *шана//чана. Шана, шаңғы* сөздері шығуы жағынан да, мағынасы жағынан да бір-бірімен төркіндес (қара: *шаңғы). Шана* сөзінің де түбірі *цан (г)//чаң* сөздері. Бұл түбірге *-ақ, -ек* аффикстері жалғануы арқылы қазіргі алтай, тува тілдерінде ғана сақталған *шанак//чанак* сөзі туған. Белгілі тюрколог ғалымдардың зерттеулерінен қазіргі түркі тілдерінде кездесетін *-қы, -ғы, -ғу* (және басқа варианттары) аффикстері мен *-ақ, -ек* (және басқа варианттары) аффикстерінің арғы түбірі бір, қазіргі тілдерде кездесетін *-ғақ, -гек, -қақ, -кек* аффикстері екені белгілі (Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, М.—Л., 1948, 69—70; Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык, ч. II, Фонетика и морфология, М., 1952, 401—402). *Шаңғы* сөзі *шаң* түбіріне *-ақ* аффиксі жалғануы арқылы жасалған, о баста екеуі де бір құралдың (лыжи) атауы. *Шана* сөзінің аяғындағы (түбірі *шаң) -а* аффиксі де *-ға//-ғы//-қа//-қы* аффикстерімен тығыз байланысты. Тюркологияда *-а* аффиксі туралы «бұл өте көне, сөз тудырушы, өзалдына дербес аффикс» деп қарайтын және де «бұл *-ла* аффиксінің фонетикалық бір құбылысы» деп қарайтын екі түрлі көзқарас бар. Бұл туралы мына еңбектерде толығырақ айтылған: Э. В. Севортян. Афф. глаголообр. в азерб. яз. М., 1962, 203, 238; Б. О. Орузбаева. Словообр. в кирг. яз. Фрунзе, 1964, 127. **(Б. С.)**

Шаңғы. *Сырғанауға жүгірген Жастар шықса Шаңғы алып* (Т. Жароков). *Шаңғы* сөзі қазақ тілінде де, сондай-ақ түркі тілдерінің біразында «лыжи» мағынасында қолданылады. Мысалы: өзбек тілінде *чанги*, ұйғыр тілінде *чаңғу*, татарша *чаңғы*, башқұрт тілінде *саңғы* (башқұрт тілінде шаңғының басқа да атауы бар. *Саңғы* деп терімен қап-

талғанын айтады да, жай түрін *қалтағай* дейді). *Шаңғы* сөзі *чаң//-ан(г)//чӓн(г)*е деген түбір сөзге *-ғы (-қы, -кі, -гі)* жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Монғол тілінде *цан (г)* — қатқақ, шық, қырау деген сөз. *Шаң* сөзі қырау мағынасында бурят-монғол тілінде *сән(г),* тунгус тілінде *санчукса,* эвенкі тілінде *синчиксэ* түрінде кездеседі. Түркі тілдерінен бұл сөздің «қатқақ, қырау, борасын» мағынасы якут тілінен кездеседі. *Чӓң/чӓң* якут тілінде «қатқан жер, қырау, шық, сүңгі» *чӓңнӓ//чаңна* — қыраулату, шаңғыту деген мағынаны білдіреді (Пекарский. Сл. якут. яз., III, 3570—71, 3603). *Шаңғыны* қазақ халқы өте ерте кезден бастап-ақ қолданған (История Казахской ССР, т. I, 81). *Шаң* сөзі жеке тұрып бірталай түркі тілдерінде «тозаң» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде *шаң* сөзі «қатқақ, қырау, мұз» мағынасында жеке қолданылмайды. Бірақ *шаң* сөзінің бұл мағынасы тіліміздегі *шаңыту//шаңғыту, шаңғыт аяз* сөздерінен анық сезіледі. **(Б. С.)**

Шапшақтай. *Атының мойны шапшақтай* (халық жырларынан). *Шарадай басым шапшақтай болды* (ел аузынан). Қазіргі қазақ тілінде өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын *шапшақ* сөзі басқа түркі тілдерінде дербес тұрып та жұмсала береді. Оларда бұл «бөшке немесе бөшке сияқты ыдыстардың бір түрі» деген мағына береді. Қарақалпақ тілінде *шапшақ* — күбі, қырғыз тілінде *шапшақ* — бөшке, айран ашытатын ағаш шелек, башқұрт тілінде *сапсақ* — бүтін бір жұмыр ағаштан жасалған күбі. Қазақ тілінің кейбір жергілікті ерекшеліктерінде (Алматы облысында) тері илейтін күбіні *шапшақ* деп атайды. (Досқараев. Қаз. тіл. жер. ерек.) **(Ә. Қ.)**

Шар//шарқ//шырқ: шарқайрақ, шарқ айналу. *Шар//шарқ/шырқ* сөзі парсының چرق [чӓрх] (дөңгелек) және онымен түбірлес چرخه [чӓрхе] — 1) *шарғы;* 2) *дөңгелену, ротация* деген сөзі болу керек. Тіліміздегі *шарғы жіп* дегендегі *шарғы* да осы چرخه [чӓрхе]-мен байланысты болу керек, үйткені

парсыша-орысша сөздікте چرخه сөзінің түсіндірмесінде *катушка* деген сөз келтіріліпті. **(Ш. С.)**

Шарбақ. *Миуа жоқ сізге нәсіп бұл шарбақтан, Іздеңіз ол миуаны бөтен бақтан* (М. Сералин). *Шарбақ* барлық түркі тілдерінде қолданылмайды, қолданылатын тілдерде ол сөздің мағынасы бірдей емес: қырғызша *шарбақ* — қорған, айнала қорғандаған ел, ауыл; ұйғырша *ша(р) бағ* — огороды бар үлкен бақша, өзбекше *червок* — күтімсіз бақша, *чорбоғ* — дача, *қала* сыртындағы бақшасы бар бөлек мекен; В. В. Радловта: *шарбақ* (Кіг): 1) аула, дуал; 2) қора (Радлов. Опыт сл. IV, 959); Л. З. Будаговта: چارباغ (шарбағ) — Исфағандағы әйгілі бақшаның аты, үлкен бақша (Будагов. Ср. сл. тур.-тар. нар. I). Қазақ тілінде *шарбақ* деп бау-бақшаны, үйді т. б. қоршап тұратын ауладан басқа, жазда мал тұратын төбесі жоқ қораны да айтады. *Көк шөпті көпірте сап, ортасына қойған соң, шарбағынан мал шыға ма?* (Ғ. Қайырбеков). *Шарбақ* — біріккен сөз: *шар + бақ. Шар* — түркі тілдеріне парсы тілінен енген сөз. Пар. چهار (чеһар) және چار (чар) — төрт. *Шарбақ* сөзінің екінші компоненті *бақ* сөзі де парсы тілінен енген — парсыша باغ (баг) — бақ, бақша. *Бағ* (бау) қазіргі түркі тілдерінің көбінде қолданылады. Қазақ тілінде *баг* (баг) тұлғалары *бау, бақ* болып ауысқан, сөз соңындағы ұяң дыбыс бірде сонар *у*-ға, бірде қатаңданып *қ*-ға алмасқан. Сөйтіп, *шарбақ — төрт* және *бау-бақша* деген парсының екі сөзінің бірігуі арқасында жасалып, «төрт бақ», немесе «жан-жағы бірдей бау-бақша» деген мағынаға ие болған. Бұл екі сөз де парсы сөздері болғанмен, *шарбақ* біріккен сөз болып түркі тілдері топырағында жаратылып қалыптасқан тәрізді. Көне парсы тілінде жеке адамдардың үйлерін, бау-бақшаларын қоршайтын аулалар мен парктер *шарбақ* емес, *пардасу* деп аталған (В. В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана, Л., 1927, 36). *Шарбақ* сөзі X—XII ғасырларда

пайда болған деп топшылаймыз. Бұл сөз башқұрт, татар т. б. сияқты солтүстік түркі халықтарының тілінде қолданылмайды, бұл халықтарға *шарбақ* сөзі жетпеген. *Шарбақ* сөзінің мынадай шығу тарихы бар: ерте кезде отырықшы елдер көрші халықтардың тұтқиыл шабуыл-жорықтарынан сақтану мақсатымен қалалардың, елді мекендердің айналасын қоршап, дуал қабырғалар, қорғандар салған. Ондай қорғандар IX—X ғасырларға дейін Орта Азия жерінде де болған. Араб-парсы басқыншыларынан кейін ондай қамалдар соғыстық қасиетін жойып, тек ұры-қарылардан қорғану қызметін атқарған. Қыштан соғылған қорған, қабырғалар енді қалалардың айналасына салынбай, олармен жеке-жеке кварталдарды, көшелерді, үйлерді қоршап жасайтын болған. Бұндай қамал, қабырғалардан бірінші безген Саманид мемлекетін басқарған Исмаил болды. Ол IX ғасырдың аяғында (893—894 жж.). Орта Азия көшпелілерін талқандап, Таразды (Қазіргі Жамбыл қаласын) өзіне қаратып, одан кейін Иранның солтүстігін түгел басып алып, күшті мемлекеттік аппарат құрған. Маңайдағы көшпелілерден қауіп кемігендіктен, Исмаил жаңадан қамал, қабырғалар салдырмағаны былай тұрсын, бұрынғылардың өзін қиратуға бұйрық берген. «Бұқардың қорғаны, қамалы, қабырғасы менмін!» деген (История Узбекской ССР, т. I, 1955, 192). Бұл кез — Орта Азиядағы түркі тайпаларына араб-парсы мәдениетінің, ислам дінінің кең жайыла бастаған шағы. Жаңа медреселер, рабаттар (немесе рибат — дінді уағыздайтын орын), салтанатты сарайлар салынады. Осы үйлердің айналасына қорған, қабырғалардың орнына ағаш отырғызып, бау-бақша еккен. Бау-бақша, ағаштардың үйлерді, сарайларды қоршап, әдемі көрік беріп тұруы көзделіп, үйді айналдыра бақ (бағ) орнату міндетті бола бастайды (В. В. Бартольд, История культурной жизни Туркестана, Л., 1927, 27, 28, 36). Енді Исмаил қиратырған қамал, қабырғалардың орнына үйлердің

барлық жағын қоршаған бау-бақшалар пайда болады. Үйлердің төрт жағын да түгел қоршап өскен осындай бақты *чарбағ* (шарбақ) деп атаған. Міне, *шарбақ* сөзінің әуелгі мағынасы — бақтың өзі. Бұл сөздің солтүстік түркі тілдерінде қолданылмауы жоғарыда айтылған әрекеттердің сол елдерге жайылмауына, жетпеуіне байланысты. Кейін келе бұл сөздің мағынасы тағы да жаңара түскен. Қызметінің әр түрлілігіне байланысты *шарбақ* сөзі түркі тілдерінде көп мағынаға ие болды. Кейін ол шарбақтар жеміс бере бастады, енді оны кәсіп ретінде пайдаланып, қоршау қажет болды. Міне *шарбақты* қоршаған ауланы да *шарбақ* деп атап, қоршау мағынасынан келіп, қазақ тілінде кез-келген қоршаулар *шарбақ* аталып кеткен болу керек. **(С. И.)**

Шардақ. Бұл сөз парсы тілінің сөзі болу керек. Парсының چهار (чāhар) — «төрт» және طاق (таг) — «күмбез» деген сөздерінің бірігуінен жасалған. Сонымен, *чаһартақ* — төрт күмбез (я бағана), яки асылма қалқа дегенді білдіреді. Барабара бұл сөз *чаһартақ* > *чартақ* > *чардақ* болып өзгерген де, осы түрінде түркі және Европа елдеріне енген. Мысалы, болғар, румын, серб т. б. тілдерінде *чердак* сөзі балкон мағынасында қолданылса, орыс тілінде *чердак* деп үйдің төбесіндегі жабық қуысты атайды. Қазақ тіліндегі *шардақ* сөзі үй салумен байланысты орыс тілінен енген сөз. **(Н. Қ.)**

Шарлау. *Бірақ бүгін төсекке жатқан соң, өткен күндерді шарлаған ұшқыр қиял тағы да Гүлкенге келіп тірелді* (С. Сейфуллин). Бұл сөздің түбірі — *шар* (қара: *шартарап), -ла* — есім сөздерден етістік тудыратын жұрнақ, *-у* — тұйық етістік көрсеткіші. *Шар* сөзімен түбірлес қазақ тілінде біраз сөз бар: *шаршы, шарықтау, шартарап* т. б. **(С. И.)**

Шартарап. *Шалқыды шартарапқа сорлы көңіл, Қайткенде ериді деп іштегі қар* (С. Торайғыров). Тұлғасы жағынан *шартарап* біріккен сөз: *шар*+*тарап.*

Шар әр түрлі грамматикалық формаларда біраз түркі тілдерінде кездеседі: өзбекше *чор: ~ атраф* — жан-жақ; түрікше *çar* (пар.) — төрт, тәжікше *чор* — төрт, қырғызша *шаршы* немесе *төрт шаршы* — квадрат, шаршы, ұйғырша *шарәк* (пар.) — төрттің бірі, ширек. *Шар* түркі тілдеріне парсы тілінен енген. Парсыша چهار (чähар) немесе چار (чар) төрт. Парсы тілінде бұл сөздің көптеген туынды түбірлері «төрт» мағынасын сақтай отыра қолданылады. Қазақ тіліне бұл сөз «төрт, айнала, жан-жағы, тегіс әлем» мағыналарында енген. *Шартарап* сөзінің екінші компоненті қазақ тілінде «бағыт, жақ, бет» мағыналарында жеке тұрып та жұмсалады. *Әнеки, әр тараптан ән келеді, Алыстан ноқат дерсің сан денені* (Х. Ерғалиев). *Тарап* сөзі бірсыдырғы түркі тілдерінде де жеке лексикалық мағыналы сөз ретінде кездеседі: *тарап* сөзі түркі тілдеріне араб тілінен енген: арабша طرف (тарафун), көпше اطراف (атрафун) — 1) соңы, шеті; 2) маңай; 3) жақ. Кейбір түркі тілдерінде *тарап* сөзінің көпше түрі *атрап* та жеке-дара сол мағыналарда қолданылады. Сөйтіп, *шартарап* сөзі парсы тілінің *шар* және араб тілінің *тарап* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. **(С. И.)**

Шарық: шама-шарық. *Купцианов сонда генералдың, яғни өз тілімен айтқанда «шалдың» сүйіктісінің шама-шарқын байқап алады* (Т. Ахтанов). *Ерегіскендер жағалай басып, жағалай құлап, өзгелері шама-шарқынша үлестерін қосып банкіні өсіріп жіберді* (Ғ. Мүсірепов). *Шарық* — «шама, күш, мұрша» мағынасындағы парсы сөзі. Қазақ тілінде дербес қолданылмайды. Қырғыз тілінде *шама сы келмейді* немесе *күші жетпейді* дегенді *чарқы келбейт* дейді. *Шарық ұру* дегендегі *шарық шама-шарқы* дегендегі *шарық* сөзімен төркіндес болмау керек, өйткені *шарық ұру* деген фразаның семантикасы («мазасы кетіп, сасып-пысу») *шама-шарқы* дегендегі *шарық*-тан өзгеше. **(І. Қ.)**

Шатыр. *Құнанбай кішкене қаланың тап ортасындағы көк шатырлы үлкен ағаш үйді жатақ еткен* (М. Әуезов). Бұл сөз парсы тілінен енген. Ертеде хандар мен сұлтандардың үстіне оларды күннен я жаңбырдан қорғау үшін жақсы жібек матадан тігілген шымылдық тәрізді нәрсені устайтын болған, оны *шатыр* деп атаған (Мелиоранский. 2-статья о тур. элем.. 21; Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. 1, 470). Қазіргі парсы тілінде چادر(чадор) — брезенттен т. б. матадан жасалған үй. Бұл сөз араб тілінде *джатр, шатр* түрінде айтылады. Ол көбінесе жорық кезінде пайдаланылатын болған. Осы мағынада бұл сөз түркі тілдерінің көбіне ауысқан, орыс тіліндегі *шатер* сөзі де осыдан шыққан. Қазақ тілінде *шатыр* сөзі үш түрлі мағынада қолданылады: 1) жаңбыр я күннен қорғану үшін қолданылатын зат (қол шатыр, зонт); 2) матадан (брезенттен) істелген, төрт бұрышын керіп қоятын баспана; 3) үйдің төбесі. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, *шатыр* сөзі көне түркі тіліндегі *чат//шат* — «байлау, буу» деген етістіктен шыққан да, сол түркі тілдерден парсы және монғол тілдеріне ауысқан (Menges, Glossar, 707). **(Н. Қ.)**

Шатыраш. *Терезелер алдынан да шатыраш тақтасы көзге түспеді* (Ғ. Орманов). *Дойбының шатыраш үйіндей бөлек-бөлек қылып төбесін жауып қойған* (С. Шарипов). Батыс Қазақстанда дойбы ойыны *шатыраш* деп аталады. *Шатранджь* — арабша шахмат (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. I, 668). Бертін келе бұл сөздің мағынасы дойбыға ауысқан. Бұл сөз башқұрт тілінде дойбы, шахмат, тор көз мағынасында айтылса, қазақ тілінде де осы мағынада жұмсалады. *Шатыраш* сөзі түркі тілдеріне араб тілінен енген. Келе-келе «тор көз» сияқты ауыспалы, абстрактылы мағынаға да ие болған. **(Ж. Б.)**

Шаштараз. *Бас мешіттің сыртында Сарымоллаға таныс шаштараз бар-ды* (М. Әуезов). Бұл сөздің құрамындағы соңғы *тараз* компоненті тілімізде *шаштараз* сөзінен тыс жеке қолданылмайды. Парсыша

تراش [täраш] — 1) қыру; 2) қашау, жону. Тәжікше *тарош* — қыру, жону; *сартарош* — шаштараз; *сангтарош* — тас қашаушы. Шаштаразды парсыша سرتراش [сär — täраш] дейді. Тәжік пен өзбек тілдерінде де *сартарош*. Осындағы *сар* деген сөз парсы, тәжік тілдерінде *бас* (голова) деген сөз. Сонда өзбек, парсы, тәжіктер *сар+тарош* (сар+тараш = бас қыру) деп алса, қазақ, қарақалпақтар *шаш+тараз* (шаш қыру) деп алған. Ал, бас қыру, шаш қыру әдеті Орта Азия халықтарында атам заманнан бар екендігі мәлім. **(Ш. С.)**

Шашын: *жауын-шашын. Жауын-шашын* қос сөзі туысқан тілдердің біразында қолданылады: *ямғур-йешин* (ұйғ.), *ёгин-чочин* (өзб.), *жаан-чачын* (қырғ.) т. б. Оның бірінші сыңары *жауын* сөзі екі морфемадан жасалған: *жау+ын:* 1) *жау-* (қаз.)//*яғ-* (ұйғ.)//*ёғ-* (өзб.)//*жаа-* (қырғ.) — байырғы етістік түбірі, қазірде дербестік мағынаға ие; 2) *-ын* (қаз.)//*-ин* (өзб.) етістік түбірінен есім сөз жасайтын өлі жұрнақ (салыстыр: *и-ін, жи-ын, жұл-ын).* Түркі тілдерінің біразында *жауын* сөзімен қатарласа немесе оның орнына *жаңбыр* (қаз.)//*ямғур* (ұйғ.)//*ёмғур* (өзб).//*ямғыр* (ноғ. башқ.)//*наңмыр* (хақ.) сөздері қолданылады. *Жауын* мен *жаңбыр* сөздерінің төркіні — *жаңбыр* сөзі, тюркологтардың пікірі бойынша, *яғ-* етістік түбіріне *-мур (-мыр//-быр//-бір)* өлі жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Мысалы, оны *тамыр, қамыр, көмір* сияқты өлі түбірлі сөздермен салыстыруға болады. Сонда ол бастағы *яғ-мыр* (қазіргі осман түріктерінің тілінде: *яғмур)* метатезалық құбылысқа душар болған, яғни түбір сөздің соңындағы *-ғ//-у//-а* дыбысы мен оған жалғанған жұрнақтың басқы дыбысы *(-м)* орын алмастырған (салыстыр: *ақсақ* ұйғырша *асқақ),* соның нәтижесінде ұйғыр, өзбек, ноғай, башқұрт тәрізді тілдерде *ямғур//ёмғур//ямғыр//ямғур* формасына ауысса, бірде түбірдегі соңғы *-ғ* дыбысы *-мыр//-мур* жұрнағының әуенімен *-ң* дыбысына алмасқан тәрізді: қазақ тілінде *жаңбыр (<жау-мыр),* хақас тілінде

нанмыр (<жау-мыр). Түркі тілдерінде *жауын* мен *жаңбыр* сөздері арасында семантикалық дифференциация қазірше байқалмайды. Сондықтан оларды түбірлес сөздер деп қарауға да болады. Махмуд Қашғари заманында (МК, II, 31) бұл түбір *яғ-* түрінде қолданылған: *jақу* — жаңбырлы жер; бұл сөздің о бастағы түрі *jағқу,* ал *jақу* — оның варианты іспетті деп көрсетіледі. *Жауын-шашын* қос сөзінің екінші сыңары да бұ күнде қазақ тілінде жеке-дара айтылмайды. Бірақ тілтілдердің фактісін салыстыру арқылы біз *шашын* сөзінің *жауын* сөзімен мағыналас екенін байқаймыз және ол қазіргі тілдердің біразында дербес сөз ретінде қолданылып та жүр. Мысалы, тува тілінде жауынды *чаъс,* нөсер жаңбырды *чайык чаъс* дейді, ал жалпы *жауын-шашын* (қар, қырау, тұман, жауын т. б.) мағынасында *чаашқын* сөзі қолданылады. Сол сияқты қазіргі урянхай тілінде *час* — жауын, монғол тілдерінде جاسون *ǰasun* — қар («Мұхаддимат ал-адаб», 131 бет). Біздің пікірімізше, *шашын* (қаз.)//*йешин* (ұйғ.)//*чочин* (өзб.) *чачын* (қырғ.)//*часун* (монғ.) сөзінің негізгі түбірі — *шаш-//час-//йеш-//чоч-//чач-* бұ күнде алтай түріктерінің (тува, урянхай т. б.) және монғол тілдерінде сақталып, өзінің дербестігін жоғалтпаған *чаъс* (тува)//*час* (урянхай)//*цас//час* (монғ.) сөзімен төркіні бір. Түркі-монғол тілдеріне ортақ бұл сөз о баста әрі етістік, әрі есімдік түбірі ретінде қолданылған болуы мүмкін. Өйткені, *час//цас* түбіріне жалғанып отырған *-ын (-ін, -ун//-үн)* негізінен етістік түбірінен есім сөздер тудыратын өнімсіз жұрнақ. Сонымен бірге түркі тілдерінде *шаш (час//цас)* түбір сөзінің басқа да көптеген туынды түбір жасауға негіз болғандығы байқалады. Мысалы, Махмуд Қашғари сөздігінде يشن *jашїн* — найзағай мағынасында көрсетілген (МК, III, 28). Сол сияқты, «найзағай, жасыл» мағынасындағы қазіргі ноғай тіліндегі *ясын//ясын ок,* башқұрт тіліндегі *йәшен,* урянхай тіліндегі *чажын,* хақас тіліндегі *чазын//чалын,* қазан татар-

лары тіліндегі *жашин,* қырғыз тіліндегі *жай,* қазақ тіліндегі *жай (жай тасы), жасыл (төбеден жасыл түскендей)* т. б. сөздердің түбірін *(яс//йәш// чаж//яш//чаз//чал//жай//жас)* жоғарыдағы «жаңбыр, қар» мағынасында айтылатын *час (цас// шаш//йеш//чос//час)* түбірімен төркіні бір демекшіміз. Өйткені, біріншіден, *жауын-шашын* мен найзағайдың жарқылдауы әрқашан бір-біріне байланысты болатын құбылыстар. Екіншіден, *час* түбірі тіл дамуының нәтижесінде бір ғана жаңа мағынасында емес, кейде қар (мыс., монғол тілінде), кейде найзағай жарқылдау, шақпақ шағылу, күн күркіреу құбылыстарына байланысты да айтылуы мүмкін; үшіншіден, *шашын* сөзінің түбірі мен *жасыл (жасыл түсу* дегендегі) сөзінің түбірі төркіндес екені олардың фонетикалық табиғатынан да байқалады. Сонда бұл түбірдің даму эволюциясын былай көрсетуге болатын тәрізді: *час* > *чач//чоч//чож//чаз//чал//цас//шаш* > *яш// йәш // йеш // яс* > *жай // жас.* Ал бұларда әрбір тілдің өзіндік фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес, сөз басындағы ч ~ ц ~ш~ й ~ ж дыбыстары мен соңғы *с* ~ ч ~ ш~з~ й ~ *л* дыбыстары алмасқан. **(Ә. Қайд.)**

Шекер. *Қыздарменен шай келді, Шырын, шекер, бал келді* («Алпамыс»). Алдымен бұл сөз борық қамыстың аты ретінде Үндіқытайда пайда болған, кейін ол индиялықтарға ауысып, санскрит тілінде *чаркара,* пали тілінде *сакхара* түрінде айтылған және «құм, ұсақталған кесек, құмшекер» деген мағынаны білдірген. Кейін бұл сөз парсы тіліне *шакар,* араб тіліне *суккар* түрінде ауысқан. Ертеде Европа елдері қант, шекерді білмеген, олар көбінесе балды білген. Кейін XI—XIII ғасырлардағы рыцарьлар жорықтары кезінде грек саудагерлері шекерді Индиядан Европаға әкелген, содан бастап бұл тәтті тағамның аты Европа елдерінің көбіне ауысқан, ол гректерде *сахарос,* латында *саккарум,* немісше Zucker, ағылшынша Sugar, французша Sucre, украинша *цукор* орысша *сахар* болып таралған (Ачарян, О составл. этим. сл. 96; Skeat. An Etym. Dict., 614; Горяев. Ср. этим. сл. рус. яз. 296). Бұл сөз араб-парсы тілдері арқылы түркі және монғол, алтай тілдеріне енген. Мысалы, татарша *шикәр,* ұйғырша *шекәр,* қазақша *шекер,* түрікше *şeker,* бурятша *шихір* т. б. **(Н. Қ.)**

Шеміршек. *Құлақ шеміршегінен өткізген штыктың ізі бар, үш саусағында тырнақ жоқ* (Қ. Исабаев). *Шеміршек* сөзінің төркіні — *кеміру* сөзі. *Кеміру* етістігінен *кемік* сөзі жасалған. *Кемік* деп қазақ тілінде кеміруге, мүжуге келетін сүйектің майлы жұмсақ жерін айтады. Бұл сөз қарақалпақ тілінде *кемик,* татар тілінде *кимик,* өзбек тілінде *кумик* болып дәл осы мағынада қолданылады. Ал түрік тілінде сүйекті *кетік* дейді де, сүйек емес, бірақ сүйек тектес орысша *хрящ* аталатын тканьді kemircik (кеміржік) дейді. Бұл сөз татар тілінде *кимәрчәк,* башқұрт тілінде *кимерсәк,* қаракалпақ тілінде *кимиршек,* өзбек тілінде *кемирчак,* қырғыз тілінде *кемирчек,* ұйғыр тілінде kemi(r)сәк — кемірчәк болып қолданылып, орыс тіліндегі хрящ деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде бұл сөздің басындағы *к* дыбысы *ш*-ға алмасып *кемірчек* сөзі *шеміршек* болып айтылады. Бастапқы *к* дыбысының *ч* дыбысына алмасып отыруы огуз группасындағы тілдерге тән құбылыс. Қыпшақ группасындағы тілдерде бұл сирек кездеседі. Ф. Фасеев, татар тілінің диалектілерінде кейбір сөздердің басындағы *к* дыбысының *ч*-мен алмасып келетінін айта келіп, бұл құбылыс татар тіліндегі жеке сөздердің белгілі бір фонетикалық жағдайдағы дамуының нәтижесі ме, әлде бір кездегі огуз-қыпшақ тайпаларының жақындығынан қалған тарихи қалдық па деген сұраққа жауап беру үшін жаңа деректер табу керек және оларды зерттеу керек дейді (Ф. Фасеев. Интересное фонетическое явление в татарских диалектах. — «Вопросы диалектологии тюркских языков». Баку, 1960, 145—148). Біздің бақылауымызша, басқа түркі тілдерінің көпшілігінде *кемірчәк* болып айтылатын сөздің

қазақ тілінде *шеміршек* болып айтылуы — жеке бір фонетикалық құбылыстың нәтижесі. Бұдан қазақ тілінде *к* дыбысы *ш*-мен алмасып айтылатын басқа сөз жоқ деген ұғым тумаса керек. Үйткені, *шеміршек* сөзі, тіпті сол *к* мен *ч* дыбысы белгілі фонетикалық жағдайларда алмасып келіп отыратын огуз тілдерінің өзінде де *кемірчәк* болып айтылады. Қазақ тілінде бұл сөздің басындағы *к* дыбысының *ш*-ға айналуына *кемірчäк* сөзінің тұлғасында келетін екінші *ч/ш* дыбысы ассимиляциялық әсер еткен болу керек. Бұлай деуімізге екінші себеп — бұл сөз екінші *ш/ч* дыбысынсыз айтылғанда *к* дыбысы сақталады. Мысалы, *кемік, кеміру*. Тіліміздегі осы сияқты *к* мен *ш* дыбысының алмасуы басқа сөздерде де кездесетін сияқты, бірақ, оларды жинап зерттемей тұрып пікір айту қиын. **(Б. С.)**

Шен. *Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім* (Абай). Қарақалпақ, азербайжан, қырғыз, татар тілдерінде де қазақ тіліндегідей мәнсаптық, ұлықтық белгісі деген ұғымды білдіретін *шен* атауы орыс тіліндегі *чин, чиновник* сөздерімен түбірлес, сабақтас болу керек. *Шен* атауының қазақ тілінде тым ертеде қолданылғандығы жайлы қолымызда әзірге дерек жоқ, осыған қарағанда, шамасы, *шен* қазақ тіліне орыстар арқылы ауысып келген болар деп топшылау дұрыс сияқты. *Чин* жөнінде Шоқан Уәлиқанов былай дейді: «Қытайда барлық халық *мин* және *чен* деп екі топқа (сословиеге) бөлінеді, — *Мин* — халық бұқарасы, ал *чен* болса барлық қызметкерлер, атап айтқанда, патшаның қызметкері болып есептеледі. Орыстың *чиновнигі* қайдан шыққан? Осыған байланысты біреулер обрядчик, урядчик мағынасында шіркеудегі *чиновниктен* (архиерь алдында оқитын баладан) алынған десе, тағы біреулер оны қытайдың *чен*-нен шыққан дейді (Ч. Валиханов. Изб. произ. А-Ата, 1958, 410). Академик В. П. Васильев *шен* атауы жөнінде «Қытай тарихында болған оқиғалар аз емес, соның бірі қытай императорлары өздерін шет ел хандарының қызметкері *(чэнь)* деп те атаған; Хань династиясының басында басталып, Тань династиясының тұсында да осылай болған; алайда олар таққа мықты орнығып алған соң, енді билеушілерден (кейінгі уақытқа дейінгі Аннам, Бирма, Непаль және Кореядағыдай) өз қағаздарында өздерін тек *чэнь* деп атауды талап еткен» (Васильев. Кит. надписи, 1897, 3). Демек, *шен* атауы қытайдың монархиялық замандағы атауы *чэнь* [15] — министр, вельможа, немесе, *чэн* [16] — атақ не болмаса *цин* [17] — сановник, канцлер деген сөздерінен ауысқан болу керек. **(Б. Б.)**

Шерменде: шерменде болу. *Мұның сырын біле алмай, шерменде болып отырған жалғыз боздақ би емес, бәрі де солай.* (Ғ. Мүсірепов). *Шерменде болып құдайға, өтірік айтып келме, ағa!* («Қыз. Жібек»). Парсыша *шерм* — شرم — ұят (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. II, 666). Қазақстанның солтүстік-батыс аймақтарында *шерменде болу* етістігі «уайым ету, қайғылы болу» мағынасында да айтылады. Ол қазіргі қазақ тілінде «масқара болу, ұятқа қалу» мәнінде де жұмсалады. Сонымен *шерменде* сөзінің түбірі түркі тілдеріне араб-парсы тілдерінен ауысқан. **(Ж. Б.)**

Шеру. *Қаланың бір шетінен шеру тартып, еніп кеткен сансыз қызыл әскер ме деп аңырып подхарунжий атының басын вице-губернатор үйіне қарай бұрып та алды* (Х. Есенжанов). Тілімізде бұл сөз көбінесе *шеру тартып, шеру әскер* сияқты тіркестерде айтылады. Бұл сөз *әскер, солдат, әскери колонна* мағынасында жұмсалады. Монғолша *цэрэг* — солдат, әскер деген сөз. Парсы тілінде چریك [чәрик] милиция, жасақшы, партизан мағынасында қолданылады. Ескі түркі жазуларда *чäріг* — әскер деген сөз. (Малов. Пам. др. письм. Монг. и кирг., 106). **(Ш. С.)**

Шешен. *Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды* (мақал). *Шечän//сәсән* сөзі қырғыз,

қарақалпақ, өзбек, башқұрт тілдерінде де қазақ тіліндегідей мағыналарда қолданылады. Түркі тілдерінің бұл тобында *шешен* сөзінен туған *шешенсу, шешенсіну* сөздері кездеседі. Өзбек тіліне *чечан* сөзінің «неге болса да ұста, шебер», тува тілінде *(чечен)* «әдемі, көркем» деген қосымша мағыналары бар. Монғол, бурят-монғол, қалмақ тілдерінде *цэцэн, сэсэ(н), цэцэ* сөзінің «данышпан, ақылгөй, дана, тапқыр» деген мағыналарымен қатар «мерген, дәл тигізетін, дәл басатын» деген де мағынасы бар. *Чечен//сәсән* сөзінің бұл мағыналары алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі. Моңғол тілдерінде *сэсэрхүү, сэсэрхэхэ* сөзі — «ақылымен, тапқырлығымен мақтану» және «шешенсу, данышпансу» деген мағынаны береді. Бұл *чечерке, сәсәйрга (чечээр+гээр)* формасы дәл осы мағынада қырғыз, алтай, якут тілдерінде де (басқа түркі тілдерінде *шешенсу)* кездеседі. Б. О. Орузбаева қырғыз тіліндегі *чечерке* сөзін талдай келіп, бұл форма монғол тілдерінен ауысқан болу керек дейді (Б. О. Орузбаева. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964, 126). *Шешен* сөзі — *шеш (чеч, сэс, цэс, цэц)* түбірі мен *-ен* қосымшасынан тұратын түрік, монғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін. Якут тілінде *сәсәннә* — әңгіме айту, *сәсәннәс* — әңгімелесу, сөйлесу деген мағыналарда қолданылады (Пекарский. Сл. якут. яз., т. II, 2177). Бірақ та әзірге түбір сөзінің мағынасын ашып беру қиын. **(Б. С.)**

Шимай. *Шимай* сөзінің морфологиялық құрамын *ши+май* деген екі морфемадан құралған деп айтуға болады. Бұл арадағы *-май* қазақ тілінде өте сирек кездесетін етістік түбірінен есім сөз тудыратын өнімсіз жұрнақ. Бұл жұрнақтың көбірек дамыған этимологиялық варианты *-мақ//-мек*. Сондықтан *шимай* кейде *шимақ* деп те айтыла береді. *-Мақ//-мек*-тің *-май//-мей* (кейде *-ма//-ме* қысқарған түрі) болып айтылуы сияқты, *-дай//-дей* салыстырма жұрнағы кейбір тілдерде, мысалы ұйғыр тілінде, *-дақ//-дәк* түрінде де жұмсалады:

тастай қатты (қаз.) *таштәк қаттық* (ұйғ.). Бұларды біз *й ~ қ* дыбыстарының алмасу заңдылығы негізінде пайда болған этимологиялық варианттар деп қараймыз. Ал енді *шимай, шимайлау* сөзінің түбірі *ши*-ге келсек, ол қазіргі уақытта қазақ тілінде жеке қолданылмайтын етістіктің өлі түбірі болып саналады. Бұл тәрізді тек туынды түбір формасында ғана келіп, өз алдына қолданылмайтын, дербестігінен айрылған түбір сөздер тілімізде аз емес. Мысалы, *жор-ту, жор-ық, жор-ға, жортаң; жор-туыл, жор-т* сөздерінің бәріне ортақ негізгі түбір *жор* екеніне ешкім таласпайды. *Ши* де осы тәрізді. Бірақ *ши* түбірі қазақ тілінде дербестігін жоғалтқанымен қазіргі қырғыз тілінде *чий* түрінде жеке-дара қолданылып жүрген байырғы етістік түбірлерінің бірі: *чий* — сызу, сызық сызу; жазу; боразда тарту; сурет салу; *жер чий* — жерді айда; *бет чий* — бет жырту, бет тырнау. Сонымен қырғыз тіліндегі *чий, чийген, кыймачийме* (айқыш-ұйқыш), *оймо-чийме* (қалай болса солай, шимайланған, боялған), қазақ тіліндегі *шимай, шимайлау, шимай-шатпақ* тәрізді сөздердің негізгі түбірі — *чий//ши-*. Осы *чий-//ши-* етістік түбірлерінің өзі, тарихи жағынан алып қарағанда, тіліміздегі *сыз- (сыз-у, сыз-ғыш, сыз-ықша)* сөзінің этимологиялық варианты болып саналады. Олай болуының себебі *ши-* менен *сыз-* (кейінгісі барлық тілдерде кездеседі) сөздерінің мағынасы бір, немесе өте жақын. Ал *чий-//ши-* формасының *сыз-* формасына ауысуы түркі тілдеріндегі *з ~ й ~ д ~ р ~ ж ~ с ~ у* дыбыстарының алмасу заңдылығына тікелей байланысты. Мысалы, *оны осы* бір түбір сөздің қазіргі тілдерде әр түрлі айтылуы толық дәлелдей алатын сияқты: қырғыз тілінде *сыз-//чий-*, қазақ тілінде *сыз-//ши-*, ноғай тілінде *сыз-, сыз-ба, сыз-ык, сыз-ув*, қарақалпақ тілінде *сыз-, сыз-ық*, ұйғыр тілінде *сиз-//сиж-, сиз-мақ, сиз-ғуч, сиз-ықчи, сиж-ақ, сиж-имақ*, өзбек тілінде *чиз-, чиз-ық, чиз-ма*, тува тілінде *шый-, шый-ыг-, шый-ыгжы, шый-яр*, хакас тілінде *сий-, си-ик,*

сиирге т. б. Сонда осы мысалдардағы *сыз-//сиз-// сиж-//чиз-//чий-//шый-//чий-* формалардың бәрі де бір түбірден өрбіген этимологиялық варианттар. Мұнда сөз басындағы дауыссыз дыбыстар *с∼ч∼ ш* түрінде, сөз аяғындағы дауыссыз дыбыстар *з∼й∼ж* түрінде алмасып отырғанын көреміз. Алмасудың бұл екі түрі де түркі тілдердің табиғатына тән қасиет. Олай болса, қазақ тіліндегі *ши- (>ши-май)* түбірі *сыз- (>сыз-ық)* етістік түбірінің этимологиялық варианты болып саналады. Бірақ ол морфологиялық локолизацияға ұшырау салдарынан мағыналық дербестігінен айрылып, тілімізде жеке-дара қолданылмайды. **(Ә. Қайд.)**

Шопан: шопан ата. *Малдың қамқоршы иесі болады, қой иесі — Шопан ата, сиыр иесі — Зеңгі баба, жылқы иесі — Қамбар ата, түйе иесі — Ойсыл қара делінген наным бар* («Қазақ ССР тарихы»). Ескі ұғым бойынша ол — қой малының арғы «атасы». Будагов бұл сөзді парсы тілінен келген дейді. Онда — چوپان чупан, چوبان чубан, شبان шабан — мал бағушы, шабан (малшы)//чопан// шопан. Орыс тіліндегі *чабан* (қойшы) түркі тілдерінен алынған. **(І. К.)**

Шошала. Қазақ тілінде *шошала* «азық-түлік қоятын, ет ыстайтын жапа, үй». Бұл сөздің төркіні *шоча//чоча* сөздері тува тілінде «құлып» деген мағынаны білдіреді. *Чочала* — құлыпта, кілтте, бекіт деген мағынада жұмсалады (Катанов. Опыт. иссл. урянх. яз. 292). *Шоочалаар* — құлыптау, кілттеу. *Шоочалыг* — құлыпты, кілтті (құлыпталған, кілттелген); *шоочалыг чемодан* — кілтті чемодан. Қазақ тілінде бұл сөздің құлыппен байланысы және етістік мағынасы аңғарылмайды. Сондықтан *шошала* сөзі осы етістік формада тұрған күйінде кілттелетін үйдің атауы ретінде ауысып келген болар деп шамалаймыз. **(Б. С.)**

Шөген. *Ошақта ошарылып шөген қалды* (А. Тоқмағамбетов). *Шөген* сөзі түркі тілдеріне орыс тілінен қайта оралған өз сөзі. Түркі тілдеріндегі *чоюн, чуен, суйын,* cövgen, *шойын* сөздері орыс тіліне

чугун болып ауысқан (Дмитриев. О тюркских элементах русского словаря. — Лексикографический сборник. Вып. III, М., 1958, 36). Осы *чугун*нан жасалған ыдыс орысша *чугунка* деп аталады. *Чугунка* Орта Азия мен Қазақстандағы орыс саудасының басты товары болған (А. Вамбери, Путешествие по Средней Азии. 1874, 301) және бұны қазақтар *шөген* деп атаған. Кейінгі кездерде ішінара *шөгенке* деп те айтушылар кездеседі. Сөйтіп, *шөген* сөзі — қазақ тіліне орыс тілінен енген *чугунка* сөзінің фонетикалық варианты. *Чугунка* сөзінің өзі орыс тіліне ауысқан түркі тілдеріндегі *шойын (чуен)* сөзі. Қазіргі тілімізде бұл екі сөздің туыстығы бірден көзге түсе бермейді. **(Б. С.)**

Шұлық. *Сыптай түзу балтырлары жұқа капрон шұлықтың ар жағынан аппақ боп жалтырап тұр* (Алдабергенов). Бұл сөздің төркіні — түркі тілдері. Көне түркі тілінде *йулуқ* деген сөз «аяқтың терісі, табанның шеті» дегенді білдірген (Малов. Ибн.-Мух. о тур. яз. 247). Бұл тұлға қазіргі тілімізде *шұлық* түрінде сақталған. Қазіргі түркі тілдерінің көбінде «орау, қоршау» мағынасында қолданылатын *шұлғану/чолғану* деген сөз кездеседі. Татар тілінде бұл етістіктен туынды *чолганыш* — «қоршау» деген сөз бар. Қазақ, қырғыз, түрікпен, татар т. б. тілдерде аяқты орайтын шүберекті *шұлғау/чолгау* деп атау да осыдан шыққан. Арабтардың атқа жабатын нәрсені *жул* деуі де осы етістікпен түбірлес болуы мүмкін. Түркі елдерінен бұл сөз орыс тіліне ауысқан тәрізді. Бұл сөз алғаш рет XVI ғасырдағы ескі орыс жазба ескерткіштерінде кездеседі. Онда «жұмсақ аяқ киім» деген мағынада қолданылған сияқты (Шанский. Кр. этим. рус. яз. 375). Кейін бұл сөз орыс тілінен түркі тілдеріне қайыра оралып келіп, жіптен тоқылған аяққа киетін киімнің аты ретінде қолданылатын болды. Қазақ тіліндегі *шұлық* деген тұлға орыстың *чулок* деген сөзінің өзгеріліп шыққан түрі. **(Н. Қ.)**

Шұрық: *шұрық тесік, шұрық тесілу...* Бұл сөзді біз тек *тесік* сөзінің анықтаушы ретінде ғана қолданылатын сөз деп білеміз. *Шұрық* қазақ тілінде жеке-дара қолданылмайды. Бірақ, тіліміздегі көптеген басқа сөздер сияқты, ол да иран тілдерінен ауысқан. Тәжік тілінде *сурох* — 1) тесік, саңылау; 2) *ін;* парсы тілінде де солай. Сонда плеоназм түрінде тіркесіп тұрған *шұрық* пен *тесік* сөздері өзара синонимдер болып саналады. **(Ә. Қайд.)**

Шүбірлі: үбірлі-шүбірлі. *Көп жаса! Бай бол! Үбірлі-шүбірлі бол! деп балама бата бердім* («Қырық өтірік»). *Үбірлі-шүбірлі боп тіршілік кешіп жүргенмен, әрқайсымыздың өлім қазамыз өз бетімен оқшау келеді* (М. Әуезов). *Шүбірлі, шөбере* сөздерінің түбірі бір; қырғызша балапанды, жас өспірім баланы — *чүрпөлөр* дейді; *шөбере-ні* қырғызша *чөбүрә* дейді. Бірақ қазақ тілінде *шөбере* деген немереден кейінгі бала болса, қырғыз тілінде бұл сөз де, *чүрпе* деген де кішкене балалар мағынасында айтылды (тауықтың шөжесін де осы сөздермен атайды). Қазақ тілінде «үбірлі-шүбірлі» болудың «үрім-бұтақты болу» мағынасы (не «балаң көп болсын» деген мағынасы) ретінде пайда болған. **(І. К.)**

Шыны. *Абай бірер шыны шай ішті де тоқтап қалды* (М. Әуезов). *Шыны* (шыны аяқ) — таза ақ құм мен соданың қоспасынан жасайтын бүйірлі келген, шай ішетін ыдыс, кесе. Үй жарық болу үшін терезе көзіне салынатын әйнек (ҚТТС, II, 507). Бірсыпыра елдерде және түркі тілдес халықтарда қытай елі мағынасында кездесетін *чини* сөзінің тағы бір ұғымы бар. Ол осы елдердің көпшілігінде «фарфор, фаянс, кафель», жалпы алғанда, «жылтыр, сырлы шыны» деген ұғымды білдіреді. Түркі, ұйғыр тілдерінде *чин* — қытай, қытайлық, *чін* (түрікше) — фарфор, эмальданған ыдыс (Радлов. Опыт сл., III). Алтайлықтарша *чина* — шай ішетін ыдыс; қазақ тілінде *шыны* — шай ішетін фарфор ыдыс, *шыны аяқ* — чашка *шыны* —

әйнек (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. I). Ұйғырша *чине* — шыны аяқ, пияла, фарфор ыдыс, шай ішетін ыдыс, *чине-техсэ* — барлық фарфор ыдыс түрлері, *чинэ-кача* — барлық ыдыс-аяқ, *чинэ-чөчэк* — ыдыс-аяқ. Өзбек тілінде *чин* — қытай, *чини* — қытайлық, *чини* — фарфор, қырғызша *чіні* — фарфор, *чіни-чөчэк* — фарфор ыдыс, пияла, шай ішетін шыны аяқ. Ең алғаш рет фарфордың қытай жұртында өндіріліп, фарфор ыдыстардың атауы да қытай елінің атауымен *(чин, чини)* аталғаны аңғарылады. **(Б. Б. және Н. Қ.)**

Шың. *Тоғыз санды торғауыт, Онсандайын оймауыт, Барабан соғып, шың қағып* («Ер Тарғын»). *Шың* ертедегі музыкалық аспаптың бір түрі болған. Қазір де Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында, Қырғызстанда ел ішінде (әсіресе бақташылар арасында), кездесетін ерінге қойып үрлеп тартатын *шаңқобыз* бен өзбектердегі музыка аспабы *чанг*-тың түр-тұлғасында, әуен-сазында айырмашылық жоқ. Барабин және Тобыл диалектісінде چانك *-шаң//чаң* — қоңырау (Радлов. Опыт сл. IV), ал, түрік тілінде چانك — *чаң//шаң* — қоңырау, چين — *чын* — металға соққанда шығатын дыбыс (Радлов. Опыт. сл. III). Ұйғырлардың ең ескі музыкалық құралы *чан*-ды жасаған, 12 мұқамның түпкі шығарушысы — Пері-Чәңгір деген адам болған, мифтық сипаты бар біздің Қорқытқа ұқсас бұл адам ұйғыр ән-күйінің атасы саналатыны туралы аңызды күні бүгінге дейін Шыңжаң ұйғырлары арасынан естуге болады (С. Мұқанов, «Алыптың адымдары», Алматы, 1959, 282). Беті жалпақ, 56 шегі бар, шектерін шыбықпен қағып ойнайтын ұйғыр халқының ұлттық музыкалық аспабы *чаң* мен монғолдардың музыкалық тарелкасы *цан* [г], тіпті парсылардағы музыкалық құрал ретінде пайдаланатын арфа тектес چنگ *(чанг)*-ның да о бастағы түбі бір, төркіндес аспаптар деуге негіз бар. Егер, Будаговтың сөздігіне сүйенетін болсақ, *шаң-шұң, шыңғыру, шіңкілдеу, шаң-*

қылдау т. б.-ның түп төркіні *чаң* мен *чың* және *чжун* болу керек (Будагов. Ср. сл. тур.-тар. нар.). Қытай тілінде жалпы музыкалық аспап атаулы түгел *цинь* [18] деп аталады. Осы *цинь*-ның бағы заманнан келе жатқан екінші мағынасы — жартылай дөңгелек, корпусы ағаш, жібектен жасалған 5—7 шегі бар лютня. Қытайда қағып дыбыс шығаратын металл қоңырау *чжун*, шекті аспап *цинь* және үріп тартатын *шэн* деген музыкалық аспаптар болған (БСЭ, т. 21, 298). Қытай тілінде *чжун* [19] — қоңырау, *шэн* [20] — дауыс, үн, интонация, музыка т. б. *чан* [21] — ән, ән салу, өлең айту; *чан* [22] — әнші, актер; *чан* [23] — қосылып ән шырқау; *цян* [24] — саз, әуен, мелодия, тон, тембр; *сянь* [25] — шекті аспап мағынасында қолданылады (Кит.-рус. сл., М., 1959). Жоғарыдағыларға негізделгенде музыкалық аспап ұғымындағы күллі *шың* атаулы сөздің арғы тегі қытай тіліндегі музыкалық аспап ұғымындағы *чжун*// *цинь* және *шэн* деп топшылауға болады. **(Б. Б.)**

Шырт: шырт ұйқы. *Қала шырт ұйқыда, ұйқыда болғанда, оянбайтын ұйқыда екен* (С. Сейфуллин). *Шырт* деген еліктеу сөз болу керек. Жым-жылас дыбыс жоқ дегенді қырғызша *шырт еткен шыбыш жоқ* дейді. Қырғыз тіліндегі *шырт* дегенді К. К. Юдахин дыбысқа еліктеп шыққан сөз дейді. **(І. К.)**

Ы

Ыстан//ыштан//штан//стан. *Қолында талдан таяғы, Ыштанын түріп тізеге, Кемпірдің ұлы баяғы* («Алпамыс»). Зерттеуші А. Щербак XVIII ғасырдың көрнекті филологы Мехиханның көпшілік түркі тілдерінде қолданылып жүрген *ыштан* сөзін былайша талдайтындығын айтады: *іч* (ішкі нәрсе)—*тон* (киім) (Щербак. Гр. староузб. яз.). *Ич* (қазақша *іш)* сөзі көне түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерінің көбінде-ақ кездеседі. Ол осы күнгі біздің тіліміздегі мағынада жұмсалады да, әдеттегі


ышқыр, іш киім, іш көйлек сияқты сөздердің құрамында кездеседі. *Тон* — туысқан түркі тілдерінде өте көне замандардан бері қолданылып келе жатқан сөз. Олардың барлығында дерлік бұл сөз «киім, киім-кешек» деген мағына береді («Қазақ тіліндегі *тон* сөзінің мағыналары». — ҚазССР ҒА Хабарлары, фил. және өнертану сериясы, 1-шығуы, 1960). Сонда, *ыштан* сөзі *(іш тон)* қазіргі біздің тіліміздегі *іш киім* деген сөзбен бара-бар болып табылады. Оның құрамындағы бірінші буын, әрине, соңғы сөздің *(тон)* дыбысталу әуенімен барып жуан айтылып тұр. Орыс тіліндегі *кафтан* деген сөзді кейбір ғалымдар (Ф. Е. Корш, А. Вамбери, Э. Вернекер, Л. З. Будагов, Н. К. Дмитриев, М. Рясянен т. б.) түркі тілдеріндегі *қап* және *тон* деген сөздердің қосындысы деп қарайды. Орыс тіліндегі *штаны* деген сөзді де М. Рясянен осы ізбен *іш* және *тон* деген сөздерден құралған деп есептейді (Мат-лы по ист. фон. тюрк. яз.). Қазіргі қазақ тіліндегі *ыштан* сөзінің орыс тілінен қайта ауысып келуі де мүмкін. Қандай болған жағдайда да, *ыштан* сөзінің жалпы түркі тілдерінде қолданылып жүрген екі сөзден жасалғандығында күмән жоқ сияқты. **(Ә. Қ.)**

Ышқыр. *Балағының бірі жыртық, ақ дабы дамбалдың ышқырын түріп апты* (М. Әуезов). *Ышқыр* сөзі екі сөзден құралған. Бастапқысы — *іш+құр. Құр* сөзі «бау, белбеу» деген сөз. Дәл осы мағынасында бұл сөз түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. *Ол құрін јазсаді* — ол белбеуін шешкісі келді (МҚ. III, 319); осы *құр* сөзінен етістік жасалып, «буыну» мағынасында қолданылған. *Ол кафтанің құрлоді* — ол тонның үстінен белбеу буынды (МҚ, III, 313). *Құр* сөзінің белбеу мағынасында жеке қолданылатындығы көптеген сөздіктерде көрсетіліп келді (Радлов. Опыт сл., 29; Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. II, 73; Катанов. Опыт иссл. урянх. яз. 102). Бұл екі сөздің *(іш+құр)* бірігуі де өте ерте замандарда болған болу керек. Махмуд Қашғаридің сөздігі-

нен *ічқұр* — іштен байланатын белбеу (МК, т. I, 71, 314), «Кодекс Куманикусте» *ыцқыр* (چڤور içkir) белбеу түрінде кездеседі. Бұл екі сөз фонетикалық жағынан ыңғайласа кіріккен, *іш* сөзі екінші компоненттің ықпалымен жуанданып *ыш* болған да, екінші компонент *құр* сөзіндегі еріндік дауысты дыбыс қысаң *ы*-ға айналып *қыр* болған. *Құр* сөзі қосылып жасалған біріккен сөздердің саны қазақ тілінде бірталай (қара: *құрсану*). **(Б. С.)**

Іркіт. *Есбике құрт қайнатса, Баян құлқын сәріден бері дем алмастан үлкен күбіде іркіт пісіп тұр* (М. Әуезов). *Ит басына іркіт төгілген күн* (мақал). *Іркіт* — құрт қайнату үшін жиналған айран. Бұл түбірі *ірк* — «артылу, көбею, жиналу» деген мағынаны білдіретін түркі сөзі. *Іркіп қалу* — артылдыру, *көзіне жас іркіу* — жас жию, *іркіп тігу* — жиырып, артылдырып тігу. Аяғындағы *-т* — етістіктен есім тудыратын жұрнақ (салыстыр: *сарқыт*). *Іркілу* сөзінің «жиналу, көбею» деген мағынасы Махмуд Қашғаридың сөздігінен кездеседі. Мысалы: Sü telim irkildi — көп әскер жиналды (МК. I, 249). Irkmek сөзі түрік тілінде де «көбею, жиналу, жиналып тұрып қалу» деген мағыналарда қолданылады. Бұл сөздің «жиылу, көбеюмен» байланысты «көп жиылып шіріп, саси бастаған зат» деген де мағынасы бар. Өзбек тілінде *иркит* — «кір, таза емес» деген мағынада қолданылады. *Иркит бала* — кір бала; *иркит овқат* — жағымсыз тамақ. Түрік тілінде де «көп тұрып, саси, шіри бастау» деген мағынасы бар. Бұдан бұл сөздің *іріп-шіру, сүт іріді, іріген ауыздан шіріген сөз шығады* (мақал) деген мысалдарда кездесетін *іру* етістігімен де түбірлес екендігі байқалады. **(Б. С.)**

КІТАПТА КЕЛТІРІЛГЕН ҚЫТАЙ СӨЗДЕРІНІҢ ИЕРОГЛИФТЕРІ



ҚЫСҚАРТЫЛЫП КӨРСЕТІЛГЕН АВТОРЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

А. Мах. — Айдарбек Махмұтов.
Ә. Қ. — Әбжан Құрышжанов.
Ә. Қайд. — Әбдуәли Қайдаров.
Б. Б. — Балқаш Бафин.
Б. С. — Болат Сүлейменова.
Ж. Б. — Жамалбек Болатов.
Н. Қ. — Нәдия Қарашева.
С. И. — Сейілбек Исаев.
Ш. С. — Шора Сарыбаев.
І. К. — Ісмет Кеңесбаев.

ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН ҰЛТ, ХАЛЫҚ АТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

аз. — азербайжанша
ар. — арабша
башқ. — башқұртша
бур.-мон. — бурят-монғолша
гаг. — гагауызша
қар. — қарақалпақша
құм. — құмықша
қырғ. — қырғызша
қыт. — қытайша
монғ. — монғолша
ноғ. — ноғайша
ойр. — ойротша
ор. — орысша
өзб. — өзбекше
п. — парсыша
тат. — татарша
тув. — туваша
түр. — түрікше
түркм. — түркменше
тәж. — тәжікше
ұйғ. — ұйғырша
хак. — хакасша
чув. — чувашша
якут. — якутше

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СӨЗДІКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

Арабско-русский словарь. М., 1957.
Арабско-русский словарь. М., 1958.
Азербайджанско-русский словарь. Баку, 1941.
Башкирско-русский словарь. М., 1958.
Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951.
Казахско-русский словарь. Алма-Ата, 1954.
Каракалпакско-русский словарь. М., 1947.
Каракалпакско-русский словарь. М., 1958.
Карманный персидско-русский словарь. М., 1959.
Киргизско-русский словарь. М., 1940.
Киргизско-русский словарь. М., 1959.
Киргизско(казахско)-русский словарь. Оренбург, 1897.
Китайско-русский словарь. М., 1959.
Краткий таджикско-русский словарь. М., 1955.
Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 1954.
Қазақша-орысша тілмаш. М., 1925.
Монгол-орос толь. М., 1952.
Монгольско-русский словарь. М., 1957.
Монғолша-қазақша сөздік. Улан-Батор, 1954.
Ойротско-русский словарь. М., 1947.
Орос-монгол толь. Улан-Батор, 1942.
Персидско-русский словарь. М., 1953.
Персидско-русский словарь. М., 1955.
Персидско-русский словарь. М., 1960.
Русско-азербайджанский словарь. Баку, 1956.
Русско-алтайский словарь. У., 1931.
Русско-бурят-монгольский словарь. М., 1954.
Русско-казахский словарь. М., 1954.
Русско-калмыцкий словарь. М., 1940.

Русско-киргизский (казахский) словарь. Оренбург, 1899, 1916.
Русско-киргизский словарь. М., 1957.
Русско-кумыкский словарь. М., 1960.
Русско-монгольский словарь. Улан-Батор, 1942.
Русско-ногайский словарь. М., 1956.
Русско-персидский словарь. М., 1936.
Русско-таджикский словарь. М., 1949.
Русско-татарский словарь. Казань, 1956.
Русско-тувинский словарь. М., 1952.
Русско-тувинский словарь. М., 1954.
Русско-туркменский словарь. М., 1956.
Русско-узбекский словарь. М., 1954.
Русско-уйгурский словарь. М., 1956.
Русско-хакасский словарь. М., 1961.
Русско-чувашский словарь. М., 1951.
Таджикско-русский словарь. М., 1954.
Татарско-русский словарь. Казань, 1950.
Тувинско-русский словарь. М., 1955.
Турецко-русский словарь. М., 1931.
Турецко-русский словарь. М., 1945.
Туркмен дил сөзлиги. Ашгабад, 1962.
Туркменско-русский словарь. М., 1956.
Уйгурско-русский словарь. М., 1939.
Уйгурско-русский словарь. Алма-Ата, 1961.
Ұйғырша-қытайша-русша лұғат. Пекин, 1952.
Узбекско-русский словарь. М., 1959.
Хакасско-русский словарь. М., 1953.
Чувашско-русский словарь. М., 1961.
Якутско-русский словарь. М., 1959.

ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

Абаев. Ист.-этим. сл. осет. яз. — В. И. Абаев. Историко-этимологический словарь осетинского языка. I том, М. — Л., 1958.
Аманжолов. Элементы флективности... — С. Аманжолов. Элементы флективности в казахском языке. Труды казахского научно-исследовательского института национальной культуры. I ч., Алма-Ата, 1935.
Аманжолов. Вопр. диал. — С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.
Ашмарин. Мат-лы для иссл. чув. яз. — Н. Ашмарин. — Материалы для исследования чувашского языка. «Уч. зап. Импер. Казан. ун-та», кн. 3, 1898.
Бартольд. К-ра мусульм. — В. В. Бартольд. Культура мусульманства. СПб., 1918.
Батманов. Яз. енис. пам. — И. А. Батманов. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959.
Батманов и др. Совр. и др. Енис. — И. А. Батманов, З. Б. Арагачи, Г. Ф. Бабушкин. Современная и древняя Енисеика. Фрунзе, 1962.
Бичурин. Собр. св. — Н. Я. Бичурин (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, I. М. — Л., 1950.
Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар. — Л. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий со включением употребительных слов арабских и персидских с переводом на русский язык. СПб., 1869 (I), 1871 (II).
Валиханов. Изб. произв. 1958 — Ч. Ч. Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958.
Васильев. Кит. надписи... — В. П. Васильев. Китайские надписи на орхонских памятниках в Кошо-Цайдаме и Карабалсагуне. СПб., 1897.

Владимирцов. Монголика. Б. Я. Владимирцов. Mongolica. Записки коллегии востоковедов. I, 1925.

Владимирцов. Ср. грам. — Б. Я. Владимирцов. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. Л., 1929.

Вопр. каз. уйг. языкозн. — Вопросы казахского и уйгурского языкознания. Алма-Ата, 1963.

Гордлевский. К вопр. о влиянии... — В. А. Гордлевский. К вопросу о влиянии турецкого языка на арабский. Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее АН СССР. Л., 1930.

Горяев. Ср. этим. сл. рус. яз. — Н. В. Горяев. Сравнительный этимологический словарь русского языка. Тифлис, 1896.

Грам. кирг. яз. 1898. — Грамматика киргизского языка. Оренбург, 1898.

Дмитриев. Строй тюрк. яз. — Н. К. Дмитриев. Строй тюркских языков. М., 1962.

Досқараев, Мұсабаев. Қаз. тіл жер. ерек. — Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, Алматы, 1951.

Доскараев. Каз. тіл. жер. ерек. — Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (Лексика) II бөлім. Алматы, 1955.

Жубанов. Примечания редактора... — Х. Жубанов. Примечания в статье С. Аманжолова «Элементы флективности в казахском языке». Труды казахского научно-исследовательского института национальной культуры. Т. I, Алма-Ата — М., 1935.

Жубанов. Иссл. по каз. яз. — Х. Жубанов. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1936.

Золотницкий. Корнев. чув.-рус. сл. — Н. И. Золотницкий. Корневой чувашско-русский словарь, сравненный с языками народов тюркских, финских и др. племен. Казань, 1875.

Ильминский. Мат-лы к из. кирг. нар. — Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия. Ученые записи Казанского университета. 1860, кн. III—IV; 1861, кн. 1.

Исхаков. Набл. по лекс. в обл. прилаг. тюркс. яз. — Ф. Г. Исхаков. Наблюдения по лексике в области прилагательных в тюркских языках. Сб. «Историческое развитие лексики тюркских языков». М., 1961.

Исхаков. Некот. предположения... — Ф. Г. Исхаков. Некоторые предположения о происхождении «т» и «д» в словах аст, уст, алд, арт и т. д. Сб. «Акад. В. А. Гордлевскому». М., 1953.

Исхаков. Опыт ср. сл. — Ф. Г. Исхаков. Опыт сравнительного словаря современных тюркских языков. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», М., I—IV, 1962.

Катанов. Опыт иссл. урянх. яз. — Н. Катанов. Опыт исследования урянхайского языка. «Ученые записки Импер. Казан. ун-та», 1899—1903, № 2, 5—8, 10—12.

Ковалевский. Очерк происх. и развитие семьи и собств. — М. М. Ковалевский. Очерк происхождения и развития семьи и собственности. М., 1939.

Кононов. Родосл. туркмен. — А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М. — Л., 1958.

Қаз. қаз. тілі — Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.

Қаз. тілі тар. мен диал. — «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». Мақалалар жинағы. Алматы, 1958 (1 шығуы), 1960 (2—3 шығуы), 1962 (4 шығуы), 1963 (5 шығуы).

ҚТТС — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі., Алматы, 1959 (I том); 1961 (II том).

Малов. Уйг. яз. — С. Е. Малов. Уйгурский язык. М. — Л., 1954.

Малов. Пам. др. письм. — С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951.

Малов. Лобн. яз. — С. Е. Малов. Лобнорский язык. Фрунзе, 1956.

Малов. Яз. желт. уйг. — С. Е. Малов. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957.

Малов. Пам. др. письм. Монг. и Кирг. — С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М. — Л., 1952.

Мат. иссл. по балк. диал. лекс. и фольклору. — «Материалы и исследования по балкарской диалектологии, лексике и фольклору». Нальчик, 1962.

Мат-лы по ист. фон. тюрк. яз. — Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955.

Мелиоранский. 2-я статья о тур. элем. — П. Мелиоранский. Вторая статья о турецких элементах в языке «Слова о полку Игореве». — Изд. отд. рус. яз. и словесн. АН, 1905, т. 10, кн. 2.

Мелиоранский. Кр. грам. каз.-кирг. яз. — П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка. СПб., 1894—1897.

МК — М. Кошғарий. Девону луғотит турк. Тошкент, 1960—1961 және Divanü Lûgat-it-türk tercümesi. I—III. Ankara. 1929—1942.

Мусабаев. Совр. каз. яз. — Г. Г. Мусабаев. Современный казахский язык. Лексика. Алма-Ата, 1959.

Новгородский. Кит. элем. в уйг. яз. — В. И. Новгородский. Китайские элементы в уйгурском языке. М., 1951.

Номинханов. Термины родства. — Ц. Д. Номинханов. Термины родства в тюрко-монгольских языках. — «Вопросы истории и диалектологии казахского языка». Алма-Ата, 1958, вып. I.

Остроумов. 1-опыт сл. нар. тат. яз. — Н. Остроумов. Первый опыт словаря народно-татарского языка по выговору крещеных татар Казанской губернии. Казань, 1876.

Пекарский. Сл. якут. яз. — Э. К. Пекарский. Словарь якутского языка в III томах. М., 1958—1959.

Покровская. Термины родства... — Л. А. Покровская. Термины родства в тюркских языках. — «Историческое развитие лексики тюркских языков». М., 1961.

Преображенский. Этим. сл. рус. яз. — А. Г. Преображенский. Этимологический словарь русского языка. М., 1959.

Радлов. Опыт сл., I—IV. — В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. I—IV. СПб., 1893—1911.

Рясянен. Мат.-лы по ист. фон. тюрк. яз. — М. Рясянен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955.

Сл. Даля. — В. Даль. Толковый словарь живого великорусского языка. СПб., 1880—1882.

Сл. иностр. слов. — Словарь иностранных слов. М., 1955.

Ушаков. Толк. сл. рус. яз. — Д. Н. Ушаков. Толковый словарь русского языка. Т. 1, М., 1934. Т. 2, М., 1938. Т. 3, М., 1939. Т. 4, М., 1940. Т. 2, М., 1938. Т. 3, М., 1939. Т. 4, М., 1940.

Шанский. Кр. этим. сл. рус. яз. — Н. М. Шанский. Краткий этимологический словарь русского языка. М., 1961.

Щербак. Грам. староузб. яз. — А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М. — Л., 1962.

Щербак. Названия домашн. и диких животных... — А. М. Щербак. Названия домашних и диких животных в тюркских языках. «Историческое развитие лексики тюркских языков». М., 1961.

Щербак. Грам. очерк. — А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. из Восточного Туркестана. М. — Л., 1961.

Ысқақов. Қаз. тіл. этим. сөздігін жасау мәс.— А. Ысқақов. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау мәселелері. — «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1959, № 5, 12.

Юнусалиев. Кирг. лекс. — Б. М. Юнусалиев. Киргизская лексикология. Фрунзе, 1959, ч. I.

Bang. Beiträge z. türk. Wort. — W. Bang. Beiträge zur türkischen Wortforschung. II. Zum Türkischen Zahlwort. «Turan», 1918.

Frankle. Word Form... — Eleanor Frankle. Word Formation in the Turkic Languages, 1948.

Lokotsch. Etym. Wört. — K. Lokotsch. Etymologisches Wörterbuch der Europäischen (germanischen, romanischen und slavischen) Wörter orientalischen Ursprungs. Heidelberg, 1927.

Menges. Glossar... — K. H. Menges. Glossar du den volkskundlichen Texten aus Ost — Turkistan, II. «Akademie der Wissenschaft und der Literatur», 1954, № 14.
Pedersen. Kuhns Zeitschr. — Holger Pedersen. Kuhns Zeitschrift. 1939.
Skeat. An Etym. dict. — W. W. Skeat. An Etymological dictionary of the English language. Oxford, 1956.
Sköld. Ling. gleanings — H. Sköld. Linguistik gleanings. Lund — Leipzig, 1923.
Tuna. Kelimeler arasinda — Osman Nedim Tuna. Kelimeler arasinda: Para, akça, armagan, külçe, som, çek. «Türk dili», № 116, 1961.
Tuna. Zehir... — Osman Nedim Tuna. Kelimeler arasinda: Sehir, kent, baçik, bark, bolu, Istanbul, kieşla, köy, hisar, abat, pazar, kale, kurgan, höyük, balikesir, kamu, hep, örnek, amaç. «Türk dili», № 117, 1961.
Vambery. Etym. Wört. — H. Vambery. Etymologisches Wörterbuch der Turko-tatarischen Sparchen. Leipzig, 1878.

Краткий этимологический словарь казахского языка. (Редколл.: А. Искаков, Р. Сыздыкова, Ш. Сарыбаев). Алма-Ата, «Наука», 1966.
240 стр. (Академия наук КазССР. Институт языкознания). Библиогр.: 235—240 л.

Редактор *С. Айтмухамбетова*
Худ. редактор *И. Д. Сущих*
Тех. редактор *В. К. Горячкина*
Корректор *Н. С. Сулейменова*

* * *

Сдано в набор 1/IX 1966 г. Подписано к печати 24/XI 1966 г.
Формат 84×108 1/32. Физ. л. 15. Усл. печ. л. 12,3.
Уч.-изд. л. 12,6. Тираж 5000. УГ07748. Цена 63 к.

* * *

Тип. изд-ва «Наука», г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.
Зак. 111.